

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІ
БӘРІМБЕК БЕЙСЕНОВ АТЫНДАҒЫ
ҚАРАҒАНДЫ АКАДЕМИЯСЫ**

Қылмыстық құқық және криминология кафедрасы

**«Қазақстан Республикасының қылмыстық
құқығы (Жалпы бөлім)»**

Оқу құралы



Қарағанды – 2019 ж.

ӘОЖ 343.236.1

Қазақстан Республикасының ІІМ Б.Бейсенов атындағы Қарағанды
Академиясы

Пікір жазғандар: Қазақстан Республикасының ІІМ Б.Бейсенов атындағы Қарағанды Академиясының қылмыстық құқық және криминология кафедрасының бастығы з.ғ.к., полиция полковнигі **С.Қ. Алтайбаев**, «ҚТО» КЭУ экономикалық және Құқықтық ғылыми зерттеу институтының аға ғылыми қызметкері з.ғ.к., доцент **Б.У. Сейтхожин**.

Автор: Қазақстан Республикасының ІІМ Б.Бейсенов атындағы Қарағанды Академиясының қылмыстық құқық және криминология кафедрасының доценті, з.ғ.м., полиция подполковнигі **Тұрғанов Өмірзақ Асылтайұлы**.

Ө.А. Тұрғанов

Қазақстан Республикасының қылмыстық құқығы (Жалпы бөлім):
Оқу құралы: Қарағанды: Қазақстан Республикасының ІІМ Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы, 2019. – 163 б.

ISBN 978-601-7436-88-7

«Қазақстан Республикасының қылмыстық құқығы (Жалпы бөлім): тақырыбында дайындалған оқу құралы жеткілікті білім деңгейінде даярланып, КОФ 2 курс курсанттары мен СОФ білім алушыларының тәжірибелік қызметте дұрыс, әрі сапалы жұмыс істеуі үшін, өз міндетінің шеңберінде қылмыстық заңдағы өзара ұқсас қылмыстық құқық бұзушылықтардың бір-бірінен айырмашылығын және заң нормаларын тәжірибеде дұрыс қолдануға септігін тигізер деген ойдамыз.

ISBN 978-601-7436-88-7

ӘОЖ 343.236.1

КІРІСПЕ

Қылмыстық құқықта қылмыстық құқық бұзушылық құрамдарының элементтері ретінде қылмыстың объектісі, объективтік жағы, субъективтік жағы және субъектісі аталады. Бұлардың әр қайсысының қылмыстық құқық бұзушылық оқиғасын зерттеуде, ол бойынша кінәлі адамның жауаптылығын белгілеуде өз рөлі бар.

Қылмыстың объектісі ретінде қылмыстық заң бойынша қорғауға алынған қоғамдық қатынастардың, заңды мүдделердің, құқықтардың және құндылықтардың жиынтығы алынады деп түсіну керек.

Кейбір әдебиеттерде қылмыстық құқық бұзушылық объектісі ретінде “қоғамдық қатынастар” деген ұғым алынып, ал қалған “заңды мүдделер, құқықтар мен құндылықтар” деген ұғымдар “қоғамдық қатынастар” деген ұғымға жатқызылады.

Қылмыстың объективтік жағы ретінде қылмыстың сыртқы бейнесін сипаттайтын белгілердің жиынтығы алынып, онда қылмысты факт немесе оқиға ретінде бағалауға болатын белгілер тобына сипаттама беріледі. Объективтік жақты қылмыстың жасалу оқиға сын білдіретін элемент ретінде түсінуді ұсыну, ол объективтік жақтың “қылмыстың сыртқы бейнесін сипаттайды” деген ұғымға байланысты. Яғни бұл құрам элементінде қылмыстың қоғамға қауіптілігін көзге көрсете алатын сыртқы белгілер болып табылатын қауіпті әрекет немесе әрекетсіздік, елеулі зардап, себепті байланыс, қауіпті құрал, тәсіл, жағдай тәрізді белгілер түгелденеді немесе осы бағыттағы материалдарды саралау жүргізуші субъект іздестіреді.

Қылмыстың субъективтік жағы ретінде қоғамға қауіпті іс-әрекет жасаған адамның психикалық сезімдерін білдіретін ішкі жақ белгілері алынады. Демек бұл құрам элементінде қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамның қауіпті іс-әрекетіне, зардапқа, қылмыстық құқық бұзушылық тәсіліне, жағдайына деген психикалық қатынасы, сонымен бірге қылмыстың жасалуына түрткі болған ішкі сезімдер ашылады. Яғни қылмыскердің қылмыстың объектісі мен объективтік жағының белгілеріне деген ми жұмысының шешімдері анықталуға жатады.

Қылмыстық құқық бұзушылық субъектісі ретінде қылмыстық жауаптылық жасына жеткен, есі дұрыс, кінәлі адам алынады. Қылмыстың құрамын негізінен субъективтік және объективтік бағыттардағы белгілерден құралатынын ескеріп, оның ұғымын осы екі бағыттағы белгілердің жиынтығы түрінде алу қисынды және өзге әдебиеттерде де осындай сипаттағы түсінік беріледі.

Қылмыстық құқық бұзушылық құрамының элементтері өзара бір-бірімен байланысты ұғымдар болып табылады. Мысалы қылмыстың объективтік жағы мен субъективтік жағының түсінігі және оларды құрайтын белгілер бірін-бірі

дәлелдеуші, анықтаушы рөл атқарады. Яғни қылмыстың объективтік жағы қылмыстың сыртқы бейнесін сипаттаса, ал субъективтік жақ ішкі бейнесін ашады.

Қазақстан Республикасы демократиялық, зиялы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет құру жолында дамуы¹, алға қойылған мақсаттарды дұрыс шешу заңдылықтың одан әрі нығайтумен, азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін, мемлекеттік құрылысты, бүкіл құқықтық тәртіпті қылмыстық қол сұғушылықтан қорғауды күшейтумен өзара тығыз байланысты.

Қылмысқа және басқа да құқық бұзушылықтарға қарсы күресуде заңның бүкіл күшін қолдану өзгертілмес міндет болып қала бермек. Бұл жерде маңыздысы адамдар мемлекет тарапынан өздерінің мүдделерін қорғалуын, қылмыс жасаған адамдар үшін жаза тағайындалатынын сезуі қажет.

Қазіргі заманда қылмысқа қарсы күресуде басты бағыт қылмыстың алдын алуға және оны болдыртпауға бұрылады. Қылмыстың алдын алу қылмыс жасаймын деген ойы анықталған адамдарды оны іске асырудан бас тартуға көндіру арқылы жүзеге асырылады. Қылмысты болдыртпау қылмыстық ойын іске асыруға кіріскен адамдарды ұстау және оларды, әдетте, қылмысқа дайындалғаны немесе оқталғаны үшін қылмыстық жауаптылыққа тарту арқылы жүзеге асырылады.

Құқық қорғау органдарының қылмыстың алдын алу және оны болдыртпау қызметінің құқылық негізі болып Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі, және әсіресе, ҚҚ қасақана қылмысты жасау сатылары жөнінде нормалары табылады².

Қылмысқа дайындалу және оқталу сатыларын анықтаудың ең басты маңызы заңмен қорғалатын қоғамдық қатынастарға нақты, кейде ауыр зардаптар келуінің алдын алуда болады. Дайындық әрекеттері кезінде немесе қылмыс жасалып, бірақ әлі аяқталмаған, сәтте қылмысты болдыртпау шынайы нақты зиянның тууына жол бермейді.

Қылмысқа дайындалудан немесе оқталудан бас тарту алдын ала қылмыстық әрекет үшін қылмыстық жауаптылықты жоятын мән-жай болып табылады.

ҚР ҚК 26-б. 1-бөлігінде: "Адамның дайындау іс-әрекеттерін немесе қылмыс істеуге тікелей бағытталған дайындалу іс-әрекетті тоқтатуы не іс-әрекетті (әрекетсіздікті) тоқтатуы, егер адам қылмысты ақырына дейін жеткізу мүмкіндігін ұғынған болса, қылмыс істеуден өз еркімен бас тарту деп танылады. Егер адам бір қылмысты ақырына дейін жеткізуден өз еркімен және біржола бас тартса, ол осы қылмыс үшін қылмыстық жауапқа тартылмауға тиіс", - анықтама берілген.

Осы орайда қылмысты ақырына дейін жеткізуден өз еркімен бас тартқан адам оның нақты жасаған әрекетінде өзге қылмыс құрамы болған жағдайда ғана қылмыстық жауапқа тартылуға тиіс (ҚК 26-б. 2-бөл.). Мысалы, шабуыл жасап тонауы үшін адам атыс қаруын сатып алды, бірақ кейін оны іске асырудан бас тартты (ҚК 287-б.).

¹ ҚР Конституциясы. 1- бап.

² ҚР ҚК 24, 25 –б.6

1 Қылмыстық құқық ұғымы, міндеті және жүйесі. Қылмыстық құқық ғылымы. Қылмыстық заң.

1-бап. Қазақстан Республикасының қылмыстық заңнамасы

1. Қазақстан Республикасының қылмыстық заңнамасы Қазақстан Республикасының осы Қылмыстық кодексінен тұрады. Қылмыстық жауаптылықты көздейтін өзге заңдар осы Кодекске енгізілгеннен кейін ғана қолданылуға жатады. 2. Осы Кодекс Қазақстан Республикасының Конституциясына және халықаралық құқықтың жалпыға бірдей танылған қағидаттары мен нормаларына негізделеді. Қазақстан Республикасы Конституциясының жоғары заңдық күші бар және Республиканың барлық аумағында тікелей қолданылады. Осы Кодекс пен Қазақстан Республикасы Конституциясының нормалары арасында қайшылықтар болған жағдайда Конституция-ның ережелері қолданылады. Осы Кодекстің конституциялық емес деп танылған, оның ішінде адамның және азаматтың Қазақстан Республикасының Конституциясында бекітілген құқықтары мен бостандықтарына қысым жасайтын нормалары заңдық күшін жояды және қолданылуға жатпайды. Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесі мен Жоғарғы Сотының нормативтік қаулылары Қазақстан Республикасы қылмыстық заңнамасының құрамдас бөлігі болып табылады. 3. Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттар осы Кодекс алдында басымдыққа ие болады және халықаралық шартта оны қолдану үшін заң шығару талап етілетіннен басқа жағдайларда олар тікелей қолданылады.

Қылмыстық заң - Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес Республика Парламенті қабылдаған құқылық акті болып табылады. Қылмыстық заңның міндеттері - бейбітшілікті және адамзаттың қауіпсіздігін, адам мен азаматтардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін, меншікті аумақтық тұтастықты, конституциялық құрылысты, қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті, табиғи ортаны қылмыстық қол сұғушылықтан қорғау және қылмыстың алдын алу болып табылады. Бұл міндеттерді жүзеге асыру үшін қылмыстық заңдар қылмыстық жауаптылықтың негіздерін белгілейді. Жеке адамға, мемлекетке немесе қоғамға қауіпті іс-әрекеттердің қандайы қылмыс болып табылатынын айқындайды. Қылмыс істеген адамдарға қолданылуы мүмкін және өзге де ықпал ету шараларын белгілейді. Қылмыстық заң жазалау қатерімен тыйым салу арқылы адамның жеке басына, қоғамға, мемлекетке кінәлі түрде зиян келтіретін немесе зиян келтіру қаупін тудыратын қылмысты әрекеттерді істеуге тыйым салады. Қылмыстық заң, сонымен қатар, тиісті органдарға және лауазымды адамдарға іс-әрекетінде қылмыс белгісі бар кінәлі адам-дың қылмыстық жауапқа тарту немесе көрсетілген негізге сүйеніп, оларды қылмыстық жауаптылықтан және жазадан босатуды міндеттейді. Сонымен қылмыстық құқықтық норма бір мезгілде тыйым салушы және міндеттеуші нормалар болып табылады. Бұл нормалардың сақтандырушылық және

тәрбиелік мәні де бар. Қылмыстық құқықтық норманың сақтандырушылық функциясы - істелген іс-әрекеті үшін тиісті баптардың санкциясында көрсетілген жазаны кінәлі адамға тағайындау мүмкіндігі арқылы өз көрінісін табады, осы арқылы барлық азаматтарды қылмыс істеу-ден күні бұрын сақтандыру арқылы тәрбиелік ықпал ету шарасы жүзеге асырылады. Қылмыстық-құқықтық норма, сонымен бірге кез келген азаматтарды заңды бұлжытпай орындауға тәрбиелеумен бірге, оларды қылмыс 10 істегендермен ымырасыз күрес жүргізу рухына баулиды. Қылмыстық құқықтық норма қоғамдық қатынастарды қорғағі қана қоймайды, ол сонымен бірге мұндай қатынастарды ретке келтіреді, өйткені қоғамдық қатынастарды қорғаудың өзі соны ретке келтіру арқылы жүзеге асырылады. Қылмыстық құқық белгілі бір қоғамдық мінез-құлық өрелерін белгілеумен бірге, осы өрелерді бұзушыларға қарсы қылмыстық құқықтық нормаларды қолдану арқылы өз міндеттерін жүзеге асырады. Қылмыстық құқықтық норма өзінің реттеушілік ықпалымен, кез келген азаматтарды қылмысты құбылысқа төзімсіз болуға, олармен ымырасыз күрес жүргізуге баулу арқылы іске асырады. Қылмыстық заң - қылмыстық құқықтың ең негізгі көзі. Сот үкімі, ұйғаруы немесе қаулысы құқықтың көзі болып табылмайды. Олардың нақты қылмыстық істер бойынша ғана заңдылық күші бар. Сондай-ақ Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі мен Жоғарғы Соттың нормативтік қаулылары Қазақстан Республикасы қылмыстық заңнамасының құрамдас бөлігі болып табылады. (ҚК-тің 1-бабы, 2-бөлігі) осыған орай аталған органдардың нормативтік қаулылары да құқық нормасы болып табылады. Мұндай қаулылар белгілі бір қылмыстық-құқылық норманың түпкі мәнін ашып көрсетеді, оларды түсіндіреді. Сондықтан да ондай қаулылардың Республиканың бүкіл аумағында міндетті күші бо-лады. Сот прецеденті біздің Республикамызда құқық нормасы болып саналмайды. Ол Ұлыбритания, Канада сияқты мемлекеттерде ғана құқық нормасы болып табылады. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 52-бабында сот кінәлі деп танылған адамға жазаны Қылмыстық кодекстің Жалпы бөлімінің ережелеріне сәйкес істелген қылмыстық құқық бұзушылық үшін жауаптылық қаралған Ерекше бөлімнің тиісті бапта-рында көрсетілген шектен шықпай тағайындайды деп белгіленген. Жаза тағайындағанда сот істелген қылмыстың сипаты мен қоғамдық қауіптілік дәрежесін, айыпкердің жеке басының ерекшеліктерін, мінез-құлқын, жауаптылықты жеңілдететін және ауырлата-тын мән-жайлар, сондай-ақ тағайындалған жазаның сотталған адамның түзелуіне және оның отбасының немесе асырауындағы адамдардың тіршілік жағдайына ықпалын толық есепке алады. Қылмыстық құқық бұзушылық істеген адамға оның түзелуіне немесе жаңа қылмыстық құқық бұзушылық істеуден сақтандыруына қажетті және жеткілікті әділ жаза тағайындауы керек. Мұның өзі соттың жаза тағайындауда заң талаптарымен қоса өзінің құқықтық сана-сезімін басшылыққа алатынын көрсетеді. Алайда, құқықтық сана-сезім құқық нормасы болып табылмайды. Ол сотқа тек қана қылмыстық құқықтық норманың мазмұнын дұрыс түсінуге жөн сілтейді. Қылмыстық заң, басқа заңдар сияқты барлық лауазым адамдары, азаматтар, заңды тұлғалар үшін міндетті күші бар заң нормасы бо-лып табылады. Оны

кандай да бір болмасын сылтаумен бұзуға немесе орындамауға жол берілмейді. Қылмыстық заң қылмыстық құқықтық норманы білдірудің нысаны, ал оның нормасы оның мазмұнының көрінісі болып табылады. Қазақстан Республикасында қылмыспен күрес жүргізу қылмыстық құқық нормасы ережесіне сәйкес жүзеге асырылады. Занды күшіне енген үкім бойынша тағайындалған қылмыстық жазалардың орындалуы қылмыстық атқару кодексімен реттеледі. Кейбір реттерде жекелеген жазалардың орындалуы басқадай, арнайы заңдылық актімен де белгіленуі мүмкін. Қазақстан Республикасының 2003 жылы 8 ақпанда бекітілген «Төтенше жағдайдың құқықтық режимі туралы» Заңына сәйкес «төтенше жағдай кезінде істелген қылмыс үшін сот ісін жүргізудің төтенше түрлерін енгізуге жол берілмейді» деп белгіленген. 1995 жылы 30 тамызда қабылданған Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясына сәйкес қылмыстық заңдар Республика Парламентінде қабылданады. Қазақстан Республикасы Конституциясының 61-бабының 1-тармағына сәйкес заң шығару, оның ішінде қылмыстық заң шығару бастамасы құқығы да Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттарына, Республика Үкіметіне беріледі және тек қана Мәжілісте жүзеге асырылады. Ұсынылған заңдардың жобаларын қарауға қабылдау және қарау Мәжілістің ерекше 1 Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы 2003. № 3, 18-бап. 11 қарауында болады (56-бап, 1-тармақ). Қазақстан Республикасы Конституциясының 54-бабының 1) тармақшасына сәйкес заңдар Парламент Палаталарының бөлек отырысында әуелі Мәжілісте, одан кейін Сенатта өз кезегімен қаралып қабылданады. Президент Парламент Сенаты ұсынған заңға бір ай ішінде қол қояды, заңды халыққа жария етеді не заңды немесе оның жекелеген баптарын қайтадан талқылап, дауысқа салу үшін қайтарады (44-бап, 2) тармақша). Республика Президентінің қарсылығын туғызған заңдар немесе заң баптары бойынша ол қарсылық жіберген күннен бастап бір ай мерзім ішінде қайталап талқылау мен дауысқа салуды өткізеді. Бұл мерзімнің сақталмауы Президент қарсылығының қабылданғанын білдіреді. Егер Парламент әр Палата депутаттарының жалпы санының үштен екісінің көпшілік дауысымен бұрын қабылданған шешімді растайтын болса, Президент бір ай ішінде заңға қол қояды. Егер Президенттің қарсылығы еңсерілмесе, заң қабылданбайды немесе Президент ұсынған редакцияда қабылданады деп есептеледі (54-бап, 2) тармақша). Конституцияның 53-бабының 4) тармақшасында көзделген ретте Республика Президенті заңдар шығарады, ал 61-баптың 2-тармағында көзделген ретте Республиканың заң күші бар Жарлықтары шығарылады. Бұрын қолданылған Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі 1997 жылы шілденің 16-сында қабылданды. Жаңа Қылмыстық кодекс 2014 жылы 3-шілдеде қабылданды. Қылмыстық кодекс дегеніміз барлық қылмыстық заңдардың белгілі бір жүйеге келтірілген жиынтығы болып табылады. Кодексте қылмыстық құқықтың жалпы ережелері мен принциптері, қылмыстық-құқықтық қатынастарды реттейтін және қандай қоғамға қауіпті іс-әрекеттердің қылмыс болып табылатынын анықтайтын ұғымдар, қылмыс істеген адамдарға қолданылуы мүмкін жазалар белгіленеді. Қылмыстық кодекс Жалпы және

Ерекше бөлімнен тұрады. Қылмыстық кодекстің Жалпы бөлімінде жоғарыда айтылған қылмыстық құқықтың жалпы ережелері, міндеттері, қылмыс пен жазаның түсінігі, қылмыс пен жазаны жоятын мән-жайлар, кодексте камтылған кейбір ұғымдарды түсіндіру т. б. мәселелер қарастырылады. Жалпы бөлімнің баптары өзара бір-бірімен тығыз байланыста болады. Мысалы, жауаптылықты жеңілдететін және ауыр-лататын жағдайлар жаза тағайындауда және шартты жазаны қолдануда міндетті түрде есепке алынады. Ерекше бөлімде жекеленген нақты қылмыс түрлері үшін жауаптылық және жаза белгіленген. Қылмыстық кодекстің Ерекше бөлімі бірнеше тарауларға бөлінген. Әр тарауға бір объектінің маңыздылығына қарай тиісінше орын берілген. Қылмыстық заңның заң шығарушының еркін білдіретін белгілі бір техникалық ережелерге негізделген өзіндік құрылымы бар. Қылмыстық құқылық нормалар мазмұнына қарай үш түрлі топқа бөлінеді: I. Декларативті - яғни, қылмыстық құқықтың жалпы міндеттерін айқындайтын нормалар (Қылмыстық кодекстің 2-бабы). II. Анықтаушы - яғни, қылмыстық құқықтың түсінігі мен жекеленген институттарына айқындама беретін нормалар (Қылмыстық кодекстің 9-бабы - қылмыстық құқық бұзушылық ұғымы). III. Арнаулы - яғни, нақты қылмыс құрамына және оған тағайындайтын жазаға сипаттама беретін нормалар (мысалы, Қылмыстық кодекстің Ерекше бөліміндегі, барлық нақты, жекелеген қылмыс құрамдары). Қылмыстық кодекстің Жалпы бөлімінің бабы өзінің құрылысы жағынан Ерекше бөлімдегі баптың құрылысынан өзгеше болады. Жалпы бөлімнің бабы тек қана диспозициядан құралса, ал Ерекше бөлімнің бабында диспозицияға қоса санкция да болады. Қылмыстық Кодекстің Ерекше бөлімінің баптары топтық және түрлік болып екіге бөлінеді. Топтық баптар біртектес қылмыстардың ортақ және соларға тән белгілерін анықтайды. Мысалы, Қылмыстық кодекстің 3-бабы 6-тармағында - әскери қылмыстардың түсінігі берілген. 3-бабы 16-тармағында жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамының ісін анықтайтын түсінігі айтылған. Топтық баптардың түсінігі әр түрлі тарауда орналасқан, әр түрлі қылмыс топтарын бір-бірінен жіктеуге мүмкіндік береді. Түрлік баптар бойынша заңда көрсетілген жекелеген қылмыстың белгілері және осы қылмысты істегенде қандай жаза тағайындалу керек екендігі көрсетіледі. Қылмыстық кодекстің Ерекше бөлімінің баптары диспозициядан және санкциядан құралады. Кодекстің Ерекше бөлімі бабындағы қылмыстың атауын және оның белгілеріне сипаттама беретін жағын диспозиция деп атаймыз. Мысалы, Қылмыстық кодекстің 120-бабындағы әйелді зорлаудың диспозициясы былай: «зорлау, жәбірленушіге немесе басқа адамдарға күш қолданып немесе қолданбақшы болып қорқытып, не жәбірленушінің дәрменсіз күйін пайдаланып, жыныстық қатынас жасау» деп көрсетілген. Диспозицияның төрт түрі бар: I. Жай диспозиция. Жай диспозиция қылмысты іс-әрекеттің атын ғана айтып қояды, оның нақты белгілерін ашып көрсетпейді. Жай диспозиция қылмысты іс-әрекеттің мазмұны оның белгілері ашып көрсетілмегеннің өзінде жеткілікті түрде түсінікті болған жағдайда қолданылады. Мысалы, 99-баптағы «Адам өлтіру», 188-баптағы «Ұрлық». II. Сипаттамалы диспозиция. Қылмыстың барлық белгілерін заңның өзінде нақтылап көрсететін диспозицияны сипаттамалы диспозиция деп атаймыз. Жай диспозицияға

караганда қылмыс құрамын айқындайтын сипаттамалы диспозицияның артықшылығында дау жоқ. Сипаттамалы диспозицияға 176-бапта көрсетілген тыңшылық жасау құрамы мысал бола алады. Мұнда тыңшылық жасау аталып қана қоймай, оған «мемлекеттік немесе әскери құпияны құрайтын мәліметтерді шетелдік мемлекетке, шетелдік ұйымға немесе олардың өкілдеріне беру, сол сияқты оларға беру мақсатында жинау, ұрлау немесе сақтау, сондай-ақ шетелдік барлаудың тапсырмасы бойынша өзге де мәліметтерді Қазақстан Республикасының сыртқы қауіпсіздігі мен егемендігіне зиян келтіре отырып пайдалану үшін беру немесе жинау, егер осы әрекеттерді шетелдік азамат немесе азаматтығы жоқ адам жасаса» деп толық түсінікті сипаттама беріп отыр.

III. Бланкеттік диспозиция. Бланкеттік диспозиция бойынша бапта көрсетілген нақты қылмыстың құрамын анықтау үшін басқа заңдарға немесе нормативті актілерге, үкімет қаулылары мен жарлықтарына, бұйрықтар мен ережелерге, нұсқауларға жүгіну қажет. Яғни, қылмыстық заңның талаптарының бұзылуы орын алғандығы туралы мәселені шешу басқа заңдармен немесе нормативті актілермен анықталады. Мысалы, Қылмыстық кодекстің 344-бабындағы темір жол, әуе немесе су көлігі қозғалысы мен оларды пайдалану қауіпсіздігінің ережелерін бұзуы. Бұл қылмыс құрамын анықтау үшін көлік құралдарының осы түрлерінің қауіпсіздігі мен пайдалану ережесін реттейтін тиісті нормативті актіні басшылыққа алу қажет. Егер осы сияқты бланкеттік нормаларды ҚК-нің өзінде тізіп көрсете берсек, сонда Кодекс баптарының көлемі тым ұлғайып, оны пайдаланудың өзі қиынға түсер еді. Мысалы, тау-кен немесе құрылыс жұмыстарын жүргізу кезінде қауіпсіздік ережелерін бұзудың (277-бап) өзі осы баптың диспозициясына көптеген қиын әрі күрделі ережелер мен бұйрықтарды көрсететін жазуды талап етер еді. Сондықтан да заң шығарушы мұндай реттерде бланкеттік диспозицияны пайдаланудың тиімділігіне жол беріп отыр.

IV. Сілтемелі диспозиция нақты қылмыс құрамын анықтайды. Бұл диспозиция бойынша қайталап жатпау үшін қылмыстың осы құрамын анықтаған қылмыстық заңның тиісті бабына, баптың тармағына сілтеме жасайды. Мысалы, Қылмыстық кодекстің 143-бабында кәмелетке толмаған адамды Қазақстан Республикасының шегінен тысқары жерге заңсыз әкетуді алайық. Онда баптың 3-бөлігінде осы баптың бірінші немесе екінші бөліктерінде көзделген, қылмыстық топ жасаған іс-әрекеттер делінген. Бұл жерде осы құрамға қатысты болатын - кәмелетке толмаған адамды республика шегінен тысқары жерге әкету (1 бөлім), пайдакүнемдік немесе өзге де жамандық ниетпен не адамдар тобының алдын-ала сөз байласуымен жасалған деген ұғымға қатысы болатын құрамдарды қайталап жатпас үшін, заң шығарушы сол ұғымдарға анықтама берілген баптарға тиісінше сілтеме жасап отыр. Қолданып жүрген Қылмыстық кодексте санкцияның екі түрі көрсетілген. Салыстырмалыайқындалған (относительно-определенно) және балама (альтернативные). Салыстырмалыайқындалған санкция жазаның мөлшерін белгілі бір шектен шықпайтындай етіп реттейді. Кейбір реттерде бапта жазаның ең жоғарғы шегі ғана көрсетіледі. Мұндай жағдайда жазаның ең төменгі шегі қылмыстық құқықтың жалпы бөлімінің ережелеріне сәйкес: бас бостандығынан шектеу үшін - 1 жыл мерзім деп есептеу керек. Көп

жағдайларда қылмыстық заң нормаларында жазаның төменгі және жоғарғы шегі көрсетіледі. Мысалы, адам өлтіру, яғни басқа адамға құқыққа қарсы қасақана қаза келтіру - сегіз жылдан он бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады (99-бап, 1-бөлігі). Санкцияның мұндай түрі жазаны дара- лап тағайындауға зор мүмкіндік туғызады. Балама санкция Қылмыстық кодекстің Ерек- ше бөлімінің тиісті бабындағы жазаның екі немесе одан да көп түрінің біреуін қолдануға мүмкіндік береді. Өзінде соз ауруы бар екендігін білген адамның оны басқа адамға жұқтыруы бір жүз айлық есептік көрсеткішке дейін мөлшерде айыппұл салуға, не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына, не бір жүз жиырма сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға толған не қырық бес тәулікке дейінгі мерзімге қамауға алынуға жазалана- ды деп көрсетілген (117-бап, 1-бөлігі). Балама санкциялар сотқа кінәлі адамға бірнеше жазалардың ең әділін, тиімдісін тандап алуға жол береді. Қылмыстық заңды түсіндірудің мәнісі, сол заңды дұрыс қолдану үшін оның мазмұны заң шығарушының заң еркіне сайма-сай етіп, ашып көрсету болып табылады. Заңды заң шығарушының еркіне сайма-сай, дәлме-дәл қолдану үшін оның мазмұнын ашып көрсетуді қылмыстық заңды түсіндіру деп білеміз. Қылмыстық заңды түсіндіру субъектісіне. әдісіне және көлеміне қарай түсіндіруге байланысты бірнеше түрлерге бөлінеді. Заңды түсіндіретін субъектісіне байланысты түсіндіру - аутентикалық, легальды (рес- ми). соттық, ғылыми (доктриналдық) болып бөлінеді. Заң бойынша құзыретіне сәйкес заң шығарушы органның өзінің заңға түсіндірме беруін аутентикалық түсіндіру дейміз. Аутентикалық түсіндірудің заңдылық күші бар және ол жалпыға бірдей. Аутентикалық түсіндіруді заң шығарған органның өзі жүзеге асырады. Ресми ашық түсіндіру деп - заң бойынша өзіне жүктелген осы міндетті атқаруға құзыретті органның заңға түсіндірме беруі айтылады. Қазақстан Республикасы Конституциясына сәйкес қылмыстық заңды қабылдайтын, оған түсінік беретін орган Парламент болып табылады. Конституциялық кеңес Конституцияның нормаларына ресми түсіндірме береді (72-бап). Ресми түсіндірме барлық мемлекеттік органдар, жеке тұлғалар, лауазымды адамдар және ұйымдар үшін міндетті түрде орындауға жататын заңдылық күші бар құжат болып табылады. Сот түсіндірмесі деп қылмыстық заң нормаларын қаралатын істер бойынша дұрыс қолдануға берілетін түсіндірмесін айтамыз. Сот түсіндірмесінің нормативті күші бар, оны орын- дау баршаға міндетті. Сот талқылауын жүзеге асыру Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының құзыреті болып табылады. Мысалы, Республика Жоғарғы Сотының 2007 жылғы 11 мамырдағы «Зорлау және өзге де нәпсікұмарлық» сипаттағы күш қолдану әрекеттерімен байланысты қылмыстарды саралаудың кейбір мәселері туралы» № 4 нормативтік қаулысында зорлаудың, ауыр зардаптардың, жәбірленушінің дәрменсіздігін, топ болып зорлау сияқты ұғымдардың мағынасы ашылып, осы жөніндегі заңдарды қолдануда соттарға тиісінше түсіндірмелер берілген. Қазақстан Республикасы Конституциясының 31-бабына сәйкес Республиканың Жоғарғы Соты азаматтық, қылмыстық және жал- пы сот ісін жүргізудің соттарда қаралатын өзге де істер жөніндегі Жоғарғы Сот орга- ны болып табылады, заңда көзделген іс жүргізу нысандарында олардың қызметін

кадагалауды жүзеге асырады. Сот тәжірибелері бойынша түсініктемелер беріп отыра- ды. Ғылыми (доктринальды) түсіндіру деп ғылыми мекемелердің, заңгер-ғалымдардың, құқық қолдану және құқық қорғау қызметкерлерінің заңға беретін түсіндірулерін айта- мыз. Мұндай түсіндірулер ғылыми мақалаларда, монографияларда, 14 оқулықтарда, заңға түсіндірмелерде кездеседі. Ғылыми түсіндірудің қылмыстық заңдарды заман талабына сай жетілдіріп, оны дұрыс қолданудағы маңызы ерекше, бірақ мұндай түсіндірудің рес- ми заңдылық күші болмайды. Мұндай түсіндірулер ғылыми пікір, ой, ұсыныс ретінде қабылданады. Әдісіне қарай түсіндіру грамматикалық немесе филологиялық, жүйелі және тарихи түсіндірулер болып бірнеше түрге бөлінеді. Заңның мазмұнын грамматикалық, синтак- систік, этимологиялық ережелердің көмегі арқылы қылмыстық заңда қолданылатын жекелеген терминдердің, сөздердің және анықтамалардың мәні мен мағынасын ашып көрсетуді грамматикалық немесе филологиялық түсіндірме деп атаймыз. Түсіндірудің бұл әдісі көбінесе қылмыстық заңда қолданылатын жекелеген терминдердің, түсініктердің, атаулардың мәнісін ашып көрсетуде жиі пайдаланылады. Мысалы, Қазақстан Респу- бликасы Жоғарғы Сотының 2007 жылғы 11 мамырдағы «Адамның өмірі мен денсаулығына қарсы кейбір қылмыстарды саралау туралы» № 1 нормативтік қаулысында пайдақорлық ниетпен кісі өлтіру деген терминге грамматикалық түсіндірме берілігі (5- тармақ), онда өзіне немесе басқа біреуге материалдық пайда келтіру (акша, зат, мүлік, тұрғын үйге ие бо- лып калу құқығы, үшінші жактан ақы алу т. б.) яғни, материалдық шығыннан құтылу, ақы алып біреуді өлтіру, пайдақорлық ниетпен қасақана кісі өлтіру болады деп түсіндірілген. Қылмыстық заңның мазмұны, оның қылмыстық заң жүйесіндегі алатын орнын, сондай- ақ оны мазмұны жағынан ұқсас заңдардан салыстыра отырып, ажыратуды жүйелі түрде түсіндіру деп айтамыз, яғни жүйелі түсіндіру арқылы әр түрлі қылмыстық заң норма- лары мен оның бөліктері салыстырыла отырып, бір-бірінен ажыратылады. Мысалы, қылмыстық құқық бұзушылық әрекетінен кісі өлімі болған кінәлі адамның іс-әрекетін дұрыс саралау үшін Қылмыстық кодекстегі 99-104- баптардың жүйелі, салыстырмалы түрде зерттеліп түсіндірілуі арқылы кінәлінің іс-әрекеті тиісті бап бойынша сараланады. Республикада қылмыстық заңды қабылдауға негіз болған әлеуметтік-экономикалық, сая- си жағдайларды түсіндіруді тарихи түсіндіру дейміз. Көлеміне қарай қылмыстық заңды түсіндіру дәлме-дәл (буквальный), тар көлемдегі және кең көлемдегі болып келеді. Заңның өзінің мәтіні мен заң нормаларының оның мазмұнына және мәнісіне, оның сөйлем құрамына тура келуін дәлме-дәл түсіндіру деп айтамыз. Заң нормасындағы өз мәтініндегі дәлме-дәл көрсетілгеннен гөрі, тар мағынада, тар шеңберде қолдануға мағына беретін түсіндіруді заңда тар мағынада түсіндіру деп айтамыз. Мысалы, Қылмыстық кодекстің 132-бабында көрсетілген жасы кәмелетке толмаған адамды қылмыстық іске тар- туды алып қарайық. Жалпы ереже бойынша бұл қылмысты істегені үшін жауаптылыққа сырттай қарағанда 16 жасқа толған адамдар тартылуы керек сияқты. Бірақ бұл қылмыс істегені үшін тек 18-ге толған адамдар ғана қылмыстық жауаптылыққа тартылады. Себе- бі: заң нормасының атауы - жасы кәмелетке толмағандарды қылмыс істеуге тарту

деген сөздің мағынасы бұл қылмысты тек кәмелетке, яғни 18-ге толғандар ғана істей алатынын көрсетеді. Яғни, заң нормасы осыған орай тар мағынада түсіндіріліп отыр. Кең көлемдегі түсіндіру деп заңға дәлме-дәл түсіндіруден гөрі кең мағына беретін және осы заң нормасын кең шеңберде қолдануға негіз беретін түсіндіруді айтамыз. Қылмыстық заңда кең көлемдегі түсіндіруге Қылмыстық кодекстегі 138-бапта көрсетілген бала асырап алудың құпиясын жария ету мысал бола алады. Заңда ер бала асырап алудың құпиялығын жариялағаны үшін қылмыстық жауаптылықты белгілегенде қыз бала асырап алудың құпиялығын жариялауы үшін де осындай жауаптылықтың бар екендігін еске алып отыр. Яғни, бұл кезде бұл заңдардың мағынасы өзінің мәтінінен гөрі кең көлемде, кең мағынада бала деген ұғым қыз және ер бала екендігі түсіндіріліп отыр. 2-6 а.п. Қылмыстық кодекстің міндеттері Қылмыстық кодекстің 2-бабына сәйкес қылмыстық заңдардың міндеттері: 1. Адам мен азаматтың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін, меншікті, ұйымдардың құқықтарын мен заңды мүдделерін, қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті, қоршаған ортаны, 15 Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысы мен аумақтық тұтастығын, қоғам мен мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделерін қылмыстық қол сұғушылықтан қорғау, бейбітшілік пен адамзаттың қауіпсіздігін қорғау, сондай-ақ қылмыстардың алдын алу болып табылады. 2. Бұл міндеттерді жүзеге асыру үшін осы Кодексте қылмыстық жауаптылық негіздері белгіленеді, жеке адам, қоғам немесе мемлекет үшін қауіпті қандай әрекеттер қылмыстық құқық бұзушылықтар болып табылатыны айқындалады, оларды жасағаны үшін жазалар мен өзге де қылмыстық құқықтық ықпал ету шаралары белгіленеді делінген. Жаңа Қылмыстық кодексте қоғамның саяси, экономикалық және әлеуметтік өмірінде орын алған сапалық өзгерістер еске алынған. Яғни, азаматтардың жеке басы, олардың құқықтарын мен бостандықтарын, заңды мүдделерін қорғау бірінші кезекке қойылған. Қылмыстық-құқылық қорғау объектісінің қатарына қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау, Республиканың конституциялық құрылысы мен аумақтық тұтастығын, қоғам мен мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделерін қылмыстық қол сұғушылықтан қорғау, бейбітшілік пен адамзаттың қауіпсіздігін қорғауды қамтамасыз ету міндеттері енгізілген. Яғни, қылмыстық құқықтың негізгі міндеті қылмыстық құқықтық құралдардың көмегімен заңда көрсетілген осы маңызды объектілерді қорғау, қылмыстылықпен барынша пәрменді күрес жүргізу болып табылады. Қылмыстық құқық бұзушылық туралы заңдарда көрсетілген міндеттерді жүзеге асыру үшін Қылмыстық кодекс қылмыстық құқық бұзушылық үшін жауаптылықтың негізін белгілейді. Яғни, қылмыстық заңда көрсетілген іс-әрекеттерді істеген адам осы заңда белгіленген негізде ғана жауапқа тартылады. Ол үшін қылмыстық заң жеке адам, қоғам немесе мемлекет үшін қандай қауіпті іс-әрекеттер қылмыстық құқық бұзушылық болып табылатынын белгілейді және оларды кінәлі түрде істегендерге жазалар мен өзге де қылмыстық-құқылық ықпал ету шараларын белгілейді. Жаңа Қылмыстық кодекс бұрынғы кодекске қарағанда ізгілік принципі басшылыққа алынып, қоғамға онша қауіпті емес іс-әрекеттер жасағандарға оларды қоғамнан оқшауламайтын жаза түрлерін

(түзеу жұмысы, шартты жаза, міндетті жұмыс, шын жүректен өкінуіне немесе тараптардың келісімге келуіне байланысты қылмыстық жауаптылықтан босату) қолдануға кең жол ашылған. Мұндай ізгілік қағидалар қылмыспен күресуге пәрменді әрі тиімді жағдай туғызады. Қылмыстық құқықтың міндеттері қылмыстылықтың жағдайы мен деңгейіне де тікелей байланысты. Ұзақ жылдар бойы орын алған әміршілдік-әкімшілік, тоталитарлық жүйе, жеке адамға табыну, тоқырау және қайта құру кезеңдерінде қылмыстылық өрши түсті. Нарықтық экономикаға көшудің қиын процестері, экономикалық дағдарыстар, қоғам мүшелерінің едәуір бөлігінің өмір сүру деңгейінің қиындауы, өтпелі кезеңге байланысты қоғамдағы орын алып отырған жұмыссыздық, жоқшылық, құқық қорғау, құқық қолдану органдарының да жұмысын қиындата түсті, қылмыстылықтың сандық және сапалық жағынан өсу қарқыны үдеді. Бұрын жұртқа беймәлім ұйымдасқан, кәсіптік, банк жүйесіндегі қылмыстық құқық бұзушылықтар кең етек алды. Жалпы қылмыстылық құрылымында тұрақты ұйымдасқан қылмысты құрылымдар жетекші рол атқаруда. Ұйымдасқан топ пен қылмыстық бірлестіктердің істеген ауыр қылмыстарының саны өсе түсуде. Кісіні қасақана өлтіру, денеге ауыр жарақат түсіру, бөтеннің мүлкін қарақшылықпен тонау, ұрлау немесе алаяқтық жолмен талан-таражға салу, бандитизм, контрабанда сияқты қылмыстардың саны арта түсті. Қылмыстылықтың санын азайтуда мемлекет тарапынан жүзеге асырылып жатқан кең көлемдегі саяси, экономикалық және әлеуметтік шаралардың маңызы зор. Экономикалық реформаны дұрыс жүргізу, нарықтық экономикаға кең жол ашылу, өндірістің құлдырауын тоқтатып, еңбекті дұрыс ұйымдастыру, оның өнімділігін арттыру, жұмыссыздықты жою, қоғам мүшелерінің өмір сүру қажеттілігін тиісті деңгейге көтеру, құқықтық реформаны заман талабына сай іске асыру мемлекеттің алға қойған осы саладағы міндеттерін жүзеге асыруына кепілдік берді. Қылмыстық заңның басты міндеттерінің бірі - қылмыстан сақтандыру болып табылады. Қылмыстық құқық жалпы және арнаулы сақтандыру функцияларын жүзеге асырады. Жалпы 16 сақтандыру қылмыстық заң арқылы кез келген қылмысты істеуге тыйым салу, нақты қылмысты істеген адамдарға әділ жаза тағайындауды белгілеу арқылы жүзеге асырылады. Арнаулы сақтандыру қылмыстық заң тыйым салған әрекет немесе әрекетсіздіктерді істеген адамға қылмыстық-құқықтық нормалар арқылы белгіленген тиісті ықпал ету шараларын қолдану ретімен іске асырылады. Қылмыстық құқыққа, сондай-ақ, тәрбиелік функция да тән. Қажетті қылмыстық заңдардың болуы, оның іс жүзінде әділ қолданылуы, азаматтардың, олардың құқықтары мен бостандықтарының қорғалуы, қылмыстық құқық бұзушылық істеген адамның лайықты қылмыстық жауаптылыққа тартылуы азаматтарды заңды құрметтеуге тәрбиелейді және олардың заңға деген сенімділігін арттырады. Қылмыстық құқыққа тән тағы бір функция бар. Ол - көтермелеу функциясы. Мұндай функция азаматтардың қылмысқа қарсы күрес саласындағы белсенділігін арттырады. Қылмыстық заңдарда мемлекеттің, қоғамның мүддесін, өзінің немесе басқаның мүддесін қорғауға, мысалы, қажетті қорғану, мәжбүрлі қорғану, сондай-ақ пара берген адамның осы жайында шын жүректен ерікті түрде мәлімдемесі болса, олар қылмыстық

жауапқа тартылмайды деген нормалар бар. Бұл нормалар көтермелеу функциясының нақты қолданылатындығын көрсетеді. Қылмыстық заң, сондай-ақ, қылмыстық саясатты жүзеге асырудың да құралы болып табылады. Қылмыстық саясат элеуметтік саясаттың бір бөлігі, оның негізгі мазмұны - қылмыстық заңдарды қолданудың міндеттерін, қылмыстан сақтандырудың тиімді жолдарын табу, қылмыспен күресуде заңдылық принциптерін қатаң сақтау. Ауыр қылмыс істегендерге қолданылуға жататын қылмыстық құқықтық шараларды жетілдіру, ал керісінше қоғамға онша қауіпті емес қылмыс істегендерге қоғамнан оқшауламай-ақ қолдануға жататын шараларды белгілеу болып табылады. Қылмыстық құқық өзінің алға қойған қорғаушылық, сақтандырушылық және тәрбиелік міндеттерін тек қана белгілі бір қылмыстық-құқықтық принциптерді сақтау арқылы ғана жүзеге асыра алады. Қылмыстық-құқықтық принциптер - заң шығарушыға, ғылымға, құқық қорғау және қолдану органдары мен азаматтарға қылмыспен қарсы күрес жүргізу саласындағы қажетті, негізгі және міндетті ережелердің көрінісі болып табылады. Заңдылық қағидасы Парламент немесе Президент қабылдаған қылмыстық заңның құқыққолдану тәжірибесінде, заң нормаларын қабылдау саласында да, сөз жоқ, үстемдік ету арқылы көрініс табады. Бұл көрініс бірнеше құқықтық талаптардың жиынтығынан құралады. Оның біріншісі - Республика Қылмыстық кодексінің халықаралық қылмыстық құқықтың жұрт таныған принциптері мен нормаларын басшылыққа алуы болып табылады. Қазақстан Республикасы Конституциясының 4-бабының үшінші тармағында Республика бекіткен халықаралық шарттардың республика заңдарынан басымдығы болады деп көрсетілген. Адам құқықтары жөніндегі 1948 жылғы Жалпыға бірдей декларация, 1986-1989 жылғы Вена 17 келісімі, наркоманияға және террорлық актіге қарсы күрес туралы халықаралық Конвенция және осы сияқты басқа да халықаралық құжаттар халықаралық аймақта істелетін қылмыстар үшін жауаптылық белгілейді. Мысалы: 1986 жылғы Вена келісімінде көптеген халықаралық қылмыстық-құқықтық нормалар белгіленіп, кеңеске катысушы елдерге ұсынылған. Осы келісімнің «Қағидалар» деген тарауының 106, 107 баптарында террорлыққа қарсы күрес, 23-бабында БҰҰ қабылдаған тұтқындармен қарым-қатынастың төменгі стандартты ережелерін сақтау; сондай-ақ БҰҰ бекіткен лауазымды адамдардың құқық тәртібін сақтаудағы мінез-құлқы жөніндегі Кодекс туралы; 23-бабында адамды оның құқығын бұзатын психиатриялық немесе басқадай дәрігерлік тәжірибеден қорғау; 24-бабында өлім жазасын қолдану туралы қылмыстық заңды қолдану жөніндегі ұсыныстар туралы мәселелер көрсетілген' Тәуелсіз Қазақстан Республикасы осындай халықаралық құқық нормаларын қастерлейді және осындай халықаралық шарттар Республикада бекітілген уақыттан бастап басшылыққа алынады. Заңдылық қағиданың екінші бір талабы - қылмыстық заңның Конституциялық заңға негізделуі болып табылады. Конституцияда көрсетілген негізгі ережелерді қылмыстық заң сөзсіз басшылыққа алуы тиіс. Өйткені Конституцияның ең жоғары заңдық күші бар және Республиканың бүкіл аумағында ол тікелей қолданылады (4-бап, 2-тармақ). Мысалы, Конституцияның 15-бабының 2-тармағында өлім жазасы ерекше ауыр қылмыс

жасағаны үшін ең ауыр жаза ретінде заңмен белгіленеді делінген. 17-бапта адамның қадір-қасиетіне қол сұғылмайтыны, ал 16-бапта әркімнің жеке басының бостандығына құқы бар екендігі көрсетілген. Қылмыстық кодекстің көптеген баптары осы Конституциялық заңдарға негізделіп қабылданған. Заңдылық принциптерінің тағы бір талабы «арнайы заңда көрсетілмейінше қылмыс та, жаза да жоқ» деген тұжырымға негізделген. Заңдылық принциптерінің осы талабына сәйкес жазба, жария түрде қабылданған қылмыстық заң қылмыстық құқықтың негізгі қайнар көзі болуға тиіс. Барлық қылмыстық-құқықтық нормалар бірыңғай жүйеге келтіріліп, Қылмыстық кодекске біріктірілуі қажет. Қылмыстық құқық бұзушылық үшін жауаптылықты көздейтін өзге заңдар оларды осы Кодекске енгізгеннен кейін ғана қолданылуға тиіс (ҚК-нің 1-бабы). Қылмыстық заңды ұқсастығы бойынша қолдануға жол берілмейді (ҚК-нің 4-бабы). Адамның ойы, пиғылы, дүниетанымы, көзқарасы Конституциялық нормаға қаншалықты қайшы келсе де ол белгілі бір нақты іс-әрекетпен ұштаспаса, қылмыс ретінде қаралуға тиіс емес. Қоғамға қауіпті, қылмыстық заңға қайшы, кінәлі іс-әрекеттер заң шығарушы орган арқылы қылмыстық құқық бұзушылық деп табылады. Қылмыстық құқық бұзушылық пен жаза туралы мәселелер қылмыстық заңдарда тікелей көрсетіледі және оларға тиісінше заңдылық анықтама беріледі. Қылмыстық заңда арнайы көзделмеген ретте адамның іс-әрекеті қылмысқа жатпайды. Қылмыстық құқық бұзушылық жоқ жерде жаза да болмайды. Қылмыстық құқықтың екінші бір принципі - азаматтардың заң алдындағы теңдігі болып табылады. Қазақстан Республикасы Конституциясының 14-бабының 1-тармағында - заң мен сот алдында жұрттың бәрі тең деп аталған. Қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адам оның тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүлктік жағдайына, нәсіліне, ұлтына, саяси сеніміне, жынысына, біліміне, тіліне, дінге қатынасына, кәсібінің түрі мен сипатына, сондай-ақ тұрғылықты жеріне және басқа да жағдайларға қарамастан жауаптылыққа тартылады. Бұл қағида жаңа ҚК-тің 15-бабының 3-бөлігінде арнайы көрсетілген. Азаматтардың қылмыстық заң алдындағы теңдігі істеген қылмысы үшін қылмыстық жауаптылыққа және жазаға тартылуы болып табылады. Бұл жерде заң алдындағы теңдікті бір түрлі қылмыс істеген кінәлі адамдардың барлығына бірдей етіп жаза тағайындау деп түсінбеу қажет. Жаза кінәлінің қылмысының ауырлығы мен түріне, 2 оның жеке басының қасиеттеріне, жауаптылықты ауырлататын немесе жеңілдететін мән-жайларға байланысты 2 Траинин А. Н. Защита мира и борьба с преступлениями против человечества. М., 1966; Карпец И. И. Преступления международного характера. М., 1984; Права человека: Сборник международных документов 1990 г. 18 дараланып тағайындалады. Қылмыстық құқық бұзушылық істеген адам тек қана қылмыстық заңда көрсетілген негіздерге сәйкес қылмыстық жауаптылықтан немесе жазадан босатылуы мүмкін. Жасы кәмелетке толмағандар және жүкті немесе емшекте жас балалары бар әйелдерге, кәрі адамдарға қылмыстық құқық бұзушылық істеген басқа субъектілерге қарағанда ізгілік қағидасы басшылыққа алына отырып, жеңілдеу жаза тағайындалуы мүмкін. Қылмыстық құқықтың үшінші бір принципі - жауаптылықтан

құтылмайтындық принципі. Бұл принцип бойынша әрбір кез келген адам лауазымдық, басқа да жағдайларға карамастан өзі істеген қылмысы үшін сөзсіз, міндетті түрде жауапты болады. Яғни, қолымен істеген қылмысты мойнымен көтереді. Бұл үшін қылмыстық-құқықтық жауаптылықты белгілейтін заң нормалары тайға таңба басқандай анық түсінікті болуы керек. Сөйтіп, ол істелген қылмыстық құқық бұзушылық үшін нақты жауаптылықты айқындау қажет. Жауаптылықтан құтылмайтындық принципінің жүзеге асырылуы үшін бұл өте керек. Сондай-ақ осы принциптің жүзеге асырылуы құқық қорғау және құқық қолдану органдарына үлкен міндет жүктейді. Тәжірибе көрсетіп отырғандай, көптеген қылмыстардың ашылмай, кінәлі адамдардың жазасыз қалуы, жасалған қылмыстардың тіркелмеуі, тіркелген қылмыстардың біразының ашылмауы осы принциптің жүзеге асырылуындағы келеңсіз көріністерді көрсетеді. Мұның өзі құқық қорғау органдары қызметкерлерінің кәсіптік деңгейінің, азаматтардың қылмыспен күресудегі белсенділік дәрежесінің, қолданылып жүрген заңдардың әлі де болса пәрменділігі жеткіліксіздігінің көрінісі болып табылады. Бұл жерде айтылатын басты мәселе сол қылмыстық құқық бұзушылық істеген адам ерте ме, кеш пе бәрібір қылмыстық жауапқа тартылады, заң бойынша тиісті жазасын алады. Бұл қағиданың түпкі мәні осында. Қылмыстық заңның төртінші принципі - жеке жауаптылығы қағидасы болып табылады. Адам өзінің кінәсі анықталған жағдайда ғана қоғамға қауіпті әрекеттер (әрекетсіздік) және бағытталған қауіпті зардағатар үшін ғана қылмыстық жауапқа тартылады. Бұл принципке сәйкес адам өзінің жеке істеген немесе қылмысқа бірлесіп қатысуы арқылы істеген қылмысы үшін сол адамның өзі дербес, жеке жауапты болады. Жеке жауаптылық принципіне сәйкес қылмыстың субъектісі болып, есі дұрыс, заңда белгіленген жасқа толған жеке адам танылады. Мұндай тұлғаны қылмыстық құқықта қылмыстық субъекті деп атайды. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексі заңды тұлғаларды қылмыс субъектісі деп танымайды. Материалдық, моральдық немесе басқа жағынан келтірілген зияндары үшін тек азаматтар ғана қылмыстық заңға сәйкес жауапқа тартылады. Қылмыстық құқықтың бесінші принципі кінәлі жауаптылық принципі болып табылады. Бұл қағиданың мәні сол, кінәсіз қылмыс та болмайды дегенді білдіреді. Қылмыстық жауаптылықта оны істеген адамның іс-әрекетінде кінә болған жағдайда ғана, яғни қылмыс істеген адамның өзінің іс-әрекетіне қасақаналық немесе абайсыздық түрде білдірген саналы, психикалық қатынасы жатады. Іс-әрекеттің зардабы қанша ауыр болса да, егер ол кінәсіз жағдайда істелсе, ол қылмыс болып табылмайды. Кінәсіздік пен зиян келтіру - қылмыстық құқық бұзушылық емес, оқыс оқиға болып саналады (ҚК-нің 23-бабы). Кінәнің түсінігі Қылмыстық кодекстің Жалпы бөлімінің арнаулы баптарында берілген (19, 20, 21, 22-баптар). Қылмыстық құқықтың алтыншы принципі әділеттілік принципі болып табылады. Бұл принциптің мәнісі сол, қылмыстық жауапқа және жазаға іс-әрекетінде қылмыстың құқық бұзушылық құрамының толық белгілері бар адамдар тартылуы керек. Негізсіз, дәлелсіз қылмыстық құқық бұзушылықтар үшін жауаптылыққа жол берілмейді. Бұл қағиданып жүзеге асырылуы үшін ең алдымен қылмыстық заңның өзінің әділ болуы және істеген

қылмысы үшін сот тағайындаған жазаның және қылмыстық-құқық ықпал ететін өзге ша- ралары соған сай әділ болуы керек. Қоғам мүшелерінің, халықтың шын еркін білдіретін қоғамдық мүддеге сай, әлеуметтік қажеттілікке сай қабылданған заңдар ғана әділетті болып табылады. Қылмыстық заңды қабылдау кезінде кеткен ағаттықтар, қоғамға қауіпті іс-әрекеттерді дер кезінде қылмыс қатарына қоспау немесе ондай қоғамға қауіптілігі жоқ іс-әрекеттерді қылмыстық құқық бұзушылық қатарынан алып тастамау да 19 заңның әділетсіздігін корсетеді. «Маңызы болмағандықтан қоғамдық қауіпті емес, яғни жеке адамға, қоғамға немесе мемлекетке зиян келтірмейтін қылмыстар» деген Қылмыстық ко- декстегі (10-бап, 4- бөлігі) қағиданы басшылыққа алып, қылмыстық құқық бұзушылық заңның қолданылуындағы әділетсіздіктерге жол берілмеуі керек. Қылмыстық құқық бұзушылық құрамының барлық белгілері бар әрекет қылмыстық жауаптылықтың негізі болуы тиіс. Әділеттілік қағидасының жүзеге асырылуы әділ жаза тағайындауға тіке- лей байланысты. Сот әділ жаза тағайындау үшін қылмыс істеген кінәлі адамға жазаны даралауға негіз беретін: іс-әрекетінің қоғамға қауіптілігінің мәні мен дәрежесін, кінәлінің жеке басын, жауаптылықты жеңілдететін және ауырлататын мән-жайларды, қылмыстың істелуінің себептерін есепке ала отырып, оның түзелуіне және қайтадан қылмыс істемеуіне қажетті және негіз болатын, әділетті жаза тағайындауы керек. Әділеттілік принципі бойынша бір қылмыс үшін ешкімді де қайталап қылмыстық жауапқа және жазаға тартуға болмайды (4-бап). Қылмыстық құқықтағы тағы бір принцип - ізгілік принципі болып табылады. Ізгілік принципінің жүзеге асырылуы ең алдымен қылмыстық заң арқылы азаматтардың жеке басын, олардың өмірін, денсаулығын, құқықтарын қылмыстық қол сұғушылықтан қорғау арқылы көрініс табады. Жаңа Қылмыстық кодекстің 2-бабында адам мен азаматтың жеке басы, олардың құқықтары мен бостандықтары қылмыстық құқық қорғайтын объектілердің ең алғашқыларының бірі ретінде көрсетілген. Қылмыстық заң әрбір азаматқа қажет болған жағдайда қорғануға құқық береді, ісәрекеттің қылмыстылығын жоятын мұндай мән- жайлар қылмыстық құқық бұзушылық болып саналмайды. Қылмыстық заңның бұл нормасы әрбір азаматтың әлеуметтік белсенділігін арттыруға өзінің Конституциялық құқықтары мен бостандықтарын, мүддесін батыл қорғауға тікелей жағдай туғызады. Қылмыстық кодекстің Ерекше бөлімінде азаматтардың өмірін, денсаулығын, ар-намысын, олардың Конституциялық құқықтары мен бостандықтарын қорғауға арналған ар- наулы тараулар бар. Қылмыстық құқықтағы ізгілік принципі - қылмыстық заңды бұзған адамдарға да қолданылады. Қылмыстық жазаның мақсаты әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіру, сондай-ақ сотталғандарды түзеу болып табылады. Жаза тән азабын шектіруді неме- се адамның адамгершілік намысына тиіп, қадір-қасиетін қорлау мақсатын көздемейді. Жаза жүйелерінің көпшілігі сотталған адамды бас бостандығынан айырмайтын жаза түрлерінен құралған. Ату түріндегі өлім жазасы заңда көрсетілген реттерде ерекше ауыр қылмыстар үшін ғана қолданылады. Қылмыстық заң ізгілік қағидасын басшылыққа ала отырып, қылмысты он сегіз жасқа толмай істеген адамдарға, сондай-ақ әйелдерге және сот үкімі шығарған сәтте алпыс үшке толған

еркектерге және ол жастан асқан еркектерге ату жазасы тағайындалмайды. Ізгілік принципі жазаның өтелмеген бөлігін жазаның негүрлым жеңіл жаза түрімен ауыстыру (73-бап), шын өкінуіне байланысты қылмыстық жауаптылықтан босату (65-бап), жүкті әйелдердің және жас балалары бар әйелдердің жазаны өтеуін кейінге қалдыруы (74-бап), ауруға шалдығуына байланысты жазадан босату (75-бап), шартты түрде соттаудың күшін жою (64-бап), рақымшылық немесе кешірім жасау актісі (78-бап) арқылы да жаңа Қылмыстық кодексте заңдылық көрініс тапқан. Ізгілік қағидасы негізінде жаңа Қылмыстық кодексте кәмелетке толмағандардың қылмыстық жауаптылығы деген арнаулы бөлім берілген (VI бөлім). Мұнда кәмелетке толмағандардың жас мөлшері, психологиялық даму деңгейі, жеке басының өзге де ерекшеліктері ескеріліп, олардың жазасы жеңілдетілуі немесе олар жазадан босатылуы да мүмкін. Ізгілік қағидасын дұрыс іске асыру қылмыстық заң міндеттерін жүзеге асырудың алғышарты болып табылады.

2.Қылмыстық құқық бұзушылық ұғымы.

Қылмыс қылмыстық құқықтың маңызды санаты болып табылады. Қылмыстық құқықтың барлық ұғымдары мен санаттары қылмыспен байланысты. Қылмыстық құқық ғылымы қылмысты ешбір өзгермейтін, ештеңеге тәуелді емес, абстарктілі санат ретінде емес, пайда болуы мен жалғасуы әлеуметтік құбылыстарға негізделге нақты ақиқатты әлеуметтік санат ретінде қарастырылады. Қылмыстық құқық ғылымы қылмысты әрқашан бола бермейтін, адамзат қоғамының белгілі бір даму кезеңі: еңбекті қоғамды бөлісумен, жеке меншіктің қалыптасуымен, қоғамды тапқа бөлумен, мемлекет пен құқықтың өмірге келуімен бірге пайда болатын тарихи өзгермелі санат болып табылады деп белгілейді.

Адамның мемлекеттегі қоғамдық қатынасқа елеулі зиян келтіріп, оны бұзатын қылығы қылмыс деп танылады. Мемлекет пен құқық болмаған алғашқы қауымдық құрылыс кезеңінде қылмыс пен жаза ұғымы атымен болған жоқ. Осы кезеңде руға, тайпаға немесе жекелеген адамдар үшін зиянды және қауіпті қандайда бір кикілжің, әрекет туындай қалған болса, онда олар рудың немесе тайпаның атынан бұлтартпау шараларын қолдану арқылы күресетін болған, мысалы, рудан немесе тайпадан қуу, судан, тамақтан айыру және т.т.

«Қылмыс» ұғымының мазмұны қоғамдық-экономикалық формацияның өзгеруіне орай өзгеріп отырды, бірақ оның қылмыстық заңмен қорғалатын, өмір сүріп отырған қоғамдық қатынастар үшін қоғамдық қауіптілігін анықтайтын әлеуметтік мәні өзгеріссіз қалады.

Біздің қоғамымызда қылмыс «Қылмыстық кодекстің міндеттерін» реттейтін ҚР ҚК 2-бабында бекітілген қылмыстық заңмен қорғалатын қоғамдық қатынастарға, мүдделер мен игіліктерге қол сұғушылық болып танылады. Бұл қашанда адам өзінің мақсат-ниеті мен мүддесін мемлекет, қоғам және жекелеген адам (жәбірленуші) мүдделеріне жоғары санаған жағдайда қалыптасқан адамгершілік пен құқықтық нормаларға қарсы тұру болып

көрінеді. Дегенмен, қылмысты әрқашан кінәлінің «жаман ықтиярының» нәтижесі деп қарай беруге болмайды. Қылмыстылық ақыр соңында тіршілік әрекетінің түрлі салаларында байқалған осы қоғамға тарихи тұрғыдан тән қайшылықтардың болуының салдары.³ Қылмыстылық пен қылмыстың табиғаты әлеуметтік сипатқа ие болғандықтан⁴ бұл құбылыстар әлеуметтік қарама-қайшылықтармен байланыссыз қарастырыла алмайды.

Қылмыстық-құқық ғылымында қылмыстың көпшілігі объективті және субъективті түрде өзінің жалпы адамзаттық мүдделер мен құндылықтар объектілеріне ие болады және ол таптық себептермен емес, адамның мораль (адамгершілік) этика, парыз және т.б. туралы түсініктеріне қайшы келетін себептермен жүзеге асырылады.⁵

Өткен жүз жылдықтағы қылмыстық заңнамаларды талдау мен қорытындылау бұрын Қазақстанда 1959 жылғы Қаз КСР Қылмыстық кодексі қабылданғанға дейін 1922 және 1926 жылғы РСФСР Қылмыстық кодексі қолданылып келгенін көрсетті. Бұрынғы кеңестік мемлекетте құқық қолдану тәжірибесі таптық қағидаға негізделді. Бұған сол жылдардағы заң журналдары мен мерзімді басылымдардағы мақалалар куә бола алады.

Профессор М.С. Гринберг, ол кезде большевиктермен негізгі қылмыстық-құқықтық қағидаларға сай келмейтін тоталитарлық-террористік жүйе қалыптастырылды, деп атап өтті. Сол кезде қылмыстық заңға өркениетті қоғамға сыйыспайтын төмендегідей қағидалар енгізілді:

- 1) жеке жауапкершілік қағидаларына нұқсан келтіретін аманатқа алу институты;
- 2) сотталған жақын-туыстарының жазасымен сараланатын жазалау;
- 3) заңда қарастырылмаған НКВД мен ОГПУ ведомстволық актілерімен қарастырылатын қылмыстар құрамын телу;
- 4) кінәсіз кінә тағу;
- 5) бір қылмыс үшін екі және одан да көп жаза тағайындау;
- 6) өзінің іс-әрекетіне есеп бере алмайтын және өзін-өзі басқара алмайтын балиғатқа толмағандарды жас өспірімдер қылмысы субъектісіне жатқызу.⁶

Сол кезеңдердегі қылмыстық құқық идеологияландырылған болды. Атап айтқанда, мәселен, 1986 жылғы Г.Ф. Поленовтың жалпы редакциялауымен жарық көрген «Қазақ КСР қылмыстық құқығы» оқулығында «қылмыстылықпен күрес саласындағы қылмыстық құқық міндеттерін СОКП мен Кеңес мемлекеті белгілейді» деп бекітілді.⁷ Одан әрі осы оқулықта «Кеңестік қылмыстық құқық Кеңес мемлекетінің құрылуымен дүниеге келді және ол өзінің бүкіл даму

³ Денисов Ю. А. Общая теория правонарушения и ответственности. – Л., 1983. 68-бет

⁴ Кузнецова Н. Ф. Преступление и преступность. – М., 1969. 173-бет; Карпец И. И. Современные проблемы уголовного права и криминологии. – М., 1976. 67-бет; Кудрявцев В.Н. Причины правонарушений. – М., 1976. 46-бет.

⁵ Загородников Н.И., Сахаров А.Б. Демократизация советского общества и проблемы науки уголовного права. // Советское государство и право. – 1990. – №2. – 50-бет.

⁶ Гринберг М.С. Уголовное право как феномен культуры. // Правоведение. – 1992. – №2. – 51-62-беттер.

⁷ Уголовное право Каз ССР. Общая часть. Уч. пособие / под общ. ред Г. Ф. Поленова. – Алматы, 1984. 4-бет.

жолында еңбекшілердің мүдделерін қорғайтын болғандықтан қоғам өмірінде прогрессивті рөл атқарады»,⁸ деп көрсетілді.

Қылмыстық-құқықтық әдебиеттерде қылмыстық құқық ғылымы партиялық ғылым деген пікірлер де айтылды. Қылмыстық құқық «тек қана партияның идеологиялық мәселелер жөніндегі нұсқауларымен ғана өз міндеттерін іс жүзіне асырып, өмір сүре алады және дамиды» делінді.⁹

Н.И. Загородников пен А.Б. Сахаров бұл көзқарастарға қарсылық білдіре отырып, қылмыстық-құқықтық ғылымды бейсаясаттандыру бұл идеологиядан бас тартуды талап етеді, өйткені «ғылым партиялық болуы мүмкін емес, олай болған жағдайда ғылым өзінің объективті сипатын жоғалтады», деп атап өтті.¹⁰

Кеңестік қылмыстық құқықтың мәні өз көрінісін 1959 жылғы ҚазКСР Қылмыстық кодексінің 1-бабында тізім түрінде берілген қылмыстық-құқықтық қорғалатын объектілерден тапты. Ол былайша мазмұндалады: «ҚазКСР қылмыстық заңы КСРО-ның қоғамдық құрылысын, саяси және экономикалық жүйелерін, социалистік меншіктерін, тұлғалардың, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын және бүкіл социалистік құқық тәртібін қылмыстық қол сұғушылықтан қорғау міндеттерін атқарады». Осы бапты талдау заң шығарушының артықшылықты тұлғаның құқықтарына емес, мемлекеттік және қоғамдық мүдделерді қорғауға бергендігін көрсетті. Жеке меншіктік мүлікке қарсы жасалатын қылмыстан гөрі мемлекеттік немесе қоғамдық мүлікке қарсы жасалатын қылмыстар үшін қатаңырақ жаза қарастыратын 1959 жылғы ҚазКСР Қылмыстық кодексінің Ерекше бөлімінің құрылымын зерделегенде де осындай қорытындыға келуге болады. Мәселені бұлайша қоя, адам жүйенің «жарамсыз болып қалған жағдайда» лақтырып тастай салатын «бұрандасы» болып саналған сонау 30-жылдары қалыптасқан еді. Оның куәсі 1932 жылдың 7-тамызында қабылданған ОАК (Орталық атқару комитеті) пен ХКК (Халық комиссарлары кеңесі) «Мемлекеттік кәсіпорындардың, колхоздар мен кооперациялардың мүліктерін қорғау және социалистік меншікті нығайту туралы» қаулысы бола алады. Осы нормативтік актіге сәйкес, ұрлық жасағаны үшін өлім жазасы қарастырылып, ал тіпті аса ауыр жағдаймен қасақана кісі өлтіргені үшін бас бостандығынан айыру ғана қарастырылды. Міне осылайша, адамзаттың адамгершілік құндылығы бұзылып, аяққа тапталды.

Қылмыстық-құқықтық тұрғыдан зерттеулер жүргізген Н.И. Иванов былай деп атап өтеді: «өлтірме» деген сөз «ұрлама» деген сөзден екі саты жоғары тұрады, демек адамның өміріне қол сұғу, бөтеннің мүлкіне қол сұғуға қарағанда үлкен күнә болып саналады. Мұндай иерархиялық матасу толығымен орынды, өйткені өмір, сөз жоқ мүліктен әлдеқайда қымбат.¹¹

Қазіргі ғалымдардың зерттеулерінде қылмыстық құқықта ең маңызды мәселе «заң шығарушылықта, және сондай-ақ құқық қолданушылық деңгейде

⁸ Бұл да сонда. 5-бет.

⁹ Курс советского уголовного права. Часть Общая. / под общ. ред. А.А. Пионтковского – М., 1970. 8-бет.

¹⁰ Загородников Н.И., Сахаров А.Б. Көрсетілген еңбек. 51-бет.

¹¹ Иванов Н. Г. Библия и уголовный закон. // Советская юстиция. – 1992. – №7-8. – 23-бет.

болмасын, адам факторын мейілінше есепке алу» болып табылатындығы айтылған.¹²

Осы жоғарыда айтылғандар, «қазіргі уақытта қылмыс туралы ұғым жалпы адамзаттық деп танылатын құндылықтардың бәрін қылмыстық қол сұғушылықтан қылмыстық-құқықтық қорғау қажеттігі туралы көріністерді» көрсетеді деген қорытындығы әкеп тірейді.¹³ Осыған байланысты қылмыстың әлеуметтік мәнін қарастыруға тура келеді.

Республикамыздың егемендікке ие болуына байланысты елімізде қылмыстық заңнамаларды реформалау кезеңі басталды. Олар – ҚР Қылмыстық кодексі, ҚР Қылмыстық іс жүргізу кодексі және ҚР Қылмыстық-атқару кодексі. Осы құжаттардың бәрі де Қазақстан Республикасының Конституциясына және онда бекітілген әлеуметтік құндылықтар мен көпшілік мақұлдаған қиғадаларға және халықаралық құқық нормаларына негізделген. ҚР Қылмыстық кодексінің тұрлаулы ережелері ең бірінші кезекте тұлғаларды, қоғамды және мемлекетті қорғауға бағытталған.

ҚР Қылмыстық кодексі жалпы адамзаттық артықшылық идеясына негізделген және оның бұрынғы 1959 жылғы ҚазКСР Қылмыстық кодексінен айырмашылығы. Ол ең бірінші кезекте адамның құқықтары мен бостандықтарын қылмыстық-құқықтық қорғауға, сондай-ақ нарықтық экономика шарттарының тиісті мәнде тыйым салуларына ықылас қояды.

ҚР Қылмыстық кодексін қабылдау республикамыздағы сот реформасының жүргізілуіне, сондай-ақ 1959 жылғы ҚазКСР Қылмыстық кодексінде тиісті мәнде ескерілмеген тұлғалардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау жүйесін жетілдіруге орай жүзеге асырылды.

Мәселен, ҚР ҚК 2-бабының мазмұнын талдау, қылмыстық құқықтың міндеттері мемлекеттің ең жоғары құндылығы – адам, оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары деп жариялаған Қазақстан Республикасының Конституциясы ережелерінен туындаған ерекшеліктерге және қоғамдық қатынастарды қорғауға негізделгенін көрсетеді. Одан әрі қарай осы бапта ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерінің, және сөз жоқ, мемлекет пен қоғам мүдделерінің қылмыстық қол сұғушылықтан қорғалатыны атап өтілген.

Сөйтіп, қылмыстық заңнама қандай іс-әрекеттің (қылмыс) жеке адам үшін, қоғам мен мемлекет үшін қоғамдық қауіптілігі көбірек және заңға қайшы болып табылатынын анықтайды, сондай-ақ осыған орай қылмыстық жауаптылықтың негіздемелері мен шегін белгілейді. Қазақстан Республикасының Конституциясында бекітілген жеке адамның мүдделерін, оның құқықтары мен бостандықтарын қорғау артықшылықтарына орай, отандық заң шығарушы 1959 жылғы ҚазКСР Қылмыстық кодекске қарағанда ҚР Қылмыстық кодексінің Ерекше бөлімінің бірінші кезегіне жеке адамға қарсы қылмыс үшін жауаптылықты қойған.

2014 жылғы ҚР Қылмыстық кодексіндегі қылмыс анықтамасын заң жүзінде өзгерту, біріншіден, қылмыстың әлеуметтік табиғатына орай қазіргі

¹² *Наумов А. В.* О законодательной и правоприменительной оценке социальных ценностей, охраняемых уголовным законом // Актуальные проблемы уголовного права. – М., 1998. 31-бет.

¹³ *Наумов А. В.* Уголовное право. Общая часть: Курс лекций. – М., 1996. 115-бет.

дүниедегі көзқарастардың жаңаруына, екіншіден Қазақстан Республикасы Конституциясымен жария етілген мемлекеттік және қоғамдық мүдделерден жеке адам мүддесінің артығырақ саналуына байланысты.

3.Қылмыстық құқық бұзушылық құрамы. Қылмыстық жауаптылық және оның негіздері.

Қазақстан Республикасындағы қылмыстық құқық бойынша қылмыстық жауаптылық ҚР ҚК 4-бабында, «Қылмыстық құқық бұзушылық жасау, яғни осы Кодексте көзделген қылмыстық құқық бұзушылық құрамының барлық белгілері бар әрекет қылмыстық жауаптылықтың бірден-бір негізі болып табылады. Бір қылмыстық құқық бұзушылық үшін ешкімді де қайталап қылмыстық жауапқа тартуға болмайды», деп айтылған ереже негіз болғанда ғана орын алады.

Сөйтіп, заң қылмыстық жауаптылыққа тартудың негізі деп нақты бір қылмыстық-құқықтық нормамен қарастырылған қылмыстық құқық бұзушылық құрамының белгілері бар адамның белгілі бір мінез-құлық әрекеті танылады. ҚР ҚК Ерекше бөлімінің нормалары нақты белгілерін суреттей отырып, қоғамға қауіпті қандай іс-әрекеттің қылмыстық құқық бұзушылық болып табылатынын анықтайды. Адамды қылмыстық жауаптылыққа тартып және оны кінәлі деп тану үшін оның қоғамға қауіпті жасаған іс-әрекетінде қандайда бір қылмыстық құқық бұзушылық белгілерінің бар-жоқтығын анықтау керек. Адам қылмыстық жауаптылыққа тергеушіге, прокурорға және сотқа қауіпті болып көрінгендігінен емес, қылмыстық-құқықтық нормаларда белгіленген қылмыстық құқық бұзушылық белгілері бар қылық жасағаны үшін тартылады. Қылмыстық құқық ғылымында мұндай белгілердің жиынтығын қылмыстық құқық бұзушылық құрамы деп атау орын алған.

Қылмыстық құқық бұзушылық— жай әлеуметтік құбылыстың бір түрі ретінде ғана емес, ол сонымен бірге қылмысты сипаттай алатын және оның қауіптілігін көрсете алатын әлеуметтік-саяси тұрғыдан қауіпті белгілермен элементтердің жиынтығы ретінде бағаланады. Қылмысты саралау үшін қылмыстық заңдағы жекелеген қылмыстық құқық бұзушылық түрлерінің қылмыстық құқықта белгіленген ерекшеліктерін немесе оларды өзге қылмыстық құқық бұзушылықтардан ажырататын белгілер тобымен жақсы таныс болуы керек.

Әрбір қылмысты білдіретін белгілер тобының жиынтығы арқылы ғана жеке қылмыстық құқық бұзушылық құрамдары өзге құрамдардан ажыратылады және нақтыланады. Әрине, әр қылмыстық құқық бұзушылық құрамының элементтерін сипаттайтын белгілер өзгелеріне ұқсамайтын, тек осы құрамға ғана тән сипатта болады деп түсінуге болмайды. Қоғамдық құбылыстардың, процестердің кейде бір-біріне кейбір белгілері ұқсас болып келетіндігі тәрізді қылмыстық құқық бұзушылық құрамдары да кейбір құрам элементтерінің белгілері бойынша бір-бірімен жақын болып келеді. Қылмыстық заңның Ерекше бөліміндегі қылмыстық құқық бұзушылықтардың көпшілігі объектісі,

объективтік жағы, субъективтік жағы және субъектісі бойынша бірін-бірі қайталайтындай дәрежеде.

Мұның себебі қылмыстық құқықтық ережелерге байланысты деп түсіну керек. Мысалы қылмыстық құқық қылмыстық жауаптылықты әдетте 16 жастан белгілейді және тек есі дұрыс адамдарға кінә артып, жауаптылық жүктейді. Немесе қылмыстық кодекстің Ерекше бөлімінің тараулары қылмыстық құқық бұзушылық объектілері бойынша топтастырылған, сондай-ақ субъективтік жағы бойынша қылмыстық құқықта қасақаналық және абайсыздықтағы кінә нысандары белгіленген. Міне осындай ережелер қылмыстық құқық бұзушылыққұрамдары белгілерінің көпшілік жағдайда ұқсас болуының басты себебі болып табылады. Қылмыстық кодексте қылмыстың объективтік жағының белгілері бойынша да бірін-бірі қайталайтын құрамдар кездеседі. Мысалы, қорлау (131-бап), Билік өкілін қорлау (378-бап), Сотты құрметтемеу (410-бап). Осындай ұқсастықтардың кездесуіне қарай сот–тергеу тәжірибесінде қылмысты саралауға байланысты қиындықтар туындайды. Қылмысты саралауды дұрыс жүргізу үшін осындай ұқсас қылмыстық құқық бұзушылық құрамдарының өзара бір-бірінен ажыратылатын құрам элементтерін білу қажет.

Қылмыстық құқық бұзушылық құрамы деген ұғым “құрам” деген сөздің қолданылуының өзінен-ақ, оның белгілі-бір элементтерден, белгілерден құралып бір ұғымды білдіретінін көрсетеді. Демек “қылмыстық құқық бұзушылық құрамы” деген атауда бірнеше құрамдас бөліктердің өмір сүретінін, ал жасалған қылмыстық құқық бұзушылық оқиғасы бойынша айыпты деп тану үшін сол қылмыстық құқық бұзушылық оқиғасының белгілі болуы ғана емес, адамның негізді жауаптылығын ашып бере алатын белгілердің анықталуы қажет екенін білдіреді.

Қылмыстық құқықта қылмыстық құқық бұзушылық құрамдарының элементтері ретінде қылмыстың объектісі, объективтік жағы, субъективтік жағы және субъектісі аталады. Бұлардың әр қайсысының қылмыстық құқық бұзушылық оқиғасын зерттеуде, ол бойынша кінәлі адамның жауаптылығын белгілеуде өз рөлі бар.

Қылмыстың объектісі ретінде қылмыстық заң бойынша қорғауға алынған қоғамдық қатынастардың, заңды мүдделердің, құқықтардың және құндылықтардың жиынтығы алынады деп түсіну керек.

Кейбір әдебиеттерде қылмыстық құқық бұзушылық объектісі ретінде “қоғамдық қатынастар” деген ұғым алынып, ал қалған “заңды мүдделер, құқықтар мен құндылықтар” деген ұғымдар “қоғамдық қатынастар” деген ұғымға жатқызылады.

Қылмыстың объективтік жағы ретінде қылмыстың сыртқы бейнесін сипаттайтын белгілердің жиынтығы алынып, онда қылмысты факт немесе оқиға ретінде бағалауға болатын белгілер тобына сипаттама беріледі. Объективтік жақты қылмыстың жасалу оқиға сын білдіретін элемент ретінде түсінуді ұсыну, ол объективтік жақтың “қылмыстың сыртқы бейнесін сипаттайды” деген ұғымға байланысты. Яғни бұл құрам элементінде қылмыстың қоғамға қауіптілігін көзге көрсете алатын сыртқы белгілер болып табылатын қауіпті әрекет немесе әрекетсіздік, елеулі зардап, себепті байланыс,

қауіпті құрал, тәсіл, жағдай тәрізді белгілер түгелденеді немесе осы бағыттағы материалдарды саралау жүргізуші субъект іздестіреді.

Қылмыстың субъективтік жағы ретінде қоғамға қауіпті іс-әрекет жасаған адамның психикалық сезімдерін білдіретін ішкі жақ белгілері алынады. Демек бұл құрам элементінде қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамның қауіпті іс-әрекетіне, зардапқа, қылмыстық құқық бұзушылық тәсіліне, жағдайына деген психикалық қатынасы, сонымен бірге қылмыстың жасалуына түрткі болған ішкі сезімдер ашылады. Яғни қылмыскердің қылмыстың объектісі мен объективтік жағының белгілеріне деген ми жұмысының шешімдері анықталуға жатады.

Қылмыстық құқық бұзушылық субъектісі ретінде қылмыстық жауаптылық жасына жеткен, есі дұрыс, кінәлі адам алынады. Қылмыстың құрамын негізінен субъективтік және объективтік бағыттардағы белгілерден құралатынын ескеріп, оның ұғымын осы екі бағыттағы белгілердің жиынтығы түрінде алу қисынды және өзге әдебиеттерде де осындай сипаттағы түсінік беріледі.

Сонымен, қылмыстық құқық бұзушылық құрамы дегеніміз, қылмыстық заң бойынша қоғамға қауіпті іс-әрекеттерді қылмыстық құқық бұзушылық ретінде сипаттайтын объективтік және субъективтік белгілердің жиынтығы болып табылады [1, 89 б].

Қылмыстық құқық бұзушылық құрамының элементтері өзара бір-бірімен байланысты ұғымдар болып табылады. Мысалы қылмыстың объективтік жағы мен субъективтік жағының түсінігі және оларды құрайтын белгілер бірін-бірі дәлелдеуші, анықтаушы рөл атқарады. Яғни қылмыстың объективтік жағы қылмыстың сыртқы бейнесін сипаттаса, ал субъективтік жақ ішкі бейнесін ашады.

Қылмыстың объектісі өзге құрам элементтерінің ішінен қылмыстың объективтік жағымен тығыз байланысты, өйткені кінәлі адамның жасаған қауіпті іс-әрекеті оның зардабы заңмен қорғалатын объектіге бағытталады. Ал қауіпті әрекеттің жасалуы заңмен қорғауға алынған объектінің бұзылғанын білдіреді.

Қылмыстың субъективтік жағының да қылмыстық құқық бұзушылық объектісі мен байланысы бар. Бірақ бұл байланыста субъективтік жақ қылмыстың объективтік жағының белгілері арқылы қылмыстық құқық бұзушылық объектісі мен байланысатын тәрізді болып көрінеді. Өйткені қылмыскердің қауіпті іс-әрекетіне немесе зардапқа деген психикалық қатынастары іске асырылғанда объективтік жақтың белгілері көрініс алып, заңмен қорғалатын объектіге нұқсан келеді.

Қылмыстың субъектісі қылмыстың субъективтік жағымен тікелей байланысты. Себебі объективтік жақтың белгілеріне деген әртүрлі психикалық қатынастар және қылмысты әрекеттің орындалуына түрткі болған ішкі сезімдер, сонымен қатар әрекеттің мақсаты барлық кезде адам ойынан шығып жатады.

Қылмыстық құрамның элементтері бірін-бірі толықтыратын ұғымдар болып табылады. Бұлай деуіміздің себебі ол, жасалған әрекеттерде аталған элементтердің біреуі немесе бірнешеуі көрініс алғанмен, бірақ кем дегенде

біреуі болмаса, онда қылмыстық құқық бұзушылық құрамы да, қылмыстық құқық бұзушылық оқиғасы да жоқ деп танылады. Мысалы заңмен қорғалатын объекті ретінде адамның өміріне, денсаулығына, меншігіне зиян келгенмен, бірақ ол зиянды келтірген адам болмаса қылмыстың субъектісі жоқ. Мұндай кезде заңмен қорғалатын мүддеге зиян келтіруші жануарлар немесе табиғаттың зілзала күштері болуы мүмкін.

Сол сияқты қылмыстың объектісіне зиян келіп, ол зиянды келтірген адам бар болғанмен, бірақ ол адамда кем дегенде абайсыздық түріндегі кінәнің белгілері болмаса қылмыстың субъективтік жағы жоқ деп танылады. Мысалы жазықсыз зиян келтіру. Сондықтан жасалған іс-әрекетте қылмыстық құқық бұзушылық құрамының бар болуы қылмыстық жауаптылықтың негізін ғана емес, сонымен қатар қылмысты саралаудың құқықтық негізінде білдіреді.

Бұл айтылып отырған ереже практикада мынандай жағдайда сақтала бермейді. Мысалы қылмыстық іс қозғалғанда орын алған оқиға (мұндай жағдайда фактіні немесе оқиғаны қылмыстық құқық бұзушылық емес, қылмыстық құқық бұзушылыққа ұқсас оқиға, факт деп бағалаған дұрыс) негізінде қозғалады, бірақ қылмыстық құқық бұзушылық құрамының бұл уақиғада бар екендігі әлі белгісіз болуы мүмкін. Тергеу тәжірибесінде өрт оқиға сының орын алуы, қоғам және адам меншігіне елеулі зиян келгендігі немесе адамның қайтыс болуы бойынша да қылмыстық іс қозғалады. Бұл кездерде қылмыстық құрамның толық болуы талап етілмейді. Ал кейін адамға сезікті немесе айыпкер ретінде тану туралы қаулы шығарылғанда қылмыстық құрамының толық болуы талап етіледі.

Жоғарыда айтып отырған қайтыс болған адам бойынша қылмыстық іс қозғалғанмен, бірақ алдын ала тергеу барысында оның өз ажалынан қайтыс болғандағы анықталып іс қысқартылуы мүмкін. Немесе болған өрт адамның кінәсінен емес, табиғи күш әсерінен болуы мүмкін. Мұндай қылмыстық құқық бұзушылыққа ұқсас оқиға немесе зардаптың орын алуы бойынша дереу қылмыстық іс қозғалуы, ол мемлекеттің құқық қорғау орындарын үнемі сергек болуды, әрбір фактіні назарда ұстауды талап етуіне байланысты. Мұндай оқиғаларда қылмыстың құрамы бар екендігі әлі анық болмаса да, бірақ қылмысты саралау жүргізіледі. Бұлай деуіміздің себебі, ол қылмыстық іс қозғалғанда міндетті түрде қылмыстық кодекстің белгілі бір баптары бойынша қозғалады. Қылмыстық құқық бұзушылық құрамы элементтерінің қылмысты іс-әрекеттерге құқықтық талдау жасау кезінде кезектілікпен аталу тәртібі, ол таза құқықтық емес, қылмыстық құқық бұзушылық құрамының әлеуметтік сипатына байланысты болып табылады.

Әдетте қылмыстық құқық бұзушылық құрамының элементтері қылмыстық құқық бұзушылық объектісі, объективтік жағы, субъективтік жағы және субъектісі деген реттілікпен келтіріледі. Бірақ әдебиеттерде қылмыстың субъективтік жағы мен субъектісінің орнын ауыстырып, субъективтік жақты соңғы кезекте атайтын да оқулықтар кездеседі.

Қылмысты саралау негізінен қылмыстық кодекстің Ерекше бөлімінің нормалары бойынша жүргізілетіндіктен ондағы әр баптың диспозициясы сол құрамға сипаттама беру міндетін атқаруы тиіс.

§ 1.2 Қылмыстық құқық бұзушылық құрамдарының түрлері.

Қылмыстық құқық бұзушылық құрамының сипаттамасына назар аударатырып, олардың бір-бірінен елеулі айырмашылықтары болатындығын байқауға болады. Елеулі айырмашылықтар құрамдар белгілерінің көлемінде, белгілердің қоғамға қауіптілігінің дәрежелерінде, сонымен қатар қылмысты іс-әрекеттің аяқталу кезеңін білдіртін белгілерде кездеседі.

Қылмысты саралау кезінде қолданылып отырған Ерекше бөлім нормаларының немесе оның бөлімдерінің қандай қылмыстық құрам түріне жататындығын білу қажет. Өйткені осы жағдайларға қарай да қылмыстық құқық бұзушылық негізгі немесе ауырлататын құрам ретінде бағаланады, немесе Жалпы бөлім нормаларына сілтеме жасау, жасамау мәселесі шешілді.

Қылмыстық құқық бұзушылық құрамы үш түрге бөлінеді:

1. Сипатына қарай.
2. Қоғамға қауіптілігіне қарай.
3. Құрылымына қарай.

Қылмыстық құрамдарды қылмыстық құқықта сипатталуына қарай жай, күрделі және баламалы құрамдарға бөледі. Демек, қылмыстық құрамдар қылмысты сипаттайтын белгілер көлеміне қарай бірдей бола бермейді.

Кейбір қылмыстық құқық бұзушылық құрамдары бір негізгі белгінің болуы бойынша ғана сипатталса, ал кейбір құрамдарда оның элементтері бір неше белгінің бар болуымен немесе көрсетілген белгілердің біреуінің іс-әрекетте болуымен анықталады. Қылмыстық құрамның жай түрі дегеніміз, қылмысты сипаттайтын құрам элементтерінің бір белгіден, яғни бір объектіден, объективтік жағы бойынша бір іс-әрекеттен немесе бір зардап түрінен, субъективтік жағы бойынша бір кінә түрінен тұруы болып табылады. Жай құрамдарда құрам элементтерін сипаттайтын белгілер бір неше балама белгілерді немесе белгілер жиынтығын білдірмеуі керек. Мысалы: 188 баптың 1 бөлімінде қарастырылған ұрлық қылмысы жай құрам түріне жатады. Бұл қылмыстың объектісі біреу, ол бөтеннің меншігі, объективтік жағы бойынша бір әрекеттен тұрады, ол бөтеннің мүлкін жасырын түрде және қайтарусыз алу, зардаптың түрі материладық сипаттағы мүліктік зардаптар, кінә нысаны тікелей қасақаналық, субъектісі 16 жасқа толған, есі дұрыс кез- келген адам.

Бір ескерте кететін жайт, ол қылмыстық құқық бұзушылық түрі бір ғана құрам түріне барлық кезде жата бермейді. Бұдан бұрынғы бөлімдерде айтып кеткендей, бір қылмыстық құқық бұзушылық бірнеше құрамдарға бір баптың көлемінде бөлінуі мүмкін. Мысалы ұрлық қылмысын қарастыратын 188 баптың 3 бөлімінің «2» тармағындағы ірі мөлшердегі ұрлықтан басқа құрамдардың барлығы жай емес, күрделі құрамдарды білдіреді. Себебі осы баптың екінші бөлімінде келтірілген «адамдар тобының алдын – ала сөз байласуы бойынша,

бірнеше рет жасалған ұрлықтар қылмыстың объективтік жағының белгілерін күрделендіреді.

Күрделі құрамдар дегеніміз, қылмысты сипаттайтын құрам элементтері белгілерінің бірнеше белгілерден құралуы немесе балама түрде бейнеленуі болып табылады. Күрделі құрамдарда қылмыстың объектісі бір нешеу, яғни қосымша объектілі (мысалы 272 баптағы жаппай тәртіпсіздіктің объектілері қоғам қауіпсіздігі және қоғамдық тәртіп) немесе негізгі және балама объектілі болып сипатталуы мүмкін. Мысалы Бандитизм қылмысының негізгі объектісі қоғамның қауіпсіздігі болса, ал қосымша объектілері ретінде бөтеннің меншігі, адамның өмірі мен денсаулығы, жеке бостандығы т.б бола алады. Сол сияқты күрделі құрамдарға қылмыстық объективтік жағы бойынша балама түрде бірнеше іс-әрекеттерден тұратын қылмыстық құқық бұзушылықтар жатады.

Қылмыстық құқық бұзушылық сол баптың диспозициясында келтірілген бір әрекеттің немесе бір әрекеттің мағынасын ашу кезінде қолданылатын белгілердің болуымен анықталады. Бір әрекеттің мағынасын ашу кезінде қолданылатын белгілер деп отырған себебіміз, кейбір күрделі құрамдарда объективтік жақтың белгісі норма диспозициясында бір белгі түрінде көрсетілгенмен, ол белгінің көріністерін білдіретін әртүрлі әрекеттер болады, олар заңда көрсетілмеуі мүмкін. Мысалы 362 баптағы билікті асыра пайдалану қылмысын сипаттауда «өкілеттік шегінен көріну асып кететін» деген белгі қолданылады.

Күрделі құрамдар қылмыстың субъективтік жағының міндетті белгісі болып табылатын кінәні екі нысанда, яғни қасақаналықтың немесе абайсыздықтың бірінің болуымен, сондай-ақ кінәнің аралас нысаны түрінде де кездеседі. Мысалы 192 баптың 3 бөлімінің «2» пункті бойынша саралау кезінде абайсызда адамның денсаулығына ауыр зиян келтірумен немесе жәбірленушінің өліміне соқтырған қарақшылық.

Күрделі құрамдарда қылмыстың субъектілері де жауаптылық жасына толу, есі дұрыстық тәрізді қарапайым белгілермен ғана емес, сонымен бірге жалпы және арнайы субъектілер түрінде анықталады. Мысалы, 214 бап. Заңсыз кәсіпкерлік, заңсыз банктік қызмет.

Бір ескерте кететін жайт, ол күрделі құрамдарда төрт құрам элементінің де белгілері күрделіленіп тұруы шарт емес. Күрделі құрам деп айту үшін құрам элементтерінің кем дегенде біреуі сипатталуы бойынша күрделіленіп тұрса жеткілікті.

Баламалы құрам, заң нормалардың диспозицияда көрсетілген бірнеше әрекеттен тұрады. Оған қылмыстық құқық бұзушылыққұрамын құрайтын бірнеше әрекеттің белгілері аталатын ҚР ҚК 287-бабын мысал бола алады. Олар атап айтқанда мыналар – атыс қаруын (тегіс ұңғылы аңшы мылтығынан басқа), оқ-дәрілерді, жарылғыш заттарды немесе жарылғыш құрылғыларды заңсыз сатып алу, біреуге беру, өткізу, сақтау, тасымалдау немесе алып жүру. Осы аталғандар әрекеттердің кез келгені сол қылмыстың объективтік жағын сипаттайды. Қылмыстық құқық бұзушылықпәнінің белгілері бойынша да сол құрам баламалы болып табылады (ҚР ҚК 287-бабы).

Қылмыстық құрамдар іс-әрекеттің қоғамға қауіптілік дәрежелеріне қарай негізгі, ауырлататын және жеңілдететін құрамдарға бөлінеді. Негізгі құрамдар іс-әрекеттің қауіптілігін жеңілдетпейтін де, аса ауырлатпайтын да белгілерден құралады. Мұндай құрамдар көбінесе Ерекше бөлім баптарының бірінші бөлімдерінде келтіріледі.

Мысалы 188 бап 1 бөлімі, жай ұрлық; 190 бап 1 бөлімі жай алаяқтық, сол сияқты 191 баптың 1 бөлімі, 192 баптың 1 бөлімі, 99 баптың 1 бөлімі, 120 баптың 1 бөлімі т.б.

Негізгі құрамдарды анықтауды барлық кезде қылмыстың ауырлық санаттарымен байланыстырып анықтауға болмайды. Қылмыстың ауырлық санаттарын ауыр емес, орташа ауыр, ауыр және аса ауыр қылмыстық құқық бұзушылықтар деп төртке бөлгенмен негізгі құрамға жататын қылмыстық құқық бұзушылықтар ауыр емес те (мысалы 130 баптың 1 бөлімі-жала жабу) ауырлығы орташа да, ауыр (мысалы жай адам өлтіру-99 баптың 1 бөлімі) аса ауыр да болуы мүмкін.

Негізгі құрамы бар ауыр қылмыстық құқық бұзушылықтардың, әдетте сол баптың басқа бөлімдерінде ауырлататын немесе аса ауырлататын құрамдары кездеседі.

Қылмыстың қоғамға қауіптілігін ауырлататын құрамдар көпшілік жағдайда баптың кейінгі бөлімінде келтіріледі. Бұл құрамдардың негізгі құрамдармен салыстырғанда ауырлатушы объективтік немесе субъективтік белгілері диспозицияда тікелей көрсетіледі. Ауырлататын құрамдардың белгілері бұдан бұрынғы бөлімдерде айтқанымыздай, қылмыстың объектісінің көлеміне, іс-әрекеттің белсенділігіне, зардаптың түрі мен көлеміне, қылмыстың жасалу орны, уақыты, тәсілі, жағдайы, құралына, ниеті мен мақсатының немесе қылмыстық құқық бұзушылық субъектілерінің түріне, сондай-ақ ҚК 54 бабында келтірілген белгілердің тікелей көрсетілуіне қарай ауырлатады. Мұндай ауырлатушы белгілер сол құрамның белгісі ретінде заңда тікелей көрсетілгенде, бұл белгілер міндетті белгі ретінде бағаланып, қылмыстық құқық бұзушылық осы белгісіне қарай сараланады.

Ауырлататын құрамдарда қоғамға қауіптілікті ауырлатушы белгілер заңда тікелей көрсетілгенмен, ол жасалған қылмыстың немесе оны жасаған адамның кінәсін барлық кезде ауырлатпауы да мүмкін. Анығырақ айтқанда заң бойынша аса ауыр деп бағаланатын қылмысты кінәні жеңілдететін белгілері бар адам да жасауы мүмкін. Мысалы аса ауырлататын адам өлтірудің түрлерін немесе бандитизм қылмысын жасаған адамда ҚК 53 бабында қарастырылған жеңілдететін белгілер болуы мүмкін. Мұндай жағдайда қылмысты квалификациялау өзгермейді, іс-әрекет ауыр қылмыстық құқық бұзушылық құрамы түрінде саралана береді, қылмыстық құқық бұзушылық құрамында немесе баптың диспозициясында тікелей көрсетілмеген белгі саралау жүргізуде қолданылмайды. Бірақ жасалған қылмыстағы жеңілдетуші белгі жаза тағайындау кезінде ескеріледі.

Жеңілдететін қылмыстық құрамдарда кінәні немесе қоғамға қауіптілікті жеңілдететін белгілер қылмыстың атауында немесе баптың диспозициясында тікелей аталады және қылмыстық құқық бұзушылыққұрамын жеңілдетіп тұрған

белгі міндетті белгінің ролін атқарады. Яғни іс-әрекетте кінәні жеңілдетуші осы белгі болмаса, онда іс-әрекет осы қылмыстық құқық бұзушылық құрамы ретінде сараланбайды. Мысалы іс-әрекетті қажетті қорғану шегінен шығу жағдайындағы адам өлтірушілік деп бағалап, 102 баппен саралау жасау үшін жасалған адам өлтіру әрекетінде қажетті қорғану және оның шегінен шығу белгісі болуы керек. Бұл белгі болмаса, онда жеңілдететін құрам ретінде бағаланбайды.

Қылмыстық құрамдар құрылымның ерекшелігіне немесе қылмыстың аяқталу белгілеріне қарай формальдық, материалдық және келте (қысқартылған) құрамдарға бөлінеді.

Мұндай құрамдардың заңда өмір сүру себебі, ол іс-әрекеттің қоғамға қауіптілігінің қылмыстық құқық бұзушылық деп бағалауға болатындай дәрежеге жетуіне және осының негізінде қылмыстық-құқықтық шектеу қою моментімен байланысты болып табылады. Яғни әрбір қылмыстық құқық бұзушылық құрамының аяқталу сәтінде қылмыстық құқық бұзушылық жасалды, оның қауіптілігі қоғамға үрей туғызды немесе заңмен қорғалатын объектіге зиян келді деп бағалауға болатындай қауіпті іс-әрекеттер бар.

Материалдық құрамдар ретінде қылмыстың аяқталу кезеңі туындауы зардаптардың пайда болуымен анықталатын құрамдар танылады. Кейбір қылмыстық құқық бұзушылықтар табиғатынан заңмен қорғалатын объектілерге белгілі бір зардаптар келтірумен ерекшеленеді.

Материалдық құрамдардағы зардаптар бөтеннің меншігіне мүлктік, денсаулыққа ауыр және орташа дәрежелі, адам өміріне зардаптар келтіру түрінде бола алады. Материалдық құрамдарда қылмыстық құқық бұзушылық құрамының міндетті белгісінің бірі материалдық зардаптар болып табылады және бұл белгі қылмыстың объективтік жағының бір белгісі ретінде анықталады.

Материалдық құрамдардың түрлері ретінде адамның өмірі мен денсаулығына, бөтеннің меншігіне қарсы көптеген қылмыстық құқық бұзушылықтар, сондай-ақ қылмыстық заңның өзге тарауларындағы қылмыстың аяқталу кезеңі үшін белгілі бір мүлктік немесе физиологиялық зардаптардың келуі міндетті деп танылған қылмыстық құқық бұзушылық түрлері жатады. Мұндай құрамдар зардаптар туындағанда емес, ол зардаптар туындамаса да материалдық түрін жоғалтпайды. Тек мұндай кезде қылмыстық іс-әрекет аяқталмаған қылмыстық құқық бұзушылық ретінде бағаланады. Материалдық құрамдарда нақты зардаптың түрлері мен көлемі міндетті белгі ретінде қарастырылатындықтан, олардың ауыр немесе аса ауырлататын құрамдарын қылмысты саралауда анықтау аса қиындық тудырмайды, ол заңда белгіленген зардаптың түрімен немесе көлеміне қарай анықталады.

Материалдық құрамдар қылмыстың аяқталу кезеңіне қарай оның нақты аяқталу түріне сәйкес келеді. Дәлірек айтқанда мұндай құрамдарда қылмыстың заң жүзінде (юридический момент окончания преступления) және нақты аяқталу кезеңдері (фактический момент окончания преступления) бір-біріне сәйкес келіп, бір кезеңмен анықталады.

Мысалы алаяқтық қылмысында іс-әрекеттің мақсаты, бағыты бөтеннің меншігіндегі мүлікті немесе мүлікке құқық беретін құжатты алу болып табылады. Кінәлі осы үшін алдау немесе сенімге қиянат жасау әрекеттерін жасайды. Егер осы әрекеттердің нәтижесінде жәбірленушіге мүліктік сипаттағы зардаптар келсе, ол қылмыстың нақты (фактический) аяқталу кезеңін білдіреді. Қылмыстық құқықта алаяқтық қылмысының аяқталу кезеңі меншік иесіне зардаптың келу кезеңімен анықталады. Бұл қылмыстың заң жүзінде аяқталу кезеңін білдіреді. Қылмыстың аяқталу кезеңдерінің түрлері барлық қылмыстық құрамдарда бірбіріне сәйкес келе бермейді. Бұл әсіресе формальдық құрамға жататын кейбір қылмыстық құқық бұзушылықтарда және келте құрамдарда байқалады.

Формальды қылмыстық құрамдар дегеніміз, әрекеттің қоғамға қауіптілігі жоғары болуына байланысты қылмыстық-құқықтық шектеу белгіленіп және аяқталу кезеңі қылмысты деп танылған іс-әрекеттің жасалуымен анықталатын құрамдар болып табылады. Әдебиеттерде формальдық құрамдарды «қылмыстың аяқталу кезеңі үшін зардаптың туындауы міндетті емес және қылмысты деп тағылған іс-әрекеттің жасалуымен – ақ аяқталатын қылмыстық құқық бұзушылықтар» деп анықтайды. Формальдық құрамдардың мағынасын мұнан анығырақ түсіндіруге де болады. Себебі «зардаптың туындауы міндетті болмаса, неге қылмыстық құқық бұзушылық деп бағалау керек» деген сұрақ туындауы мүмкін. Формальдық құрамдардың қылмыстылығын негіздеу үшін іс-әрекеттің қоғамға қауіптілігін дәлелдеу керек. Қылмысты іс-әрекеттердің қоғам өмірінің әр саласында, әр түрлі жағдайда, деңгейде кездесе алатындығының бір дәлелі, осы формальдық немесе заң жүзінде қылмысты деп танылған құрамдарда байқалады. Формальдық құрамдардың негізгі мағынасы қылмыстық құқық бұзушылық деп танылған іс-әрекетте қоғам мүддесіне көрінеу төніп тұрған материалдық зардаптар болмағанмен, ондай әрекеттердің заңмен қорғалатын объектілерді бұза алатындығымен анықталады.

Мұндай әрекеттерге егер қылмыстық құқық бұзушылық деп бағаланып құқықтық шектеу қойылмаса, онда бұл әрекеттер қоғамның сол саласын күйретуге әкелер еді. Мысалы қылмыстық заңдағы адамды ұрлау, жала жабу, әйел зорлау, жалған құжаттарды, мөртаңбаларды, ... қолдан жасау, дайындау немесе өткізу пара алу, кәмелетке толмағандарды қылмыстық жолға тарту сияқты т.б қылмыстық құқық бұзушылықтар формальдық құрамдарға жатады. Бұл әрекеттердің қылмыстылығы былай негізделеді.

Айталық аталған қылмыстық құқық бұзушылық түрлері, мысалы жала жабу, жалған құжат жасау заң жүзінде қылмыстық құқық бұзушылық деп танылмаған екен дейік. Онда қоғамда мұндай әрекеттерді жасауға болмайды деген түсінік қалыптасады. Себебі құжатты заңды алу үшін белгілі бір заңды әрекеттер орындалуы керек. Мысалы диплом алу үшін оқу керек. Ешбір адам өзіне жала жабылғанын қаламайды. Бірақ қоғамда қалыптасқан осындай түсінікке қарамай, жала жабу немесе жалған құжат жасау әрекеттері жасалса, онда біз оларды жауаптылыққа тарта алмаймыз. Өйткені жала жабу, әйел зорлау, т.б заңда қылмыстық құқық бұзушылық деп табылмаған.

Мұндай жағдайда қоғамның осы салаларында мүлдем тәріп болмас еді. Барлық адамдар жала жабылып, зорланып, қадір қасиеттен жұрдай болып шығар еді де, қоғамның осы салалары күйреуге ұшырар еді. Міне, формалық құрамдарға жататын іс-әрекеттердің қоғамға қауіптілігі осында және қауіптілік дәрежелері осындай болады деп түсіну керек. Сондықтан мұндай әрекеттер қоғамға қауіпті болуына байланысты қылмыстық құқық бұзушылық деп бағаланған.

Заң шығарушылық қызметінде іс-әрекеттерді қылмыстандыру немесе қылмыстық құқық бұзушылық қатарынан шығару жиі байқалатын құбылыс. Мұндай жұмыста заң шығарушы белгілі-бір іс-әрекеттің қылмыстылығын анықтауда қиындықтарға кездеседі, бұл әсіресе формальдық құрамға жататын іс-әрекеттерде жиі байқалады. Негізінен іс-әрекеттердің қылмыстағын немесе олардың қоғамға қауіптілік дәрежелерін анықтағанда, заңшығарушы іс-әрекеттің жоғарыда айтылып отырған үлгіде, яғни іс-әрекеттің әлеуметтік тұрғыдан қауіптілігіне сүйене отырып мәселені шешу керек. Өйткені кейбір кезде формальдық құрам ретінде бағаланатын қылмыстық құқық бұзушылықтармен моральдық-этикалық нормаларға немесе әкімшілік заңға қайшы әрекеттердің айырмашылығын табу қиындықтарға соқтырады.

Іс-әрекеттің мораль мен этикаға немесе қылмыстық заңмен қорғалатын объектілерге қайшы екендігін анықтағанда да, ол әрекетке заң тарапынан тиым салынбаған да қоғамды қандай күйге соқтыратындығы тұрғысынан шешу қажет. Қылмыстық құрамдардың келесі түрі келте құралдар болып табылады. Әдебиеттерде келте құрамдарға «кейбір жағдайларда заң шығарушы қылмыстың аяқталу кезеңін алдын ала қылмыстық әрекет кезеңдерінің біріне-қылмыстық құқық бұзушылыққа дайындық немесе оқталу кезіне аударады. Мұндай қылмыстың жасалғандығын мойындау үшін қылмыстық зардаптың болуы да, оны тудыратын әрекетті аяғына дейін жеткізу қажет емес», деп түсінік береді [2, 15-16 б].

Негізінде келте құрамдардың негізгі мағынасы, іс-әрекеттің қауіптілігі қылмыстың нақты аяқталу кезеңінде ғана емес, оның бастапқы кезеңдерінің өзінде-ақ қауіпті әрекеттердің жасалуы арқылы заңмен қорғалатын объектілерге зиян келтіруіне байланысты аяқталды деп танылып, жауаптылықты толық белгілеуге негізі бар қылмыстық құқық бұзушылыққұрамдары болып табылады.

Келте құрамдарда қылмыстың нақты аяқталу жеке заң жүзінде аяқталу кезеңдері бір-біріне сәйкес келмейді және қылмысты нақты аяқтау бағытында бастапқы жасалған әрекеттердің өзі-ақ қоғамға қауіпті болуына байланысты қылмыстық құқық бұзушылық жасалынды деп заң жүзінде бағаланған іс-әрекеттер болып табылады. Келте құрамдардың бір ерекшелігі, ол бастапқы кезеңде жасалған әрекеттердің өзінде қылмыстық кодекстің басқа баптарындағы аяқталған қылмыстың белгілері болады. Демек келте құрамдардың өзге құрамдармен салыстырғанда мынандай ерекшеліктері болады.

1. Қылмыстық заң жүзінде аяқталу кезеңі оның нақты аяқталу кезеңінің алдында болады.

2. Аяқталу кезеңінің өзінде әрекеттің қоғамға қауіптілігі қылмыстық құқық бұзушылық деп бағалайтындай дәрежеде болады.

3. Заңмен қорғалатын объектілердің бұзылуы орын алады.

4. Бастапқы немесе заң жүзінде аяқталу кезеңінде жасалған әрекеттерде, кейде басқа қылмыстың аяқталған құрамы болады.

Келте құрамдарға ҚК 262 бабы (ұйымдасқан топты, қылмыстық қауымдастықта құру) 268 бабы (бандитизм) 160 бап (басқыншылық соғысты жоспарлау, әзірлеу, тұтандыру немесе жүргізу) т.б. жатады.

Келте құрамдардың заңда өмір сүруінің басты себебі, ол қылмыстық мақсатқа жету бағытында жасалған іс-әрекеттердің қоғамға ауіптілігінің жоғарылығына байланысты, яғни мұндай кезеңнің өзіндеақ сырттай қарағанда қылмыстық құқық бұзушылыққа даярлану немесе оқталу сипатындағы әрекеттер жасалғанмен, ол шын мәтінде осы кезеңнің өзінде-ақ заңмен қорғалатын мүддеге зиян келтіре отырып, қоғамға нақты қауіп тудырады.

Мысалы, бандитизм қылмысы заң жүзінде бандиттік топ құрылған кезден аяқталады деп танылады. Ал бандитизмнің нақты аяқталуы, ол қылмыстық құқық бұзушылықмақсатының орындалуымен, яғни бандиттік топтың шабуыл жасаған кезеңімен анықталады. Заң шығарушы неліктен бандитизмнің заң жүзінде аяқталу кезеңін топтың құрылған кезеңімен анықтаған немесе осы кезеңдегі әрекеттерде аяқталған қылмыстық құқық бұзушылық деп бағалайтындай қоғамға қауіптілік бар ма деген сұрақ туындайды.

Бұл бандитизмнің басқа қылмыстық құқық бұзушылықтарға қарағанда ауыр белгілерінің болуымен сипатталады. Себебі бұл қылмыстық құқық бұзушылыққа бірнеше адамдардың бірлескен әрекеттері, банда мүшелерінің топқа тұрақты түрде кіруі, қаруланған, оның ішінде атылатын қарудың болуы және мақсатының арнайы, яғни шабуыл жасау тәсілі арқылы қылмыстық мақсатқа жетуді көздеуі тән болып табылады. Демек, біріншіден тұрақты топ құрылып, оларда қару болғанда қоғам қауіпсіздігіне (қоғам қауіпсіздігі – бұл қылмыстық құқық бұзушылықобъектісі) үрей туындайды.

Екіншіден, мұндай шабуыл жасау мақсатындағы, қарулы, тұрақты топтар қоғам қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін құрылмауы керек. Үшіншіден, мұндай қауіпті белгілері бар топтар құрылғанда мемлекет әрекетсіздік танытпауы керек. Ол қоғамның, азаматтардың қауіпсіздігін қорғауға міндетті, сондықтан мұндай топтардың құрылуының өзін-ақ қылмысты деп жариялаған. Төртіншіден, бандитизм қылмысының аяқталу кезеңіне ҚР ҚК өзге бабы бойынша аяқталған қылмыстық құқық бұзушылық деп табуға негіз беретін, дәлірек айтқанда 262 баптағы қылмыстық құқық бұзушылық құрамының толық аяқталу белгілері, яғни қылмысты әрекеттермен айналысу үшін тұрақты топты құру, оған қатысудың белгілері бар.

Қарақшылық және қорқытып алушылық қылмыстық құқық бұзушылықтарының толық немесе нақты аяқталуы мүлікті немесе мүлікке құқық беретін құжатты алған кезеңімен анықталады. Ал қарақшылық қылмысы заң жүзінде өзге адамдардың меншігін иелену мақсатында шабуыл жасаған, ал қорқытып алушылық осындай мақсатқа жету үшін қорқыту немесе мүлікті немесе мүлікке құқық беретін құжаттарды талап еткен кезден аяқталды деп

танылады. Бұл қылмыстық құқық бұзушылықтардың заң жүзінде аяқталу кезеңдерінің бастапқы сатыға, яғни шабуыл жасаған кезге немесе мүлікті, құжатты беруді талап еткен кездерге белгілену себебі, ол осы әрекеттердің өзінде нақты қоғамға қауіптіліктің болуына және осы негізде мұндай әрекеттерге қылмыстық-құқықтық шектеу қоюдың қажеттілігіне байланысты болып табылады.

4. Қылмыстық құқық бұзушылық объектісі.

Қылмыстық құқық бұзушылық объектісі қылмыстық-құқықтық тыйым салушылықты тудырып қана қоймай, сонымен бірге белгілі бір дәрежеде оның заңдық құрылымын, қылмыстық-құқықтық қорғаудың ауқымы мен шегін, сондай-ақ қылмыстық құқық бұзушылық құрамының көптеген объективті және субъективті белгілерін тудырады. Қол сұғылатын объектіге келтірілетін зиянның көлемімен қылмыстың қоғамға қауіпті зардаптары, сондай-ақ әрекет пен әрекетсіздіктің маңызының аздылығы да анықталады (ҚР ҚК 10-б. 2-бөл.).

Қылмыстық құқық бұзушылық объектісі – бұл қылмыстық құқық бұзушылық жасау нәтижесінде қол сұғылатын. Зиян келтірілетін немесе келтірілуі мүмкін дүние.

Қазақстан Республикасының Конституциясы мен қылмыстық кодексі нормаларын талдай отырып, Қылмыстық кодекстің қорғауына қылмыстық қол сұғушылық арқылы елеулі зиян келтірілетін адамның, қоғамның және мемлекеттің мүдделері үшін маңызы бар қоғамдық қатынастар ғана алынады, деген қорытынды жасауға болады.

С.М. Рахметовтың пікірінше, қылмыстың объектісі маңыздырақ және құндырақ (үстем таптың көзқарасынан алғанда) қоғамдық қатынастар болып табылады. [3, 65 б.].

Қоғамдық қатынастарды қылмыстық құқық бойынша қылмыстық қол сұғу объектісі деп тану, қоғамдық қатынастардың бәрін де қылмыстық құқық бұзушылық объектісі деп тану деп түсіну болмаса керек. Қылмыстық құқық бойынша қылмыстық құқық бұзушылық объектісі болып адамның, қоғамның және мемлекеттің мүдделеріне қатысты қоғамдық қатынастар танылса керек. Біздің қоғамымыздағы адамның, қоғамның және мемлекеттің мүдделеріне қайшы келмейтін қоғамдық қатынастар да қорғау объектісі бола алмайды.

Көптеген жағдайда қылмыстық құқық бұзушылық объектісі н белгілі бір қоғамдық қатынастарға қатысты түсіндіру дұрыс сияқты, мысалы, ұрлық, тонау сияқты мүлік ұрлау кезінде меншіктік қатынасты қылмыстық құқық бұзушылық объектісі деп тану. Бұл жағдайда шын мәнінде қылмыстық құқық бұзушылық объектісі ретінде тікелей ұрланаған мүлік емес (оған мұндай жағдайда ешқандай зақым келтірілмеуі тиіс), меншіктік құқықтан туындайтын қатынас, яғни мүлікті иелену, пайдалану және билік ету көрінеді.

2014 жылғы Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексі қылмыстық-құқықтық қорғау объектілері адам мен азаматтың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін, меншікті, ұйымдардың құқықтарын мен заңды

мүдделерін, қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті, қоршаған ортаны, Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысы мен аумақтық тұтастығын, қоғам мен мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделерін қылмыстық қол сұғушылықтан қорғау, бейбітшілік пен адамзаттың қауіпсіздігін қорғау деп таныды (ҚР ҚК 2-бабы).

Осы айтылғандарға байланысты, қылмыстық құқық бойынша қылмыстық құқық бұзушылық объектісі қылмыстық әрекет жасау нәтижесінде зиян келтірілетін немесе зиян келтіру қаупі төндірілетін, қылмыстық заңмен қорғалатын әлеуметтік маңызы бар құндылықтар, мүдделер, игіліктер немесе қоғамдық қатынастар болып табылады. [4, 86 б.].

Қылмыстық құқық бұзушылық объектісінің маңызы:

1. Қылмыстық құқық бұзушылық объектісі – әрбір қылмыстық әрекеттің элементі, яғни кез келген бірдеңеге (қандайда бір қылмыстық құқықпен қорғалатын әлеуметтік мәні бар құндылыққа, игілікке, мүддеге, қоғамдық қатынастарға) елеулі зиян келтіретін немесе зиян келтіруі мүмкін қылмыстық құқық бұзушылық элементі.

2. Қылмыстық құқық бұзушылық объектісі – қылмыстық құқық бұзушылық құрамының міндетті элементі. Тікелей қол сұғылатын объектісіз қылмыстың ешқандай нақты құрамы (адам өлтіру, ұрлық, мемлекеттік опасыздық және т.б.) болуы мүмкін емес.

3. Қылмыстық құқық бұзушылық объектісінің қылмыстық заңнамаларды жүйелеп жинақтау үшін түбегейлі маңызы бар. Қылмыстық құқық бұзушылық объектісі тектік белгілеріне қарай Қылмыстық кодекстің Ерекше бөліміне бөлінген. Бұл – қылмыстық құқықтық нормаларды жіктелуі мен жүйлендірілуіне қарай қисынды және іс жүзіндегі мәні бар өлшем.

4. Қылмыстық құқық бұзушылық объектісін дұрыс анықтау қылмысты басқа құқық бұзушылықтан шектеуге мүмкіндік береді. Сонымен бірге нақты қандайда бір, тіпті қылмыстық құқықтық игілікке нақты немесе келтірілуі мүмкін онша елеулі емес шығындардың өзінде (ҚР ҚК 10-б. 2-бөл.) объекті қылмыстағыдан аз шығынға ұшырайтын болғандықтан қылмыстық құқық бұзушылық туралы сөз қозғалмауы тиіс.

5. Қылмыстық құқық бұзушылық объектісі қылмыстық әрекеттің қоғамдық қауіптілік сипаты мен дәрежесін, яғни атап айтқанда қылмыстық заңмен қорғалатын әлеуметтік мәні бар қандай игіліктерге немесе қоғамдық қатынастарға және қандай дәрежеде зиян келтіретінін немесе келтіруі мүмкін екендігін анықтауға жағдай туғызады.

Қылмыстық құқық бұзушылық объектісі іс-әрекетті дұрыс саралау мен бір қылмысты басқа бір қылмастан айыру үшін маңызды орын алады. Мысалы, қол сұғу объектісі бойынша осы адамның қызметтік іс-әрекетін жүзеге асыруына не кәсіби немесе қоғамдық борышын орындауына байланысты адамды немесе оның жақындарын өлтіруге байланысты қылмыстық құқық бұзушылықпен сот төрелігін немесе алдын ала тергеуді жүзеге асырушы адамның өміріне қол сұғу қылмыстық құқық бұзушылықтарының арасын айыра білу (ҚР ҚК 99-б. 2-бөл. «2» тармағы мен 408-бабы); диверсия мен терроризм (ҚР ҚК 184-бабы мен 255-бабы) арасын айыра білу.

Қол сұғу объектілерінің ерекшеліктерін назарға алмау, оны дұрыс анықтамау іс жүзіндегі сот қателіктеріне әкеп соқтырады.

Қоғамдық қатынастарды қылмыстық заңмен қорғалумен қамтылу дәрежесіне байланысты жалпы, топтық және тікелей қылмыстық құқық бұзушылық объектілері деп бөлуге болады.

Қылмыстың жалпы объектісі деп қолданыстағы қылмыстық заңмен қорғауға алынған қоғамдық қатынастардың барлық жиынтығы саналады. Бұл жиынтыққа әртүрлі қатынастар кіреді (адам мен азаматтың құқықтары, бостандықтары мен заңды мүдделері, ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделері, қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздік, қоршаған орта, елдің конституциялық құрылысы мен аумақтық тұтастығы, қоғам мен мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделері, бейбітшілік пен адамзаттың қауіпсіздігі). Сөйтіп, жалпы объекті өзінің әлеуметтік маңыздылығына, әрекет ету саласына, талдану дәрежесіне қарай әртүрлі қоғамдық қатынастарды қамтиды. Осыған байланысты қылмыстық заңмен қарастырылған кез келген қоғамға қауіпті іс-әрекет әрқашан қоғамдық қатынастарға белгілі бір зиян келтіретін немесе келтіру қаупін төндіретін болса, бірібір жалпы объекті барлық қылмыстық құқық бұзушылық үшін бірдей болып табылады.

Сөйтіп, жалпы объекті болып қылмыстық қол сұғушылықтан қылмыстық заңмен қорғалатын әлеуметтік маңыздылығы бар құндылықтар, мүдделер, игіліктер мен қоғамдық қатынастар жиынтығы табылады. Қылмыстың жалпы объектісі қылмыстың әлеуметтік мазмұнын ашады, қоғам мен мемлекет үшін қоғамдық қауіптілігін көрсетеді.

Топтық (текті) объекті деп өзінің әлеуметтік-саяси және экономикалық мәніне қарай қоғамдық қатынастардың теңестірілген немесе бір тектес белгілі бір шеңберін қамтитын, осынысына қарай өзара байланыстағы қылмыстық-құқықтық нормалардың бірыңғай кешенімен қорғалатын объектілер танылады. Мысалы, Ерекше бөлімнің бірінші тарауында біріктірілген қылмыстың тектік объектісі тұлға, яғни адамның өмірі, денсаулығы, бостандығы, ары мен намысы, үшінші тарауда қарастырылған қылмыстық құқық бұзушылық объектісі азаматтардың конституциялық, еңбек және өзге де құқықтары мен бостандықтары болып табылады.

Қылмыстың топтық объектісі барлық қылмыстық құқық бұзушылықтар мен оларды жасағаны үшін жауаптылықты белгілейтін қылмыстық-құқықты жүйелендіру кезінде маңызды мәнге ие болады. Қолданыстағы қылмыстық кодекстің Ерекше бөлімін құрастыруда нақ осы қасиеттер негізге алынып, заң шығарушының теңестірілген немесе біртектес қоғамдық қатынастарға қол сұққаны үшін жауаптылық белгілейтін нормаларды Қылмыстық кодексінің бір тарауы шеңберінің шегінде дұрыс біріктіруіне себеп болды. Мәселен, ҚР ҚК «Меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар» 6-тарауына заң шығарушы меншікке қол сұқпауды қамтамасыз етуге шақыратын, қоғамдық қатынастарға қол сұғатын қылмыстық құқық бұзушылықтар үшін жауаптылық белгілейтін нормаларды қосқан. ҚР ҚК «Әскери қылмыстық құқық бұзушылықтар» 18-тарауына әскери қызмет етудің белгіленген тәртібіне қол сұғушылық үшін жауаптылық туралы нормалар қосылған.

Топтық объекті белгілі бір тарауға қосылған қылмыстық құқық бұзушылықтар тобының қоғамға қауіптілік сипаты мен дәрежесін, ауырлығын көрсетеді. Тектік объектілер неғұрлым ұнды, әлеуметтік мәні жоғары болған сайын, соғұрлым қылмыстық топтар қауіптірек бола түседі. Топтық объектінің мазмұны мен мәнін ашу қылмыстың тікелей объектілерін талдауға көмегін тигізеді.

Осы айтылғандар топтық объектілер барлық және бір ғана қылмыстық құқық бұзушылықтарға немесе, қылмыстық құқық бұзушылықтар тобына тән деген қорытынды шығаруға негіз болады.

Топтық объекті – қылмыстық құқық бұзушылықтар тобы қол сұғатын қоғамдық қатынастар, игіліктер мен мүдделердің бір тектес тобы.

Құқық қолдану қызметі үшін қылмыстың тікелей объектісін анықтау елеулі орын алады. Осыған байланысты қылмыстың тікелей объектісі деп, қылмыстың нақты белгілеріне жататын, қылмыстық заңмен қорғауға алынатын және әсерімен зиян келтірілетін нақты бір әлеуметтік мәні бар құндылықтар, игіліктер, мүдделер мен қоғамдық қатынастар танылады.

Қылмыстың тікелей объектісі – жалпы және топтық объектілердің құрамдас бөлігі. Сондықтан қылмыстың кейбір құрамдарында тікелей және топтық объектілер біртектес болып шығады деп бекітіп айтуға болмайды. Олар жаппай және ішінара бір жерден шықпаған соң біртектес бола алмайды. Мысалы, меншікке қарсы қылмыста топтық объекті болып меншікке қатынас табылады. Осы тарауға кіретін құрамдардың әрқайсысын қорғаудың тікелей объектісі де меншік қатынасы болады. Алайда бұл жерде бұлар көлемі бойынша сәйкеспейді: топтық объекті – бұл қылмыстық заңның қорғауындағы барлық меншіктік қатынастардың жиынтығы, ал тікелей объекті – нақты қоғамдақ қатынас, бірақта оның сипаттамасы жалпы нысандағы құрамда беріледі.

Айтылғандырды ескере келе, тікелей объекті – бұл нақты бір қылмыстық құқық бұзушылыққол сұғатын, яғни нақты бөлек алынған, нақты қылмыспен бұзылған әлеуметтік маңыздылығы бар құндылық, мүдде, игілік немесе қоғамдық қатынас. Тікелей объекті топтық объектісі бойынша қылмыстық заңның бір тарауына жинақталған түрлі қоғамдық қауіптіліктердің ерекшеліктерін көрсетеді. Сондықтан тікелей объекті қылмыстық құқық бұзушылықтарды саралауда маңызды мәнге ие болады, яғни құрамның осы элементтері бойынша бірдей топтық объектімен біріккен қылмыстық құқық бұзушылықтарды басқа қылмыстық құқық бұзушылықтардан айырып алуға мүмкіндік береді. Мәселен, ҚР ҚК 99-бабындағы адам өлтіруді ҚР ҚК 106-бабындағы денсаулыққа қасақана ауыр зардап келтіруден айырып алудың маңызды айырмалық белгілерінің бірі қылмыстың тікелей объектісі болып табылады. Біріншісінде мұндай объекті адамның өмірі болса, екіншісі адамның денсаулығы болып табылады.

Қылмыстық құқық теориясында тікелей объектісінің бір неше түрі бар. Ол негізгі, қосымша және факультативті объектілер.

Негізгі тікелей объекті белгілі бір қылмыстың негізгі мазмұнын, оның әлеуметке қарсы мәні мен бағыттылығын көрсетеді деп айтуға болады. Ол

басқа объектілерге қарағанда жасалған қылмыстың қоғамға қауіптілік сипаты мен болуы мүмкін зардаптардың ауырлығын көрсетеді.

Қылмыстық құқық ғылымы қосымша тікелей объекті деп, қол сұғушылық сол қылмыстың мән-маңызын құрамайтын, бірақ сол қылмыспен оған зиян келтірілетін немесе келтірілуі мүмкін қауіп төнетін қоғамдық қатынастарды таниды. Қосымша тікелей объекті қос объектілі немесе көп объектілі қылмыстық құқық бұзушылықтарда пайда болады. Мысалы, қарақшылық (ҚР ҚК 192-бабы) бір мезгілде меншікке де және денсаулыққа да қол сұғады. Қосымша тікелей объекті қашанда негізгі тікелей объектімен бірге нақты қылмыстық-құқықтық нормамен көрсетіледі.

Факультативті тікелей объекті болып кез келген емес белгілі бір жағдайдағы қылмыстық құқық бұзушылық жасау кезінде ғана зиян келтірілетін әлеуметтік маңыздылығы бар құндылықтар, игіліктер, мүдделер мен қоғамдық қатынастар танылады. Мысалы, бұзақылық жасау кезінде негізгі объекті қоғамдық тәртіп бола тұрса да тұлғаның немесе меншік қатынасының мүддесі бұзылуға ұшырайды. Қосымша және факультативті объектілерге тән ерекшеліктер – мұндай объектілер заң шығарушы қылмыстық заңмен қорғауға алған қатынастар ғана болуы мүмкін.

Аталған объектілер жасалған қылмыстың қоғамға қауіптілік сипаты мен дәрежесін және келтірілген немесе келтірілуі мүмкін зардаптардың ауырлығын анықтау үшін маңызды мәнге ие болады. Атап өтетін жәйт, қосымша объекті көбінесе заң шығарушымен нақты қылмыстың сараланған құрамын бөліп көрсету үшін пайдаланылады. Мысалы; 191 б. қосымша объектісі – адамның денсаулығы.

Сөйтіп, қылмыстық құқық бұзушылықтарды көлденеңінен де, тігінен де жіктеу қылмыстың қоғамға қауіптілік сипаттамасы мен дәрежесін нақтылауға, сондай-ақ жасалған қылмысты дұрыс саралауға көмектеседі.

Егер қылмыстық ықпал ететін заттардың негізгі ережелерін атап өтпейтін болсақ, қылмыстық құқық бұзушылық объектісінің сипаттамасын толық мәнде көрсете алмаймыз. Матриалдық дүние затына ықпал ете отыр, қылмыстық құқық бұзушылық жасаушы адам қоғамдық қатынасқа, яғни қылмыстық құқық бұзушылық объектісі не қол сұғады. Демек, қылмысты дұрыс саралау үшін қылмыстық құқық бұзушылықзатын анықтап алудың да аз маңызы болмайжы екен.

Қылмыстың заты – бұл сол үшіннің немесе соның салдарынан қылмыстық құқық бұзушылық жасалатын сыртқы дүниедегі объективті түрде көзге көрінетін материалдық нәрсе.

Қылмыстық құқық бұзушылық затына кез келген құндылықтарды емес, тек қана белгілі бір нәрселерді жатқызуға болады. Мұндай шешім заң шығарушының көбінесе белгілі бір нәрселердің ғана, нақтырақ айтқанда, белгілі бір қылмысты бейнелеу кезінде олардың белгілерінің қасиеттеріне көңіл аударатындығына негізделген. Мысалы, заң шығарушы ҚР ҚК. «Жануарлар мен өсімдіктердің сирек кездесетін және құрып кету қауіп төнген түрлерімен заңсыз іс-әрекеттер» деп аталатын 290-бабында қарастырылған қылмыстық құқық бұзушылықбелгілерін заңда Қазақстан Республикасының Қызыл

Кітабына енгізілген жануарлар мен өсімдіктердің сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген түрлерін немесе олар мекендейтін жерлерді заңсыз алу, сатып алу, сату, сол сияқты жоюға байланысты жауапқа тартылатындығы жөнінде айтқан.

Демек, Қазақстан Республикасының Қызыл Кітабына енгізілмеген жануарлар мен өсімдіктерге қатысты жоғарыда аталған әрекеттерді жасағаны жауаптылық қарастырылмайды екен. Сол сияқты ұрлаумен байланысқан меншікке қарсы қылмыста осы қылмыстың заты мүлік және мүлікке деген құқық болып табылады. Сондықтан, егер адамның тіпті бас пайдасын ойлау пиғылмен оқпен атылатын қару ұрлап алғаны анықталған болса, онда оның әрекеті бөтеннің мүлкін ұрлау деп саралана алмайды.

Демек, қылмыстық құқық бұзушылық заты (жалпы заттар емес) әлеуметтік бейтарап емес. Ол қылмыстық заңмен қорғалатын белгілі бір қоғамдық қатынастың заттық қолданушысы және білдірушісі болып табылады.

Қылмыстың заты бойынша саралау.

Ұқсас қылмыстық құқық бұзушылықтарды бір-бірінен ажыратуды тек объектілері бойынша ғана емес, барлық құрам элементтерінің белгілері, оның ішінде қылмыстың заты бойынша да жүргізуге болады.

Кейбір қылмыстық құрамдарда қылмыстың заты міндетті белгі болып табылады. Қылмыстың заты Ерекше бөлім баптарының диспозициясында тікелей аталғанда, ол заттар осы қылмыстық құқық бұзушылық құрамының міндетті белгісі ретінде бағаланады, яғни осы баппен саралау үшін баптың диспозициясында келтірілген заттар қолданыла отырып немесе осы заттарға байланысты іс-әрекет жасалаған болуы керек. Егер жасалаған қылмыста құрам элементтерінің өзге белгілері белгілі бапқа толық сәйкес келгенімен, бірақ қылмыстық құқық бұзушылық заты сай келмесе, онда іс-әрекет басқа қылмыстық құқық бұзушылық түрімен сараланады.

Қылмыстың заты дегеніміз – кінәлі қылмыстық құқық бұзушылық жасау кезінде қолданатын және осы қылмысты жасауда міндетті түрде болатын жанды немесе жансыз материалдық сапаға ие заттар болып табылады.

Қылмыстың заты жанды немесе жансыз болуы, ол кейбір қылмыстық құқық бұзушылықтардың жансыз материалдық заттарды, мысалы есірткі, атылатын қару, радиоактивті заттар, мүлік, құжаттарды пайдаланып немесе сол заттарға қатысты әрекеттерді жасай отырып, қылмысты іске асыруды көздеуін түсінуіміз керек. Ал жанды заттар ретінде жануарларға қатысты, яғни экологияға, адамгершілікке қарсы әрекеттер жасай отырып, қылмыстық құқық бұзушылық жасау кезінде жанды құндылықтарға зиян келуін түсінеміз. Адамдарды қылмыстық құқық бұзушылық затына жатқызылмайды. Себебі адамдар қылмыстық құрамдарда жәбірленуші немесе кейде құрал ретінде кездеседі. Л.Д. Гаухман “жәбірленуші адам ретінде қылмыстың затынан мысалы РФ ҚК 318-бабында көрсетілгендей өкімет өкілдеріне қатысты күш қолдану құрамындағыдай олардың қызметіне байланысты сипаттамада болуы мүмкін”, - дейді. [5, 85 б.] Адамдар қылмыста көпшілік жағдайда жәбірленуші (мысалы адам өміріне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтарда) немесе кәмелетке толмағандарды қылмыстық жолға тарту қылмысындағыдай

қылмыстық құқық бұзушылық жасау құралы түрінде ғана кездесіп, бір жақты мағынада қолданылады. Ал қылмыстық құқық бұзушылық заты қылмыстық құрамдарда жәбірленуші түрінде емес, қылмыстың орындалуында қолданылуы міндетті және материал түрінде кездесуімен ерекшеленеді.

Қылмыстың заты және қылмыстық құқық бұзушылық объектісі қылмыстық құрамда қылмыстық құқық бұзушылық объектісі элементіне қосыла отырып қарастырылады. Бұл екі ұғымды бірдей көруге болмайды, себебі бұл ұғымдардың қылмыстық құрамды ашуда және міндетті белгі болып саналуында айырашылықтар бар.

Қылмыстың заты қылмыстық құқық бұзушылық объектісі ндей заңмен қорғауға алынған қоғамдық қатынастарды білдірмейді, ол бірнеше мағыналарда объектіге жақындығын байқатады немесе қылмыстық құқық бұзушылық объектісінен кейін бірден анықталуы қажет ететідігін көрсетеді. Біріншіден, қылмыстың заты жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтарда көрініс алуы арқылы заңмен қорғалатын объектіге нұсан келгенін білдіреді. Мысалы ұрлық қылмысының объектісі болып табылатын меншікті ақша, киім, тамақ, бұйым құрап, ондай игіліктер қылмыстың затын білдіреді. Яғни қылмыстық құқық бұзушылық затының көрініс табуы объектіге зиян келгенін білдіре алады. Екіншіден, қылмыстық құқық бұзушылық заты міндетті белгі болып табылатын құрамдарда бұл белгі болмаса қылмыстық құқық бұзушылық объектісі бола алмайды. Үшіншіден, қылмыстық құқық бұзушылық затының қоғамдағы маңыздылығы объектінің құндалық дәрежесін, қылмыстың ауырлық деңгейін көрсете алады. Мысалы ұрлық (188-бап) және ерекше құндылығы бар заттарды жымқыру (193-бап). Төртіншіден, қылмыстық құқық бұзушылық затының құрамдарда бірдей анықталуы, ол қылмыстық құқық бұзушылықтардың объектісінің де бірдей екендігін көрсетеді. Мысалы, ұрлық, тонау, қарақшылық қылмыстық құқық бұзушылықтарының, сондай-ақ алаяқтықпен қорқытып алушылықтың заттары бірдей, соған орай олардың объектілері де бірдей анықталады.

5. Қылмыстық құқық бұзушылықтың объективтік жағы.

Қылмыстың объективтік жағы – бұл қылмыстық қол сұғушылық барысының сыртқы жағын сипаттайтын заңмен белгіленген белгілердің жиынтығы.

Әрбір нақты қылмыстық құқық бұзушылық көптеген жекелендіруші, соның ішінде объективтік белгілерге ие болады. Әрбір нақты қылмыстың объективтік белгілері субъектінің іс-әрекетін (әрекет немесе әрекетсіздік), келтірген шығынын және қоғамдық қол сұғушылық барысында өріс алатын сыртқы жағдайларын сипаттайды. Қылмыстың нақты құрамының объективтік жағы өзіне қылмыстық заңмен қатаң анықталып, белгіленген белгілержі қосады [6, 18-19 б.].

Қылмыстың нақты құрамының объективтік жағы қоғамға қауіпті деп саналатын іс-әрекеттерді сипаттауға, оларды сондай қылмыстық құқық

бұзушылық құрамының белгілерінен шектеуге қажетті белгілердің ғана жиынтығына ие болады. Мәселен, алаяқтықтың объективтік жағы – бөтен мүлікті ұрлау немесе бөтен мүлікке құқықты алдау немесе сенімге қиянат жасау арқылы алу (ҚР ҚК 190-бабы); адам өлтірудікі – басқа адамға құқыққа қарсы қасақана қаза келтіру (ҚР ҚК 99-бабы) және басқалар.

Қылмыстық құқық бұзушылық құрамының объективтік жағы өзінің қатырына мыналарды қосып алады: а) іс-әрекеттің сыртқы (іс жүзіндегі) жағын; б) қоғамдық қауіпті зардаптарын; в) іс-әрекет пен зардаптардың арасындағы себепті байланыс; г) қылмыстық құқық бұзушылық жасау орны, уақыты, әдісі, жағдайы, қаруы мен құралы.

Қылмыстық құқық бұзушылық құрамының құрылысына қарай (материалдық және формальды құрамдары) қылмыстық құқық бұзушылық құрамының объективтік жағы тек қана әрекеттен (әрекетсіздіктен) көрінуі мүмкін, не сонымен қатар белгілілі бір зардаптарды, демек соған орай іс-әрекет пен зардаптың арасындағы себепті байланыспен көрінуі мүмкін. Сондықтан қылмыстық құқық теориясында іс-әрекет қылмыстық құқық бұзушылық құрамының объективтік жағы міндетті белгісі деп аталса, ал зардап пен себепті байланыс қылмыстық құқық бұзушылық жасау орны, уақыты, әдісі, жағдайы, қаруы мен құралы сияқты факультативті болып атанады.

Сөйтіп, қылмыстың объективтік жағы – бұл белгілі бір жағдайда, орында және уақытта өтетін және қоғамдық қатынастарға зиян келтіретін қоғамдық қауіпті қол сұғушылықтың сыртқы жағы, көрінісі.

Қылмыстың объективтік жағы қылмысты саралауда маңызды орын алады. Заңмен қарастырылған қылмыстық құқық бұзушылық түрлері көптеген жағдайларда әрекет немесе әрекетсіздік немесе оның пайда болу жолдарының сипаты және басқа сыртқы белгілері бойынша анықталады.

Адамның іс-әрекеті – күрделі құбылыс және ол әртүрлі тұрғыдан қарастырылады. Қылмыстық-құқықтық тұрғыдан алғанда іс-әрекет – бұл адамның қоғамға қауіпті, құқыққа қайшы, сапалы түрдегі, белсенді (әрекет) немесе сенқос (әрекетсіздік), қоғамдық қатынастарға зиян келтіретін қылығы.

Іс-әрекетте адамның қылығы сыртқы дүниемен жанасып, содан көрінеді. Адамның ниеті мен сенімі қанша жағымсыз болғанымен, егер олар іс жүзіне асырылмаса қылмыстық жауаптылыққа әкеп соқпайды.

Іс-әрекет қашанда адамның саналы қызметін білдіреді. Сондықтан не адамның саналы бақылауына көнбейтін, не санасымен ұғынса да ырқына көнбейтін дене қимылы іс-әрекет деп танылмайды. Адам, егер әлі келмейтін күштің немесе мәжбүрлеудің ықпалымен әрекет ететін болса қылмыстық жауаптылыққа тартуға жатпайды. Сол сияқты адамның өзінің міндетіне жатпайтын, іс жүзінде қарсылық білдіру мүмкіндіктен айырылған (байлап тастаған, бостандығынан айырған) жағдайда жасаған әрекеті қылмыстық-құқықтық әрекет болып саналмайды.

Қылмыстың объективтік жағын адамның саналы түрдегі, мақсатқа арналған қылығы құрайды. Субъект өзінің іс-әрекетінің зардап келтіруін тілейді және оның қоғамға қауіптілік сипатын ұғынады, не оның зардаптарын ұғына алмай, саналы түрде жасайды.

Сырт қарағанда іс-әрекет құбылысы әрекет және әрекетсіздік деген екі нысанда көрінеді. Әрекет – адам қылығының белсенді құбылысы. Әрбір әрекеттің негізінде адамның еркі мен санасына бағынышты дене қимылы болады. Қылмыстық құқық бірқатар қарапайым, дәйекті жасалатын әрекетті бірыңғай іс-әрекет ретінде қарастырады.

Әрекетсіздік – адамның жасауға тиісті немесе міндетті нақты бір әрекетті жасамауымен көрінеді. Әрекетсіздік өзінің әлеуметтік және заңдық қасиеттеріне қарай әрекетке ұқсас және бірдей болғанымен іс жүзіндегі сыртқы көрінісімен айырмашылықта болады.

Әрекет ету міндетінің құқықтық негізі мен іс жүзіндегі негізін айыра білу керек. Құқықтық міндет объективті түрдегі әрекет ету қажет болған жағдайда жалғасады.

Жалпы алғанда әрекет ету міндетінің негіздемесі қоғамдық қатынас жүйесіндегі субъект жағдайына негізделген объективті қажеттілік ретінде анықталуы мүмкін. Мұндай ереже өз кезегінде не адамның қоғамдық саладағы атқаратын қызметіне, не нақты бір қоғамдық игілікке зиян келтіру қатерін төндірген өткен әрекетсіздік әрекетке негізделеді.

Әрекет ету міндетінің іс жүзіндегі нақты негіздемесі әрқилы. Олардың әрқайсысы, тіпті қылмыстық-құқықтық санкция қатерімен орындала бермейді. Заң шығарушы қоғамға ерекше қауіпті әрекетсіздік үшін ғана қылмыстық жауаптылық белгілеп, орындалмаған міндеттердің мәнділігін басшылыққа алады.

Әрекет ету міндетінің нақты іс жүзіндегі қылмыстық-құқықтық мән-маңызы бар негіздемесі мысалы, мына сияқтылардан туындауы мүмкін: адамның қызметтік жағдайы ережелерінен, отбасы мүшесі ретіндегі қызметі ережелерінен (балаларын немесе еңбекке жарамсыз ата-анасын асырауға арналған қаражатты төлеуден жалтару – ҚР ҚК 139-бабы), қоғам мүшесі ретіндегі ережелерінен (дайындалып жатқан немесе жасалғаны анық белгілі аса ауыр қылмыстық құқық бұзушылықтуралы хабарламау – ҚР ҚК 434-бабынан), (жол-көлік оқиғасы болған орыннан кетіп қалу ҚР ҚК 347-бабы).

Әрекетсіздік, егер ол құқыққа қайшы болса, яғни әрекет ету міндеті қылмыстық-құқық нормаларының талаптарына негізделген болса ғана қылмыстық-құқықтық мәнге ие болады.

Қылмыстық құқық бұзушылыққашанда және белгілі бір уақытта, белгілі бір жерде, белгілі бір жағдайда жасалады. Осыған байланысты оны жасаудың әртүрлі жолдары (қылмыстық құқық бұзушылық жасау әдісі, қаруы мен құралдары) қолданылады.

Аталған жоғарыдағы белгілер (қылмыстық құқық бұзушылық жасау уақыты, орны әдісі, қаруы мен құралдары) қылмыстық құқық бұзушылық құрамының объективті жақтарының факультативті белгілері деп аталады, яғни олар әрбір қылмыстық құқық бұзушылыққа тән болатындықтан құрамдарда тек олар қоғамдық қауіпті іс-әрекетке елеулі ықпал еткенде ғана көрсетіледі.

Жекелеген жағдайларда олар аурлатушы немесе жеңілдетуші мән-жайлар ретінде жауаптылық пен жазаны жекелеу кезінде ескеріледі (ҚР ҚК 53, 54-баптары).

Мысалы, жеңілдететін мән-жайлар болып мыналар танылады: күштеп немесе психикалық мәжбүрлеу салдарынан не материалдық, қызметтік немесе өзге де тәуелділігі себепті қылмыстық құқық бұзушылық жасау (ҚР ҚК 53-б. 1-бөл. «8» тар.); қажетті қорғанудың құқықтық дұрыстығының шартын бұзу, аса қажеттілік қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамды ұстау, негізді тәуекел, бұйрықты немесе өкімді орындау жағдайында қылмыстық құқық бұзушылық жасау (ҚР ҚК 53-б. 1-бөл. «9» тар.); қылмысты ашуға, қылмыстық құқық бұзушылыққа басқа қатысушыларды әшкерелеуге және қылмыстық құқық бұзушылық жасау нәтижесінде алынған мүлікті іздеуге белсенді жәрдемдесу (ҚР ҚК 53-б. 1-бөл. «11» тар.).

Қылмыстың объективті жақтарының факультативті белгілерімен сипатталатын ауырлататын мән-жайлар деп, мысалы мыналарды санауға болады: аса қатыгездікпен, садизммен, қорлаумен, сондай-ақ жәбірленушіні қинап қылмыстық құқық бұзушылық жасау (ҚР ҚК 54-б. 1-бөл. «9» тар.); қару, оқ-дәрі, жарылғыш заттар, жарылғыш немесе оларды бейнелеуші құрылғылар, арнайы дайындаған техникалық құралдар, тез тұтанатын және жанғыш сұйықтар, улы және радиоактивті заттар, дәрілік және өзге де химиялық-фармакологиялық дәрі-дәрмектер пайдаланып, сондай-ақ күш көрсетіп немесе психикалық мәжбүрлеу не жалпы қауіпті әдіс қолданып қылмыстық құқық бұзушылық жасау (ҚР ҚК 54-б. 1-бөл. «10» тар.); төтенше жағдайды, табиғи немесе өзге де қоғамдық нәубет жағдайларын пайдаланып, сондай-ақ жаппай тәртіп бұзушылық кезінде қылмыстық құқық бұзушылық жасау (ҚР ҚК 54-б. 1-бөл. «11» тар.). Бұл жерде қылмыстық құқық бұзушылық жасаудың әдісі мен құралдары іс-әрекеттің өзімен тығыз байланыста болса, ал уақыт, орын және жағдай жасалатын кез келген қылмыстың жалпы шарттары болып табылады.

Қылмысты жасау әдісі – бұл қылмыскердің қылмыстық құқық бұзушылық жасау кезінде жүзеге асыратын әдіс-тәсілдерінің жиынтығы. Іс-әрекетпен тығыз байланыста бола отырып, оның құрамдас бөліктерін қалыптастыра отырып, қылмыстық құқық бұзушылық жасаудың әдісі қылмыстың қоғамдық қауіптілік дәрежесі мен сипатына елеулі түрде жиі әсер етеді, көптеген қоғамдық қауіпті іс-әрекеттердің құрамына немесе шешуші немесе белгілерді саралаушы ретінде жиі қосылады. Атап өтетін жәйт, мысалы күш көрсетіп жасайтын қылмыстық құқық бұзушылық әдістері қылмыстың құқықтық мәніне соншалықты әсер етеді, ол жәні ғана шешуші белгі болып қана қоймай, елеулі дәрежеде қоғамдық қауіпті іс-әрекеттің барлық мән-мағынасын көрсетеді (адам өлтіруді саралауда (ҚР ҚК 99-б. 2-бөл. «5» тар.), денсаулыққа қасақана ауыр зиян келтіруді саралауда (ҚР ҚК 106-б. 2-бөл. «4» тар.), зорлауды саралауда (ҚР ҚК 120-б. 2-бөл. «2» тар.), қарақшылықты саралауда (ҚР ҚК 192-б. 2-бөл. «5» тар.) және басқаларда).

Қылмыстық құқық бұзушылық жасау құралы – бұл қылмыскердің қол сұғатын пәніне, яғни затына, жәбірленушіге және басқаларға ықпал ету үшін пайдаланатын қаруы, өзге нәрселері не сыртқы дүние әсерлері (мысалы, электр тоғы және басқалар).

Қылмыстық құқық бұзушылық жасау құралы қол сұғу затынан өзінің қоғамдық қатынастарға қатысты, қылмыстық құқық бұзушылық жасауға

бағытталған сыртқы фактор болуымен және нақ соның көмегімен қол сұғу затына әсер етуге болатындығымен ерекшеленеді.

Қылмыстық құқық бұзушылық жасау құралы объективті жақтардың белгісі ретінде қылмыстық құқық бұзушылық жасау әдістерімен өте тығыз байланыста болады және кейде оны сипаттайды. Кейбір қылмыстық құқық бұзушылықтарға тән немесе жасалған әрекеттің қоғамдық қауіптілігіне елеулі түрде әсер ететін түрлі құралдарды пайдалану қылмыстық құқық бұзушылық құрамының негізгі немесе ауырлатушы белгілері ретінде қарастырылады (мысалы, жалған құжат жасау немесе өзгеше алдау жолымен әскери қызмет міндеттерін атқарудан жалтаруы – ҚР ҚК 443-бабы; атыс қаруын, газ қаруын, пышақты, кастеттерді және өзге де суық қаруды не денсаулыққа зиян келтіру үшін арнайы бейімделген басқа да заттарды қолданып немесе қолдану әрекеті арқылы жасалған бұзақылық жасау – ҚР ҚК 293-б. 3-бөл.).

Жасалған қылмыстың орны, уақыты, жағдайы қылмыстық құқық бұзушылық жасудың жалпы шарттары бола тұра көптеген жағдайларда іс-әрекеттің қоғамдық қауіптілігіне елеулі түрде ықпал етеді. Қылмыстық құқық бұзушылық жасаудың орны, мысалы, шайқас даласында өлгендер мен жараланғандардың заттарын ұрлаумен көрінетін тонаушылықта мұндай қылмыстың міндетті белгісі болып табылады (ҚР ҚК 457-бабы).

Қылмыстың жасалу уақыты деп тәуліктің немесе жыл уақытының жәй ғана белгілі бір кезеңі емес, белгілі бір қоғамдық саяси оқиғалармен сипатталатын нақты бір кезең танылады. Сол сияқты бірқатар әскери қылмыстық құқық бұзушылықтар (мысалы, бұйрыққа бағынбау немесе оны өзгедей орындамау – ҚР ҚК 437-бабы) бейбіт күнмен салыстырғанда соғыс кезінде айтарлықтай қауіптілік төндіреді. Мұндай жағдайлар аталған баптарда саралаушы мән-жайлар ретінде көрсетіледі.

Қылмыстық құқық бұзушылық жасаудың жағдайы көбінесе қылмыскердің өзінің көздеген мақсатының жету үшін пайдаланатын шарттарының бірі болып табылады немесе қылмыстық құқық бұзушылықпен қылмыскердің көбірек не азырыақ қоғамдық қауіптілігі туралы айғақтайтын оқиғалардың тоғысуы болуы мүмкін.

Мәселен, бірқатар әскери қылмыстық құқық бұзушылықтар, егер олар ұрыс жағдайында жасалатын болса қоғамдық қауіптілігі жоғары оқиғаларға ие болады (мысалы, бөлімді немесе қызмет орнын өз бетімен тастап кету – ҚР ҚК 441-бабы). Мысалы, өкіметтің өкілін оның өз қызметтік міндетін атқару кезінде немесе оны атқаруына байланысты жария қорлау ҚР ҚК 378-бабына сәйкес, осы қылмыстық құқық бұзушылық құрамының шешуші белгісі болып табылады.

Қылмыстық құқық бұзушылық жасаудың жағдайы қылмыстық заңның нұсқамасы бойынша жазаны жекелендіру кезінде айтарлықтай маңызға ие болады. Мысалы, ҚР ҚК 54-бабы 1-бөлігінің «11» тармағына сәйкес, кінәні ауырлатушы мән-жайлар болып «төтенше жағдайды, табиғи немесе өзге де қоғамдық нәубет жағдайларын пайдаланып, сондай-ақ жаппай тәртіп бұзушылық кезінде қылмыстық құқық бұзушылық жасау» болып табылады.

Ал керісінше, заң ауырлататын мән-жайлар қатарында, мысалы «жеке басындық, отбасылық немесе өзге де ауыр мән-жайлар тоғысуының салдарынан не жаны ашығандық себебімен қылмыстық құқық бұзушылық жасауды» атайды (ҚР ҚК 53-б. 1-бөл. «7» тар.).

6. Қылмыстық құқық бұзушылық субъектісі.

Қылмыстық құқықтық ереже бойынша қылмыстық жауаптылыққа тек жеке адамдар тартылады. Қылмыстық құқық бұзушылық жасады деп айыпталып, ол үшін жауаптылық белгіленетін адамдар қылмыстық құқықта қылмыстық құқық бұзушылық субъектісі деп аталады. Қылмыстық құқық бұзушылық субъектісі – бұл заң бойынша қылмыстық құқық бұзушылық деп танылған қоғамға қауіпті іс-әрекетті жасағандығы үшін кінәлі деп танылған және қылмыстық құқық бұзушылық жасау кезінде жауаптылық жасына толған, есі дұрыс адам болып табылады.

Қылмыстың субъектісінің негізгі белгілері есі дұрыстық және жауаптылық жасына толғандық жеке адам. Бұл үш белгілерінің қауіпті, қылмысты деп танылған іс-әрекетті жасаған адамда болмаса, онда қылмыстық құқық бұзушылық субъектісі жоқ деп танылады.

Қылмыстық құқық бұзушылық субъектісі – бұл қауіпті іс-әрекет жасаған және сол үшін заңға сәйкес қылмыстық жауаптылық арқалауға қабілетті адам.

ҚР ҚК 13-бабының 1-бөлігіне сәйкес, қылмыстық кодексте белгіленген жасқа толған жеке адам ғана қылмыстық жауапқа тартылуға тиіс.

Қылмыстық құқық бұзушылық субъектісі қасақаналықпен немесе абайсыздықта қылмыстық заңмен қарастырылған қоғамдық қауіпті іс-әрекет жасаған адам бола алады, егер ол заңмен белгіленген жасқа толған, есі дұрыс болса, жекелеген жағдайларда тиісті нормаларда көрсетілген кейбір арнайы белгілерге ие болады [7, 87 б.].

Осы айтылғандарға байланысты қылмыстық құқық бұзушылық субъектісінің негізгі белгілеріне мыналар жатады:

1. Жеке адам.
2. Есі дұрыстық.
3. Белгілі бір жасқа жету.

Қылмыстың барлық субъектілерінің неғұрлым ғылыми ұғымын құрастырады. Қылмыстық құқық қылмысты әлеуметтік құбылыс ретінде қарастыра отырып, қылмыстың субъектісі деп ақыл-есі бар және біршама бостандық еркіне ие болған адамды ғана таниды. Бұл қылмыстық заңнамалардың міндеттеріне, оның қағидаларына, қылмыстың ұғымы мен қылмыстың мақсатына сай келеді.

Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 15-бабының 1-бөлігіне сәйкес, қылмыстық құқық бұзушылық жасаған кезде он алты жасқа толған адам қылмыстық жауапқа тартылады.

Он төрт жастан қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамдар ҚР ҚК 15-бабының 2-бөлігінде көзделген қылмыстық құқық бұзушылықтар үшін ған қылмыстық жауапқа тартылады. Заңгерлердің біраз бөлігінің арасында заңда 14

жастан бастап жауаптылық қолданылатын қылмыстық құқық бұзушылықтардың арасында кейбір негіздемелерге байланысты неғұрлым ауырырақ қылмыстық құқық бұзушылықтар қарастырылған деген қайшы пікірлер де орын алған. Шындығында ҚР ҚК 15-бабының аталған бөлігіндегі қарастырылған қылмыстық құқық бұзушылықтардың дені ауыр және аса ауыр қылмыстық құқық бұзушылықтар. Бірақ, заң шығарушы осы қылмыстық-құқықтық норманы қалыптастыруда оның ауырлығын ойластырмаған сыңайлы.

ҚР ҚК 15-бабының 3-бөлігіне сәйкес, егер кәмелетке толмаған адам осы баптың бірінші немесе екінші бөлігінде көзделген жасқа толса, бірақ психикасының бұзылуына байланысты емес психикалық дамуы жағынан артта қалуы салдарынан кішігірім немесе орташа ауырлықтағы қылмысты жасау кезіндегі өзінің іс-әрекетінің (әрекетсіздігінің) іс жүзіндегі сипаты мен қоғамдық қауіптілігін толық көлемінде түсіне алмаса не оған ие бола алмаса, қылмыстық жауапқа тартылуға тиіс емес.

Мұндай жағдайда әңгіме іс жүзінде жас шамасына қарай денесі мен санасының жетілмеу, психикалық ауруға қатысы психикалық дамуының кешеуілдеуі туралы болады.

Кәмелетке толмағандардың психикасы мен дене мүшелері дамуының кешеуілдеуі оның психикасының бұзылуына емес, олардың жасының өтпелі кезеңдеріндегі даму қасиеттеріне байланысты болады. Мұндай жағдайда оның есінің дұрыс еместігі жөнінде сөз қозғауға болмайды, өйткені оның есі дұрыс еместіктің медициналық негіздемелері өзінен өзі-ақ көрініп тұрады.

Жасаған қоғамдық қауіпті әрекеті үшін қылмыстық жауаптылыққа тартылатын және сонысымен қылмыстың субъектісі болып тек қана есі дұрыс адам танылады. Есі дұрыс емес адам қылмыстың субъектісі бола алмайды және қылмыстық жауаптылыққа да тартыла да алмайды. Оларға қоғамдық қауіпті іс-әрекет жасағаны үшін жаза болып саналмайтын тек қана медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шаралары қолданылуы мүмкін.

Есі дұрыстық – бұл адамның қылмыстық құқық бұзушылық жасау кезінде өз қылығының сипатын ұғынуы мен оны басқара білу қабілетіне ие болатындай психикалық жағдайы. Бұл жердегі ұғыну қабілеті өз қылығының негізді жақтарын ғана емес, сонымен бірге оның әлеуметтік мәнділігі мен психикасы сау және ақыл-есі толық бүтін адамға тән қасиеттерімен өз әрекеттерін саналы түрде басқара білуін білдіреді.

Есі дұрыстық – бұл қылмыстық құқық ғылымы мен сот тәжірибесі қылмыстың міндетті субъектісі ретінде қарастыратын қылмыстық-құқықтық ұғым.

Адамның қылығы санамен және ерікпен анықталып және бақыланады.

Сана мен ерік – адамның қылығын анықтайтын психикалық функция. Олар қашанда объективтік шындықпен, қоғамдық өмірдің материалдық жағдайларымен, адам өмір сүретін қоғамдық ортамен негізделеді.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі Ерекше бөлімінің баптарында қылмыстық құқық бұзушылық субъектісінің жалпы белгілерімен бірге қосымша белгілерін анықтайтын нормалар бар. Қылмыстық құқық теориясында мұндай қосымша белгілері бар қылмыстық құқық

бұзушылық субъектілері қылмыстың арнайы субъектілері деп аталады. Сонымен қатар, адамның жасаған қылмысында қосымша белгілердің болмауы, мұндай адамды қылмыстық жауаптылыққа тартуға мүмкіндік бермейді.

Қылмыстың арнайы субъектісінің ұғымы және оның белгілері туралы қылмыстық құқық теориясында бір келкі пікір әлі қалыптаспаған. Зерттеу әдебиеттерінен мынандай анықтамаларды кездестіруге болады.

В.С. Орлов пікірі бойынша қылмыстың арнайы субъектісі дегеніміз, қосымша ерекшеліктермен сипатталатын, тек өзіне тән белгілері бар адамдар болып табылады [8, 138 б.].

Р. Орымбаев қылмыстың арнайы субъектісі, жалпы субъектінің (есі дұрыстығы, белгілі бір жасқа толғандығы) белгілерінен басқа, осы қылмысты жасағандығы үшін қылмыстық жауаптылыққа тартуға мүмкіндік беретін ерекше қосымша белгілерді иеленетін адамдар адамдар болып табылады, дейді [9, 46 б.]. Ал Н.С. Лейкина және Н. Грабовская арнайы субъектілер деп баптың диспозицияларында көрсетілген нақты ерекшеліктерді иеленетін субъектілер аталады, дейді [10, 389 б.].

Арнай субъектілер оның өзінің сипатына жататын бірі немесе одан да көп белгілерге ие болады.

Көптеген арнайы субъектілер, мысалы жаңа туған сәбидің анасы (ҚР ҚК 100-бабы), Қазақстан Республикасының азаматы (ҚР ҚК 175-бабы) бір ғана белгілерге ие болады. Қылмыстық жауаптылыққа тарту үшін қылмыстық құқық бұзушылық құрамының басқа да элементтерімен бірге, субъектіні арнайы деп сипаттайтын бір ған белгіні анықтап алу да жеткілікті.

Сонымен бірге, көп белгілермен сипатталатын арнайы субъектілер де болады. Оларды арнайы субъектілерді сипаттаудың белгілі бір амалдарына (үйлесуіне) жататын болғандықтан құрама деп атауға да болады. Мысалы, ҚР ҚК 361-бабының 3-бөлігінде (Қызмет өкілеттігін теріс пайдалану) көзделген қылмыстық құқық бұзушылық субъектісі мемлекеттік қызметтер атқаруға уәкілетті не оған теңестірілген адам (екінші белгі), сонымен бірге міндетті түрде жауапты мемлекеттік лауазым атқаратын адам (екінші белгі) бола алады.

Қылмыстың арнайы субъектісінің белгісі заңда сипатталған немесе заңның тура өзінен туындайды. Арнайы субъектілердің белгілері, тәртіп бойынша Ерекше бөлімнің диспозицияларында көрсетіледі. Кейбір жағдайларда, Е.И. Қайыржанов атап өткендей, арнайы субъектінің белгілері қылмыстық заңды ашық түсіндіру жолымен белгіленеді [11, 84 б.].

Біздің ойымызша қылмыстың арнайы субъектісі – бұл есі дұрыстығымен және қылмыстық жауаптылыққа тарту жасына толғандығымен бірге қылмыстық заңмен қарастырылған немесе одан тікелей туындаған, осы заң бойынша қылмыстық жауаптылыққа тартылуы мүмкін және сонысымен оның дұрыс қолданылуы анықталатын өзге де қосымша заңдық белгілерге ие болған жеке адам.

Кейбір қылмыстық құқық бұзушылықтардың ерекшеліктеріне қарай тиісті белгілер немесе ол қылмыстық құқық бұзушылықтарды жасау мүмкіндігі барлық адамдарда бола бермейді. Заңмен қорғалатын қоғамдық қатынастар қоғамдық өмірдің әр саласында, мысалы медицина, көлік, мемлекеттік қызмет,

әскери, отбасы тәрізді бағыттарда қорғауға алынатындықтан, осындай салалардағы құндылықтарға зұлым әрекеттер жасау, сол саладағы адамдар ортасында ғана бола алады. Сондықтан қылмыстың арнайы субъектісін қылмыстық құқық оқулықтары қоғамдық өмірдің салалары бойынша топтастырып келтіреді. Бірақ оқулықтарда арнайы субъектілердің белгілері бойынша топтастыру толық келтірілмеген. Олардың негізгілеріне мыналар жатады: азаматтығы, демографиялық белгілері бойынша жынысы мен жасы, туыстығы, қызметі бойынша дәрігер, кәсіпкер, құқық қорғау органдарының қызметкерлері, әскерилер, көлік жүргізушілер, лауазымды адамдар, мемлекеттік емес ұйымдардың басқару қызметін атқаратын адамдары, құқықтық белгілері бойынша бұрын қылмыстық құқық бұзушылық жасағандар мен бұрын сотталғандар, жаза өтеушілер мен қамаудағы адамдар.

Қылмыстық заңда қарастырылған қылмыстық құқық бұзушылықтардың арнайы немесе жалпы субъекті түрінде сипатталатынын анықтау, барлық кездерде оңай бола бермейді. Қылмыстық заңдағы көпшілік қылмыстық құқық бұзушылықтар тек жалпы субъекті түрінде қарастырылса, ал кейбір қылмыстық құқық бұзушылық түрлері нде жалпы және арнайы субъектілердің жауаптылығы белгіленген. Мысалы баптағы сайлау құқығын жүзеге асыруға немесе сайлау комиссияларының жұмысына кедергі жасау. Сондай-ақ кейбір қылмыстық құқық бұзушылықтар субъектісі бойынша тек арнайы белгілері бар адамдардың әрекеттерімен сипатта- лады.

Қылмыстың арнайы субъектімен жасалатындығын білу үшін қылмыстық құқықта мынандай тәсілдер қолданылады:

1) Қылмыстық құқық бұзушылық түріне талдау жасау нәтижесінде анықталады. Заңдағы кейбір қылмыстық құқық бұзушылық түрлері нде, ол қылмыстың арнайы субъектімен жасалатындығы баптың атауында немесе оның диспозициясында келтірілмейді.

2) Қылмыстың арнайы субъектімен жасалатындығы баптың атауында немесе оның диспозициясында тікелей айтылады. Сондықтан ҚК Ерекше бөлімінің баптарында субъекті түрі туралы айтылса, онда бұл қылмыстық құқық бұзушылық тек арнайы субъектілер арқылы жасалады деп түсіну керек.

Қылмыстық заң арнайы субъектілер түрлерінің түсінігін ашуды міндет тұтпайды немесе әрбір қызмет саласы бойынша қылмыстық жауаптылыққа тартылуы мүмкін адамдардың қызметінің түсінігін ашпайды. Тек арнайы субъекті ретінде нені ұғымымыз керек деген мәселе қойып, оның жалпы ұғымын ғана береді. Бірақ құқық ғылымында белгілі бір қызмет түрінің ұғымы даулы болғанда немесе мұндай қызметті түсіну үшін оның белгілерін анықтау қажеттігі туындағанда заң баптарының өзінде, әдетте ескертпе түрінде анықтама келтіріледі. Мысалы құқық ғылымында «лауазымды адам» ұғымының түсінігі туралы даулылық кездеседі.

«Лауазымды адам» деген ұғым қылмыстық құқықпен қатар, әкімшілік құқықта, Конституция ережелерінде т.б құқық салаларында кездеседі және қолданылады. Бұл құқықтық ғылым салалары да лауазымды адам түсінігін келтіреді және қылмыстық заңдағы түсінікпен салыстырғанда айырмашылықтар байқалады. Сондықтан заңгерлердің арасында барлық құқық

салаларында қолдануға болатын лауазымды адамның жалпы түсінігін беру туралы ұсыныс кездеседі. Лауазымды адам түсінігі даулы болуына және қылмыстық заң жауапкершіліктің ең ауыр түрін қарастыратындығына байланысты қылмыстық кодекстің 3 бабының 26-тармағына сәйкес, лауазымды адам – тұрақты, уақытша немесе арнайы өкілеттік бойынша билік өкілі функцияларын жүзеге асыратын не мемлекеттік органдарда, жергілікті өзін-өзі басқару органдарында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде, Қазақстан Республикасының басқа да әскерлері мен әскери құралымдарында ұйымдастырушылық-өкімдік немесе әкімшілік-шаруашылық функцияларды орындайтын адам деп арнайы анықтама берілген.

Бұл анықтаманың өзі 2014 жылға дейін қолданылған Қылмыстық кодекспен салыстырғанда толықтырылған түрде берілген. Сонымен қатар мемлекеттік қызмет мүддесіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар таруындағы баптарда «жауапты мемлекеттік қызмет атқаратын адамдар» деген ұғым кездесуіне байланысты осындай санатқа жататын қызметтің белгілерін қолдана отырып, ҚР ҚК 3 бапта арнайы түсінік береді. Атап айтқанда, ҚК 3-бабының 27-тармағында, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адам – Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет туралы заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметші, мәслихат депутаты болса, ҚК 3-бабының 28-тармағында, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адам – жергілікті өзін-өзі басқару органдарына сайланған адам; Қазақстан Республикасының заңында белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Президенттігіне, Қазақстан Республикасы Парламентінің немесе мәслихаттардың депутаттығына, сондай-ақ жергілікті өзін-өзі басқарудың сайланбалы органының мүшелігіне кандидат ретінде тіркелген азамат; жергілікті өзін-өзі басқару органында тұрақты немесе уақытша жұмыс істейтін, еңбекақысы Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджетінің қаражатынан төленетін қызметші; мемлекеттік ұйымда немесе жарғылық капиталындағы мемлекеттің үлесі елу пайыздан асатын ұйымда, оның ішінде акционері мемлекет болып табылатын ұлттық басқарушы холдингте, ұлттық холдингте, ұлттық компанияда, ұлттық даму институтында, дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу пайызынан астамы өздеріне тиесілі олардың еншілес ұйымында, сондай-ақ дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу пайызынан астамы көрсетілген еншілес ұйымға тиесілі заңды тұлғада басқару функцияларын орындайтын адам; Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің және оның ведомстволарының қызметшілері көрсетілген.

ҚК 3-бабының 16-тармағында, жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адам – мемлекет функцияларын және мемлекеттік органдардың өкілеттіктерін тікелей атқару үшін Қазақстан Республикасының Конституциясында, Қазақстан Республикасының конституциялық және өзге де заңдарында белгіленген лауазымды атқаратын адам, оның ішінде Парламент депутаты, судья, сол сияқты Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет туралы заңнамасына сәйкес мемлекеттік саяси лауазымды не «А» корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымын атқаратын адам көзделген.

Ал қызметтің түрі халыққа түсінікті болғанда немесе оның ұғымы даулылық білдірмегенде, қылмыстық заңның баптарында оның ұғымы ашылып жатпайды. Мысалы дәрігердің өз міндетін орындамауы немесе тиісінше орындамауы деп аталатын қылмыстың субъектісін түсініп жату үшін «дәрігер» деген қызметтің анықтамасын беруге қажеттілік жоқ.

Қылмысты субъектісі бойынша саралауды бір баптың көлемінде де жүргізуге болады. Мұндай жағдайда бір баптың өзінде осы қылмыстың бірнеше құрамдары қарастырылып, олар өзара субъекті түрі бойынша ажыратылады және әдетте бірінші бөлімде жалпы субъектінің әрекеттері келтірілсе, басқа бөлімінде осындай қылмысты әрекеттер үшін арнайы субъектінің жауаптылығы қарастырылады. Мысалы 234 баптағы экономикалық контрабанда қылмысының бірінші бөлімінде жалпы субъектілердің әрекеттері келтірілсе, осы баптың екінші бөлімінің «2» пунктінде қызмет бабын пайдаланып жасаған арнайы субъектілердің контрабандалық әрекеттері келтірілген. 234 бапта және басқа да баптарда жалпы және арнайы субъектілер жауаптылығы бір қылмыстық құқық бұзушылықтүрінде кездескенімен бұл «арнайы субъектілердің әрекеттерін жалпы субъектілер жасай алмайды» деген ережеге қайшы келіп тұрған жоқ. Қылмыстық заңдағы кейбір қылмыстық құқық бұзушылық түрлері тек арнайы субъектілермен ғана жасалады. Мысалы әскери бөлімді өз бетінше тастап кету сияқты қылмыстық құқық бұзушылықтарды тек әскери қызметкерлер ғана жасай алады. Ал кейбір қылмыстық құқық бұзушылық түрлері жалпы және арнайы субъекті түрінде сипатталғанда, негізінен бұл қылмысты жасау, жалпы субъектілерге тән деп есептеу керек, тек өз ерекшелігіне қарай мұндай қылмыстық құқық бұзушылықтарда жалпы субъекті жасай алмайтын әрекеттерді арнайы субъектілер орындайды.

Жоғарыда келтірілген экономикалық контрабанда қылмысына жататын әрекеттерді кеден қызметкерлері де жасауы мүмкін. Ал кеден қызметкерлерінің орындайтын әрекеттерін жай адамдар жасай алмайды. Мұндай адамдардың әрекеттерін саралағанда ҚР ҚК 361 баптағы қызмет өкілеттігін теріс пайдалану және ҚР ҚК 234 баптағы экономикалық контрабанда қылмыстық құқық бұзушылық-тарының жиынтығы түрінде емес, бірден ҚР ҚК 234 баппен саралау жасаған дұрыс. Өйткені ҚР ҚК 307 баптағы қызмет өкілеттігін теріс пайдалану- жалпы норма, ҚР ҚК 234 баптың 2 бөлімінің «2» пункті- арнайы норма болып табылады. Құқықтық тұрғыдан іс-әрекетке баға бергенде осындай ереже барлық кезде қолданылуға жатады.

Мұндай жағдайда бір қылмысты әрекет жасалады, бірақ қылмыстық заңмен қорғалуға жататын екі объекті бұзылады. Бұл қылмыстық құқық бұзушылықтар жиынтығымен саралау жасауға негіз береді. Бірақ ҚР ҚК 234 баптағы арнайы қызметкерлердің осындай қылмысты әрекеттер жасауын қарастыратын құрам екі объектілі құрам болып табылады, оның негізгі объектісі мемлекеттің қажы саласындағы қызметі немесе сыртқы сауда ережесінің заңдылығы болса, қосымша объекті ретінде мемлекеттік мекеме, ұйымның дұрыс қызметі танылады. Демек, қылмыстың құрамы іс-әрекеттің барлық белгілерін толық қамтып тұрса, онда басқа қылмыстық құқық бұзушылық түрлері н қолданып, жиынтық түрінде бағалап керегі жоқ.

Жалпы және арнайы субъектілер бойынша бір баптың көлемінде қылмыстық құрамдарды ажыратқанда, баптың екінші немесе үшінші бөлімдерінде кездесетін «қызмет бабын пайдаланып жасаса» деген белгілері бар бөлімдерді арнайы субъектілер деп тану керек. Себебі, баптың осы бөлімімен саралау шін, іс-әрекет тек осы бапта көрсетілгендей белгілерді иеленетін адамдармен жасалуы қажет.

Жалпы қылмыстық заң адамның қызметі, өкілеттігі бойынша белгілі бір қылмысты жасауға мүмкіндігі басқа адамдармен салыстырғанда жоғары болса, ондай адамдардың жауаптылығын заңда жеке бөлім ретінде келтіре отырып, кінәні ауырлататын құрам ретінде қарастырады.

Бірақ белгілі бір қылмыстық құқық бұзушылықтүріне арнайы субъекті тән болса, онда барлық жағдайда қоғамға қауіптілікті ауырлататын қылмыстық құқық бұзушылық деп бағалауға болмайды. Арнайы субъектімен сипатталатын қылмыстық құқық бұзушылықтардың ауырлық дәрежесі қылмыстың объектісіне, зардаптың түріне т.б осындай өзге құрам элементтеріне байланысты болады. Мысалы 412 баптағы көрінеу кінәсіз адамды қылмыстық жауаптылыққа тарту ауыр қылмыстық құқық бұзушылық деп бағаланса. Жалпы субъектілер арнайы субъектілердің әрекеттерін орындаса қылмыстық құқық бұзушылықболып табылмайды, себебі арнайы субъектілердің әрекеттерін жай адамдар орындай алмайды.

Қылмыстық құқықта қалыптасқан ереже бойынша арнайы субъектілердің қылмыстық құқық бұзушылықтарына жалпы субъектілер тек қатысушы ретінде, яғни қылмыстың ұйымдастырушысы, азғырушысы немесе көмектесушісі түрінде қатыса алады. Мысалы көрінеу кінәсіз адамды қылмыстық жауаптылыққа тарту қылмысының орындаушысы, тек құқық қорғау немесе сот органының қызметкерлері болса, ал осындай қылмыстық құқық бұзушылықтардың ұйымдастырушысы немесе азғырушысы құқық қорғау органдары қызметкерлерін көндіру, сатып алу, қысымшылық жасау әрекеттерін жасаған жай адамдар болып табылады.

Мұндай жағдайда арнайы субъектілердің қылмыстық құқық бұзушылықтарына қатысушылықты білдіретін ролдерді орындаған адамдардың әрекеттері арнайы субъекті айыпталған қылмыстық құқық бұзушылықтүрімен және міндетті түрде ҚК 28 бабының тиісті бөлімдеріне сілтеме жасау арқылы саралау керек. Яғни көрінеу кінәсіз адамды қылмыстық жауаптылыққа тартуды ұйымдастырған адамның әрекеті 412 баппен және 28 баптың 2 бөліміне сілтеме жасау арқылы бағаланса, ал осы қылмысты орындаған адамның әрекеті тек 412 баппен айыпталады. Қылмысты орындағандық үшін 28 бапқа сілтеме жасалынбайды, себебі ҚК Ерекше бөлімінің баптарында орындаушының әрекеттері бейнеленген.

Қылмысты саралау кезінде арнайы субъектінің белгілерін анықтау елеулі маңызға ие болады. Біріншіден, арнайы субъекті белгілері шешуші болғанда, яғни заң оны қылмыстың негізгі құрамына қосады. Сонда арнайы субъекті белгілері міндетті болып табылады. Көрсетілген нақты қылмыстық-құқықтық нормада арнайы субъекті талаптарына сай келмейтін адам осы норманың

диспозициясында қарастырылған қылмысты жасағанымен осы бап бойынша қылмыстық жауаптылыққа тартылуы тиіс емес.

Екіншіден, субъектінің қосымша белгілері негізгі құрамының құрылымына емес, ауырлатушы мән-жайлар құрамына енгізіледі. Бұл жағдайда қылмысты саралау үшін міндетті болып табылады.

Үшінші, факультативті белгілердің маңызы арнайы субъекті белгілері заңда мүлдем, негізгі құрамда да, ауырлатушы мән-жайлардағы құрамда да қарастырылмаған жағдайда пайда болады. Бұл жағдайда субъектінің ерекшелігі құрамның шеңберінен тыс көрінеді. Олар қылмыскер тұлғасының сипаттамасына жатады және егер олар ҚР ҚК 54-бабымен қарастырылған болса, жаза тағайындау кезінде сотпен ауырлатушы мән-жайлар ретінде ескеріледі.

7. Қылмыстық құқық бұзушылықтың субъективтік жағы.

Теориялық тұрғыдан қарағанда қылмыстық әрекеттің объективтік және субъективтік жақтарын, олардың байланыстарын, ішкі бірліктерін жеке-жеке қарастыру мүмкіндігі бар. Субъективтік жақтарды талдай бастағанда, қылмыстың субъективтік жағының мазмұны туралы мәселені дәлірек айтқанда, оның заң әдебиеттерінде даулы мәселеге айналып отырған кінәмен арақатысын ескеру қажет. Осыған орай айтылған пікірлерге байланысты үш көзқарасты бөліп алып қарауға болады: 1) біріншісі кінә мен субъектік жақ бірдей ұғым дегенге келіп саяды. П. С. Дагель, «қылмыстың субъективтік жағы кінәмен шектеліп қана қоймайды, оған қылмыстың субъективтік жағы (кінә) мен қылмыстың субъективтік жағын сипаттайтын қылмыс құрамының белгілері (қасақаналық, абайсыздық, себебі, мақсаты, жан күйзелісі, көрінеулігі және т.б.) араласуы, сондай-ақ кінәнің нысаны мен мазмұны ұғымдарының араласуы туралы» көзқарасты мегзейді;

2) басқа авторлар, Ю. А. Демидов, Г. А. Злобин, Б. С. Утевский, кінә өзіне қылмыстың әрекеттің субъективтік және объективтік жақтарын, сондай-ақ жасалған қылмыстың басқа да барлық «жауаптылық үшін елеулі» қасиеттерін қосады, деп санайды;

3) үшінші көзқарас кеңірек таралған болып саналады және ол «қылмыстың субъективтік жағының психикалық мазмұны адамның психикалық белсенділігінің түрлі нысандарын сипаттайтын кінә, себеп, мақсат сияқты заңдық белгілерімен ашылуына байланысты» көрінеді.

Осы көзқарастардың соңғысына тоқталуға тура келеді. Өйткені осы көзқарас кеңірек тараған және отандық заңгер ғалымдар да осы ойды бөліседі.

Сөйтіп, қылмыстың субъективтік жағы – бұл адамның жасалған қылмыс пен оның зардаптарына психикалық қатысы.

Қылмыстың субъективтік жағын сипаттайтын белгілерге кінә, қылмыстың себебі мен мақсаты жатады. Бұл белгілердің барлығы қылмыс жасайтын адамның психикасындағы ішкі процестер туралы түсінік береді және адамның санасы мен еркінің жасалған қоғамға қауіпті іс-әрекетімен байланысын

көрсетеді. Дегенмен, бұл белгілердің қылмыстық-құқықтық мән-мағынасы бірдей бола бермейді. Қасақаналық пен абайсыздық ниеттер нысанындағы кінә кез келген қылмыстың субъективті жақтарының ең қажетті белгілері болып табылады. Кінәсіз қылмыс құрамы болуы, қоғамға қауіпті іс-әрекет үшін қылмыстық жауаптылық қарастырылуы мүмкін емес.

Қылмыстың жасалу себебі мен мақсаты сияқты субъективті жақтарының белгілері басқаша мәнге ие болады. Олар факультативті белгілер болып табылады және заң шығарушымен кейбір қылмыс құрамдарын құрау кезінде ғана қылмыстың субъективті жақтарының қажетті белгілері ретінде қарастырылады. (Мысалы, ҚР ҚК 165-бабына сәйкес, мемлекеттік құпияларды жатқа беру Қазақстан Республикасының қауіпсіздігі мен егемендігіне нұқсан келтіру немесе әлсірету мақсатында ғана мемлекеттік опасыздық деп саналады).

Қылмыстың субъективтік жақтарын дұрыс анықтап белгілеуде кінәнің нысаны, қылмыстың жасалу себептері мен мақсаттары ерекше құқықтық келесідей мәнге ие болады: қылмысты қылмыс емес әрекеттен айыра білуге, қылмысты дәлме-дәл саралауға, объективтік жағынан ұқсас құрамдарды бір-бірінен айыруға, қылмыстық әрекет жасаған адамның қоғамға қауіптілік дәрежесін анықтауға және жазаны жеке даралауға мүмкіндік туғызады.

Бұлардың бәрі де, өз кезегінде қылмыстың заңға тікелей бекітілген заңдылық, әділеттілік, адамгершілік қағидаларын жүзеге асыруға жағдай жасайды.

Қылмыстың субъективтік жақтарының мазмұнын тиянақты зерттеу қажеттілігі іс жүзінде Қазақстан Республикасы Жоғарғы соты Пленумының барлық қаулылары мен Қазақстан Республикасы Жоғарғы сотының нормативтік құжаттарында айтылады. Мысалы, ҚР Жоғарғы соты Пленумының 1993 жылғы 23-сәуірдегі «Зорлау үшін жауаптылықты реттейтін заңнамаларды соттардың қолдану тәжірибесі туралы»; 1999 жылғы 30-сәуірдегі «Қылмыстық жаза тағайындау кезінде соттардың заңдылықты сақтау туралы»; 1994 жылғы 23-желтоқсандағы (1996 жылғы 20-желтоқсандағы өзгертулерімен) «Азаматтардың өмірі мен денсаулығына қол сұғушылық үшін жауаптылықты реттейтін заңнамаларды соттардың қолдану тәжірибесі туралы» қаулыларында; ҚР Жоғарғы сотының 2003 жылғы 11-шілдедегі (2003 жылғы 19-желтоқсандағы өзгертулерімен) «Ұрлық туралы істер бойынша сот тәжірибесі туралы» нормативті қаулысында қылмыс жасаудың басқа да мән-жайларымен бірге кінәні де анықтау қажеттігі айтылады.

Субъективтік жағының белгілері қылмыстық заңда әрқилы ашылады.

Дегенмен, көптеген жағдайда заңда қылмыстың субъективті жағын сипаттайтын белгілер көрсетімейді. Мұндай жағдайларда тиісті белгілер іс-әрекеттің объективті белгілерін түрлі түсіндірме әдістерінің көмегімен талдау негізінде анықталады. Мысалы, ұрлық құрамын анықтауда заң бөтеннің мүлкін жасырын алуды тілге тиек етеді. Бұл іс-әрекеттің сипатынан оның тек пайдакүнемдік мақсатпен қасақана жасалатыны анық болады.

Қылмыстық құқықта кінә – бұл адамның өзінің жасаған қоғамға қауіпті әрекетіне және қоғамға қауіпті зардабына қасақаналықпен немесе

абайсыздықтағы нысанмен көрінетін психикалық қатынасы. Кінә субъективтік жақтың негізін құрайды.

Жауаптылықты кінә болғанда ғана белгілеу қылмыстық құқықтың аса маңызды қағидасы болып табылады. Субъективтік жағын анықтап алмайынша адамның әрекетінде қылмыстың құрамының бар екендігі жөніндегі мәселені дұрыс шешу мүмкін емес, демек, қылмыстық жауаптылық негізінің бар екендігі жөнінде қылмысты дұрыс саралау мүмкін емес, ең соңында мұнсыз қылмыстық жазаны жеке даралауға, әділетті және орынды жаза тағайындау да мүмкін емес.

Қылмыстық құқыққа объективті айыптау, яғни адамның, қоғамның немесе мемлекеттің мүлкіне зиян келтіргені үшін ғана жауаптылыққа тарту келіңкіремейді.

Кінә туралы ілім әлеуметтік және құқықтық өзекті проблемалардың бірі боліп саналады. Өзінің табиғатына қарай кінә құқықтық санат болып қана табылмайды, сонымен бірге қоғамдағы жауаптылықтардың бәрін негіздеу кезіндегі қолданылатын моральдық-этикалық санат болып танылады.

Кінә мәселелері, оның қалыптасу ерекшеліктері мен сыртқы құбылысы құқық ғылымының ғана емес, философия, этика, әлеуметтану, психология, педагогика сияқты басқа да ғылымдардың зерттеу пәнін құрады.

Қылмыстық-құқықтық ғылымда кінә ұғымы жеткілікті түрде нақтырақ зерттеліп, оқылады.

Қылмыстық құқықтағы кінәнің анықтамасында түрлі көзқарастар болды.

Кінә ұғымының қарапайым әрі қысқа нұсқасын өз кезінде А.А. Пионтковский бере білді. Ол, «кінә адамның жасаған қылмысымен көрінетін қасақаналық немесе абайсыздық», деп жазды. Жекелеген авторлар кінәға былайша анықтама берді: «Кінә – бұл өзінің жасаған қылмысына қасақана немесе абайсыздық ниетімен көрінетін психикалық қатынасы» немесе «кінә адамның қоғамдық мүдделерге жағымсыз көзқарасымен, осы әрекетінің қоғамға қауіптілік сипатын түсіне білсе де қасақаналық түрімен көрінетін жасаған қоғамға қауіпті іс-әрекеті мен зардаптарына психикалық қатысы».

Кінә – бұл психикалық қатынас. Психикалық қатынас ұғымы құқықтық емес, адам психологиясы ғылымның пәні болып табылады. Сондықтан қылмыстық-құқық ғылымында психологиялық қатынас ұғымы психологиялық ғылыммен жетілдірілген ережелермен, саранттармен анықталады. Психологиялық ғылым деректеріне сәйкес, адамға негізгі деген психикалық құбылыстардың төрт нысаны тән:

- а) психикалық істер (сезіну, қабылдау, есте сақтау және ойлау);
- б) психикалық күй (белсенділікті, сергектікті, селқостықты, қажушылықты және басқаларды сипаттайтын жалпы функциональдық дәреже);
- в) адамның психикалық қасиеті (қызбалық, мінез, қабілет, ынта, ерік, жігер);
- г) психикалық қатынасы (талғамды, жағымды, жағымсыз).

Адамның осы сияқты психологиялық қасиеттері қылмыстық құқық ғылымында қылмыстың ішкі мазмұнының сипаттамысын ашу үшін қызмет етеді.

Қылмыстық акт құрылымында субъектінің объектіге деген психологиялық қатынасы нақты белгіленеді және оның қоғамға қауіпті іс-әрекеті мен қоғамға қауіпті зардаптарының психикалық қатынасы көлемінде анықталады. Субъектінің қоғамға қауіпті іс-әрекеті мен қоғамға қауіпті зардаптарының психикалық қатынасын сонымен бірге нақты қылмыстық актінің болуы сипаттайды. Бұл қылмыстық актіде адамның кез келген ерікті қылығындағы сияқты теориялық ғылымда бірыңғай психологиялық процестің құрамдас үш бөлігі қарастырылады: дербес (танымдық), ерікті, әсерленгіш.

Әрбір қоғамға қауіпті іс-әрекетті жасауда адамның өзінің белгілі бір бағыт алған еркі болады. Қылмыскердің еріктілік актісі қылмыстық жауаптылық пен жазалаудың барлық мәселелерінің шешілуі негізінде жатады. Дегенмен, адамның еркін ойлаудан алшақтағын психикалық қабілет деп қарастыруға болмайды. Кез келген еріктілік адамның жасайтын белгілі бір әрекеті туралы ойлауына байланысты болады. Бұл ереже заңды әрекеттерге де қоғамға қауіпті әрекеттерге де сай келеді деп айтуға болады. Кінә ұғымы өзінің психологиялық мазмұнына қарай еріктілікті ғана емес, жеке дербес сәтін де қарастырады.

Жеке дербес сәт кінәлінің өзінің жасайтын немесе жасағалы тұрған әрекетінің қоғамға қауіптілік сипатын сезінуімен және соған байланысты қауіпті зардаптардың болатынын және одан қашу мүмкіндігінің бар екендігін білуімен білінеді.

Еріктілік сәті қоғамға қауіпті зардаптардың болуын тілеумен немесе біле тұра соған жол берумен немесе сол зардаптың болатынына не болмайтынына немқұрайлықпен қарауымен көрінеді.

Қылмыс жасау кезіндегі жеке дербес және еріктілік сәттерінің арасындығы әрқилы арақатынас кінәні қасақаналық және абайсыздық деген екі нысанға бөлуге негіз болады.

Ниет және оның түрлері

Қолданыстағы қылмыстық заңнамалар кінәнің қасақаналық және абайсыздық деген екі нысанын қарастырады. Өз кезегінде қасақаналықтың өзі тікелей және жанама деп, ал абайсыздық менмендік және салақтық деп бөлінеді. Заң сонымен бірге кінәнің қосарланған түрін бөліп қарастырады.

Кінәні нысандарға бөлудің іс жүзіндегі мәні қылмыс құрамының басқа да белгілерімен бірге заң шығарушы мен әділ сот барлық қылмыс түрлерін аса ауыр және аур деп бөле отырып кінә нысандары арқылы үйлестіреді. Кінә нысандары, сондай-ақ кінәлі әрекеттерді кінәсіз әрекеттерден шектеуге жағдай жасайды. Біраз мәселелерді шешуде кінә нысандарының ескерілетін белгілері ретінде мыналар қатысады:

- қылмыстарды санаттарға бөлуде –ҚР Қылмыстық кодексінде көзделген әрекеттер сипатына және қоғамдық қауіптілік дәрежесіне қарай онша ауыр емес қылмыстарға, ауырлығы орташа қылмыстарға, ауыр қылмыстарға және ерекше ауыр қылмыстарға бөлінеді. Жасалғаны үшін осы Кодексте көзделген ең ауыр

жаза екі жылға бас бостандығынан айырудан аспайтын қасақана жасалған әрекет, сондай-ақ жасалғаны үшін осы Кодексте көзделген ең ауыр жаза бес жылға бас бостандығынан айырудан аспайтын абайсызда жасалған әрекет онша ауыр емес қылмыс деп танылады. Жасалғаны үшін осы Кодексте көзделген ең ауыр жаза бес жылға бас бостандығынан айырудан аспайтын қасақана жасалған әрекет, сондай-ақ жасалғаны үшін бес жылдан астам мерзімге бас бостандығынан айыру түріндегі жаза көзделген абайсызда жасалған әрекет ауырлығы орташа қылмыс деп танылады. Жасалғаны үшін осы Кодексте көзделген ең ауыр жаза он екі жылға бас бостандығынан айырудан аспайтын қасақана жасалған әрекет ауыр қылмыс деп танылады. Жасалғаны үшін осы Кодексте он екі жылдан астам мерзімге бас бостандығынан айыру түріндегі жаза немесе өлім жазасы көзделген қасақана жасалған әрекет аса ауыр қылмыс деп танылады;

- қылмысқа қатысуда — екі немесе одан да көп адамның қасақана қылмыс жасауға қасақана бірлесіп қатысуы қылмысқа қатысу деп танылады;

- алдын ала қылмыстық әрекетте — тікелей ниетпен қылмыс құралдарын немесе қаруларын іздестіру, әзірлеу немесе бейімдеп жасау, қылмысқа қатысушыларды іздестіру, қылмыс жасауға сөз байласу не қылмыс жасау үшін өзге де қасақана жағдайлар жасау, егер бұл орайда қылмыс адамның еркіне байланысты емес мән-жайлар бойынша ақырына дейін жеткізілмесе, қылмысқа дайындалу деп танылады. Тікелей қылмыс жасауға тура бағытталған ниетпен жасалған іс-әрекет (әрекетсіздік), егер бұл орайда қылмыс адамға байланысты емес мән-жайлар бойынша ақырына дейін жеткізілмесе, қылмыс жасауға оқталу болып танылады ;

- жаза тағайындау кезінде (ҚР ҚК 58 және 59-баптары).

Кінәнің түрлі нысаны субъектінің жасалған қылмысқа оның жеке дара жауаптылығы жөніндегі мәселені шешу үшін түрлі психикалық қатынасын көрсетеді. Кінә қашанда қандайда бір нысанмен көрінеді. Жалпы алғанда нысаны көрсетілмейтін кінә болмайды.

Қасақаналық ұғымының мазмұны ҚР ҚК 21-бабында анық көрсетілген. Соған сәйкес, егер адам өз іс-әрекетінің (әрекетсіздігінің) қоғамға қауіпті екенін ұғынып, оның қоғамдық қауіпті зардаптары болуының мүмкін екенін немесе болмай қоймайтынын алдын ала білсе және осы зардаптардың болуын тілесе, осы зардаптардың болуына саналы түрде жол берсе не бұған немқұрайды қараса, қылмыс қасақаналықпен жасалған деп танылады. Сөйтіп, ҚР Қылмыстық құқығында қасақаналықтың екі элементін көрсету қарастырылған:

- 1) іс-әрекетінің (әрекетсіздігінің) қоғамға қауіпті екенін ұғынып, оның қоғамдық қауіпті зардаптары болуының мүмкін екенін немесе болмай қоймайтынын алдын ала білсе;

- 2) қоғамға қауіпті зардаптардың болуын тілесе, осы зардаптардың болуына саналы түрде жол берсе не бұған немқұрайды қараса.

Іс-әрекеттің қоғамға қауіпті сипатын ұғынуы мен қоғамға қауіпті зардабын болжайтын ниеттің бірінші элементі кінәлінің жеке дербес психикасы саласына кіреді. Бұл жерде ниеттің жеке дербес сәтін сипаттай отырып, заң ұғыну мен болжау деген екі түрлі көрсеткішті пайдаланатынын ескерген жөн.

Қасақаналықпен қылмыс жасаған адам өзінің әрекеті немесе әрекетсіздігінің сипатын ұғынады және қоғамға қауіпті зардабының болуы мүмкіндігі немесе міндетті түрде болуын болжай алады. Өзінің әрекетінің қоғамға қауіпті сипатын ұғынуы қасақаналықпен жасалатын қылмыстардан басқа қылмыстардың бәріне тән және ол кінәлі қылмысты жасап болғаннан кейін қарастырылады. Қылмыстың ниеті күні бұрын ойластырылған алдын ала дайындалған қылмыста адам өзінің әрекетінің қоғамға қауіпті екендігін қылмыс жасалғанға дейін ұғынады. Қоғамға қауіпті зардаптарды алдын ала болжай білу кінәлінің қоғамға қауіпті зардаптарының болу мүмкіндігі мен болмай қоймайтынын түсіне білуін шамалайды. «Болжаудың» «сезінуден» айырмашылығы біріншісі алдағы болатынды, яғни әрекет жасау нәтижесінде қоғамға қауіпті зардаптың алдағы уақытта болатынын білдіреді. Ниеттің жеке дербес жағының қажетті белгісі ретінде болжау нақты бір қоғамға қауіпті зардап келтіретін қасақаналықпен жасалатын қылмысқа тән.

Ниеттің екінші элементі – қоғамға қауіпті зардаптың болуын тілеуі немесе соған жол беруі, сол сияқты кінәлі психикасының еріктілік саласына жататын немқұрайлы көзқарасы. Осының біріншісінде, адам өз әрекетінің немесе әрекетсіздігінің қоғамға қауіпті зардаптарының болатынын болжай біліп, соның болуын қалайды. Ал екіншісінде, адам өзінің әрекетінің немесе әрекетсіздігінің қоғамға қауіпті зардаптарының болатынын болжай біліп, оның болу мүмкіндігіне саналы түрде жол береді не оған немқұрайлы қарайды.

Сөйтіп, ҚР ҚК 21-бабы ниеттің жалпы ұғымына түсінік беріп қана қоймай, ниеттің екі түрі: тікелей және жанама ниеттерге анықтама береді.

Тікелей ниет, адамның өз іс-әрекетінің (әрекетсіздігінің) қоғамға қауіпті екенін ұғынып, оның қоғамға қауіпті зардаптарыны мүмкін екенін немесе болмай қоймайтынын алдын ала болуын тілеуімен сипатталады.

Ниеттің өзіне тән элементерін түсіндіріп көрсетуде, заң шығарушы ең алдымен өзінің іс-әрекетінің қоғамдық қауіпті сипатын ұғынуды көрсетеді. Ұғыну – бұл жасалған қылмыстың нақты мән-жайларын ғана біліп қоймай, оларды қабылдай білуі.

Егер білу көбінесе есте сақтауға бағынатын болса, ал ұғыну мәселені түйсіну, ой елегінен өткізу барысын сипаттайды. Нақ осы ретте заң шығарушы «ұғыну» сөзін ниеттің өзіне тән сәттерін сипаттау үшін қолданған деуге болады.

Адамның өзінің іс-әрекетінің (әрекетсіздігінің) қоғамдық қауіптілік сипатын тани білді деп санау үшін оның келтірген зардаптарын ұғыну фактілерін бүге-шігесіне дейін емес, жалпы түрде анықтаса жеткілікті.

Заң шығарушы ниет мазмұнына адамның жасаған әрекетінің заңға қайшылығын қарастыра қоймаған. Егер адам өзінің іс-әрекеті (әрекетсіздігі) қылмыстық заңмен қорғалатын қоғамдық қатынастарға зиян келтіретін түсінсе, онда ҚР Қылмыстық кодексімен тыйым салынған әрекетті ұғынбауы мүмкін емес.

Қоғамға қауіпті зардаптарды алдын алау болжай білу өзінің әрекетінің (әрекетсіздігінің) нәтижесі туралы білетінін көрсетеді.

Адамның қоғамға қауіпті зардаптарды алдын ала болжай білуі іс жүзінде келтірілген зардаптардың белгісін болжауын ғана білдірмейді, сонымен бірге оның әлеуметтік мән-маңызын, яғни адам, қоғам және мемлекет үшін зиян келетінін ұғына білуін көрсетеді.

Тікелей ниетте адам қоғамға қауіпті зардаптардың болуы мүмкін екенін және болмай қоймайтанын ұғынады. Адамның жанды жеріне мылтықты тіреп қойып атуда кінәлі жәбірленушісінің сөз жоқ өлетінін алдын ала біледі. Ал егер кінәлі өзінің әрекетінің құрбанын белгілі бір қашықтықтан атқанда ол оның өлуі мүмкіндігін ғана болжайды. Сөйтіп, қоғамдық қауіпті зардаптарды алдын ала болжау адамның зардаптың болу мүмкіндігін ұғынуымен ғана емес, оның болмай қоймайтындығын алдын ала болжай білуімен көрінеді.

Тікелей ниет үшін, соедай-ақ кінәлінің өзінің алдын ала болжаған зардаптарының болуын қалауы, тілеуі қажет. Психология ғылымындағы қалау немесе тілеу мақсатты ұмтылыс ретінде анықталады. Бұл жерде қол жеткен қылмыс нәтижесі кінәлінің көздеген жалғыз ғана мақсаты (мысалы, кек алу үшін өлтіру) немесе басқа бір мақсатқа жетудің қажетті жолы болып табылады (мысалы, басқа қылмысының ізін жасыру мақсатында, осы жөнінде білетін адамды өлтіру).

Жанама ниет адамның өз іс-әрекетінің (әрекетсіздігінің) қоғамға қауіпті екенін ұғынуымен, оның қоғамдық қауіпті зардаптары болуы мүмкін екенін алдын ала білуімен, осы зардаптардың болуын тілемесе де, бұған саналы түрде жол берсе не бұған немқұрайды қарауымен сипатталады.

Жанама ниетте адам қоғамдық қауіпті зардаптардың болуы мүмкін екендігін ғана алдын ала болжайды. Алдын ала болжанған зардаптардың болу мүмкіндігінің дәрежесі жанама ниеттегіге қарағанда тікелей ниетте әлдеқайда жоғары. Тікелей ниеттегі адамға қарағанда жанама ниетпен әрекет етуші адамның айырмашылығы, ол қоғамдық қауіпті зардаптардың болуын тілемейді, ол соңғы немесе аралық мақсат болып табылмайды.

Адамның өз әрекетінің алдын ала болжаған зардаптарының болуын тілемеуі оған немқұрайды қарауына немесе оның қайтседе болуын тілемеуіне байланысты көрінуі мүмкін.

Қылмыстық зардаптардың болуы мүмкіндігіне саналы түрде жол беру субъектінің ойынша өзінің алдын ала болжаған іс-әрекетінің қылмыстық зардаптарының болдырудан (мейлі өзінің, мейлі басқа біреудің әрекетін немесе табиғаттың алапат күшін) ауытқу мүмкін емес болғанға дейін жалғасады.

Қылмыстық зардапқа саналы түрде жол беру адам тілеместен, «болса болар» деген нартәуекелге бел буып, алдына ала болжаған зардаптарының болмауы мүмкін деген қандайда бір кездейсоқтыққа бой ұрған жағдайда болады. «Болса болар, болмаса қойсын» дегенге сүйену – ештеңеге сенім артпау керек дегенмен бірдей. Сондықтан мұндай жағдайда адам қылмыстың нәтижесінің туындауына саналы түрде жол береді деп білу керек.

Қоғамға қауіпті зардаптың болатындығына кемқұрайды қарау кінәлінің аталған зардаптың болу-болмасына селқостық білдіруін, ерекше өзімшілдігін және қатыгездігін көрсетеді.

Мәселен, Г. мас күйінде, түнгі қараңғы бұрышта К.-ні сыртынан байқап қалады. Сөйтіп, оны тоқтатпақ болып, бұзақылық пиғылмен сыртынан мылтық атады. К.-нің ішіне оқ тиіп, жарақат алады.

Сот, Г. зардаптың болатындығына саналы түрде жол беріп, К-ның сыртынан оқ атқанда оны өлтіремін немесе денсаулығына ауыр зиян келтіремін деген ойда болмаған деп таныды. Міне осы әрекет жанама ниетпен жасалған деп танылады.

Тікелей және жанама ниеттердің араларын дәл айыра білу қылмыстырды дұрыс саралау үшін маңызы бар. Қасақаналық қылмыстардың көбісі тікелей ниетпен жасалу мүмкін, атап айтқанда, ұрлық (ҚР ҚК 188-б.), тонау (ҚР ҚК 189-б.) және басқалары. Сондай-ақ жанама ниетті дұрыс анықтау оны қылмыстық менмендік нысандағы абайсыздықтан айыра білу үшін маңызды.

Заңда қарастырылған тікелей және жанама ниеттерден басқа қылмыстық құқық теориясы мен сот тәжірибесі ниеттің өзге де түрлерін бөліп қарайды.

Мәселен, қалыптасу уақытына қарай күні бұрын ойластырылған және кенеттен туындаған ниет болып бөлінеді.

Күні бұрын ойластырылған ниет қылмыстық пиғылдың пайда болуы мен оны жүзеге асырудың, кейде тым ұзақ уақыт кезеңі арасымен сипатталады. Осы уақыт ішінде кінәлі адам жасайтын қылмысының жоспарын, оны жасаудың әдіс-тәсілдерін ойластырып қоюы да мүмкін. Күні бұрын ойластырылған ниетпен қылмыс жасаған адамның әрекеті көп жағдайда ниеті кенеттен туындаған адамға қарағанда әлдеқайда қауіптірек болады. Мұндай жағдайда барлық мән-жайды жан-жақты бағалағанда ғана соттың іс бойынша осы ниеттің мәнін дұрыс анықтауына мүмкіндік болады.

Ниет кенеттен туындаған кезде қылмыс жасау пиғылы да кенеттен пайда болады, яғни бұл кезде ниеттің туындауы мен оның жүзеге асуы арасында уақыт болмайды немесе мұндай уақыт мүлдем шамалы болады.

Күйзелген ниет, кенеттен туындаған ниеттің бір түрі бола отырып, өте қатты жан күйзелісі әсерінен пайда болады. Ниеттердің басқа түрлеріне қарағанда, бұл ниет кінәлінің өзіне немесе оның жақындарына қатысты жәбірленушінің шыдамы таусылып барып, заңға қайшы қарсы әрекет көрсетуі нәтижесінде пайда болады. Күйзелген ниет заң шығарушымен қылмыстың қоғамдық қауіптілігін төмендетуге, тиісінше жаза мөлшерін де елеулі түрде төмендетуге ықпал ететін мән-жай ретінде бағаланады. Мәселен, жәбірленушінің күш қолдануынан, қорлауынан немесе ауыр балағаттауынан не өзге де заңға қарсы немесе моральға жат іс-әрекетінен (әрекетсіздігінен) болған кенет пайда болған жан күйзелісі (аффект) жағдайында, сонымен бірдей жәбірленушінің жүйелі түрдегі заңға қарсы немесе моральға жат мінез-құлқына байланысты туындаған ұзаққа созылған психиканы бұзатын жай-күйде адам өлтіргені үшін жауаптылықты қарастырады. Осыған байланысты санкция үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге немесе алты айға дейінгі мерзімге қамауға немесе үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазалауды көздейді. Салыстарма үшін келтіретін болсақ, жәй ғана кісі өлтіргені үшін заң шығарушы жаза ретінде алты айдан он бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыру жазасын қарастырады.

Қоғамдық қауіпті зардаптарды алдын ала болжай білу дәрежесіне қарай қылмыстық құқық теориясында ниеттерді айқын (нақтыланған) және көмескі (нақтыланбаған) деп бөлу орын алған.

Айқын ниетте кінәлі нақты, дәлме-дәл нақтыланған қоғамға қауіпті зардаптарды алдын ала болжап біледі.

Айқын ниет, кінәлі өзінің жасалатын іс-әрекетінің нәтижесінде дәл айқындалған бір ғана қоғамдық қауіпті зардаптың (мысалы, жәбірленушінің өлімі) болатынын алдын ала болжап білген жағдайда **қарапайым** және адам алдын ала болжап білген қоғамға қауіпті бірнеше зардапты тілеген жағдайда **баламалы** болуы мүмкін (мысалы, жәбірленушінің денсаулығына ауыр зиян келтірілуі немесе өлімі).

Көмескі ниетте кінәлі өзінің қалаған зардаптарын алдын ала болжайды.

Мұндай ниет көбінесе жеке адамға қарсы қылмас жасағанда, атап айтқанда жәбірленушіні соққыға жыққанда қылмыскер өлтырып қоядан бастап денсаулығына жеңіл зиян келтіруге дейін бірқатар зардаптар келтіргенде болады. Көмескі ниетте кінәлі адам нақты келтірген зардабы үшін жауапқа тартылады.

Абайсыздық және оның түрлері. Қылмыс құрамының субъективтік жақтарының белгісі ретіндегі мақсат пен себеп ұғымы.

Қылмыстық заңнамаларда абайсыздықтағы кінә нәтижесінде немесе абайсызда келтірілген зиянның қасақаналықпен және абайсыздықта жасалатын қылмыстарды саралаушы белгілері болып саналғанда қоғамға қауіпті зиян келтіргені үшін жауаптылықты қарастыратын айтарлықтай санға ие болатын әртүрлі қылмыс құрамдары бар.

Кінәнің абайсыздық нысаны кінәнің қасақаналық нысанына қарағанда қауіптілігі аздау деп саналады. Дейтұрғанмен, абайсыздықта жасалған қылмыстардың келтіретін қоғамға қауіпті зияндары да жеткілікті, тіпті жекелеген қылмыс санаттары бойынша оның зияндары қасақаналықпен жасалған қылмыстардың зияндарынан асып түспесе кем емес.

Абайсыздықпен қылмыстық заңнамаларға белгілі бірқатар қылмастар жасалуы мүмкін. Мысалы, көлік қатынасы қызметкерлерінің абайсыздықтарынан темір жол, су көлігі, сондай-ақ автокөлік жұмыстары елеулі апаттарға ұшырап, жұмысқа нұқсан келтіруі мүмкін. Құрылыс саласындағы абайсыздық адам шығынан әкелуі, сол сияқты жарылу қауіпі бар цехтарда отты абайламай пайдалануда адам айтқысыз материалдық шығындар мен адам өліміне себепкер болуы мүмкін.

Егер адам өз іс-әрекетінің (әрекетсіздігінің) қоғамға қауіп туғызуы мүмкін екенін алдын ала білсе, бірақ бұл зардаптарды жеткілікті негіздерсіз жеңілтектікпен болғызбау мүмкіндігіне сенсе, не қажетті ұқыптылық пен сақтық болғанда ол зардаптарды болжап білуге тиіс және болжап біле алатын бола тұра өз іс-әрекетінің (әрекетсіздігінің) қоғамдық қауіпті зардаптарының

болуы мүмкін екенін болжап білмесе жасалған әрекет абайсызда жасалған қылмыс деп танылады

Қасақаналықпен жасалатын қылмысқа қарағанда абайсыздықта жасалатын қылмыста зардаптарға қолжеткізуге жігерленген бағыт болмайды, яғни болған зардап пен қылмыс субъектісінің мақсаты, ұмтылысы арасында байланыс болмайды деп айтуға болады.

Дегенмен, қасақана және абайсыздықтағы қылмыстар үшін кінәлінің қоғамдық талаптарға теріс көзқарасы ортақ болып табылады.

Абайсыздықта қылмыс жасау жекелеген адамдардың тәртіпсіздігімен, шалағайлығымен, салғырттығымен, салқтығымен, олардың сақтық тәртібіне, айналасындағылардың өмірі мен денсаулығына атүсті қарауымен, өзінің кәсіби міндеттерін орындауға көңіл қоймауымен, өзінің қабілетсіздігіне, тәжірибесінің, дәрежесінің, білімінің, денсаулығының сай келмеуіне қарамастан барлық міндетті өз мойнына артуымен түсіндіріледі.

Абайсыздықтағы қылмыстың заң жүзіндегі анықтамасы адамның қоғамға қауіпті зардаптарға психикалық қатынасы арқылы көрінетін материалдық құрамдар тұрғысынан құрылған. Осыған орай, зардаптың формальды құрамында қарастырылмағандықтан бұл анықтама формальды құрамдарды сипаттай алмайды.

Осы ойларды дамыта отырып, кінәнің абайсыздық түрі материалдық құрамдағы қылмыстарда ғана болады, ал формальды құрамдарда болмайды деген қорытындыға келуге болады. Мұндай ереже кінәнің абайсыздық нысанымен жасалған формальды құрамдағы қылмыстар үшін жазалауға жатпайтындық алғышарттарын қалыптастырған болар еді. Бұл белгілі бір әрекеттері үшін қылмыстық жауаптылықтан заңсыз босату жағдайына әкеп соқтырған болар еді.

Қылмыстың формальды құрамындағы кінәнің абайсыздық нысанындағы қоғамға қауіпті зардаптарға келетін болсақ, онда олар әрекеттің өзіне қосылады және құқықпен қорғалатын объектілердің мүдделерін, жай-күйін бұзатын нысанға айналады.

Абайсыздық менмендік түрінде (қылмыстық жеңілтектік) және немқұрайды түрінде болуы мүмкін.

Менмендік адамның өз іс-әрекетінің (әрекетсіздігінің) қоғамға қауіп туғызуы мүмкін екенін алдын ала білумен, бірақ бұл зардаптарды жеткілікті негіздерсіз жеңілтектікпен болғызбау мүмкіндігіне сенуімен сипатталады.

Заң жүзіндегі анықтамадан адам өзінің қылмыстың менмендігінде әрекетінің нақты мән-жайларын, себепті байланыстардың ұлғаятынын, әрекеті немесе әрекетсіздігінің әлеуметтік зиянды зардаптар туғызуға бағытталғанын ұғынатыны, алайда өзінің субъективті бағалауы бойынша күтілген қоғамға нақты факторлар мен жағдайға сүйенетіні көрініп тұр. Алайда, бұлай есептеу жеткілікті ойластырылмаған, жеңіл ойлы, жеткіліксіз негіз екені айқындалып тұр. Мысалы, мотоциклші, кез келген жағдайда жүрісті тежеп, бақытсыз оқиғадан құтылуға болады деген оймен, саналы түрде жүріс жылдамдығын үдете түседі. Алайда, дәл керек кезінде тежегіш тетік істен шығып, мотоциклші жолдан өтіп бара жатқан адамды қағып кетіп, оның денсаулығына зиян

келтіреді. Бұл жерде мотоциклші аталған зардаптың болып қалуы мүмкіндігін алдын ала болжады, бірақ жеткіліксіз негіздермен оның дер кезінде жолын кесемін деп жеңілтектік білдірді. Ол менмендік көрсетті.

Сөйтіп, менмендік былайша сипатталады:

а) өзінің әрекетіндегі қоғамға қауіпті зардаптарын алдын ала болжап білуімен;

б) зардаптарды жеткілікті негіздерсіз жеңілтектікпен болғызбау мүмкіндігіне сенумен.

Қылмыстық менмендіктің ойлау сәті тікелей, әсіресе жанама ниеттердегі ойлау сәтіне ұқсас, екеуінде де кінәлі өзінің әрекеті (әрекетсіздігі) салдарынан қоғамға қауіпті зардаптардың болатындығын алдын ала болжап біледі. Дегенмен, кінәнің осы нысандарындағы алдын ала болжау елеулі түрде айырмашылықта болады.

Қасақаналықпен қылмыс жасауда қылмыскер өз әрекетінің нақты зардаптарын алдын ала айқын болжап біледі. Менмендік кезіндегі қылмыстық зардаптар жалпы, абстрактілі түрде болжанады. Кінәлі өз әрекетінің (әрекетсіздігінің) шын мәнінде қоғамға қауіпті зардаптарға әкеп тірейтінін алдын ала болжағынымен нақ осы жағдайда сол зардаптар бола қалады деп ойламайды.

Менмендіктегі ойлау сәті адамның өз іс-әрекетінің (әрекетсіздігінің) қоғамға қауіп туғызуы мүмкін екенін алдын ала білуімен, бірақ бұл зардаптарды жеткілікті негіздерсіз жеңілтектікпен болғызбау мүмкіндігіне сенуімен сипатталады.

Немқұрайдылықпен жасалған қылмыс адамның қажетті ұқыптылық пен сақтық болғанда ол зардаптарды болжап білуге тиіс екендігімен және болжап біле алатын бола тұра өз іс-әрекетінің (әрекетсіздігінің) қоғамдық қауіпті зардаптарының болуы мүмкін екенін болжап білмеуімен анықталады.

Немқұрайдылықпен жасалған қылмыс бойынша мысал ретінде мына бір істі алып қарауға болады. Р. аң аулаудан Д. екеуі қайтып келе жатады. Машинада оқталған қосауыз мылтық болады. Машинаны күрт тежеп қалған кезде Р.-дің қолғабы мылтықтың шұрппесіне ілініп қалады да мылтық атылып кетіп, оқ машина жүргізіп келе жатқан Д.-ның жүрек тұсынан тиеді. Сот Р.-дың әрекетін абайсыздықта денсаулыққа ауыр зиян келтіру деп саралайды. Р. өз әрекетінің зардабын болжап біле алмады, бірақ ол ұқыпты және сақ болған болса, оны болжап білуге тиіс еді. Оның болған зардапқа психикалық қатысы салақтық нысанымен көрінеді.

Қылмыстық тың заң жүзіндегі анықтамасы келесідей негізгі белгілерді қарастырады:

а) адамның өз іс-әрекетінің (әрекетсіздігінің) қоғамдық қауіпті зардаптарының болуы мүмкін екенін болжап білмеуі;

б) адамның осы зардапты болжап білу міндеті мен мүмкіндігі.

Бірінші сәттегі (адамның өз іс-әрекетінің немесе әрекетсіздігінің қоғамдық қауіпті зардаптарының болуы мүмкін екенін болжап білмеуі) немқұрайдылық қасақаналық ниет (тікелей және жанама) пен менмендіктен айырмашылықта көрінеді, Екінші сәттегі (адамның осы зардапты болжап білу

міндеті мен мүмкіндігі) немқұрайдылық ол үшін адамды қылмыстық жауаптылыққа тартуға болмайтын кез келген кінәсіздікпен зиянды зардап келтіруден өзгешелікте болады.

Қылмыстық немқұрайдылықта кінә нысандарының бар екенін анықтау үшін адамның өз әрекетінің қоғамға қауіпті зардаптарының болатындығын болжап білуі үшін нені басшылыққа алатындығы жөніндегі мәселені шешіп алуы керек.

Қылмыстық құқық теориясы мен сот тәжірибесі осы мәселені шешуде екі өлшемдік негізді: объективті және субъективті өлшемді пайдаланады. Қылмыстық немқұрайдылықтың объективті өлшемі қоғамға қауіпті зардаптың болуын болжау мүмкіндігі дәл осындай жағдайда болған басқа адамның осындай зардапты болжай білумен көрінеді.

Объективті өлшемдік негіз адамның ойлау ерекшелігін есепке алмайды және осы адамның өз әрекетінің зиянды зардаптарының болу мүмкіндігін шын мәнінде болжай алуы жөніндегі сұраққа жауап бере алмайды. Сондықтан объективті өлшемдік негізді субъективті өлшемдік негізбен тығыз байланыстыра отырып қарастыру қажет.

Қылмыстық немқұрайдылықтың субъективті өлшемдік негізі қоғамға қауіпті зардаптың болуын болжау мүмкіндігі дәл осындай жағдайда болған осы адамның өзінің ойлау қабылеті, дамуы және біліктілігі арқылы осындай зардапты болжай білетіндігімен көрінеді.

Субъективтік өлшемдік негіз объективті міндет артуды болдырмайды. Сондықтан қылмыстық құқық немқұрайдылықтың субъективті өлшемдік негізіне шешуші маңыз береді.

Жасалған қылмыс құрамының субъективті жақтарының белгілерін анықтау сот-тергеу қызметінде іс жүзінде белгілі бір қиындықтар туғызады. Осыған байланысты, заң шығарушы ережені қарастырады: «Абайсызда жасалған әрекет ол Кодекстің Ерекше бөлімінің тиісті бабында арнайы көзделген жағдайда ғана қылмыс деп танылады». Мәселен, абайсыздықта денсаулыққа жеңіл зиян келтірілсе, онда адам қылмыстық жауаптылыққа тартылмайды, өйткені қолданыстағы заңнаманың Ерекше бөлімінің баптарында мұндай әрекет үшін жауаптылық қарастырылған қылмыстың құрамы жоқ.

Қылмыстың субъективтік жағына кінәнің міндетті түрдегі белгілерімен бірге қылмыстың себебі мен мақсаты кіреді.

Себептің ҚР ҚК Ерекше бөліміндегі нақты қылмыс құрамадарын бәрінде бола бермейтіндіктеріне байланысты бұл белгілер факультативті болып табылады.

Қылмыстың себебі – субъектінің қылмыс жасау кезінде басшылыққа алатын ішкі ниеті.

Себеп әртүрлі болады: пайда, кек, көре алмаушылық, қызғаныш, шенқұмарлық, бұзақылық пиғыл және тағы басқалар.

Себептің қылмыстық-құқықтық маңызы әр алуан болуы мүмкін.

Жекелеген қылмыс құрамының құралысында себеп қылмыс құрамының міндетті түрдегі белгісі ретінде енгізіледі. Мәселен, ҚР ҚК 96-бабының 2-бөлігіндегі «и» тармағында қарастырылған адам өлтіру қылмысының

құрамындағы себептің міндетті түрдегі белгісі бұзақылық ниет болып танылады. Субъективті жағының міндетті түрдегі белгісі белгілі бір себеп болған қылмыстар жайында сөз қозғағанда кінәлі іс-әрекет жасау кезінде тиісті себептің болмауы, не қылмыс құрамының мүлде болмағанын, не басқа қылмыс құрамының болғанын білдіреді.

Қалай дегенменде, себеп белгілі бір қылмыс құрамының субъективті жағының міндетті белгісі, яғни факультативті белгісі ретінде қарастырылмаған жағдайдың өзінде де жасалған қылмыстың себебін анықтау іс-әрекеттің қоғамға қауіптілік дәрежесі мен қылмыс жасаған адамның қоғамға қауіптілік дәрежесін анықтау үшін ерекше маңызы бар. Белгілі бір себеп кінәліге жаза тағайындаған кезінде не ауырлатушы мән-жай, жеңілдетуші мән-жай болуы мүмкін. Себеп, әсіресе іс жүзіндегі жұмыстар үшін өте маңызды. Себепті болдырмау қоғамға қауіпті қылықты болдырмайды.

Қылмыстың жекелеген кейбір құрамы олардың субъективтік жақтары кінәнің қасақаналық нысанында ғана емес, сонымен бірге қылмыстың жасаудың арнайы мақсаты ретінде құрылады деген ой туғызады.

Психологияда мақсат деп адамның белгілі бір жетістікке қол жеткізуі үшін алға қарай ұмтылуы танылады. Осыған мақсат алдағы болатын іс пен соған қол жеткізуге деген белсенді құлшынысты біріктіреді.

Қылмыстың мақсаты – адам арқылы қоғамға қауіпті іс-әрекетпен белгілі бір нәтижеге қол жеткізу.

Қылмыстың кейбір құрамдары үшін ол субъективтік жақтың міндетті белгісі болып саналса, енді біреулер үшін құрамның шегінен асып кетеді.

Заң шығарушының баптардың диспозицияларында қылмыстың мақсаттарын көрсетуі осы мақсаттар болмаған жағдайда қылмыс құрамының субъективті жақтарының жоқтығын, демек тиісті қылмыс құрамдарының жоқ екенін білдіреді. Сөйтіп, мұндай құрамдардағы қылмыстың мақсаты оларды саралауға ықпал етеді.

Себеп пен мақсат – қылмыстың субъективтік жағының өзара байланысқан және өзара шарттасқан белгілері. Себеп әрекеттің мақсатын тудырады, ал мақсат іс-әрекеттің себебін нығайта түседі. Мысалы, жалған ақша жасаудың себебі пайда табу да, жалған ақша жасаудың мақсаты оларды сату, сол сияқты жала жабудың себебі – көре алмаушылық, кек алушылық, жала жабудың мақсаты жала жабылған адамды қалайда соттату болып табылады.

Кінәнің қосарланған нысаны бар қылмыс

Субъективті айыптау қағидасына сәйкес, қылмыстық құқық субъекті кінәсінде өзінің жиынтығы бойынша сол қылмыстың құрамын құрайтын барлық мән-жайлары қамтылған әрекетті жасағанда ғана қылмыстық жауарқа тартуға жол береді. Мұндай шарт сол қылмыс құрамының қажетті болып табылатын мән-жайларына ғана емес, қылмыстық жауаптылықты ауырлататын саралаушы белгілер ретіндегі мән-жайларға да қойылады. Осыған байланысты, саралаушы белгілерге қатысты субъекті кінәсінің мазмұны туралы мәселенің

теориялық және практикалық маңызы бар. Бұл мәселенің дұрыс шешілуі қылмыстық істерді қарау кезінде заңдылықтарды сақтауға ыңғайлы жағдай туғызып, қоғам үшін қауіпті жасаған әрекеті үшін жауаптылықтың шегін белгілеуге мүмкіндік береді.

Ғалымдар, «қылмыс объектісі мен объективтік жақтарының белгісімен қатар субъективтік жақтардың мазмұнымен де кінәлінің қылмыстың саралаушы құрамдарына психикалық қатынасы қамтылады» негізді түрде атап өтті. Осы ережені дамыта келе Б.А. Куринов кінәнің түрлі нысандарының саралаушы белгілерге қатысты мүмкіндіктері туралы мынада қорытындығы келді: «Қасақаналықпен жасалған қылмыстарда адамның заң шығарушы құрам белгілерінің қатарына қосқан саралаушы мән-жайларға психикалық қатынасы мейілінше әралуан: бір құрамдарда тек қасақаналық қана, басқасында – тек абайсыздық, үшіншісінде қасақаналық та, абайсыздық та болуы мүмкін».

Көптеген заңгерлер, саралау белгілері үшін маңызы бар зардаптарға қатысты кінәні тек қана абайсыздықта көрінеді деген пікірді ұсынады. Қылмыстың сараланған түрлері жөнінде сөз қозғай отырып, Н. Ф. Кузнецова, «ауырырақ зардаптар, әдетте абайсыздықтағы кінәні арқалайды» деген пікірді айтады. Бұдан кейін В. Г. Макашвили, саралаушы зардаптар «әдетте» ғана емес, қашанда абайсыздықта ғана келтіріледі, деп кесіп айтты.

Сөйтіп объективтік жақтары күрделіленген қылмыс құрамдарын қарау кезінде кінәні жасалған қоғамға қауіпті әрекеттер бойынша ғана емес, жасалған қылмыс нәтижесінде келтірілген зардаптарға байланысты анықтау қажеттігі туындайды.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде жасалған кезінде, бір мезгілде кінәнің екі бірдей нысаны (қасақаналық пен абайсыздық) артылатын бірқатар қылмыстар бар. Белгілі бір қылмыстағы кінәнің мұндай нысаны әдебиеттерде аралас, қосарланған немесе күрделі нысандағы кінәлар деп аталады.

ҚР Қылмыстың кодексіне осы норманы енгізу бір қылмыстық қол сұғушылықтың субъективтік белгілері бір мезгілде кінәнің екі нысанымен сипатталған жағдайда (мысалы, жәбірленушіні абайсызда өлімге әкелетін жыныстық зорлау; жәбірленушіні абайсызда өлтіріп алған жасанды түсік жасау) қасақаналықпен және абайсыздықпен жасалған қылмыстық әрекеттердің арасын ажыратып алу қажеттігінен туындайды.

Осы сияқты барлық жағдайларда адамның қасақана әрекеті адамның ойлағанынан басқа ауырырақ зардаптарға әкеп соқтыратын жәйттер жиі болып тұрады.

Демек, кінәнің «қосарланған» (күрделі) нысаны заң шығарушымен адамның әрекетке ғана емес оның зардаптарына соның ішінде егер ондайлар болатын болса, жақын, тікелей, сондай-ақ болар-болмас зардаптарына психикалық қатынасын қатынасын толығырақ анықтау үшін қылмыстың жекелеген құрамдарын құруды қарастырған кезде пайдаланылады.

Кінәнің қосарланған түрімен жасалған қылмыстың мысалына мына бір қылмыстық іс материалдарын алып көрейік. Мәселен, А. бірге арақ ішіп отырып, жанжалдың салдарынан бөтелкелесі Н.-ның денсаулығын ауыр зиян

келтіру мақсатында оның қарнына асхана пышағын сұғып алады, нәтижесінде ол пышақ жарақатымен облыстық клиникалық ауруханаға түседі. Сот-дәрігерлік сараптама актісі бойынша Н.-ның өлімі.кеуде тұсы мен қарнындағы сұғылған-кесілген жарақат салдарынан ішек диафрагмасына зақым келуі нәтижесінде болған. Бұл жарақат ауруханаға түскенге дейін болған және өмірге қауіптілік белгісі бойынша денсаулыққа ауыр зиян келтіруге жатады. Кінәлінің әрекеті ҚР ҚК 106-бабының 3-бөлігі бойынша сараланды.

Бұл жағдайда іс-әрекеттің қоғамға қауіптілігін елеулі түрде көтеретін саралаушы белгі ретіндегі болар-болмас зардаптарға қатысты ниет жоқ деп айтуға болады. Жалпы мұндай қылмыстар қасақаналық санатқа жатады.

Бірінші түрі оны кінәлінің іс-әрекеті зардаптың абайсыздық қылмыстың салдарына болғанына қарамастан аяқталған қасақана қылмыс болып көрінуімен сипатталады (ҚР ҚК 106-бабының 3-бөлігі). Абайсыздықтаға қосымша ауыр зардап бұл жағдайда қасақаналықпен жасалған қылмыстың саралаушы мән-жайлары болып табылады. Екінші түрі қылмыстың материалдық жай құрамын қалыптастырады. Оның ерекше өзгешеліктері негізгі құрамда қылмыстық деп саналатын қоғамдық қауіпті зардаптарға жетелеген әрекеті қасақаналықты (саналылықты) білдіреді. Мысалы, құқықтың өзге салалары: әкімшілік, азаматтық, еңбек және басқа да құқықтармен белгіленген қауіпсіздік ережелерін бұзушылық. Бұл әрекеттер заңда қарастырылғандай меншікке, адамға және заңмен қорғалатын өзге де қоғамдық қатынастар мен мүдделерге заңда қарастырылған тиісті зардаптарға әкеп соқтырғанда ғана қылмыстық сипатқа ие болады.

Кінәнің қосарланған нысанын өте кең түсіндірмесінің екінші көрсетуі оны жақтаушылардың түрлі нысандардың үйлесуі ғана емес, белгілі бір кінә нысанының әралуан түрлерін қарастыруымен білінеді. Мәселен, В. Ф. Кириченко зардапқа қасақаналық қатынастың әрекетке абайсыздық қатынасына үйлесуімен басқа жағдайда кінәнің қосарланған нысаны қайткенменде үйлесім деп санады (тіпті «тікелей ниет – жанама ниет» түрлері). Ш.С. Рашковскаяның пікірінше, кінәнің қосарланған нысанын ниет пен ниеттің не абайсыздық пен абайсыздықтың үйлесімдері құрауы мүмкін. Шындығына келгенде, Ш.С. Рашковская соңынан мүмкін деген үйлесімдірдің қатарын тарылта түсті, сөйтседе, зардабы не қасақана не абайсызда келтірілетін қасақана жасалатын әрекеттегі, яғни зардапты қасақана келтіргенде қасақаналық пен қасақаналық үйлесетін әрекеттегі қосарланған кінәнің түрлерін жоққа шығарған жоқ.¹⁴

Қасақаналық пен қасақаналық не абайсыздық пен абайсыздық (олардың әртүрі болса да) үйлесімдері есебінен кінәнің қосарланған нысандарының мүмкін деген амалдарының тізімін кеңейту өзін-өзі ақтай қоймайды, өйткені мұндай үйлесімдер әрекетке деген психикалық қатынаста біртектілікті құрамайды.

Үшіншіден, кінәнің қосарланған нысанын бұлайша артығырақ түсіндіру оның шеңберіне тек қана әрекет пен оның зардаптарына психикалық қатынас қана қосылып қоймайды, қылмыс құрамының кез келген міндетті не саралаушы

¹⁴Советское уголовное право. Часть общая. – М., 1972. 172-бет.

белгілерінің қатынастары қосылады. Олар кінәнің қосарланған нысандарын қажетті қорғанудың шегінен шығумен адам өлтіруге де, кәмелетке толмағанды зорлауға да таратады. Мұндай қате қорытынды кінәнің өзі заңды түрде қарастырылмай, қасақаналық кезінде ұғыну пәнін құрайтын түрлі объективті мән-жайларға жалғыз ғана жеке көзқараспен қарау салдарынан туындап отыр.

Кәмелетке толмағанды зорлау қылмысы құрамындағы кінәнің қосарланған нысанын А.Н. Игнатов, В.Ф. Кириченко, В.Н. Кудрявцев және басқа авторлар қарастырды.

Бұл авторлардың көзқарастары заң әдебиеттерінде айтарлықтай елеулі сынға ұшырады. Кінәнің қосарланған нысанын адамның әрекеті мен зардабы арасындағы психикалық қатынасынан басқа жағдайларда тануға байланысты қарсы бағытталған сыни ескерпелердің мәні мынада: кінә нысандарының заң жүзіндегі анықтамасының негізіне іс-әрекетке (әрекетсіздікке) және оның қылмыстық зардабына психикалық қатынастың бірнеше жолдары алынғандықтан кінәнің қосарланған нысаны да қылмыстың объективтік жақтарының осы екі элементіне психикалық қатынаспен ғана анықтама беруге болады.

Қылмыс объектісіне жататын жәбірленушінің зорланған кезіндегі кәмелетке толмағандығын саралаушы мән-жайлар ретінде қарастыру мен кінәліні өз әрекетін ұғынған жағдайда ғана айыптауға болатындығы жөнідегі көзқарасты қолдауға болатын сияқты. ҚР Жоғарғы соты Пленумының 1993 жылғы 23-сәуірдегі «Зорлағаны үшін жауаптылықты реттейтін заңнамаларды соттардың қолдану тәжірибесі туралы» қаулысында да балиғатқа немесе кәмелетке толмағанды зорлағаны үшін жауаптылыққа тарту кінәлі өзінің жәбірленушісінің жасын білгенде не біле тұра қылмысқа жол бергені үшін тартылатындығы айтылған.

Қажетті қорғанудың шегінен шығуы кезінде қылмыс құрамындағы кінәнің қосарланған түрі мәселесін шешкенде осы қажетті қорғанудағы шектен шығып кетушіліктің өзі ондайға жатпайтынын ескеру керек. Мәселе адам өміріне немесе денсулығына нақты бір зиян келтіру жайында ғана көтерілуі керек. Осыған орай С.А. Тессман төмендегіше дұрыс атап өтеді: «Қажетті қорғаныс жағдайындағы адамның жауаптылығын қорғау тәртібі абайсыздықта шектен шығып кетуге емес, адамның өз мүддесін қорғау кезіндегі жағдайдың ерекшеліктеріне байланысты. Сонша қысылтаяң жағдайда қатердің ең аз жолымен шығып кете қою оңай емес».

Кінәнің қосарланған нысанының кең түсінігі тұжырымдамаларындағы бірқатар орын алған кемшіліктер кейбір ғалымдардың осы тұжырымдамаларға негіз болған көзқарастардың өзін жоққа шығаруға себеп болып отыр.

Осы сияқты қарама-қайшы көзқарастар кінәнің қосарланған нысаны ұғымының сипаты мен мазмұны туралы бірыңғай пікірге келуге мүмкіндік бермей отыр.

Өкінішке орай, құқық қолдану тәжірибесінде де кінәнің қосарланған түрі бар қылмыстарды дұрыс саралай алмау фактісінен арыла алмай отыр. Мәселен, осыған байланысты қылмыстың объективті жағының міндетті түрдегі белгісі ретіндегі себепті байланыстарды анықтап белгілеуге ерекше назар

аударылуда. Мәселен, қылмыскердің жәбірлеушінің қарнына пышақ салып, іш құрылысын зақымдау салдарынан, жәбірленуші 22 күннен кейін ауруханада қайтыс болады. Бұл жердегі уақыттың өткені зардаптың жасалған әрекетпен себепті байланыста болуында ешқандай рөл атқармайды. Бұған келесі мысал дәлел келтіре алады. Мәселен, пышақ жұмсаған Г.-ның әрекетінен М.-нің асқазанына ауыр жарақат түсіп, 3-айдан кейін екінші операция жасалған соң қайтыс болады. Бұл жердегі Г.-нің әрекеті ҚР ҚК 103-бабының 3-бөлігі бойынша, жәбірленушіні абайсызда өлімге әкеп соққан денсаулыққа қасақана ауыр зардап келтіру деп сараланады. Мұндай саралаумен келісе қоюға болмайды, өйткені сот мәжілісі барысында М.-ның өлімі операциядан кейінгі, ішуге болмайтын тамақ ішкендіктен ішекте ас өтпейтіндей ісіктің (перитонит) пайда болуы салдарынан келген деп қорытынды жасаған. Сондықтан М.-ның өліміне қатысты әрекет пен өлімнің арасында себепті байланыстың болмағандығынан оны ҚР ҚК 106-бабының 1-бөлігі бойынша саралау керек еді. Сөйтіп, күрделі істің негізгі құрамындағы әрекет пен зардаптың арасындағы себепті байланыстың болмауы, материалдық нәтижесімен саралануы кінәліні қатаңырақ жаза қарастыратын баппен жауапқа тартуды болдырмайды.

Сот-тергеу тәжірибесін талдау қасарланған нысандағы кінәнісі бар қылмысты саралауға көбінесе тән қателіктер келтірілген зардапқа қатысты кінәнің нысаны кінәлінің жасаған қылмысының басталуы мен туынды зардаптың пайда болуы арасындағы уақыт аралығымен анықталатындығын көрсетеді. Егер туынды зардап қылмыстың негізгі құрамы бар әрекетті кінәлі орындаған кезде бірден туындаса, онда жасалған әрекет қасақаналық қылмыс ретінде сараланады. Уақыт аралығы ұзақ болған жағдайда, сот-тергеу органдары туынды зардапта кінәлі абайсыздық танытқан деп санайды.

Уақыт факторына шешуші мән беру жағдайды бағаламаушылық, ал кейде кінәнің мазмұны мен сипатын ашатын өзге мән-жайларды елемеушілік, сөз жоқ кінәлінің әрекетін қате саралауға әкеп соқтырады. Мәселен, О. өзінің үш жолдасымен бірге бір кафенің ауласында бұзақының пиғылмен Я.-ны ұра бастайды. Осы кезде О. Кеудесінен төмен екі рет қатты соққы береді. Соның салдарынан жәбірленушінің қабырғасы сынып, өкпесі мен іш құрылысы жарақаттанады. 2 ай 11 күннен кейін бірнеше операция жасалғанына қарамастан Я. қайтыс болады. Қылмысты саралауды ҚР ҚК 106-бабының 3-бөлігі бойынша саралауды негізге ала отырып және кінәлінің Я.-ны өлтіру ниетін жоққа шығарып, сот өз үкімінде «өлімнің 2 ай 11 күннен келегеніне» сілтеме жасаған. Осы істі қадағалау ретімен қараған жоғары тұрған сот мұндай дәлелмен келісе қоймай, сотталушы жәбірленушінің өміріне маңызды ағзасына екі рет пышақ салған деп ұйғарады. «Кінәлінің ниеті жәбірленушіні өмірінен айыруға бағытталағанын айғақтайтын мұндай әрекет, – деп көрсетіледі іс бойынша анықтауда, – денсаулыққа ауыр зиян келтіру ретінде бағалануы тиіс емес. Жәбірленуші Я.-ның пышақтан алған жарақатынан бірнеше айдан кейін қайтыс болуы кінәлінің жәбірленушіні өлтіру ниеті болған жағдайда оның әрекетін ҚР ҚК 99-бабы бойынша саралауға әсер ете алмайды.

Денсаулыққа ауыр жарақат салудың артынша келген өлім кінәлінің ойында кісі өлтіремін деген ниеттің абсолютті көрсеткіші бола алмайды.

Мәселен, Б. бірге спирттік ішімдік ішіп отырып, тұрмыс салдарынан туындаған жанжал кезінде өзінің ашынасы Д.-ны қасақаналықпен денесін тепкілеп, басынан ұрғылап, соққыға жығады. Сот-дәргерлік зерттеудің актісі бойынша өлген жәбірленушінің денсаулығына мынадай ауыр зиян келтірілген: бас сүйегі мен миына зақым келген, соның салдарынан оның миына қан кетіп өлген. Осы жердегі Б.-ның әрекеті ҚР ҚК 106-бабының 3-бөлігімен сараланады.

Сөйтіп, кінәнің қосарланған (күрделі) нысаны институтынын қолдану жасалған әрекетте қылмыс құрамының бар немесе жоқ екенін анықтау мен қылмыстарды жіктеу, сондай-ақ қылмыстарды бір-бірінен ажрата білу үшін аса маңызы бар.

8.Қасақана қылмыс жасау сатылары.

Тікелей ниетпен қылмыс құралдарын немесе қаруларын іздестіру, әзірлеу немесе бейімдеп жасау, қылмысқа қатысушыларды іздестіру, қылмыс жасауға сөз байласу не қылмыс жасау үшін өзге де қасақана жағдайлар жасау, егер бұл орайда қылмыс адамның еркіне байланысты емес мән-жайлар бойынша ақырына дейін жеткізілмесе, қылмысқа дайындалу деп танылады (ҚК 24-б. 1-бөл.).

Кең мағынада қылмысқа дайындалу деп қылмыс жасау үшін қолайлы жағдайлар жасауға бағытталған кез келген қасақана іс-әрекетті айтамыз.

Мысалы, кісі өлтіру үшін қару алу, ұрлық жасау үшін ғимаратқа кіретін орынды шолу, қылмысқа қатысушыларды іздестіру, жасанды ақшаларды басып шығару үшін таңба дайындау және т. б.

Дайындалу әрекеттері заңмен қорғалатын қоғамдық қатынастарды тікелей қауіптілікке қоймайды, олар тек қылмыстық нәтижеге болашақта жету мүмкіндігіне жағдай ғана жасайды. Дайындалу — адамның қылмыстық ойын іске асыруындағы алғашқы кезеңі.

ҚК 24-б. 1-бөлігінде көрсетілгендей, дайындалудың объективтік жағы келесі әрекеттердің біреуін жасаудан тұрады:

а) қылмыс құралдарын немесе қаруларын іздестіру, әзірлеу немесе бейімдеп жасау;

б) қылмысқа қатысушыларды іздестіру;

в) қылмыс жасауға сөз байласу;

г) қылмыс жасау үшін өзге жағдайлар жасау.

Қылмыс жасау қарулары ретінде атыс не суық қару, сондай-ақ ойластырылған қылмыста қолданылуы мүмкін нәрселер танылады.

Қылмыс жасау құралдары болып қылмыс жасауды жеңілдету үшін қолданылуы мүмкін әр түрлі нәрселер мен құрылғылар табылады (жасанды құжаттар, мөр, улы заттар, ұйықтататын нәрселер және т. б.).

Іздестіру деп қылмыс жасау үшін құралдар немесе қаруларды алудың кез келген әдісін айтамыз. Бұл орайда іздестіру әдісі заңды да, сондай-ақ заңсыз да болуы мүмкін (мысалы, қылмыс жасау қаруын не құралын сатып алу, уақытша біреуден алу немесе ұрлап алу және т. с. с.).

Өзірлеу — бұл нәтижесінде қылмыс жасауда қолдануға дайын қару не құрал алынатын кез келген іс-әрекеттер.

Қылмыс жасау қарулары мен құралдарын биімдеу деп оларды қылмыс жасауда қолданылатындай түрге не жағдайға келтіруді айтамыз (мысалы, кісі өлтіру үшін темір нәрселерді үшкірлеу, кілттер дайындау және т. б.).

Қылмысқа қатысушыларды іздестіруді адамдарды қылмыс жасау үшін іздеумен және тартумен байланысты кез келген әрекеттер құрайды.

Қылмыс жасауға сөз байласу қылмысты бірігіп жасау жөнінде алдын ала келісіммен, шарттасумен сипатталады.

Қылмыс жасау үшін өзге жағдайлар жасау деп аталған дайындалу әрекеттері түрлерімен қамтылмайтын, бірақ қылмыс жасауда қолайлы мүмкіндік туғызатын әр түрлі әрекеттерді айтамыз.

Жағдай жасау деп, мысалы, болжаған қылмыс орнын шолу (күзетілетін ұрлық объектісінің кіре берісін мұқият қарау, қарауыл ауысу жүйесін білу), қылмыс жасау кезінде қиындық ететін кедергілерді жою (итті өлтіру, электр құралдарын бүлдіру) және т. б.

Дайындалу әрекеттері әр түрлі болғанымен, олардың жалпы белгілері бар. Атап айтқанда, олардың барлығы қылмысқа дейін болады. Бұдан басқа, қылмыс жасауға оқталуға қарағанда қауіптілігі онша емес. Бұл жөнінде, ҚК 24-б. 2 және 4-бөліктерін салыстыра отырып, күмән тумайды.

Кейде бірдей әрекеттер әр түрлі жағдайларда дайындалу, не оқталу ретінде қарастырылуы мүмкін. Мәселен, ұрының жәбірленуші пәтерін кіруі ұрлыққа оқталу ретінде қарастырылады, ал кісі өлтіру мақатымен пәтерге кіруі өлтіруге дайындалу ретінде саралаған жөн.

Сот-тергеу тәжірибесін зерттеу қылмысқа дайындалғаны үшін қылмыстық жауаптылыққа салыстырмалы сирек жағдайларда тартылатынын көрсетеді. Бұл бірнеше негіздермен түсіндіріледі. Біріншіден, дайындалу бойынша қылмыскерлердің қылмыс жасауға қасақана ойын әр уақытта анықтау мүмкін емес (мысалы, балта кісі өлтіру үшін емес, ағаш жаруға сатып алынған шығар). Екіншіден, дайындалу субъектінің қылмыс жасау ойы түйінді шешімге келгенін әр уақытта дәлелдей бермейді. Дайындалу әрекеттерін жасап, қылмыскер әрі қарай қылмыс жасаудан бас тартуы мүмкін.

Қылмысқа оқталу. Оқталудың түрлері.

ҚК 24-б. 3-бөлігіне сәйкес тікелей қылмыс жасауға тура бағытталған ниетпен жасалған іс-әрекет (әрекетсіздік), егер бұл орайда қылмыс адамға байланысты емес мән-жайлар бойынша ақырына дейін жеткізілмесе, қылмыс жасауға оқталу болып танылады.

Демек, оқталу кінәлінің әрекеттері қылмыс жасауға тікелей бағытталумен сипатталады. Осымен оқталу дайындалудан ажыратылады, дайындалуда тек қылмыс жасауға жағдай жасалады, бірақ әрекет қылмыс жасауға әлі бағытталған жоқ.

Мәселен, кінәлі кісі өлтіру мақсатымен жәбірленушіге оқ атып, доп кетуі, не атуға бел байлағанда, біреу кедергі жасауы оқталу ретінде қарастырылады.

Оқталу ретінде мына әрекеттерді де есептеуге болады: ұрлау мақсатымен дүкеннің есігінің құлпын бұзу; өлтіру мақсатымен біреудің басынан асырып пышақ лақтыру және т.б.б. Алайда барлық осы жағдайларда қылмыс ақырына дейін кінәлінің еркінен тыс себептермен жеткізілмейді (қылмыскер өлтіру мақсатымен жәбірленушіге у берді, бірақ зат жеркіліксіз улы болды, не мөлшері аз болып кісі өлімі болған жоқ).

Оқталу құрылысы бойынша материалдық қылмыс құрамдарының барлығында болуы мүмкін, яғни аяқталған қылмыс қылмыс құрамы нақты зардаптардың тууын талап етеді. Көп жағдайларда мұндай қылмыстарға оқталу әрекет арқылы жасалады, ал кейде әрекетсіздік арқылы да жасалуы мүмкін (мысалы, жас сәбиді өлтіру мақсатымен анасының тамақтандырмауы; қызметі бойынша электр тоғын сөндіру тиіс азамат, өрт болуы үшін, солай жасамайды).

Оқталу кейбір формальдық құрамдарда да болуы мүмкін. Формальды құрамдарда оқталудың ерекшелігі бұл кезде оқталу тек әрекетпен ғана жасалуы мүмкін (пара алу, зорлау және т. б.).

Объективтік жағы барлық белгілермен қамтылған аяқталған қылмыстан айырмашылығы, оқталуда қылмыстық нәтиже болмайды, не іс-әрекет толығымен орындалмайды.

Материалдық құрамды қылмыстарға оқталу кезінде зардап тумайды деп айтқан кезде, бұл ешқандай зардап болмайды деген сөз емес. Зардап болуы мүмкін, бірақ өзге, қылмыскер тілеген емес. Мысалы, кінәлі адамның өмірін қию үшін оқ атты, бірақ денсаулыққа зиян келтірді. Бұл жағдайда кісі өлтіруге оқталу орын алып тұр, яғни адам жасағысы келген қылмысқа оқталу.

Формальдық қылмыс құрамдарында оқталу заңда көрсетілген әрекеттер толығымен орындалмаған жағдайда да болуы мүмкін. Айталық, егер ұсынылған пара қабылданбаса, пара берушінің әрекеттері пара беруге оқталу болып саралануы қажет, ал делдалдың әрекеттері — делдал болуға оқталу. Егер келісілген пара пара алушының еркінен тыс мән-жайларға байланысты алынбаса, кінәлінің іс-әрекетін пара алуға оқталу ретінде саралануы тиіс.

Белгілі бір қылмысқа оқталу кезінде жасалған әрекеттер дәл кінәлінің қасақаналық ойын іске асыруға бағытталғанын анықтау қажет. Егер адамның әрекеттері басқа бағытта болса, онда оларды жасау қылмысқа оқталу болып саналмайды.

Қылмысқа оқталу субъективтік жағынан тек тікелей қасақаналықпен сипатталады. Бұл былай түсіндіріледі, оқталу кезінде кінәлі әрқашан саналы және мақсатты әрекет етеді.

Қасақаналықтың анық ой түрімен жасалатын оқталу (қылмыстық нәтиже қылмыскердің санасында нақты анықталмаған жағдайда) жөнінде мәселе арнайы көңіл бөлуге тұрарлық.

Тәжірибеде бұл мәселенің адамның денсаулығына оқталған кезде ерекше маңызы бар. Жәбірленушіге денсаулығына зиян келтіремін деп оқтала отырып, қылмыскер өз санасында денсаулығына ауыр, орташа ауырлықтағы немесе жеңіл зиян келтіргенін алдын ала нақтыламауы да мүмкін.

Бұл жағдайда жауаптылық туралы сурақ былай шешіледі:

1. Егер анықталмаған қасақаналық кезінде белгілі бір ауырлық-тағы зиян

келсе, онда адам нақты келтірілген зиян үшін аяқталған қылмыс ретінде жауап беруі қажет.

2. Егер зардап тумаса, бірақ оны туғызуға әрекет етсе, онда кінәлі денсаулыққа жеңілірек зиян келтіруге оқталғаны үшін жауапқа тартылуы қажет (себебі аяқталған қылмыс кезінде де, денсаулыққа жеңіл зиян келтірген жағдайда, жауаптылық дәл осы зиян келтірген үшін туатын еді).

Балама қасақаналықпен жасалған оқталу үшін жауаптылықты анықтаған кезде мәселе сәл басқаша шешіледі.

Балама қасақаналықта кінәлі өзі болжаған қылмыстық нәтижелердің қандай да біреуінің тууына жол береді, және кез келген нәтиженің тууын бірдей тілейді.

Егер мұндай жағдайда болжаған зардаптардың жеңілдеуі туса, онда адам басқа ауырырақ зардапқа оқталғаны үшін, ондай зиян келмесе де, жауаптылықтан босатылмайды, себебі ол оның тууын тіледі. Мәселен, егер кімде-кім басқа біреуді өлтіруге немесе кем дегенде жарақаттауға бел бұса, ал шынында тек жарақаттап қана қойса, онда ол жауаптылыққа тек жарақаттағаны үшін ғана емес, сондай-ақ кісі өлтіруге оқталғаны үшін де тартылуы мүмкін.

Сөйтіп, кінәлінің әрекеттері оқталу болып танылады, егер олар:

1) қылмыс жасауға тікелей бағытталса, яғни кінәлі объекте қол сұғуды жүзеге асырды немесе жүзеге асыра бастады;

2) бұл әрекеттер кінәлінің қасақаналық ойы бағытталған қылмыстың объективтік жағының белгілері толық құрамаса, яғни кінәлі қылмысты ақырына дейін жеткізбеді;

3) кінәлі қылмысты өз еркінен тыс себептермен ақырына дейін жеткізбеді

Қылмыстық құқықта қылмысқа оқталуды аяқталған және аяқталмағанға бөледі

Аяқталмаған деп адам өз ойын іске асыру үшін қажетті деп есептейтін бүкіл әрекеттерді жасап үлгермеген оқталуды айтамыз. Мысалы, Ұры пәтерден ұрлық жасаймын деп терезенің алдына баспалдақ қойып, аттап өте бермекші болғанда, ұсталды.

Аяқталған деп адам өз ойын іске асыру үшін қажетті деп есептейтін бұл әрекеттерді жасап үлгерген, бірақ қандай-да бір себеппен нәтиже тумай қалған оқталуды айтамыз. Мысалы, ұры ақша ұрлау мақсатымен қызмет жайына кіріп, сейфті бұзды, бірақ онда ақша болмады.

Сөйтіп, аяқталған және аяқталмаған оқталудың арасында айырмашылық мынада:

- аяқталған оқталуда кінәлі қылмыстық нәтиже тууы үшін қажет дегеннің бәрін жасайды, бірақ зардап оған тәуелсіз мән-жайларға байланысты тумайды;

- аяқталмаған оқталу кезінде кінәлі қылмыстық нәтижеге жетуі үшін қажетті деп санайтын барлық әрекеттерді жасамайды.

Оқталуды аяқталған және аяқталмаған деп бөлудің теоретикалық та, тәжірибелік те маңызы бар. Аяқталған оқталудың, әдетте, аяқталмағанмен

салыстырғанда қоғамға қауіптілігі артығырақ. Бұл мән-жай кінәліге жаза тағайындаған кезде сотпен ескеріледі.

Сонымен қатар, оқталуды аяқталған және аяқталмағанға бөлудің қылмыс жасаудан өз еркімен бас тарту жөнінде сұрақты дұрыс шешуде маңызы зор.

Аяқталған оқталуды аяқталған қылмыстан мұқият ажырату қажет. Аяқталған қылмыстан айырмашылығы, аяқталған оқталуда кінәлінің тілеген нәтижесі ешқашан тумайды.

Қылмыстық құқық теориясында оқталудың тағы да бір түрі ретінде жарамсыз оқталу қарастырылған. Оны, өз кезегінде, жарамсыз құралдармен оқталуға және жарамсыз объекте оқталуға бөледі.

Жарамсыз құралдармен оқталу деп кінәлі объективті түрде қылмысты аяқталуына жеткізе алмайтын және қылмыстық нәтиже туғыза алмайтын құралдарды қолданатын жағдайларды айтамыз.

Н. Ф. Кузнецова өз монографиясында жарамсыз құрал мен оқталуға мынадай мысал келтірген: Е. заңсыз аборт жасау мақсатымен екі әйел адамға өзі дайындаған, шын мәнісінде ұрықты шығаруға жарамсыз, сұйық қоспаны құйған, бұл жөнінде өзі білмеді Е. қылмыстық абортқа оқталғандығы үшін жауапқа тартылған.

Жарамсыз құралдармен оқталу жауаптылықтан босатылмайды. Бұл жағдайда жауаптылық шындық қателік ережелерімен шешіледі.

Дегенмен, қолданылған құралдардың жарамсыздығы барлығына айдан анық болса (мысалы, бақсылық, қарғау сияқты басқа да сенушілік құралдарын қолдану), кінәлінің әрекеттері қоғамға қауіпті деп есептелмейді және қылмыстық жауаптылық туғызбайды.

Жарамсыз объекте оқталу деп субъектінің әрекеттері оқталу кезінде орнында жоқ объектіге немесе бар, бірақ айыпты тілеген нәтиже тумайтындай қасиеттерге не объектіге оқталуды айтамыз. Мысалға, тірі деп ойлап, өлі адамға оқ ату; бос қалтадан ұрлық жасауға оқталу және т. б.

Жарамсыз объекте оқталуда, жарамсыз құралдармен оқталудағы сияқты, әдетте, (жалбарыну мен сенушіліктен басқа жағдайларда) қылмыстық жауапқа тартылады.

Аяқталған қылмыс сатысы

Егер адам жасаған әрекетте ҚК-те көзделген қылмыс құрамының барлық белгілері болса, қылмыс аяқталған деп танылады (ҚК 25-б.).

Нақты қоғамға қауіпті іс-әрекетте аяқталған қылмыс белгілері бар-жоғы туралы сұрақты шешу үшін, ең алдымен осы қылмыстың ҚК Ерекше бөліміндегі анықтамасына көңіл қажет.

Материалдық құрамды қылмыстардың аяқталу сәті заңда көрсетілген зиянды зардаптардың тууымен байланыстырылады. Айталық, кісі өлтіру (ҚК 96-б.) аяқталған қылмыс болып жәбірленушінің өмірі кесілген сәттен бастап сана лады. Ұрлық (ҚК 188-б.) аяқталды деп бөтен мүлікті иемденген сәттен есептеледі

Формальдық құрамды қылмыстарда іс-әрекет аяқталды деп заңда көрсетілген қоғамға қауіпті әрекеттерді жасаған сәттен, әрі қарай кінәлінің

мінез-қылығынан қандай зардап келуінен тәуелсіз, саналады. Айталық, қорлау аяқталған қылмыс болып басқа адамның ар-намысы мен қадір-қасиетіне әдепсіз түрде кемсіткен сәттен бастап танылады.

Қылмыстық заңда қылмыс аяқталу сәті қылмыстық іс-әрекет дамуының ертерек сатысына — қылмысқа оқталу, тіпті дайындалу — көшірілетін қылмыс құрамдары да кездеседі. Мұндай қылмыс құрамдары қылмыстық құқық теориясында қысқартылған қылмыс құрамдары атауына ие болды.

Мұндай қылмыс құрамдары қатарына, мысалы, мемлекет немесе қоғам қайраткерінің өміріне қастандық жасау, бандитизм. Айталық, бандитизм құрамы заңда азаматтарға немесе ұйымдарға шабуыл жасау мақсатында тұрақты қарулы топ (банда) құру, сол сияқты осындай топты (банданы) басқару деп анықталған. Осыған сай, бандитизм аяқталған қылмыс ретінде тұрақты қарулы топ құрған сәттен-ақ, яғни қылмыскер заңмен қорғалатын қоғамдық қатынастарға нақты зиян келтірмей-ақ, қылмысқа дайындалу сәттен бастап есептеледі.

Заң әдебиетінде "қысқартылған қылмыс құрамдарына" қарсы шешімді түрде профессор А. Н. Трайнин пікір білдірді. Ол былай дәлелдедік "құрам әрқашан біреу және заң бойынша құралатын нақты элементтермен әруақытта "толық"¹.

Әдебиетте, сонымен қатар, "қысқартылған құрам" қолайсыз терминологияға деп айтылған. Профессор Н. Д. Дурманов, мысалы, мұндай құрамдарды "қысқартылған" емес, "қылмыс аяқталу сәті қылмыстық іс-әрекет дамуының ертелеу сатысына, яғни дайындалуға не оқталуға, ауыстырылған қылмыстар құрамдары", - деп атауды ұсынды.

Бұл ұсыныс, біздің ойымызша, мәселе мәнін өзгертпейді. Маңыздысы, мұндай құрамдар кездеседі және оларды қылмыстық құқық теориясы саласындағы заңгер-ғалымдар (В. Д. Меньшагин, А. А. Пионтковский, М. Д. Шаргородский және т. б.) жоққа шығармайды.

Осы орайда еске ала кететін жәй, "қысқартылған құрам", кез келген бөтен ғылыми ұғым сияқты, шартты түрде алынған.

Заң аяқталған қылмыс белгілерін белгілеген кезде, әдетте, тек қана ең қажетті қоғамға қауіпті әрекеттерді және зардапты, не кінәліні белгілі бір қылмыс үшін қылмыстық жауаптылыққа тартуға негіз беретін тек ең қажетті ғана қоғамға қауіпті әрекеттерді көрсетеді. Алайда, кейде мынадай жағдайларда да кездеседі, айталық кінәлі, осындай әрекеттерді жасай отырып, осы қылмыстың құрамында аталмаған қандай да бір мақсаттарға жетуге талпына отырып, қылмыстық іс-әрекетті жалғастыра береді. Мысалы, ұры, бөтеннің мүлкін иелене отырып, сөйтіп, ұрлықтың құрамын орындай отырып, кейін ұрлаған нәрсені сатады. Мұндай іс-әрекет, әдетте, саралауға әсер етпейді, жаза тағайындау кезінде ескерілуі мүмкін.

Дегенмен, қылмысты жалғастыру кезінде кінәлінің іс-әрекетінің құқылық бағасын өзгертетін, басқа, ауырырақ, қылмыс құрамын құрайтын әрекеттер жасалуы мүмкін. Айталық, мәселен, 14 жасқа толмаған қыз балаға қатысты азғындату әрекеттерін жасау осындай жәбірленушіні зорлауға ұласып кетуі мүмкін. Бұл жағдайда кінәлі іс-әрекет ауырырақ қылмысты көздейтін баппен

сараланады (керсетілген мысалда — ҚК 120-б. 3-бөл. "3"-тарм.). Егер қылмыстық іс-әрекеттің жалғасы сипаты бойынша тағы мүлдем басқа қылмысты құраса, онда мұндай әрекеттер өз алдына дербес сараланады.

9. Қылмыстық құқық бұзушылыққа қатысу.

Қылмыстық құқық бұзушылық - бір адам арқылы немесе бірнеше адамның бірлесуі арқылы істелуі мүмкін. Бірнеше адамның қылмыстық құқық бұзушылық істеуінің нәтижесінде істелген қылмыстың мәні, одан туындайтын зиянның мөлшері де жеке дара адам істеген қылмыстық құқық бұзушылыққа қарағанда едәуір өзгереді және мұндайда қылмыстық құқық бұзушылық істегені үшін жауапты болатын адамдардың санын тура анықтау қажеттілігі туындайды. Сондай-ақ бұл адамдардың жауаптылығының негізі мен шегін, олардың әрқайсысының бірлесіп қылмыстық құқық бұзушылық істеудегі кінәсінің мәні мен дәрежесіне қарай салыстыру, әрбір қылмыскердің жеке тұлғасының ерекшеліктерін анықтаудың маңызы зор.

Қылмыстық құқық бұзушылыққа қатысу институты ғана осы мәселелерді анықтауға толық мүмкіндік тудырады. Жаңа қылмыстық заңда қылмыстық құқық бұзушылыққа бірлесіп сыбайластықпен қатысудың 107 ұғымы, оған қатысушылардың (орындаушылар, ұйымдастырушылар, айдап салушылар мен көмектесушілер) жекелеген іс-әрекетін сипаттайтын белгілер және оларға жаза тағайындаудың негізгі қағидалары, сондай-ақ қылмысқа қатысу нысандарының анықтамасы берілген (ҚК-нің 27, 28, 29, 31-баптары).

Қылмыстық құқық бұзушылыққа қатысу қылмыстық құқық бойынша қылмыс істеудің ерекше нысаны ретінде қарастырылады, өйткені жеке-дара қылмыстық құқық бұзушылықты жасауға қарағанда, қылмыстық құқық бұзушылықты осы нысанда істеудің қауіптілік дәрежесі және келтіретін залалы да зор. Бірнеше адамның күш біріктіріп бір немесе бірнеше қылмыстық құқық бұзушылықты істеуі олардың - қатысушылардың өзара бірін-бірі қолдауы, қылмыстық құқық бұзушылықты істеуді жеңілдетіп қана қоймайды, сонымен бірге қылмыстық заң қорғайтын қоғамдық қатынастарға үлкен қауіп келтіреді немесе соны келтіру қаупін туғызады.

Қылмыстық құқық бұзушылық істеу - ді осылай жүзеге асыру қылмысты іс-әрекеттің өзін жоюға, қайсыбір жағдайларда бір адамның қолынан келмейтін қылмыстық құқық бұзушылықты істеуді дайындауға немесе жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Көптеген ауыр қылмыстық құқық бұзушылықтарды, атап айтқанда, бөтен біреудің мүлкін өте көп мөлшерде талан-таражға салу, валюталық операциялар жөніндегі ережелерді бұзу, паракорлық, әйел зорлау, кісі өлтіру сияқты қылмыстық құқық бұзушылық бірлесіп істеу арқылы жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасында қылмыстық құқық бұзушылыққа сыбайлас қатысудың ұғымы Қазақстан Республикасының 2014 жылы қабылданған Қылмыстық кодексінің 27-бабында «Екі немесе одан да көп адамның қасақана қылмыстық құқық бұзушылық жасауға қасақана бірлесе қатысуы қылмыстық құқық бұзушылыққа сыбайлас қатысу деп танылады», - делінген. Қылмыстық

құқық бұзушылық істеудің ерекше нысаны болып табылатын қылмыстық құқық бұзушылыққа қатысудың өзіндік объективтік және субъективтік белгілері бар. Қылмыстық құқық бұзушылыққа қатысудың объективтік жағының бір белгісі бір қылмыстық құқық бұзушылыққа екі немесе одан да көп адамдардың сыбайластықпен қатысуы болып табылады. Бұл жерде қатысушылардың бәрінің есі дұрыс, қылмыстық заң бойынша жауап беретін жасқа толған болуы қажет. Есі дұрыс емес адамды не- се қылмыстық жауап беру жасына толмаған жасөспірімдерді қылмыс істеуге пайдалану қылмыс жасаудың құралдары болып саналады, сол себептен ол қылмысқа сыбайластықпен қатысу болып саналмайды.

Ондай адамдарды қылмыс істеуге пайдаланғандардың өздері қылмыстық құқық бұзушылықты тікелей орындаушы ретінде жауап береді. Ал кәмелетке толмаған адамды қылмыстық құқық бұзушылыққа тарту Кодекстегі 132-бап бойынша жеке қылмыс құрамы болып есептеледі. Қылмыстық құқықбұзушылық істеуге сыбайластықпен қатысуда екі немесе одан да көп адам қылмысты бірлесіп істейді.

Объективтік жатынан алғанда қылмыстық құқық бұзушылық істеуге сыбайластықпен бір- лесіп қатысу дегеніміз оны істеуге бірге қатысқан орбір қатысушылардың әрекегі белгілі бір қылмысты іс-әрекетті істеуге және соның орындалуын жүзеге асыруға бағытталуы. Өзінің мәні жөнінен жекелеген адамдардың қылмысқа қатысуы әр түрлі болуы мүмкін.

Қылмыстық кодекстің Ерекше бөліміндегі тиісті баптарда көрсетілген қылмыстарды тікелей орындаушымен бірге, сыбайластықпен қатысушылар санына қылмыс істеуге бі- реуді көндірген (айдап салушы), қылмыс істеуді ұйымдастырған немесе оған басшылық етуші (ұйымдастырушы) немесе қылмыс жасауға жағдай тудызған (көмектесуші) адамдар да кіруі мүмкін. Қылмысты ұйымдастырушылардың; айдап салушылардың; көмектесушілердің әр түрдегі және әр түрлі дәрежедегі сыбайластықпен қылмыстың істелуіне мүмкіндік туғызумен бірге уақыты жағынан істелген қылмысты орындаушының әрекетінің алдын алуы немесе сонымен тұспа-тұс келуі және олардың барлығының осы қылмысты әрекетті істеумен себепті байланысты болуы шарт.

Әрбір қатысушының әрекеттерінің өзара себепті байланысы мен шарттарының болуы істелген қылмыстық қатысушыларының сыбайластықпен бірлескен қылмыстық құқық бұзушылықты іс- әрекеттерінің салдары екендігін дәлелдейді, барлық қатысушылардың бірдей жағдайда жауаптылыққа 108 тартылуының алғы шарты екендігін көрсетеді. Қылмыстық құқық бұзушылыққа қатысуда іс-әрекет пен қылмыстық құқық бұзушылықтың зардабының өзара байланысының жеке адамның істеген қылмыстық құқық бұзушылығына қарағанда өз ерекшелігі бар. Қылмыстық құқық бұзушылыққа қатысуда қылмыстық құқық бұзушылықтың зардабы мен орындаушылардың немесе бірге орындаушылардың іс-әрекеттері ғана байланысты болады. Айдап салушы, көмектесуші, кейде ұйымдастырушы тікелей зиян келтірмейді. Олар тек қана қылмыстық құқық бұзушылықтың зардабының тууына себепші болады. Мұндай себепші болу қылмыстық құқық бұзушылықты тікелей

орындаушыға оның қылмыс істеуге деген шешімін қоздыру арқылы жүзеге асырылады. Субъективтік жағынан алғанда қылмысқа қатысу барлық қатысушылардың қылмысты қасақана істегенін білдіреді. Бұл жерде екі немесе одан да көп адамдардың қасақана қылмыс жасауға қасақана қатысуы ұйымдастырушының, азғырушының, көмектесушінің, орындаушының істейтін қылмысының мәнісінен хабардар болатындығы және олардың өз іс-әрекеттерімен орындаушыға қылмыс істеуге мүмкіндік тугызатыны немесе соған түрткі болатыны туралы сөз болып отыр. Қылмыстық құқық бұзушылыққа сыбайластықпен қатысу тек қасақана істелетін қылмыстық құқық бұзушылықтағы ғана болады. Абайсыздықпен істелетін қылмыстық құқық бұзушылықтағы қылмысқа қатысушылық болмайды. Қылмыстық құқық бұзушылыққа сыбайластықпен қатысуда барлық қатысушылар іс-әрекетті қасақана, оның ішінде тек қана тікелей қасақаналықпен жасайды. Бұл жерде бұл қылмыстық құқық бұзушылықты істеуді тілеу бірнеше адамдарды қылмыстық құқық бұзушылық іс-әрекетке біріктіреді.

Кейбір жағдайларда қылмыстық құқық бұзушылыққа қатысу нақтыланбаған тікелей қасақаналықпен де болуы мүмкін. Л., Н. деген азаматтар төбелеске бірге қатысып, қарсыластарының біріне екеуі де пышақ салған. Нәтижесінде бір адам ауыр жарақаттанған. Бұлардың әрекетін аудандық сот нақтыланбаған тікелей қасақаналықпен істелген қылмысты әрекет деп бағалап, оларды Қылмыстық кодекстің 106-бабы 3-бөлігі бойынша саралаған. Себебі олар пышақ жұмсаудан кез келген ауыр зардаптың немесе кісі өлімінің болуы мүмкіндігіне саналы түрде жол берген.

Қылмыстық құқық бұзушылыққа қатысушылардың әрқайсысының ниетінің мазмұнына орындаушының істейтін қылмыстық құқық бұзушылығының қоғамға зияндылығының мәнісін сезу, сондай-ақ сол адамның қылмыстық құқық бұзушылықты жалғыз өзінің емес, басқалардың әрекетімен бірге жасайтын мән-жайларды сезінуі шарт. Қылмыстық құқық бұзушылықты ұйымдастырушы, қылмыстық құқық бұзушылыққа көмектесуші немесе айдагі салушы қылмыстық құқық бұзушылықты орындаушының істейтін қылмыстық құқық бұзушылығының мәнін, ниетін және өздерінің орындаушының қылмыстық құқық бұзушылықты істеуіне жағдай тугызатынын сезінуі қажет.

Ал қылмыстық құқық бұзушылықты орындаушы қылмыстық құқық бұзушылыққа басқа сыбайластықпен қатысушылардың өзіне қылмыстық құқық бұзушылыққа дайындалғанына немесе жасауына жәрдем жасағанынан әр уақытта да хабардар болады. Оның үстіне, қылмыстық құқық бұзушылықты орындаушылардың арасында бірлесіп қылмыстық құқық бұзушылық жасауға деген өзара келісім болады, мұның өзі барлық қылмыстық құқық бұзушылыққа қатысушылардың өз әрекеттерінің келісушілікпен жүзеге асырылатындығын және мұның қылмысты іс-әрекеттің тиімді түрде жүзеге асырылатындығын көрсетеді. Қылмыстық құқық бұзушылық қатысу - барлық қатысушылардың бірыңғай қылмыстық құқық бұзушылықты нәтижеге жетуі үшін бағытталған, ортақ қылмыстық құқық бұзушылық ниетінің болуын білдіреді.

Қатысушылардың мінез-құлқының, ниеті мен мақсатының бір-біріне сай келуі де, келмеуі де мүмкін. Мысалы: кісі өлтіруге қатысушылардың біреуі

кызғаныштан, екіншісі кек алушылықпен, ал басқа біреуі пайдакүнемдік ниетпен әрекет жасауы мүмкін. Қылмыстық құқық бұзушылық қатысудағы басты шарт - барлық сыбайластықпен қатысушылар қылмыстық құқық бұзушылықты орындаушының істейтін қылмысының мәнін сезе отырып, әр түрлі ниетпен соның болуын тілеп, қылмыстық құқық бұзушылықты жүзеге асыру үшін өздерінің қылмыстық құқық бұзушылық әрекеттерін біріктіреді.

28-бап. Қылмыстық құқық бұзушылыққа сыбайлас қатысушылардың түрлері.

1. Ұйымдастырушы, айдап салушы және көмектесуші орындаушымен бірге қылмыстық құқық бұзушылыққа сыбайлас қатысушылар деп танылады. 2. Қылмыстық құқық бұзушылықты тікелей жасаған не оны жасауға басқа адамдармен (бірге орындаушылармен) бірлесіп тікелей қатысқан адам, сондай-ақ жасына, есінің дұрыс еместігіне немесе осы Кодексте көзделген басқа да мән-жайларға байланысты қылмыстық жауаптылыққа жатпайтын басқа адамдарды пайдалану арқылы, сол сияқты іс-әрекетті абайсызда жасаған адамдарды пайдалану арқылы қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адам орындаушы деп танылады. 3. Қылмыстық құқық бұзушылық жасауды ұйымдастырған немесе оның орындалуына басшылық еткен адам, сол сияқты қылмыстық топты құрған не оған басшылық еткен адам ұйымдастырушы деп танылады. 4. Басқа адамды азғыру, параға сатып алу, қорқыту жолымен немесе басқа да тәсілмен қылмыстық құқық бұзушылық жасауға көндірген адам айдап салушы деп танылады. 5. Кеңестерімен, нұсқауларымен, ақпарат, осы іс-әрекетті жасайтын қару немесе құралдар беруімен не оны жасауға кедергілерді жоюымен қылмыстық құқық бұзушылықтың жасалуына жәрдемдескен адам, сондай-ақ орындаушыны, қылмыстық құқық бұзушылық жасау қаруын немесе өзге де құралдарын, осы іс-әрекеттің ізін не құқыққа қарсы жолмен қол жеткізілген заттарды жасыруға күні бұрын уәде берген адам, сол сияқты осындай заттарды иемденуге немесе өткізуге күні бұрын уәде берген адам көмектесуші деп танылады.

Қылмыстық құқықта қылмыстық құқық бұзушылыққа сыбайластықпен қатысушылар орындаушылар, ұйымдастырушылар, айдап салушылар және көмектесушілер деп бөлінеді. Оларды бұлай бөлуге қылмыстық құқық бұзушылыққа сыбайластықпен 120 қатысудағы ағқаратын іс-әрекетінің мәнісі мен дәрежесі негіз бола алады. Қылмыстық құқық бұзушылыққа сыбайластықпен қатысушыларды осылай бөлудің олардың жауаптылығын негіздеу, іс-әрекеттерін дұрыс саралау және жаза тағайындағанда әрқайсысының ерекшеліктерін еске алу үшін маңызы өте зор.

Қылмыстық құқық бұзушылыққа сыбайластықпен қатысушылардың түрлері және олардың әрқайсысына заңдылық сипаттама ҚК-нің 28-бабында көрсетілген.

Орындаушы. Қылмыстық құқық бұзушылықты тікелей жасаған немесе оны жасауға басқа адамдармен (коса орындаушылармен) бірге тікелей қатысқан адам, сондай-ақ жасына, есінің дұрыс еместігіне немесе осы Кодексте көзделген басқа да мән-жайларға байланысты қылмыстық жауапқа тартуға болмайтын басқа адамдарды пайдалану арқылы, сол сияқты әрекетті абайсызда

жасаған адамдарды пайдалану жолымен қылмыс жасаған адам орындаушы деп танылады (28-бап, 2-бөлігі).

Қылмыстық құқық бұзушылықты орындаушы қылмыстық құқық бұзушылықты жеке өзі немесе оны бірнеше басқа адамдармен қоса орындап, тікелей жүзеге асыруы мүмкін, мысалы, топ болып әйелді зорлау. Қайсыбір жағдайларда қылмыстық құқық бұзушылықтың субъектісі болып танылатын жасқа толмаған адамдарды пайдалану арқылы қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адам қылмыстық құқық бұзушылықтың тікелей орындаушысы болады. Немесе есі дұрыс емес адамды кісі өлтіруге пайдалан- са, онда оны пайдаланған адамның өзі қылмысты орындаушы, ал есі дұрыс емес адам қылмыстық құқық бұзушылық істеудің құралы болып табылады.

Егер абайсыздықпен әрекеттенген адамды пайдалану арқылы қылмыстық құқық бұзушылық жасалса да, қылмыстық құқық бұзушылықты орындаушы болып соны пайдаланған адамның өзі танылады. Мысалы, С. деген адам өзі жек көретін Ж. деген жолдасының қарсы келе жатқанын көріп, оны басқа біреудің қолымен өлтіру үшін өзіне таяп қалғанда жанында келе жатқан Т. деген серігін алдап «Ж-ны қорқытайық, мына мылтық ішіне оқ салынбаған, құр дәрімен ғана жабдыкталған оталғыш бар, соған каратып мылтық ат», - дейді. Т. мылтықты алып Ж-ға қарсы мылтық атады, нәтижесінде мылтық атылып, Жның кеудесіне оқ тиіп, табан астында қаза болады. Бұл жерде Т-ның әрекеті абайсызда, ал С-ның әрекеті қасақана кісі өлтіру болып табылады.

Өйткені ол мылтық оғын С-ға сеніп тек- сермеді. Яғни, қасақана қылмыстық құқық бұзушылықты орындаушы С. болып табыла- ды. Ол бұл жерде абайсыздықпен әрекеттенген адамды қылмыстық құқық бұзушылық істеуге пайдаланды. Орындаушының арам ниетінің мазмұны мынандай болып табыла- ды: а) адам қылмыстық құқық бұзушылықты басқалардың көмегімен (біреу болса да) істелгенін сезеді; б) қылмыстық құқық бұзушылықтың нәтижесінің жалпы зардабын болжайды; в) соның болуын тілеп немесе соған саналы түрде жол береді. Қылмыстық құқық бұзушылықты орындаушылардың әрекеті ҚК-нің 28-бабы, 2- бөлігіне сілтеме жа- салмастан ҚК-нің Ерекше бөлімінде көрсетілген қылмыстық құқық бұзушылық құрамы бойынша тікелей сараланады. Ұйымдастырушы.

Қылмыстық құқық бұзушылық жасауды ұйымдастырған не- месе оның орындалуына басшылық еткен адам, сол сияқты қылмыстық топты құрған не оларға басшылық еткен адам ұйымдастырушы деп танылады (28-бап, 3-бөлігі). Ұйымдастырушы қылмыстық құқық бұзушылыққа қатысушылардың ішіндегі ең қауіптісі болып табылады. Оның әрекеті Қылмыстық кодекстің 29-бабына сілтеме жасала отырып сараланады. Қылмысты ұйымдастырушылардың әрекеті көбінесе тұрақты қылмыстық топ құруға байланысты болады.

Ұйымдастырушылар объективтік жағынан алғанда қызметі қылмыстық құқық бұзушылыққа қатысушыларды табу, оның дайындығына, жүзеге асырылуына жоспар жасау, қылмыстық құқық 121 бұзушылыққа қатысушылардың арасында берік тәртіп орнату, олардың өзара міндеттерін бөлу, сондай-ақ қылмысты істеу барысында оған тікелей басшылық жасау жағынан көрінеді. Барлық жағдайларда да ұйымдастырушы, қылмыстық құқық

бұзушылықты істеуді дайындағанда немесе басқарғанда олардың қатысушыларын біріктіріп, басшылық жасайды, көп жағдайларда қылмыстық құқық бұзушылық істеудің бастамашысы болады. Кейбір ретте қылмыстық құқық бұзушылықты ұйымдастырушы өзінің ұйымдастырушылық қызметін істелген қылмыстық құқық бұзушылықтың тікелей орындаушылық қызметімен коса атқаруы да мүмкін. Бірақ та мұндай жағдайда оның ұйымдастырушылық қызметін қылмыстық құқық бұзушылықты орындаушылық қызметімен алмастыруға болмайды. Өйткені қылмыстық құқық бұзушылықты ұйымдастырушының зияндылығы орындаушыға қарағанда жоғары және қауіпті болып табылады. Ұйымдастырушы тек қана тікелей қасақаналықпен әрекет жасайды.

Ол әрекетінің қоғамға қауіпті екенін біле тұра, содан туындайтын зардаптардың болуын болжай тұра, сол зардаптың болуын тілеп істейді. Яғни басқаша айтқанда, ұйымдастырушы қылмыстық құқық бұзушылыққа қатысушылардың барлығының қылмыстық құқық бұзушылық әрекетінің біріктірушісі болады және сол үшін де өзі ұйымдастырған нақты қылмыстық құқық бұзушылық құрамының санкциясына сәйкес жазаға тартылады. Айдап салушы. Басқа адамды азғыру, параға сатып алу, қорқыту жолымен немесе өзге де жолмен қылмыстық құқық бұзушылық жасауға көндірген адам айдап салушы деп танылады (28-бап, 4-бөлігі). Айдап салушы болашақ қылмыстық құқық бұзушылықты орындаушыны әр түрлі әдіспен қылмыс істеуге азғырып, көндіріп, оның батылдығына жігер береді.

Айдап салушы (азғырушы) қылмыстық құқық бұзушылықты істеушінің сана-сезіміне, еркіне тікелей әсер етіп, оны қылмыстық құқық бұзушылық жасауға тікелей жігерлендіреді. Айдап салушының өзі қылмыстық құқық бұзушылық істеуге көндірген адаммен қатынас жасауы ауызша, жазбаша, қимыл көрсету және тағы басқа сан түрлі болуы мүмкін. Қылмыстық құқық бұзушылық істеуге біреуді көндірудің тәсілі, құралы да сан түрлі болуы мүмкін. Мұнда қорқыту, өтіну, сатып алу, сый-сияпат жасау, өз өкілдігі мен беделін пайдалану сияқты сан алуан әдістер пайдаланылуы мүмкін. Кейбір жағдайларда айдап салушы біреу емес, бірнешеу болуы да ықтимал. Айдап салудың барлық тәсілдері мен әдістері азғыруға көнушінің еркін басуға немесе оны шатасуға әкеліп соқтырмауы керек, қайта оның белгілі бір қылмыстық құқық бұзушылықты жасауға деген жігерін қоздырып, соны істеуге деген бел байлағандыққа итермелеуі керек.

Айдап салушы барлық уақытта да белсенді әрекет күйінде жүзеге асырылады. Айдап салушыны интеллектуалдық көмек берудің түрінен ажырата білу керек. Интеллектуалдық көмек беруде адам қылмыстық құқық бұзушылықты орындаушының ниетін құптайды, ал айдап салушылықта қылмыстық құқық бұзушылық істеуге біреуді белсенді түрде көндіреді. Яғни, бұл екі ұғымның айырмашылығы осында. Айдап салушылық өзінің істеген іс-әрекетінің мәнін сезуге қабілеті нақты бір шешім жасайтын адам жөнінде ғана орын алады. Сондықтан да есі дұрыс емес адамды, қылмыстық құқық бұзушылық үшін кәмелеттік жасқа толмаған жасөспірімді айдап салушылықта қылмысқа қатысу тәртібі қолданылмайды, бұл жерде айдап салушының әрекеті

біреу арқылы зиян келтіру ретінде бағаланады. Сол сияқты біреуді әдейілеп қасақана теріс бағытқа салып, соның қатесін иайдаланып, сол арқылы қылмыстық құқық бұзушылықты жүзеге асыру да қылмыстық құқық бұзушылыққа сыбайластықпен қатысудағы айдап салушылық болмайды. Мұндай реперде ондай әрекеттерді істеген адамның өздері қылмыстық құқық бұзушылықтың тікелей орындаушысына айналып кетеді. Субъективтік жағынан алғанда, айдап салушылық әрекеті тікелей қасақаналық арқылы сипатталады. Өйткені айдап салушының арам ниеті біріншіден, орын алатын нақты қылмыстық құқық бұзушылық құрамының объективтік жағынан туындайтын барлық мән-жайларды, екіншіден, өзінің әрекетімен қылмыстық құқық бұзушылық нәтижесінің себепті байланысынын жалпы дамуын болжайды.

Демек, айдап салушы қылмыстық құқық бұзушылық істеуге басқа біреуді көндіріп, оны 122 нақты бір қылмыстық құқық бұзушылықты орындауға көндіреді. Егер адам қылмыстық құқық бұзушылық жасауға азғырмайтын өзінің теріс көзқарасымен көңіл-күйін білдірсе, онда ондай адамның әрекетінде айдап салушылық болмайды. Кей кезде мұндай іс-әрекет нақты бір жағдайларға байланысты жеке қылмыстық құқық бұзушылық құрамын түзуі мүмкін (179, 180-баптар).

Комектесуші. Кеңестерімен, нұсқауларымен, ақпарат, осы іс-әрекетті жасайтын қару немесе құралдар беруімен не қылмысты жасауға кедергілерді жоюымен қылмыстық құқық бұзушылықтың жасалуына жәрдемдескен адам, орындаушыны, қылмыстық құқық бұзушылық жасау қаруын немесе өзге де құралдарын, осы іс-әрекеттің ізін не құқыққа қарсы жолмен қол жеткізілген запарды жасыруға күні бұрын уәде берген адам, сол сияқты осындай запарды иемденуге немесе өткізуге күні бұрын уәде берген адам көмектесуші деп танылады (28-бап, 5-бөлігі). Объективтік жағынан алғанда, қылмыстық құқық бұзушылыққа көмек көрсету жоғарыда көрсетілген тәсілдермен істелінетін қылмыстық құқық бұзушылықтың жүзеге асырылуына жәрдемдесу болып табылады. Тәсілдердің нақты тізбегі Қылмыстық кодекстің 28-бабының 5-бөлігінде көрсетілген.

Мұнда қылмыстық құқық бұзушылық істеуге пайдаланылатын барлық тәсілдердің нысандары толық айтылған. Көмектесушінің қылмыстық құқық бұзушылықты орындаушылардан өзгешелігі, сол қылмыстық құқық бұзушылыққа көмектесу әр уақыпта да орындаушының қылмыстық құқық бұзушылық ісәрекепі істеуінің алдын алады. Өйткені қылмыстық заңда қылмыстық құқық бұзушылыққа көмектесушінің бір белгісі күні бұрын уәде беру деп тегіннен-тегін көрсетілмеген.

Күні бұрын қылмыстық құқық бұзушылықты істелгенге дейін көмектесуге уәде берген адам ғана қылмыстық құқық бұзушылыққа көмектесуші деп табылады. Ал егер адам күні бұрын көмектесуге уәде бермейак орындаушының істеген қылмыстық құқық бұзушылығына көмек көрсетсе, онда мұндай адамның әрекеті Қылмыстық кодекстің Ерекше бөлімінде көрсетілген тиісті құрамдарды бірге орындаушы ретінде бағаланады. қылмыстық құқық бұзушылыққа көмектесу запай (материалдық) немесе интеллектуалдық болып

бөлінеді. Запай (материалдық) көмектесу, әдеп, белгілі бір белсенді іс-әрекепер - құрал беру, кедергілерді жою, қылмыстық құқықбұзушылық істеуге пайдаланылатын құралдар мен аспаптар беру арқылы жүзеге асырылады. Кейбір жағдайларда запай көмектесу әрекетсіздік арқылы да жүзеге асырылуы мүмкін. Мысалы, күзетшілер мен басқа да адамдардың мемлекеттік мүлікті сақтау жөніндегі өздерінің құқылық міндеперін орындауға күні бұрын қылмысты түрде әдейі ұқыпсыз карап, баскалардың осы мүлікті ұрлап, көп мөлшерде материалдықзалалга ұшыратуына көмек беруі жәнетағы баскалары.

Интеллектуалдық көмектесу, әдетте, орындаушының қылмыстық құқық бұзушылық істеуге деген шешімін, жігерін нығайтуға байланысты болады. Интеллектуалдық көмектесуге қылмыстық құқық бұзушылықты істеуге кеңестерімен, нұсқауларымен ақыл беру, сондай-ақ қылмыстық құқық бұзушылық істеуге пайдаланылатын құралдар мен қару-аспаптарды, қылмыскердің өзін, қылмыстық құқықбұзушылықтың ізін, қылмыстық құқық бұзушылық жолмен табылған заттарды жасыруға, сондай-ақ қылмыстық құқық бұзушылық жолмен табылған заттарды алуға немесе сатуға күні бұрын уәде беру әрекеттері жатады. Мысалы, көмектесуші қылмыстық құқық бұзушылық жасауға ең тиімді қару мен құралды қолдану туралы немесе қылмысты жүзеге асыруда пайдаланылатын көліктің түрі туралы ақыл-кеңестер беру арқылы қылмысты орындаушының ниетін жүзеге асыруға деген жігерін, шешімін арттырып, соның қылмысты ойдағыдай жүзеге асыруына демеу болады.

Қылмыстық құқық бұзушылыққа айдап салушыдан қылмыстық құқық бұзушылық үшін көмектесушінің айырмашылығы мынада: қылмыстық құқық бұзушылыққа айдап салушы, орындаушыны қылмыстық құқық бұзушылық істеуге көндіретін болса, ал көмектесуші қылмыстық құқық бұзушылық істеуге өздігінен бел байлаған адамға ақыл- кеңес, нұсқаулар беру арқылы оның қылмыс істеуге, істелген қылмысты жасыруға деген сенімін нығайтады. Бұл жерде қылмыстық 123 құқық бұзушылыққа көмектесуші субъективтік жағынан орындаушының істейтін қылмыстық құқық бұзушылығының мәні жөнінде толық хабардар болса, одан туындайтын зардапты күні бұрын болжаумен бірге қылмыстық құқық бұзушылықты орындаушының істейтін іс-әрекетіне өзінің себепті байланысының болғандығын толық сезеді және соны тілейді. Заң бойынша күні бұрын қылмыс істегенге дейін немесе қылмысты істеу барысында уәде беріп, қылмыстық құқық бұзушылықты жасыру қылмыстық құқық бұзушылыққа көмектесудің бір түрі болып табылады.

Қылмыстық құқық бұзушылық аяқталғаннан кейін оған көрсетілген көмек қылмыстық құқық бұзушылыққа көмектесу емес, бұл іс-әрекет қылмыстық заңда көрсетілген жағдайда, қылмыстық құқық бұзушылықты жасыру ретінде сараланады. Қылмыстық құқық бұзушылық істеуден бас тартудың ережелері қылмысқа бірге қатысушыларға да қолданылады. Орындаушының қылмыс істеуден өз еркімен бас тартуы дегеніміз оның алдын ала келісілген қылмыстық құқық бұзушылық әрекеттерді мүлдем істемеуі немесе оны орындаудан дайындық сатысында бас тартуы. Орындаушының дайындық сатысында істеген іс-әрекетінде басқа бір қылмыстық құқық бұзушылық құрамы бар болса, сол

үшін ғана жауапты болады. Мысалы, кісі өлтіруге дайындық немесе оқталғандық үшін жауаптылық, ұрлыққа оқталғандық, т. б. әрекеттер.

Ұйымдастырушы, айдап салушы және көмектесуші бірлесіп қылмыстық құқық бұзушылық істеуге, әдетте, қылмыстық құқық бұзушылық істелгенге дейін катысады және бұлардың әрекеті орындаушының қылмыстық құқық бұзушылықты ойдағыдай аяқтауына барлық қажетті жағдайларды туғызуға арналады. Сондықтан да қылмыстық құқық бұзушылыққа осы қатысушылардың - ұйымдастырушы, айдап салушы және көмектесушінің қылмыстық құқық бұзушылық істеуден өз еркімен бас тартуы орындаушының алдын ала келісілген қылмыстық құқық бұзушылықты істеуіне дейін орын алуы шарт.

Мұндай ретте олар белсенді әрекеттер жасап, орындаушыны қылмыстық құқық бұзушылықты істеуден бас тартқызуға, қылмыстық құқық бұзушылықтың істеуіне жасалған барлық жағдайларды жоюға, келісілген қылмыстық құқық бұзушылық жөнінде дер кезінде өкімет орнына, жәбірленушіге, басқа адамдарға хабарлауға және басқа әрекеттермен тойтаруға өздерінің қолынан келетін барлық шараларды дер кезінде қолдануы қажет. Мұндай жағдайларда қылмыстық құқық бұзушылықты ұйымдастырушының, айдап салушының немесе қылмысқа көмектесушінің қылмыстық құқық бұзушылықты істеуден өз еркімен бас тартулары - оларды қылмыстық құқық бұзушылық үшін жауаптылықтан босатады.

Олардың бұл әрекеттерінен нәтиже шықпай, қылмыстық құқық бұзушылық токтатылмай қалған жағдайда - орындаушы, айдап салушы, көмектесуші болған, орындалған нақты іс-әрекет үшін ғана жауаптылыққа тартылады, бірақ та олардың қылмыстық құқық бұзушылықты сақтандыруға жасаған әрекеттері, сөз жоқ, жаза тағайындалғанда есепке алынады. Іске аспаған айдап салушылық және көмектесушілік. Іске аспаған айдап салушылық азғырушының қылмысты орындауға азғырылған адамның қылмыстық құқық бұзушылықты істеуге көнбеуі немесе алғаш көнгенімен қылмыстық құқық бұзушылықты нақты іске асыру кезінде оны істеуден бас тартуы болып табылады. Яғни, мұндай жағдайда айдап салушы қылмыс істеуге барынша жағдай жасағанымен, бірақ оның ойы өз ыркына байланысты емес себептермен жүзеге аспай қалады.

Айдап салушының мұндай әрекетінде қылмыстық құқық бұзушылық құрамы болса, онда ол ҚК-нің 24-бабында көрсетілген қылмысқа дайындалғандық үшін жауапқа тартылады. Іске аспаған көмектесушілікке қылмыстық құқық бұзушылықты орындауға алдын ала келіскен адамға кателесіп, жарамды құралдың орнына жарамсыз құралдар беріп көмектесу немесе қылмыстық құқық бұзушылық істеуден өз еркімен бас тартқан адамға, сондай-ақ қылмыстық құқық бұзушылықты істеп, бітірген адамға көмек көрсетулер жатады. Іске аспаған көмектесушілік қылмыстық құқық бұзушылыққа дайындалғандық деп саналады. Арнаулы субъектінің қылмысқа бірге қатысуы. Кейбір қылмыстық құқық бұзушылықтардың орындаушысы болып тек арнаулы субъектілер танылады. Мысалы, лауазымды, әскери қылмыстық құқық бұзушылықтарды алайық.

Мұндай 124 қылмыстық құқық бұзушылықтардың тікелей орындаушысы жай субъект емес, арнаулы субъект - әскери қызметшілер, лауазымды адамдар ғана болады. Қылмыстық құқық бұзушылықтың басқа қатысушылары - ұйымдастырушылар, айдап салушылар немесе көмектесушілер арнаулы емес жай субъектілер болады. Қылмыстық заңда бұл туралы арнаулы көрсетілген. Яғни, жай адамдар арнаулы субъектілердің орын- дайтын қылмыстық құқық бұзушылығына қатысқанда олардың әрекеті әр уақытта да 29-бапқа сілтеме жасай отырып сараланады. Қылмыстық құқық бұзушылықты жасыру, қылмыстық құқық бұзушылықты хабарламау және қылмыстық құқық бұзушылыққа жол берушілік қылмыстық құқық теори- ясында қылмыстық құқық бұзушылыққа жанасушылық деген ұғымды құрайды. Бұл ұғымның қылмысқа қатысудан өзгешеліктері де ерекше.

Қылмыстық заңда қылмыстық құқық бұзушылыққа жанасушылыққа өзіндік ұғым берілуі және оған кінәлі адамдарға жауаптылық белгіленуі бұл тұрғыдағы қылмыстық құқық бұзушылықтарды қылмыстық құқық бұзушылыққа сыбайластықпен бірге қатысудан дәлме-дәл ажыратуға, сондай- ақ заңдылықты нығайтуға толық мүмкіндік береді. Қылмыстық құқық бұзушылыққа жанасушылық қылмыстық құқық теориясын- да қылмыстық құқық бұзушылық істеуге өздері қатыспаған адамдардың сол істелген қылмыстық құқық бұзушылықты жасыру, істелгелі жатқан немесе істелгені, анық қылмыстық құқық бұзушылықты хабарламау туралы қасақана іс- әрекеттері немесе заң бойынша қылмыстық құқық бұзушылыққа қарсы күрес жүргізуге міндетті адамдардың қылмыстық құқық бұзушылықты әрекет туралы тиісті орындарға хабарламауы, я болмаса, сол әрекеттерге кедергі келтірмейтін әрекетсіздіктері деп белгіленеді. Қылмыстық құқық бұзушылық жанасушылықтың қауіптілігі сол, мұндай іс-әрекеттер дайындалып жатқан қылмыстық құқық бұзушылық тойтарыс беруге, сондай-ақ істелген қылмыстық құқық бұзушылықтарды ашуға, кінәлі адамдарды әшкерелеуге мүмкіндік бермейді. Қылмыстық құқық бұзушылыққа жанасушылыққа кінәлі адамдардың зияндылығы қылмыстық құқық бұзушылыққа бірге қатысушыларға қарағанда онша көп емес, сондықтан да қылмыстық құқық бұзушылыққа жанасушылық үшін Кодекстің Ерекше бөлімінде арнайы көрсетілген реттерде ғана қылмыстық құқық бұзушылық үшін жауайқа тартылады.

Қылмыстық құқық бойынша қылмыстық құқық бұзушылыққа жанасушылықтың үш түрлі нысаны бар: күні бұрын уәде бермей жасырушылық; хабарламау; жол берушілік. Қылмыстық заң бойынша қылмысты жасыру үшін жауаптылық кез келген қылмысты жасырғандық үшін емес, тек қана ауыр немесе аса ауыр қылмысты алдын ала уәде бермей жасырғанда ғана жүзеге асырылады. Бұл туралы Қылмыстық кодекстің Ерекше бөлімінің 432-бабында арнайы көрсетілген. Ауыр немесе аса ауыр қылмыстардың түсінігі Қылмыстық кодекстің 11-бабының 4,5-бөліктерінде көрсетілген. Объективтік жағынан осы қылмыстық құқықбұзушылықтарды жасыру белсенді күйде жүзеге асырылады. Заңда жасырушылықтың нақты нысандары аталып көрсетілмеген, әдетте, ауыр немесе өте ауыр қылмыстық құқық бұзушылық істеген адамды жасы- ру, қылмыстық құқық бұзушылық

істеуге пайдаланылған құралдар мен аспаптарды, қылмыстың ізін, қылмыстық жолмен табылған заттарды жасыру арқылы іске асырылады. Жасырушылық тек қана белсенді әрекет күйінде жүзеге асырылады. Мысалы, ауыр немесе өте ауыр қылмыстық құқық бұзушылық жасаған қылмыскерді жасыру үшін оған қажетті жалған құжаттар беру, оның бет-бейнесін, сыртқы пішінін өзгерту, оған киетін киімін беру, олар тұратын мекен-жайды жасыру сияқты белсенді әрекеттер арқылы жүзеге асырылады. Ауыр немесе өте ауыр қылмыстық құқық бұзушылық жасаған қылмыскерді жасырушылық өте сирек жағдайларда әрекетсіздік арқылы да жүзеге асырылуы мүмкін. Мысалы, кісі өлтіріп қолы қан күйде бөтен үйге келіп, тығылған қылмыскерді үй иесі көре тұра, біле тұра, іздеушіге оның жасырынған жерін көрсетпеуі, сөйтіп қылмыскердің ұсталмай кетуіне көмек жасауы әрекетсіздік арқылы жүзеге асырылған жасырушылық деп табылады.

Жасырушылық нысандарының тізбегі заңда 125 нақты көрсетілмеген, сондықтан да оны нақты жағдайларға байланысты анықтау қажет. Субъективтік жағынан жасырушылық тек тікелей қасақаналықпен істеледі және ол ауыр немесе аса ауыр қылмыстық құқық бұзушылық жасаған қылмыскердің өзін, қылмыстың ізін табуға, істелген қылмысты ашуға бөгет келтіруге бағытталады. Жасырушылықта кінәлі адамның өзінің істеген қылмысының мәнін сезінуі, білуі қылмыстық жауаптылыққа тартылу үшін негізгі шарт болып табылады. Өйткені қылмыстық заң бойынша жауаптылық кез келген қылмыстық құқық бұзушылықты жасырушылық үшін емес, тек қана ауыр немесе аса ауыр қылмысты жасырушылық үшін ғана туындайды. Жасырушылықта қылмыстық ниет пен мақсат әр түрлі болады және ол қылмыстық құқық бұзушылықты саралауға әсер етпейді, бірақ жаза тағайындалғанда есепке алынады.

Жасырушылардың қылмыскерлермен туыстық қатынасының, байланысының болуы жасырушыларды қылмыстық жауаптылықтан босатпайды. Жаңа Қылмыстық кодексте (433-бап) уәкілетті лауазымды адамның анық дайындалып жатқан немесе жасалған қылмыстық құқық бұзушылық туралы арызбен немесе хабарламамен жүгінген адамға қатысты алдау, азғыру, қорқыту немесе өзге де құқыққа сыйымсыз әрекеттер арқылы не аталған адамның өтінішін кез келген өзге тәсілмен жою немесе жасыру арқылы қылмыстық теріс қылықты немесе онша ауыр емес немесе ауырлығы орташа қылмысты тіркеуден қасақана жасыруы үшін тұңғыш рет қылмыстық жауаптық көзделген. Дамындалып жатқан немесе жасалғаны анық белгілі аса ауыр қылмыс не дайындалып жатқаны анық белгілі терроризм актісі туралы хабарламау қылмысты хабарламау деп саналады. Қылмыстық құқық бұзушылық туралы хабарламау қылмысқа бірге қатысушылыққа жатпайды. Өйткені қылмысты хабарламаған адамның қылмысқа бірге қатысушылармен бірлесіп, аса ауыр қылмыс жасауға не дайындалып жатқаны анық белгілі терроризм актісі ешқандай қатысы болмайды.

Ол тек қана істелгелі жатқан немесе істелгені анық аса ауыр қылмысты не терроризм актісі жөнінде нақты біле тұра, ол туралы тиісті орындарға, лауазым адамдарына мәлімдемейді. Яғни, хабарламау объективтік жағынан алғанда сол кінәлі адамның әрекетсіздігін көрсетеді. Қылмыстық құқық бұзушылық туралы

хабарламау адамның істегелі жатқан немесе істелгенін анық білетін аса ауыр қылмысты біле тұра, нақты жағдайға байланысты хабарлауға мүмкіндігі бола тұра, соны істемеуі болып табылады. Субъективтік жағынан алғанда, хабарламау тек қана қасақаналықпен жүзеге асырылады. Хабар бермеуші істелгелі жатқан немесе істелгені анық аса ауыр қылмысты не терроризм актісі жөнінде біле тұра, оның зияндылығын сезіп, өзінің әрекетсіздігінен мүмкін болған зардаптың болуын тілеп, оған саналы түрде жол береді. Қылмыстық құқылық нормамен жазаланатын аса ауыр қылмыс туралы хабарлау үшін хабар бермеуші - кінәлі адам істелгелі жатқан немесе істелгені анық қылмыс туралы, оның мәні, құрамы туралы нақты білуі кажет. Өйткені қолданылып жүрген қылмыстық заң бойынша қылмыс туралы хабарламағандық үшін жауаптылық Қылмыстық кодекстің Ерекше бөлімінде көрсетілген реттерде ғана жүзеге асырылады. Қылмыстық кодекстің 434-бабында арнайы көрсетілген аса ауыр қылмысты, не дайындалып жатқаны анық белгілі терроризм актісі хабарламағаны үшін ғана қылмыстық жауаптылық көзделген.

Аса ауыр қылмыстың түсінігі Қылмыстық кодекстің 10-бабының 5-бөлігінде көрсетілген. Осы бапқа, яғни аса ауыр қылмысқа жатпайтын қылмыстарды хабарламау қылмыс деп саналмайды, сондай-ақ қылмыс істеген адамның жұбайы (зайыбы), жакын туыстары - ата-аналары, балалары, бала қылып алушылары, бала боп алынғандар, туған ағалары мен аналары, ата-әже, немерелері. Сондай-ақ діни қызметшілер өзіне сеніп сырын ашқан адамдардың қылмыстарын хабарламағандық үшін жауапқа тартылмайды. Терроризм актісінің түсінігі ҚК-тің 255-бабының 1- бөлігінде берілген. Қылмыстық құқық бұзушылыққа жол берушілік деп істелгелі жатқан қылмыстық құқық бұзушылыққа бөгет жасауға міндетті адамның мүмкіндігі бола тұра бөгет жасамаушылығын 126 айтамыз. Қылмыстық заң бойынша мұндай міндет заңның тіке- лей сол міндетті орындау туралы нұсқауымен немесе қызмет бабын атқаруға байланысты міндеттілегінен туындайды.

Объективтік жағынан алғанда, қылмыстық құқық бұзушылыққа жол берушілік істелетін немесе істелгелі жатқан қылмысқа бөгет жасауға міндетті адамның мүмкіндігін пайдаланбай, әрекетсіздік жасауы арқылы жүзеге асырылады. Субъективтік жағынан алғанда, жол берушілік тек қана қасақаналықпен жүзеге асырылады. Қылмыстық жолмен жазаланатын осындай жол берушіліктің нақты түрлері қылмыстық заңда көрсетілген. Ол 370-бап - қызметтегі әрекетсіздік, яғни лауазымды адамның пайдакүнемдікпен немесе өзге де жеке мүддесі үшін өзінің қызметтік міндет- терін орындамауы, қылмыстық құқық бұзушылыққа қарсы күрес жүргізбеуі. Сондай-ақ 119-баптағы жас болуы, кәрілігі, науқастығы салдарынан немесе басқа бір дәрменсіздік себепті өзін-өзі сақтауға шара қолданарлық мүмкіндігі жоқ адамды біле тұра, өміріне қауіп төніп тұрған жағдайда жәрдемсіз қалдыру, егер жәрдемсіз қалдырушы ол адам жөнінде қамқорлық жасауға міндетті болса және жәрдем көрсетуге мүмкіндігі болса не- месе 320-баптағы заң немесе арнаулы ереже бойынша жәрдем көрсетуге міндетті адамның науқас адамға дәлелді себепсіз көмек көрсетпеуі, т. б. әрекеттер. Басқа жағдайларда қылмысқа жол бергендік үшін арнаулы жауаптылық жоқ. Заң бойынша қылмысқа жол

берушілік күні бұрын уәде беру арқылы істелсе, онда кінәлінің әрекеті қылмыстық құқық бұзушылыққа сыбайластықпен бірге қатысу ретінде сараланады (27, 28-баптар).

29-бап. Қылмыстық құқық бұзушылыққа сыбайлас қатысушылардың жауаптылығы

1. Сыбайлас қатысушылардың қылмыстық жауаптылығы олардың әрқайсысының қылмыстық құқық бұзушылықты жасауға қатысу сипатымен және дәрежесімен айқындалады. 2. Бірге орындаушылар өздерінің бірлесіп жасаған қылмыстық құқық бұзушылығы үшін осы Кодекстің 28-бабына сілтеме жасамай, осы Кодекстің белгілі бір бабы бойынша жауап береді. 3. Ұйымдастырушының, айдап салушының және көмектесушінің жауаптылығы, олар бір мезгілде бірге орындаушылар болып табылған жағдайларды қоспағанда, жасалған іс- әрекет үшін жаза көзделетін бап бойынша, осы Кодекстің 28-бабына сілтеме жасала отырып туындайды. 4. Орындаушы өзіне байланысты емес мән-жайлар бойынша қылмысты ақырына дейін жеткізбеген жағдайда, қалған сыбайлас қатысушылар қылмысқа дайындалуға немесе қылмысқа оқталуға сыбайласып қатысқаны үшін жауаптылықта болады. Өзіне байланысты емес мән-жайлар бойынша басқа адамдарды қылмыс жасауға көндіре алмаған адам да осы іс-әрекетті жасауға дайындалғаны үшін қылмыстық жауаптылықта болады. 5. Осы Кодекстің Ерекше бөлігінің тиісті бабында арнайы көрсетілген, қылмыстық құқық бұзушылықтың субъектісі болып табылмайтын, осы бапта көзделген іс-әрекетті жасауға қатысқан адам осы қылмыстық құқық бұзушылық үшін оны ұйымдастырушы, оған айдап салушы не көмектесуші ретінде қылмыстық жауаптылықта болады.

Қылмыстық құқық бұзушылыққа сыбайластықпен бірге қатысуда да, жеке адамның істеген қылмыстық құқық бұзушылығында да қылмыстық жауаптылықтың негізі қылмыстық заңда көрсетілген қылмыстық құқық бұзушылық құрамының барлық белгілері бар іс-әрекетті істеу болып табылады. ҚК-нің Ерекше бөлімінің баптарында жеке адамның қылмыстық құқық бұзушылық істегені үшін жауаптылығы белгіленген. Ал Қылмыстық кодекстің Жалпы бөлімі (28-бап) кез келген қылмыстық құқық бұзушылыққа қылмыстарда қылмыстық құқық бұзушылыққа сыбайластықпен бірге қатысушылықтың орын алатындығының заңдылық көрінісін бейнелеген, сондықтан ҚК-нің Ерекше бөлімінде көрсетілген жекеленген қылмыстық құқық бұзушылық құрамдарында көрсетілген қылмыстық құқық бұзушылықты немесе қылмыстық құқық бұзушылықтарды бірнеше адам бірге жасау арқылы істесе, онда мәселе Жалпы бөлімде көрсетілген қылмыстық құқық бұзушылыққа сыбайластықпен бірге қатысу туралы баптың (28-бап) ережелері басшылыққа алына отырып шешіледі.

Қылмыстық құқық бұзушылыққа сыбайластықпен бірге қатысуда әрбір қатысушы өздерінің бірлескен әрекеттері арқылы қылмыстық құқық бұзушылық істеуге нақты үлестерін қосады. Бұл үлес одан туындайтын зардаппен тікелей байланысты болады. Сондықтан да қылмыстық құқық нормасы бойынша қылмыстық құқық бұзушылыққа 127 сыбайластықпен бірге қатысқандардың барлығы да бірдей негізде және Қылмыстық кодекстің Ерекше

бөлімінде көрсетілген баптың санкциясы шеңберінде жауапқа тартылады. Бұл туралы Қылмыстық кодекстің 29-бабының екінші бөлігінде: «Бірге орындаушылар өздерінің бірлесіп жасаған қылмысы үшін осы Кодекстің 28-бабына сілтеме жасамай, осы Кодекстің нақ бір бабы бойынша жауап береді», - деп тура көрсетілген. Осы принципке сәйкес қылмыстық құқық бұзушылықты орындаушының әрекеті ҚК-нің Ерекше бөліміндегі істелген қылмыстық құқық бұзушылық үшін жауаптылықты белгілейтін бап бойынша тікелей сараланады, ал ұйымдастырушы, көмектесуші, ай- дагі салушылардың әрекеттері егер олар қылмыстық құқық бұзушылықты тікелей орындауға бірге қатыспаса Ерекше бөлімдегі істелген қылмыстық құқық бұзушылық үшін жауаптылықты белгілейтін баппен және оған косымша міндетті түрде ҚК-нің 28-бабының тиісті тармағына сілтеме жасала отырып сараланады.

Қылмыстық құқық бұзушылықты бұлай саралау қылмыстық құқық бұзушылықты тікелей орындаушының Ерекше бөліміндегі нақты қылмыстық құқық бұзушылық құрамын істегендігіне, ал басқа қатысушылардың іс-әрекетін 28-бапқа сілтеме жасау арқылы саралау қылмысқа қатысушылардың эрқайсысының әрекетін, атқарған рөлін толық сінаттау үшін қажет. Егер орындаушының қылмыстық құқық бұзушылық әрекеті алдын ала дайындық саты- сында үзілсе, онда бұл жағдайда қылмыстық құқық бұзушылықты саралауда өз көрінісін табуы керек.

Мұндай ретте орындаушының әрекетінде басқа бір қылмыстық құқық бұзушылықтың құрамы бар болса, ҚК-нің 24-бабына сілтеме жасала отырып, белгілі бір қылмыстық құқық бұзушылықты істеуге даярланғандық немесе окталғандық ретінде саралануы қажет, ал басқа қылмысқа қатысушылардың әрекеті тиісінше, 24, 28-баптарға және нақты қылмыстық құқық бұзушылық құрамына сілтеме жасала отырып саралана- ды. Мысалы, бөтен біреудің мүлкін ұрлау, окталу сатысында үзілсе, онда орындаушының әрекеті 24, 188-баптардың тиісті бөліктерімен, ал осы қылмыстық құқық бұзушылықта азғырушының әрекеті 24,28, 188- баптардың тиісті бөліктерімен сараланады.

Қылмыстық заң қылмысқа бірге қатысуда бірлескен қасакана қылмыстық құқық бұзушылық әрекет дей отырып, бірге қатысқан эрбір қатысушының қылмыстық құқық бұзушылық істеуге қосқан үлесін нақты анықтауды талап етеді. Қылмыстық құқық бұзушылыққа қатысушылардың жауаптылығы бір қылмыстық құқық бұзушылықты істеудегі объективті және субъективті байланысына сәйкес қылмыстық құқық бұзушылықты тікелей орындаушылардың әрекетімен де, сонымен бірге эрқайсысының өзінің қоғамға қауіпті әрекеттерімен белгіленеді.

Сондықтан қылмыстық құқық бұзушылықтың орындаушысы белгілі бір се- бептермен (мысалы, жасы толмауы) қылмыстық құқық бұзушылық үшін жауапқа тар- тылмаса, басқа қылмыстық құқық бұзушылыққа сыбайластықпен қатысушыларды жауаптылықтан босатута негіз жоқ. Сондай-ақ қылмысты орындаушының қылмысқа басқа қатысушылардың ниеті қамтымаған басқа бір қылмыстық құқық бұзушылықты әрекетті істегені үшін барлық қатысушыларға бірдей кінә қоюға тағы да болмайды. Осыған байланысты қылмыстық құқық бұзушылыққа сыбайластықпен қатысушылардың әрекетін саралағанда олардың

эрқайсысының осы қылмыстық құқық бұзушылыққа сыбайластықпен катысу мәнісімен бірге қылмыстық құқық бұзушылыққа сыбайластықпен катысудың түрін есепке алудың да маңызы зор. Өйткені Қылмыстық кодекстің Ерекше бөліміндегі жекелеген баптарда қылмысқа катысудың нақты нысандары белгілі бір құрамның негізгі немесе жетілген белгісін көрсетуі мүмкін, мысалы: 268-баптағы бандитизм құрамының бір белгісі болып банда, 188, 190-баптардағы құрамның жетілген белгісі мүлікті бір топ адам болып талан-таражға салу болып табылады. Осы жағдайларда банда мүшелерінің немесе осы топтың мүшелерінің өзара өз рөлдерін бөліспеуі немесе олардың кейбіреуінің қылмыстық құқық бұзушылық істеуге тікелей катыспауы да мүмкін. Соған қарамастан барлық қылмыстық топ мүшелерінің әрекеттері қылмыстық құқықтың Ерекше бөлімінде осы қылмыстық құқық бұзушылыққа сыбайластықпен катысудың түрі тікелей көрсетілген баппен саралануы керек.

Қылмыстық 128 топтың немесе қылмыстық сыбайластық (қылмыстық ұйымның) мүшелерінің катысуымен қылмыс істелгенде олардың әрқайсысына тағылатын кінә мөлшерін анықтаудың, оларға жеке дара жаза тағайындау үшін маңызы ерекше, қылмыстық заңның қағидасына сәйкес, қылмыстық топ немесе қылмыстық сыбайластыққа катысқан әрбір катысушыға олардың істеген нақты қылмыстық құқық бұзушылығына немесе қылмыстық құқық бұзушылықтың жеке эпизодтарын істеуге катысуына байланысты ғана кінә тағылуы керек. Сондықтан да Қылмыстық кодекстің 31-бабының 4 және 5-бөліктерінде: «Қылмыстық топты құрған не оларға басшылық еткен адам осы Кодекстің Ерекше бөлімінің тиісті баптарында көзделген жағдайларда оларды ұйымдастырғаны және оларға басшылық еткені, сондай-ақ егер қылмыстар пиғылымен болған болса, қылмыстық топ жасаған барлық қылмыстар үшін қылмыстық жауаптылыққа жатады.

Қылмыстық топтың басқа катысушылары осы Кодекстің Ерекше бөлімінің тиісті баптарында көзделген жағдайларда оған катысқаны үшін, сондай-ақ өздері дайындауға немесе жасауға катысқан қылмыстар үшін қылмыстық жауаптылықта болады (ҚК-тің 31-бабы, 5-бөлігі). Қылмыстық топ құру осы Кодекстің Ерекше бөлімінің баптарында көзделмеген жағдайларда оны жасау үшін құрылған қылмыстарға дайындалғаны үшін қылмыстық жауаптылыққа әкеліп соғады. Қылмыстық топты құру және оны басқару, қылмыстық қауымдастыққа катысу жеке қылмыс құрамы болып табылады. Ол үшін Қылмыстық кодекстің Ерекше бөлімінде осы үшін жауаптылықты белгілейтін 262-нөмірлі арнаулы бап бар.

Осы баптың бірінші бөлігіне сәйкес, ұйымдасқан топты немесе қылмыстық ұйымды құру, сол сияқты топқа немесе қылмыстық ұйымның құрылымдық бөлімшесіне басшылық ету - мүлкі тәркіленіп, жеті жылдан он екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жаза-ланады. Көрсетілген баптың екінші бөлігінде: «Ұйымдасқан топқа немесе қылмыстық ұйымға катысу - мүлкі тәркіленіп, бес жылдан он жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады», - делінген.

Ұйымдасқан топ немесе қылмыстық ұйым арқылы басқадай қылмыс істесе, онда кінәлінің әрекеті қылмыстың жиынтығы (262-баптың тиісті бөлігі

және істеген басқа қылмысы үшін) бойынша сараланады. Қылмыстық құқық бұзушылықты ұйымдасқан топ болып немесе қылмыстық ұйым арқылы бірнеше қылмыстық құқық бұзушылық істе- гендерге жаза әр қылмыстық құқық бұзушылық үшін бөлек тағайындалады, жазаларды түгелдей немесе ішінара қосу жолымен заңның ауырлау жаза белгіленген бабындағы шек- тен асырмай, жазаны қорытып бірақтағайындайды. Бұл осындай ауыр қылмыстық құқық бұзушылық түрін істегендерге лайықты жаза тағайындаудың кепілі болып табылады. Яғни, осыған орай жаза тағайындағанда қылмысқа бірге қатысушының әрқайсысының атқарған рөлін, кінәсінің деңгейін, істеген қылмыстық құқық бұзушылықтың мәні мен сипатын, қылмыскер тұлғасының ерекшелігін, қатысушылардың жазасын жеңілдететін немесе ауырлататын мән- жай толық есепке алынуы керек.

10. Қылмыстық құқық бұзушылықтың көптілігі.

12- бап. Қылмыстық құқық бұзушылықтардың бірнеше рет жасалуы 1. Осы Кодекстің Ерекше бөлігінің дәл сол бір бабында немесе бабының бөлігінде көзделген екі немесе одан да көп іс-әрекетті жасау қылмыстық құқық бұзушылықтардың бірнеше рет жасалуы деп танылады. Қылмыс және қылмыстық теріс қылық өзара бірне- ше рет жасалуды қурамайды. 2. Егер адам бұрын жасаған қылмыстық құқық бұзушылығы үшін сотталған не заңда белгіленген негіздер бойынша қылмыстық жауаптылықтан босатылған болса, қылмыстық құқық бұзушылық бірнеше рет жасалған деп танылмайды. 3. Жалғасатын қылмыстық құқық бұзушылық, яғни бір пигылмен және бір мақсатпен уштасып, тутас алғанда бір қылмыстық құқық бұзушылықты қурайтын, құқыққа қарсы бірқатар бірдей іс-әрекеттерден тұратын қылмыстық құқық бұзушылық бірнеше рет жасалған қылмыстық құқық бұзушылық деп танылмайды. 4. Қылмыстардың бірнеше рет жасалуы осы Кодексте негурлым қатаң жазаға әкеп соғатын мән-жай ретінде көзделген жағдайларда, адамның жасаған қылмыстары осы Кодекстің Ерекше бөлігінің қылмыстарды бірнеше рет жасағаны үшін жаза көзделетін бабының тиісті бөлігі бойынша сараланады. 5. Қылмыстық теріс қылықтардың бірнеше рет жасалуы осы Кодексте негурлым қатаң жазаға әкеп соғатын мән-жай ретінде көзделген жағдайларда, адамның жасаған қылмыстық теріс қылықтары осы Кодекстің Ерекше бөлігінің қылмыстық теріс қылықтарды бірнеше рет жасағаны үшін жаза көзделетін бабының тиісті бөлігі бойынша сараланады. Бір адам бір (жеке) немесе бірнеше қылмыс істеуі мүмкін.

Жеке қылмыстық құқық бұзушылық деп қылмыстық заңда көрсетілген бір әрекеттен, зардаптан, кінәнің нысанынан құралатын бір құрамды білдіретін және Ерекше бөлімнің бір бабымен ғана саралана- тын қылмыстық құқық бұзушылықты айтамыз. Кейбір жағдайларда бір адам бірнеше қылмыстық құқық бұзушылықты істеуі мүмкін, мұндай жағдайда олардың іс-әрекетін дұрыс саралау үшін қылмыстардың көптігінің түсінігін дұрыс анықтау керек. Қылмыстық құқықбұзушылық үшін жауапқа тартудың мерзімі ескірмеген немесе сотталғандықтан арылмаған немесе сотталғандығы жойылмаған

жағдайда бір адамның екі немесе одан да көп қылмыстық құқық бұзушылықтарды істеуін қылмыстық құқық бұзушылықтық көптігі деп айтамыз. Қылмыстардың көптігінің өзіндік белгілері: бір адамның екі немесе одан да көп әрқайсысы жеке-жеке құрам болып табылатын қылмыстық құқық бұзушылықты істеуі болып табылады. Сондықтан әкімшілік құқық бұзушылық іс-әрекеті қылмыстық құқық бұзушылық көптігіне жатпайды. Сондай-ақ, қылмыстық құқық бұзушылық үшін жауапқа тарту мерзімі ескірген немесе сотталғандықтан арылған немесе ондай атағы жойылған іс-әрекеттер қылмыстық құқық бұзушылық көптігіне жатпайды. Қылмыстық құқық бұзушылық көптігін жеке қылмыстық құқық бұзушылықтарды ажырата білген жөн. Жеке қылмыстық құқық бұзушылық пен қылмыстық құқық бұзушылықтардың көптігін ажырату, тергеу, сот қызметінде аса маңызды рөл атқарады.

Кейбір жағдайларда оны ажырату белгілі бір тұрғыда қиындықтатудызады. Өйткені, жеке қылмыстық құқық бұзушылықтардың өзі жай, күрделі құрамға, созылмалы, жалғасқан қылмыстық құқық бұзушылықтар болып және басқа да түрлерге бөлінеді. Жай (бір) құрамда, бір объектіге, бір әрекет арқылы кінәнің бір нысанымен зиян келтіру арқылы жүзеге асырылады. Мысалы, 188-баптың 1-бөлігі бөтеннің мүлкін жасырын гүрде ұрлау. Бұл жерде бір объектіге (біреудің меншігіне) бір әрекет (жасырын ұрлау) арқылы бір кінә нысанымен (қасақаналықпен) жәбірленушіге зиян келтіріліп отыр. Күрделі құрам деп екі немесе одан да көп іс-әрекеттерден құралатын, оның әрқайсысының бірінен-бірін бөліп қарағанда жай түрдегі қылмыстық құқық бұзушылық құрамына жататын, бірақ ішкі бірлігі бойынша бір қылмыстық құқық бұзушылықты құрайтын қылмыстық құқық бұзушылықтардың жиынтығын айтамыз. Мысалы, қарақшылықтың құрамын алайық.

Мұнда бөтен біреудің мүлкіне иелік ету жәбірленушінің өмірі мен денсаулығына қауіпті күш жұмсау арқылы жүзеге асырылады (192-бап). Бұл жағдайда және әр түрлі қылмыстық құқық бұзушылық әрекеттер (жәбірленушінің) өмірі мен денсаулығына қауіпті күш қолдану және мүлікті иемдену немесе (иемденуге оқталу) бір күрделі қылмыс құрамын - қарақшылықты құрайды, бірақ осы әрекет ішкі бірлігіне байланысты бір қылмыстық құқық бұзушылық құрамын құрай түр.

Жеке, күрделі құрамның бір түрі - балама әрекетті қылмыс болып табылады. Оның ерекшелігі сол қылмыстық заңда көрсетілген әрбір әрекет немесе әрекетсіздік біткен қылмыстық құқық бұзушылық құрамын көрсетеді. Мысалы, 175-бапта бір қылмыстық құқық бұзушылық құрамы мемлекетке опасыздық туралы жауаптылық көрсетілген, осы қылмыстық құқық бұзушылықтың объективтік жағының әр түрлі мынадай балама әрекеттерінің әрқайсысы жеке-жеке біткен қылмыстық құқық бұзушылықты білдіреді: жау жағына шығып кету; ШПИОНДЫҚ жасау; мемлекеттік құпияны жат-жұртқа беру; Қазақстан Республикасына дұшпандық әрекет жүргізу; шетелдік мемлекетке, шетелдік ұйымға және олардың өкілдеріне өзге де көмек көрсету. Қылмыстық кодекстің 248-бабында да бірнеше балама әрекеттердің жиынтығынан тұратын бір қылмыстық құқық бұзушылық құрамы туралы сөз

болады, мұнда күш қолданатын, мүлкін жоямын немесе бүлдіремін деген әрекеттерінің әрқайсысы жекеленген қылмыстық құқық бұзушылық құрамының біт-кен түрін білдіреді, осы әрекеттердің біреуін немесе бірнешеуін істегенде де бір ғана қылмыстық құқық бұзушылық істелді деп есептеледі. Созылмалы қылмыстық құқық бұзушылық кінәлінің өзіне қылмыстық заң жазамен қорқытып жүктеген міндеттемелерін ұзақ мерзімге орындамай әрекет немесе әрекетсіздік арқылы белгілі бір қылмыстық құқық бұзушылық құрамын үзіліссіз, белгілі бір уақыт аралығында жүзеге асыруы болып табылады.

Мұндай созылмалы қылмыстардың қатарына бөлімді немесе қызмет орнын өз беті-мен тастап кету (441-бап), балаларын немесе еңбекке жарамсыз ата-анасын бағуға арналған қаражатты төлеуден әдейі бұлтару (139-бап), қаруды, оқ-дәріні және жарылғыш заттарды заңсыз алып жүру, сақтау, алу, жасау және өткізу (287-бап); қылмыс туралы хабарламау (434-бап) және басқалары жатады. Мұндай жағдайларда қылмысты әрекет кінәлінің кінәсін өзі мойындап келген уақытына немесе оның өкімет органы арқылы ұсталуына байланысты жағдайларда ғана үзіледі. Оған дейін істеген іс-әрекет бір (жеке) созылмалы қылмыстық құқық бұзушылық ретінде қарастырылады.

Жалғасқан қылмыс деп ортақ максатқа жетуге бағытталған ұқсас (бірдей) қылмыстық құқық бұзушылықты әрекеттерден құралатын, жиынтығында бір қылмыстық құқық бұзушылық болып табылатын қылмыстық құқық бұзушылықтарды айтамыз. Мұндай қылмыстық құқық бұзушылық мысалы, 248-бапта көрсетілген мәміле жасауға мәжбүр ету, үнемі ұрып-соғу немесе басқа да әрекеттермен қинау (110-бап) сияқты қылмыстық құқық бұзушылық құрамдары, сондай-ақ мемлекет мүлкін өзара ұқсас әр түрлі қылмыстық құқық бұзушылық әрекеттер арқылы тегін, заңсыз иелік ету максатымен жасалған, нәтижесінде бір қылмыстық құқық бұзушылық болып табылатын талан-тараждар жатады.

Жоғарыда сөз болған жеке қылмыстық құқық бұзушылықтарды қылмыстық құқық бұзушылықтардың көптігін ажырата білу керек. Сондықтан да ең алдымен қылмыстық құқық бұзушылықтардың көптігіне дұрыс анықтама берген жөн. Қылмыстық құқықта қылмыстық құқық бұзушылықтардың көптігі деп адамның екі немесе одан да көп қылмыстық құқық бұзушылықты кінәлі түрде істеуін айтамыз. Іс-әрекеттің құрылымына қарай, қылмыстық құқық қылмыстық құқық бұзушылықтардың көптігін мынадай үш нысанға бөледі: қылмыстың бірнеше рет жасалуы, қылмыстың жиынтығы, қылмыстың қайталануы. Қылмыстық кодекстің белгілі бір бабында немесе Ерекше бөлім бабының бөлігінде көзделген екі немесе одан да көп әрекетті істеу қылмыстық құқық бұзушылықтардың бірнешерет жасалуы деп танылады. Қылмыс және қылмыстық теріс қылық өзара бірнеше рет жасауды құрамайды (12-бап 1-бөлігі). Осы заңның мазмұнына сәйкес, қылмысты бірнеше рет жасады деп тану үшін бірінші және одан кейінгі қылмыстарды істеуде уақыты жөнінен үзіліс болуы және қылмыстық жауапқа тартудың ескіруі болмаса, егер сотталған болса, сотталғандықтан арылмаса немесе сотталғандығы жойылмауы негізгі шарт болып табылады. Егер адам бұрын жасаған қылмысы үшін сотталған не заңда белгіленген негіздер бойынша қылмыстық жауаптылықтан босатылған

болса, қылмыс бірнеше рет жасалған деп танылмайды (12-баптың 2-бөлігі). Сол сияқты жалғаспалы қылмыстар да бірнеше мәрте жасалған қылмыс болып табылмайды (12-бап, 3-бөлігі). Қылмыстардың бірнеше рет жасалуы туралы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының «Қылмыстардың бірнеше рет жасалуын және жиынтығын саралау туралы» 2006 жылғы 26 желтоқсандағы № 11 нормативтік қаулысында төмендегідей анықтама берілген: Қылмысты бірнеше рет жасау Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексі Ерекше бөлімінің белгілі бір бабында немесе бабының белгілі бір бөлігінде қаралған бірнеше қылмыстарды белгілі бір адамның жасауын көздейді. Қылмыстардың бірнеше рет жасалуының саралаушы белгісі қылмыстар үшін алынбаған немесе жойылмаған соттылықтарды және егер Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексі бабының диспозициясында соттылықтар осы қылмыстың дербес саралаушы белгісі ретінде көрсетілмеген жағдайда бұрын жасалған қылмыстар үшін соттылық жағдайын да қамтиды.

Әрекетті бірнеше рет жасалу белгісі бойынша саралау кезінде кәмелетке толмаған жаста жасаған қылмыстар үшін бұрынғы алынбаған немесе жойылмаған соттылықтар ескерілмейді. Қылмыстардың бірнеше рет жасалуын анықтау кезінде адамның заңмен белгіленген тәртіп бойынша қылмыстық жауаптылықтан босатылған қылмыстары немесе солар үшін қылмыстық жауаптылықтың ескіру мерзімдерінің өтуі ескерілмейді. Қылмыстардың бірнеше рет жасалуын анықтау кезінде адамның заңмен белгіленген тәртіп бойынша қылмыстық жауаптылықтан босатылған қылмыстары немесе солар үшін қылмыстық жауаптылықтың ескеру мерзімдерінің өтуі ескерілмейді. 3. Егер бірнеше рет жасау қылмыстық-құқықтық нормада саралаушы белгі ретінде көрсетілсе, онда белгілі бір адамның бірнеше ұқсас немесе біртектес қылмыстар жасауы осы қылмысты бірнеше рет жасағаны үшін жауаптылық көздейтін Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексі тиісті бабы (бабының бөлігі) бойынша тұтастай саралауға жатады. Әр түрлі саралаушы белгілерді көздейтін Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексі белгілі бір бабының әр түрлі бөлімдерінде қаралған бірнеше қылмыстар жасалған кезде бұл әрекеттер тек баптың неғұрлым қатаң жаза белгілейтін және барлық саралаушы белгілерін қамтитын бөлігі бойынша ғана тұтастай саралауға жатады. Мұндай жағдайларда қылмыстық заңның осы бабының өзге бөліктерінде көрсетілген әрекеттерге қатысты анықталған қылмыстың саралаушы белгілері тағылуға жатады және үкімде көрсетілуі тиіс. 4. Қылмыстардың бірнеше рет жасалуын жалғаспалы қылмыстардан ажырата білу қажет. Белгілі бір адамның кінәнің бірыңғай нысанымен және біріктірілген ортақ мақсатпен, материалдық құрамымен және келтірілген зардаптарының біркелкілігімен сипатталатын, қылмыс жасау тәсілі мен объектісі бойынша өзара ұқсас екі және одан да көп қылмыстық әрекеттерді жасауы қылмыстың бірнеше рет жасалуын құрамайды.

Мұндай жағдайларда барлық жасалған әрекеттерді тұтастай жалғаспалы қылмыс ретінде танып, осы қылмысты жасағаны үшін жауаптылық көздейтін Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің бір бабы немесе бабының бөлігі бойынша саралаған жөн. Егер жалғаспалы қылмыс кезеңінде қылмыстық заңға осы әрекет үшін неғұрлым қатаң жауаптылықты белгілейтін өзгерістер

енгізілсе және қылмыс көріністерінің ең болмағанда біреуі заңның жаңа редакциясы күшіне енген кезеңде жасалса, онда жалғаспалы қылмыстың барлық көріністері жаңа заң бойынша тұтастай бір қылмыс ретінде саралауға жатады. Қылмыстық құқық теориясында бірнеше рет жасалған қылмыс жалпы және арнаулы болып екі түрге бөлінеді. Бірнеше рет жасалған қылмыстың жалпы қайталануы деп істелген қылмыстың қоғамға қауіптілігінің мәні мен дәрежесіне қарамастан кез келген басқа бір қылмысты қайталап жасаушылықты айтамыз. Қылмыстың жалпы қайталануы қылмысты саралауға әсер етпейді, бірақ жаңа тағайындалғанда жазаны ауырлататын мән-жай ретінде есепке алынуы мүмкін (54-баптың 1- бөлігі, «1» тармағы).

Бірнеше рет жасалған қылмыстың арнаулы қайталануы - адамның ұқсас іс-әрекетті тағы да жасауы болып табылады. Бұл жердегі сөз болып отырған ұқсас қылмысқа бір қылмыстың құрамына жататын қылмыстың қайталанып істелуі жатады (Мысалы, бұрын адам өлтірген адамның адам өлтіруі 99-бап, 2-бөлігі, «13» тармақшасы, денсаулыққа қасақана ауыр зиян келтіруді бір- неше рет жасаса 106-бап, 2-бөлігі, «10» тармағы). Ұқсас қылмыстар ғана қылмыстардың бірнеше рет жасалғандығын түзеді. Біртектес қылмыстар деп объективтік, субъективтік белгілері ұқсас, кінәнің бір түрлі нысаны орын алатын, бір немесе бірнеше ұқсас объектіге қылмысты қол сұғатын қылмыстарды айтамыз (мысалы, ұрлық, тонау, қарақшылық және т. б.). Сондықтан бір- неше бір тектес қылмыстарды жасау бірнеше рет жасалған қылмыс дей саналмайды, мұндай ретте іс-әрекет қылмыстардың жиынтығы ретінде сараланады. Мысалы, кінәлі адам ұрлық және тонаушылық жасаса, оның іс-әрекеті қылмыстардың жиынтығы болып саралануға жатады (ҚК-тің 188 және 191-баптары). Бірнеше мәрте жасалған қылмыс деп тану үшін кінәлі адам бұрынғы қылмысы үшін сотталуы немесе сол іс-әрекеті үшін ол әлі де қылмыстық жауапқа тартылмауы қажет. Бірнеше мәрте қылмыс жасады деп тану үшін оны қылмыстық жауапқа тартудың мерзімі ескерілмеуі, сондай-ақ оның сотталғандығы жойылмауы немесе одан арылмауы қажет. Бұл мәселеге Республика Жоғарғы Соғы бір- неше рет мән берген.

Бұрынғы істеген қылмыс біткен немесе бітпегеніне, кінәлінің сол қылмыс үшін орын- даушы ретінде немесе қылмысқа қатысушы ретінде қатысуына қарамастан тағы да істеген қылмысы, іс-әрекеті бірнеше рет жасалған деп танылады. Үнемі (ұдайы) жасаған қылмыстар да бірнеше мәрте жасалған қылмысқа жатады. Үнемі қылмыс жасау кейбір қылмыс құрамдарының қажетті белгісі болуы мүмкін. Мы- салы, 110-бапта көрсетілген қинау. Мұнда ұдайы ұрып-соғу немесе өзге де күш қолдану әрекеттері жолымен тән зардабын немесе психикалық зардап шеккізу қинау деп белгіленген.

Қылмыстардың бірнеше рет жасалуы Қылмыстық кодексте неғұрлым қатаң жазаға әкеп соқтыратын мән-жай ретінде көзделген жағдайларда кінәлінің істеген қылмысы Қылмыстық кодекстің Ерекше бөлімінің қылмыстарды бірнеше рет жасағаны үшін жазалауды көздейтін бабының тиісті бөлігі бойынша сараланады (ҚК-тің 12-бабы 4-бөлігі). Қылмыстың теріс қылықтардың бірнеше рет жасалуы осы Кодексте неғұрлым қатаң жазаға әкеп соғатын мән-жай ретінде көзделген жағдайларда, адамның жасаған қылмыстық

теріс қылықтары осы Кодекстің Ерекше бөлігінің қылмыстың теріс қылықтарды бірнеше рет жасағаны үшін жаза көзделетін бабының тиісті бөлігі бойынша сараланады.

13- бап. Қылмыстық құқық бұзушылықтар жиынтығы 1. Осы Кодекстің түрлі баптарында немесе баптарының бөліктерінде көзделген, адам солардың бірде-біреуі үшін сотталмаған немесе заңмен белгіленген негіздер бойынша қылмыстық жауаптылықтан босатылмаған екі немесе одан да көп іс-әрекетті жасау, қылмыстық құқық бұзушылықтардың жиынтығы деп танылады.

Қылмыстық құқық бұзушылықтардың жиынтығы кезінде адам, егер осы іс-әрекеттердің белгілері осы Кодекстің бір бабының немесе бабының бір бөлігінің неғұрлым қатаң жазаны көздейтін нормасында қамтылмаған болса, әрбір жасалған іс-әрекет үшін осы Кодекстің тиісті бабы немесе бабының бөлігі бойынша қылмыстық жауаптылықта болады. 2. Осы Кодекстің екі немесе одан да көп бабында көзделген қылмыстық құқық бұзушылықтардың белгілері бар бір әрекет (әрекетсіздік) те қылмыстық құқық бұзушылықтардың жиынтығы деп танылады. Қылмыстардың мұндай жиынтығы кезінде адам, егер бір іс-әрекеттің белгілері осы Кодекстің бабының басқа іс-әрекет үшін неғұрлым қатаң жазаны көздейтін нормасында қамтылмаған болса, әрбір жасалған іс-әрекет үшін осы Кодекстің тиісті баптары бойынша қылмыстық жауаптылықта болады.

3. Егер дәл сол бір іс-әрекет осы Кодекстің тиісті баптарының жалпы және арнайы нормаларының белгілеріне сәйкес келсе, қылмыстық құқық бұзушылықтардың жиынтығы болмайды және қылмыстық жауаптылық осы Кодекстің Ерекше бөлігінің арнайы норманы қамтитын бабы бойынша туындайды. Қылмыстық кодекстің түрлі баптарында немесе баптарының бөліктерінде көзделген, адам солардың бірде-біреуі үшін сотталмаған немесе заңмен белгіленген негіздер бойынша қылмыстық жауаптылықтан босатылмаған екі немесе одан да көп әрекеттерді жасау қылмыстық құқық бұзушылықтардың жиынтығы деп танылады. Қылмыстық құқық бұзушылықтардың жиынтығында адам, егер жасалған әрекеттердің белгілері осы Кодекстің бір бабының немесе бабының бір бөлігінің неғұрлым қатаң жаза қолдануды көздейтін нормасымен қамтылмаған болса, әрбір жасалған қылмыс үшін осы Кодекстің тиісті бабы немесе бабының бөлігі бойынша қылмыстық жауапқа тартылады (13-бап, I-бөлігі).

4. Осы Кодекстің екі немесе одан да көп баптарында көзделген қылмыстық құқық бұзушылықтардың белгілері бар іс-әрекет (әрекетсіздік) те қылмыстық құқық бұзушылықтардың жиынтығы деп танылады. Адам қылмыстардың мұндай жиынтығында, егер бір әрекеттің белгілері осы Кодекстің бабының басқа әрекет үшін неғұрлым қатаң жаза қолдануды көздейтін нормасымен қамтылмаған болса, әрбір қылмыс үшін осы Кодекстің тиісті баптары бойынша қылмыстық жауапқа тартылады (13-бап, 2-бөлігі). Егер адам Қылмыстық кодекстің әр түрлі баптарында, ал жеке реттерде баптардың бөлігінде көрсетілген екі немесе одан да көп қылмыстарды істесе, оның бірде-біреуі үшін сотталмаса немесе заңмен белгіленген негіздер бойынша

қылмыстық жауап ғылықтан босатылмаса, онда оның іс-әрекетінде қылмыстың жиынтығы бар деп танылады.

5. Баскаша айтқанда, қылмыстардың жиынтығында кінәлі түрде істелген іс-әрекетте екі немесе одан да көп қылмыстың құрамы болады. Кінәлінің істеген іс-әрекеті Қылмыстық кодекстің Ерекше бөлімінде көрсетілген баптардың әр түрлі бөлігінің немесе бір баптың неше түрлі тармақшаларында көрсетілген қылмыстық құқық бұзушылық құрамының бел-гілеріне сәйкес болуы керек. Сол сияқты адамның істеген біркелкі әрекетінің біреуі біткен қылмыс та, баскасы қылмысқа дайындалуды, оқталуды немесе қылмысқа катысуды түзетін болса, онда мұндай әрекет те қылмыстық құқық бұзушылықтың жиынтығы болып табылады.

6. Қылмыстық құқық бұзушылықтың жиынтығы болу үшін адам істеген іс-әрекеттің біреуі үшін де сотталмаған немесе заңмен белгіленген негіздер бойынша қылмыстық жауаптылықтан босатылмаған болуы керек, осыған байланысты Қылмыстық кодекстің 65, 66,67,68,69,70,71,77,78-баптарында көрсетілген шын өкінуіне байланысты қылмыстық жауаптылықтан босату, қажетті қорғану шегінен асқан кезде қылмыстық жауаптылықтан босату; процестік келісімнің талаптары орындалған кезде қылмыстық жауаптылықтан босату; жәбірленушімен татуласуына байланысты қылмыстық жауаптылықтан босату; кепілгерлік белгіленуіне байланысты қылмыстық жауаптылықтан босату; жағдайдың өзгеруіне байланысты қылмыстық жауаптылықтан босату; ескіру мерзімі өтуіне байланысты қылмыстық жауаптылықтан босату; айыптау үкімінің ескіру мерзімі бойынша жазаны өтеуден босату, айыптау үкімінің ескіру мерзімі бойынша жазаны өтеуден босату, рақымшылық немесе кешірім жасау актісі негізінде қылмыстық жауаптылықпен жазадан босату сияқты фактілер қылмыстық құқық бұзушылық жиынтығында орын алмауы керек.

Егер мұндай мәселелер болса, онда ондай іс-әрекетте қылмыстың жиынтығы болмайды. Заң әдебиетінде қылмыстық құқық бұзушылықтың жиынтығы идеалдық және нақты (реалды) болып екі түрге бөлінеді. /Қылмыстық құқық бұзушылықтың идеалдық жиынтығы деп кінәлінің бір іс-әрекетінен бірден қылмыстық заңның әр түрлі баптары, бір баптың әр түрлі бөліктері, тармақшалары бойынша сараланатын екі немесе одан да көп қылмыстардың істелуін айтамыз.

Қылмыстың идеалдық жиынтығына Ш-ның іс-әрекеті мысал бола алады. Ш. өзінің танысы К-ның саяжайына келеді. Ш. Кнің саяжайда қатты мас болып, ұйықтап жатқанын көріп, одан кек алу мақсатымен, есік, терезені сыртынан мықтап бекітіп, дәлізде тұрған 10 литр бензинді саяжай ішіне шашып, от қояды. Саяжай өртеніп, ішіндегі К. ауыр жаракат алып, 4 тәуліктен соң ауруханада қайтыс болады. Ш. бір әрекетпен (К-нің саяжайын өртеу арқылы) екі қылмыс істеді: 1) бөтеннің мүлкіне өрт жіберу арқылы қасақана құрту (202-бап, 3-бөлігі, «1» тармағы); 2) кісіні кек алу мақсатымен қасақана өлтіру (99-бап, 1-бөлігі).

Егер кінәлі адам бір әрекет арқылы бір мезгілде қылмыс істеуге оқталумен бірге екінші бір біткен қылмыстың құрамын орындаса бұл да қылмыстық құқық бұзушылықтың идеалдық жиынтығы болады. Мысалы У.

төртінші қабаттағы пәтерінде тұрып жолда отіп бара жатқан өзінің жек көретін танысы С-ны ауыр жаралау мақсатымен төртінші қабаттан С-ға қаратып жұдырықтай тас лақтырады. Тас С-ға тимей Ж. деген әйелге тиіп, оған ауыр дене жаракатын түсіреді. Осы мысалдан У-дың бір әрекетінен екі қылмыс жасағанын көрігі отырмыз. Оның біріншісі С-ға ауыр дене жаракатын салуға оқталу, екіншісі Т-ға абай-сызда ауыр дене жаракатын түсіру. Қылмыстық құқық бұзушылықтың нақты жиынтығы деп адамның әр түрлі іс-әрекеті арқылы қылмыстық заңның әр түрлі бабына (баптың бөлімдеріне, баптың тармақшаларына) жататын қылмыстық құқық бұзушылық жасауын айтамыз. Қылмыстық құқық бұзушылықтың жиынтығын идеалдық және нақты деп бөлудің теориялық та, практикалық та маңызы зор. Қылмыстық құқық бұзушылықтың нақты жиынтығының зияндылығы идеалдық жиынтыққа карағанда комакты болады, сол үшін де оған қатаңырақ жаза мөлшері белгіленеді. Оның үстіне Қылмыстық кодекстің 54-бабының 1-бөлігінің «1» тармағына сәйкес, қылмыстың нақты жиынтығында бұрын бір қылмыс істеген адамның жаңадан қылмыс істеуі, қылмыстардың қайталануы, жауаптылықты ауырлататын мән-жайларға жатады.

Қылмыстық құқық бұзушылықтың жиынтығын нормалар бәсекелестігінен ажырата білу қажет. Осыған орай Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының «Қылмыстардың бірнеше рет жасалуын және жиынтығын саралау туралы» 2006 жылғы 25-желтоқсандағы № 11 қаулысында: Қылмыстық кодекстің бірнеше баптарында объектісі көрсетілген әрекетті саралау кезінде (жалпы және арнайы нормалардың бәсекелестігі) қылмыстардың жиынтығы болмайды және әрекет ҚК 13-бабының үшінші бөлігіне сәйкес, тиісті арнайы норма бойынша саралауға жатады. Келтірілген әр түрлі қоғамдық қауіпті зардаптар қолдануға жататын қылмыстық заңның бір нормасымен көзделмесе және әр түрлі қылмыстардың тікелей объектілеріне жататын болса да әрекетті де әрбір қылмыс үшін жауаптылық белгілеген Қылмыстық кодекстің тиісті баптары бойынша қылмыстардың жиынтығы ретінде саралаған жөн. 12. Жасалған әрекетте ауырлатылған құрамды жасағаны үшін жауаптылық көздейтін Қылмыстық кодекстің бабында көрсетілген қылмыстың белгілері (мысалы, адам өлтіру кезіндегі аса қатыгездік) және сонымен қатар осы әрекетті жеңілдететін мән-жайлар бойынша (мысалы, жан күйзелісі жағдайында) саралау үшін негіз болып табылатын басқа да белгілер анықталған кезде қылмыстар жиынтығы болмайды.

Мұндай жағдайларда әрекет осы қылмысты жасағаны үшін қатаңдығы төменірек жауаптылықты көздейтін Қылмыстық кодекстің бабы бойынша саралауға жатады (мысалы, жан күйзелісі жағдайында аса қатыгездікпен адам өлтіру Қылмыстық кодекстің 101-бабы бойынша ғана саралауға жатады). 13. Белгілі бір қылмысты жасағаны үшін қылмыстық жауаптылықты жеңілдететін әр түрлі саралаушы белгілер Қылмыстық кодекстің бірнеше баптарында көзделген жағдайларда, әрекет қатаңдығы төменірек жауаптылықты көздейтін Қылмыстық кодекстің бабы бойынша саралауға жатады. (Мысалы, қажетті қорғаныс шегінен тыс және жан күйзелісі жағдайында адам өлтіру Қылмыстық кодекстің 102-бабы бойынша саралауға жатады). Белгілі бір адам жасаған,

жиынтыққа кіретін қылмыстардың біреуінің субъективтік жағы кінәнің қасақана нысанымен, ал басқа қылмыстың субъективтік жағы абайсыздықпен сипатталса (мысалы, бір адамды қасақана өлтіру және басқа адамды абайсыздықтан өлтіріп алу), онда жасалған қылмыстар тіпті объектісі, объективтік жағы және келтірілген зардаптары бойынша бір-бірімен сәйкес келгеннің өзінде әрбір әрекет Қылмыстық кодекстің қасақана және абайсыздықпен жасалған қылмыс үшін жауаптылық көздейтін тиісті баптары бойынша саралануы қажет. 14. Егер жиынтыққа кіретін қылмыстардың бірін тек арнайы субъектінің жасауы, ал басқа қылмыстарды - өзге адамдардың жасауы мүмкін екендігі заңда көрсетілсе, онда мұндай қылмыстар осы қылмыстар үшін жауаптылық көздейтін Қылмыстық кодекстің тиісті баптары бойынша жеке саралануы тиіс.

Егер қылмыс субъектісі қылмыстардың бірін жасау кезінде орындаушы, ал басқа қылмыстарды жасау кезінде - ұйымдастырушы, арандатушы не көмектесуші болса, жиынтықты құрайтын қылмыстар да осылай саралауға жатады. Мұндай жағдайларда ұйымдастырушы, арандатушы немесе көмектесуші ретінде қылмысты жасауға қатысқан адамның әрекеттерін саралау кезінде Қылмыстық кодекстің 28-бабын және жасалған қылмыс үшін жауаптылықты көздейтін Қылмыстық кодекстің Ерекше бөлімінің тиісті бабын қолдану қажет, ал адамның орындаушы ретіндегі әрекетін Қылмыстық кодекстің тиісті бабы бойынша дербес саралаған жөн. 15. Егер жасалған қылмыстардың бірі басқа қылмысты жасаудың құралы немесе тәсілі болып табылса және қылмыстардың екеуінің де белгілері қылмыстық заңның тиісті нормасының диспозициясында көрсетілсе, онда жасалған әрекет неғұрлым ауыр қылмыс үшін жауаптылықты көздейтін Қылмыстық кодекстің бір бабы бойынша ғана саралауға жатады.

Бұл орайда, қатаңдығы төменірек қылмыс үшін жауаптылықты көздейтін бап бойынша қосымша саралау қажет емес. (Мысалы, контрабанда жасау кезінде қызмет бабын асыра пайдалану Қылмыстық кодекстің 286- бабының екінші бөлігінің 2) тармағы бойынша ғана саралауға жатады).

16. Бір қылмыстың басқа қылмыспен ұштасуы қылмыстардың өзара байланыстығын, бір қылмыстың басқа қылмысқа ұласуын білдіреді. Мұндай жағдайларда кінәлі адам қылмыстардың әрқайсысын орындауға (араласында уақыт өткізіп немесе өткізбей) бағытталған әрекеттерді жасайды. Қылмыстардың нақты жиынтығы кезінде олардың ұштасуы (яғни, қылмыс кінәлінің бірнеше әрекеттерімен жасалғанда), сондай-ақ олардың анық жиынтығы кезінде (бір әрекетте не әрекетсіздікте Қылмыстық кодекстің екі және одан да көп баптарында көзделген қылмыстардың белгілері болғанда), Қылмыстық кодекстің 12-бабына сәйкес, әрбір қылмысты Қылмыстық кодекстің тиісті бабы бойынша бөлек саралауға әкеп соғады.

17 Жиынтыққа кіретін біртектес емес қылмыстарды кінәлі бірнеше сабақтас әрекеттер арқылы жасаса және олардың біріншісінің жасалуы екінші қылмыстың бірінші қылмыспен ұштасып жасалуы деген саралаушы белгісі бойынша саралау үшін негіз болып табылса (мысалы, алдымен жәбірленушіге қатысты қарақшылық, қорқытып алушылық, бандитизм, зорлау, нәпсіқұмарлық

сипаттағы әрекеттер жасау, содан кейін оны өлтіру), әрбір қылмыс Қылмыстық кодекстің тиісті бабы бойынша дербес саралауға жатады.

Бірінші қылмыс (мысалы, адам өлтіру) одан кейін екінші қылмысты (мысалы, ұрлау) жасауды жеңілдету мақсатында жасалса не кінәлі бірінші қылмысты (мысалы, зорлау) жасағаннан кейін осы қылмысты жасыру мақсатында басқа қылмыс (мысалы, адам өлтіру) жасаса, жиынтықты құрайтын қылмыстар осылай саралауға жатады. 18. Егер іс бойынша қолдануға жататын қылмыстық заңның нормасы, қылмыстар жиынтығын көрсете келе, жасалған қылмыстардың әрқайсысының барлық белгілерін толық қамтыса және олардың әрқайсысынан қоғамдық қауіпті зардаптардың келтірілуін көздесе, онда жасалған әрекет тұтастай алғанда осы саралаушы белгілері бар неғұрлым ауыр қылмысты жасағаны үшін жауаптылықты көздейтін Қылмыстық кодекстің тиісті бабы бойынша саралауға жатады (мысалы, қарақшылық шабуыл жасау және бұл орайда денсаулыққа ауыр зиян келтіру) - деп тұжырымдалған. Нормалар бәсекелесі Қылмыстық кодекстің Ерекше бөлімінің бірнеше баптарын бірдей қамтитын бір қылмыс арқылы көрініс табады. Нормалар бәсекелесінде сот Қылмыстық кодекстің бірнеше баптарынан сол іс-әрекетке тән бір бапты ғана бөліп алып, іс-әрекетті сол бойынша саралайды.

Жалпы және арнаулы нормалар бәсекелесі болғанда арнаулы норма қолданылады. Егер арнаулы нормалар өзара бәсекеге түссе, онда жазаны жеңілдететін мән-жайларды көрсететін қылмыстық құқылық нормаға артықшылық беріледі. Егер белгілі бір және нақ сол әрекет осы Кодекстің тиісті баптарының жалпы және арнаулы нормаларының белгілеріне сәйкес келсе, қылмыстардың жиынтығы болмай- ды және қылмыстық жауаптылық осы Кодекстің ерекше бөлімінің арнаулы норманы қамтитын бабы бойынша туындайды (12-бап, 4-бөлігі). Басқаша айтқанда, егер бір қылмысты іс-әрекет екінші бір қылмыстың міндетті бел- гісі ретінде көрінсе, қылмыстың жиынтығы болмайды. Мысалы: қызмет өкілеттігін пай- даланып қиянат жасау жеке қылмыс (361-бап), ол сонымен бірге бөтеннің мүлкін талан- таражға салудың тәсілі ретінде көрінуі де мүмкін (189-баптың 2-бөлігі, «3» тармағы), соңғы жағдайда барлық іс-әрекет бір қылмыс болып табылады да, қосымша 361-баппен саралануға жатпайды.

14- бап. Қылмыстардың қайталануы, қылмыстардың қауіпті қайталануы 1. Егер адам бұрын ауыр қылмыс жасағаны үшін бас бостандығынан айыруға сотталған болса, осы адамның ауыр қылмыс жасауы қылмыстардың қайталануы деп танылады. 2. Қылмыстардың қауіпті қайталануы деп адамның: 1) егер осы адам бұрын ауыр қылмыс жасағаны үшін екі рет бас бостандығынан айыруға сотталса немесе аса ауыр қылмысы үшін сотталған болса, ауыр қылмыс жасағаны; 2) егер ол бұрын ауыр немесе аса ауыр қылмысы үшін бас бостандығынан айыруға сотталған болса, аса ауыр қылмыс жасағаны танылады. 3. Он сегіз жасқа дейінгі адамның жасаған қылмыстары үшін сотталғандық, сондай-ақ осы Кодексте белгіленген тәртіппен алып тасталған немесе жойылған сотталғандық қылмыстардың қайталануын және қылмыстардың қауіпті қайталануын тану кезінде есепке алынбайды. 4. Қылмыстардың қайталануы және қылмыстардың қауіпті қайталануы осы Кодексте көзделген негіздер мен

шектерде негурлым қатаң жазаға әкеп соғады. Егер адам бұрын ауыр қылмыс жасағаны үшін бас бостандығынан айыруға сотталған болса, осы адамның ауыр қылмыс жасауы қылмыстардың қайталануы деп танылады (14-бап, 1-бөлігі). Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының «Соттардың қылмыстардың қайталануы туралы заңдарда қолдануы туралы» 2007 жылғы 25 желтоқсандағы № 8 нормативтік қаулысында осы мәселе ерекше мән берілген: Қазақстан Республикасының 1997 жылғы Қылмыстық кодексінің 13-бабы бойынша бұрын қасақана қылмысы үшін соттылығы бар адамның қасақана қылмыс жасауы қылмыстың қайталануы деп танылды.

Ал 2014 жылы қабылданған Қылмыстық кодекс- те қылмыстардың қайталану белгісі ретінде адамның кез келген қасақана қылмысты жасауы емес - тек қана ауыр қылмыстарды жасағаны үшін бас бостандығынан айыруға сотталғаны, осыдан кейін сол адамның тағы да ауыр қылмыс жасап, өзінің іс-әрекетін қайталануы негізге алынады. Қазақстан Республикасы Қылмыстық Кодексінің 14-бабына сәйкес, қылмыстардың қайталануы, сонымен қатар жәй және қауіпті болып бөлінеді. Басты сот талқылауында қылмыстық істі қарау нәтижелері бойынша айыптау үкімін шығару кезінде сот қылмыстың қайталануының қандай түрінің бар екенін анықтайды. Сотталушының әрекетінде қылмыстық қайталануын анықтай, ол бойынша тиісті шешім қабылдау соттың құқығы емес, міндеті болып табылады. Сондықтан заңда көзделген барлық жағдайларда сот үкімінің сипаттамалы-дәлелдемелі бөлігінде алынбаған және жойылмаған соттылықтарды, бұрынғы және жаңадан жасалған қылмыстардың ауырлығын көрсете отырып тиісті негіздерді келтіру, және Қылмыстық кодекстің 14-бабының тиісті бөлігі мен тармағына сілтеме жасап, қылмыстың қайталануының қандай түрінің анықталғаны туралы шешімі үкімнің қарар бөлігінде көрсетуі тиіс.

Егер сот үкімнің дәлелдемелі бөлігінде қылмыстың қайталануын тану үшін негіздерді келтіре отырып, үкімнің қарар бөлігінде сотталушының әрекеттерінде қылмыстың қайталануының тиісті түрін тану туралы шешімін көрсетпесе, онда сот осы үкіммен қылмыстың қайталануын танымаған деп есептеу қажет. Қолданылып жүрген қылмыстық заңға сәйкес қылмыстың қайталануын білу үшін бұрын міндетті түрде сотталғандығы, бұрынғы істеген қылмысы үшін жазаны толық немесе ішінара өтеуі, соңғы қасақана қылмысты істегенде сопалғандық атағының болуы шарт. Яғни, қылмыстың қайталануы, көптік қылмыстардың ішіндегі ең қауіпті түрінің бірі. Ауыр қылмыс істеп, сол үшін сотталып, одан тиісті қорытынды шығармай, тағы да қасақана ауыр қылмыс істеудің өзі мұндай адамдардың мемлекет, қоғам, жеке азаматтардың мүддесіне қауіптірек екендігін көрсетеді.

Осыған орай Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 1999 жылы 30 сәуірдегі «Қылмыстық жаза тағайындаған кезде соттардың заңдылықты сақтауы туралы» № 1 нормативтік қаулысына сәйкес соттардың нағыз бұрын сотталған, бірақ түзелгісі келмейтін адамдарға заңда көрсетілген жазалаудың қатаң шараларының қолданылуы керектігіне аударылды. Республика Жоғарғы Сотының жоғарыда аталған қаулысының 2-тармағында «Соттар Қылмыстық кодекстің қылмыстың қайталануын (рецидивін) тану кезінде кез келген алынып

тасталмаған немесе бұрын жойылған соттылықтар емес, олардың тек ересек жастағы жасаған қылмысына байланысты соттылық қана негіз болып табылатынын ескеруі керек», - делінген. Қылмыстық құқық теориясында қылмыстың қайталануы фактілі және ресми болып бөлінеді. Адамның бірінші істеген ауыр қылмысы үшін сотталғандық атағының бар-жоғына қарамастан тағы да ауыр қылмыс істеуі фактілі қылмыстық қайталау деп саналады. Бұрын ауыр қылмыс жасағаны үшін сотталғандық атағы жойылмаған немесе одан арылмаған адамның тағы да ауыр қылмыс істеуі ресми қылмыстық қайталау болып та- былады.

Ресми қылмыстық қайталау деген атақтың болуы кінәлі адамның іс-әрекетін саралауға, оған жаза тағайындағанда немесе бас бостандығынан айыру жазасына сотталғанда жаза өтеу колониясының түрін белгілеуге, сондай-ақ шартты жазаны, жазадан шартты түрде мерзімінен бұрын босату және жазаны неғұрлым жеңілдірек жазамен ауыстыруды қолдану, қолданбау мәселесінде сотталғандықтан арылу немесе оны жою сияқты мәселелерді ше- шуге тікелей әсері бар. Ресми қайталану жалпы, арнаулы, жай, күрделі, пенитенциарлық, қауіпті, аса қауіпті болып бірнеше түрге бөлінеді. Жалпы қайталану деп сотталғандығы бар адамның кез келген жаңа ауыр қылмыс істеуін айтамыз. Мысалы, аса ірі мөлшерде ұрлық жасап сотталып, жазасын өтеп келген адамның қарақшылық жасауы. Жалпы қайталанудың қылмысты саралау үшін әсері жоқ, ол тек жазаны даралағанда және тағайындағанда ғана есепке алынады. Арнаулы қайталану деп сотталғандығы бар адамның бұрынғы істеген қылмысына ұқсас немесе біртектес жаңа қылмысты істеуін айтамыз. Мысалы, ұрлық, бұзақылық үшін бұрын сотталған адамның сотталғандығы жойылмай тұрып тағы да ұрлық, бұзақылық істеуі. Қылмыстық кодекстің Ерекше бөлімінің кейбір баптары бойынша істелген қылмыс құрамының күшейтілген түрінің болуы немесе болмауы соңғы қылмысты істеуден бұрын соған ұқсас қылмыс үшін сотталғандығының болуы немесе болмауына байланысты бо- лады. Мысалы, бұрын қасақана кісі өлтірген адамның тағы да қасақана кісі өлтіруі (99- бап, 2-бөлігі, «13» тармағы) және т.б.

Жай қайталану деп бір рет қана сотталғандығы бар адамның жаңа қылмыс істеуін айтамыз. Ал күрделі (көптік) қайталануға екі немесе одан да көп сотталғандығы бар адамның жаңадан қылмыс істеуі жатады. Пенитенциарлық қайталану деп бұрын ауыр қылмыс істегені үшін бас бостандығынан айыру жазасына сотталып, адамның жазаны өтеп болған соң немесе соны өтеу барысын- да тағы да ауыр қылмыс істеп, бас бостандығынан айыру жазасына сотталуы айтылады. Қылмысты қайталаудың ішіндегі ең қауіпті түрі қауіпті қайталануы болып табылады. Қылмыстық кодекстің 14-бабының 2-бөлігіне сәйкес, қылмыстардың қауіпті қайталануы деп; 1) егер осы адам бұрын ауыр қылмыс жасағаны үшін екі рет бас бостандығынан айыруға сотталса немесе аса ауыр қылмысы үшін сотталған болса, ауыр қылмыс жасағаны; 2) егер ол бұрын ауыр немесе аса ауыр қылмысы үшін бас бостандығынан айыруға сотталған болса, аса ауыр қылмыс жасағаны үшін қылмысты қауіпті жағдайда қайталаған деп танылады. Он сегіз жасқа толмаған адамның жасаған қылмысы үшін соттылығы, сондай-ақ осы Кодексте белгіленген тәртіп бойынша алынып

тасталған немесе жойылған сотталғандық қылмыстың қайталануын тану кезінде есепке алынбайды. Қылмыстардың қайталануы және қылмыстардың қауіпті қайталануы осы Кодексте көзделген негіздер мен шектерде неғұрлым қатаң жазаға әкеп соқтырады».

11.Іс-әрекеттің қылмыстылығын жоятын мән-жайлар.

Осы аталған жағдайларда істелген әрекет немесе әрекетсіздік сырттай қылмыстық құқық бұзушылық белгілеріне ұқсағанымен, оларда қоғамға қауіптілік болмағандықтан, қылмыстық құқық бұзушылық қатарына жатпайды. Өйткені бұл аталған институттар қоғамға пайдалы іс-әрекеттер қатарына жатады. Енді осы мән-жайларға талдау жасайық. Қылмыстық заңға сәйкес барлық адамдардың кәсіби немесе өзге де арнаулы даярлығына және қызмет жағдайына карамастан тең дәрежеде қажетті қорғануға құқығы бар. Бұл құқық адамға қоғамға қауіпті қол сұғушылықтан құтылу басқа адамдардың немесе мемлекеттік органдардың көмегіне жүгіну мүмкіндігіне карамастан тиесілі болып табылады. (32-бап, 2-бөлік).

Қажетті қорғану жағдайында қол сұғушы адамға зиян келтіру, яғни қорғанушының немесе өзге бір адамның жеке басын, тұргын үйін, мен- шігін, жер учаскесін және басқа да құқықтарын, қоғамның немесе мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделерін қоғамдық қауіпті қол сұғушылықтан қол сұғушыға зиян келтіру жолымен қорғау кезінде, егер бұл орайда қажетті қорғану шегінен асып кетушілікке жол берілмеген болса, ол қылмыс болып табылмайды делінген (32-бап, 1-бөлігі).

Бұл жерде мемлекеттік, қоғамдық мүдделерге қорғанушының өзіне, басқа адамның заңды құқықтарына, құқықтық тәртіпке тікелей қауіп төндіріп тұрған істі тоқтату мақсатымен соны төндірушіге зиян келтірушілік, қылмыстық құқық бұзушылық құрамда көрсетілген белгілерге дәл ұқсағанымен қылмыстық құқық бұзушылық болып саналмай- ды делініп отыр. Қажетті қорғану - әрбір адамның заңды және заңмен көтермеленетін әрекеті болып та- былады. Әлеуметтік мәні бойынша қажетті қорғанудың қоғамға қауіптілігі жоқ. Қажетті қорғану адамның ең қасиетті, табиғи құқықтары, өмірін, денсаулығын, бостандығын, меншігін т. б. басқа да игіліктерін қорғаудың тәсілі болып табылады. Қажетті қорғану қылмыстық құқық бұзушылықты тыюды, зорлықпен істелетін қылмыстық құқық бұзушылық және меншікке, басқа да қылмыстық құқық бұзушылыққа қарсы күресудің пәрменді құралы болып табылады. Сондай-ақ қажетті қорғануды қолданудың аса маңызды сақтандырушылық мәні зор.

Өйткені, қиянат келтірушінің өзі зиян келтіру жолымен тойтарыс берілетінін сезінуі оны көп жағдайларда қылмыс істеуден тартындырады. Міне, осыған байланысты қажетті қорғану Конституцияда көрсетілген азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғаудың кепілі, қоғамға пайдалы әрекет деп саналады. Мұндай жағдайда қиянат жасаушының өмірі, денсаулығы, меншігі оның қылмыс істе- уіне байланысты қылмыстық құқық бұзушылық заңның қорғануынан тысқары қалады. Қажетті қорғану жағдайында оған зиян келтіру қылмыстық құқылық әрекетпен заң қорғайтын объектіге қол сұғушылық болып

табылмайды. Қажетті қорғану қиянат жа- сауды тыюдың, оған тойтарыс берудің белсенді нысаны болып табылады. Бұл шабуыл жасаушыға қарсы істелген тікелей әрекет болып саналады. Сол себепті де мемлекет заңда белгіленген тәртіппен кейбір тәртіп сакшыларына мұндай реттерде қару қолдану құқығына да жол береді. Қылмыстық заңға сәйкес адам басқа қоғамға қауіпті қол сұғушылықтан құтылу не- месе мемлекет органдарынан көмек сұрауға мүмкіндігі болғанына қарамастан қажетті қорғануды қолдануға құқылы. Көмек сұрау мүмкіндігіне қауіпті қиянаттан қашып кету, жасырынып қалу, жүлқынып шығу, қиянат жасаушыға басқадай бөгеттер жасау, айғайлап көмекке шақыру, теле- фонмен құқық қорғау органдарына, туыскандарына, көршілеріне, таныстарына хабар- лау сияқты әрекеттер жатады. Заң бойынша барлық азаматтар - кәсіби немесе өзге де даярлығын, қызмет жағдайына қарамастан қажетті қорғануды жүзеге асыруға бірдей не- гізде құқылы. Заңда лауазым адамдары немесе басқадай құқық қорғау органдары үшін қажетті қорғануды қолданудың ерекше талаптары белгіленбеген.

Көптеген азаматтар үшін қажетті қорғануды қолдану олардың жеке құқығы болып табылады. Қажетті қорғануды пайдаланудан бұлтартқан немесе бас тартқан адамдар тек қана моральдық жағынан айыпталады. Керісінше заңға, ережеге, басқадай нормативті ак- тілерге сәйкес қажетті қорғануды жүзеге асырмаса, оның әрекеті қылмыстық құқық бұзушылық немесе тәртіптік жауаптылыққа жатады. Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының «Қажетті қорғану жөніндегі заңдарда қолдану туралы» 2007 жылғы 11 мамырдағы № 2 нормативтік қаулысына сәйкес: «1. Қажетті қорғану - әр адамның өміріне, денсаулығына, мүлкіне, тұрғын үйіне, мен- шігіне және басқа да заңмен қорғалатын құқықтары мен мүдделеріне қоғамға қауіпті қол сұғушылықтардан қорғануға ажырама конституциялық құқығы болып табылады.

Осыған байланысты қаза келтіру де денсаулығына зиян келтіру бойынша істерді жүргізу кезінде ҚК 32-бабының қажетті қорғаныс және оның шектері туралы ережелеріне сүйене отырып, мақсат, себеп, кінә нысанын, қылмыстың жасалу тәсілін және әрекетті дұрыс саралауға қажетті басқа да мән-жайларды мұқият анықтау керек. 2. Барлық адамдардың кәсіби немесе өзге де арнаулы даярлығына және қызмет жағдайына, жынысына, жасына және басқа да жағдайларға қарамастан тең дәрежеде қажетті қорғануға құқығы бар.

Бұл құқық адамға заңмен қорғалатын қандай объектіге қоғамға қауіпті қол сұғушылық жасалғанына, ол объект қорғанушының өзіне немесе басқа адамдарға тиесілі екендігіне, сондай-ақ қоғамға қауіпті қол сұғушылықтан құтылу не басқа адамдардың немесе мемлекеттік органдардың көмегіне жүгіну мүмкіндігіне қарамастан тиесілі болып табылады. 3. Адамды қажетті қорғаныс жағдайында болды деп тану үшін қоғамға қауіпті қол сұғушылық жасалғанын және бұл қол сұғушылық оның осы қол сұғушылықты болдыр- мау немесе тойтарыс беру үшін шабуыл жасаушыға қаза келтіру немесе денсаулығына зиян келтірумен ұштасқан әрекеттер жасауына себеп болғанын анықтау қажет. Қорғанушы адамның немесе басқа да тұлғалардың әлеуметтік маңызы бар

құндылықтарына, қоғам мен мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделеріне зиян келтіруге бағытталған қол сұғушылық қоғамға қауіпті деп танылады.

Тиісінше қажетті қорғану кезінде адамның құқығы, яғни оның өмірі, денсаулығы, жыныстық тиіспеушілігі, ар-ожданы мен намысы, меншігі, тұрғын үйі, жер учаскесі және қорғанушының өзіне және басқа тұлғаларға тиесілі өзге де құқықтары, сондай-ақ қоғам және мемлекеттің мүдделері қорғау объектілері бола алады. 4. Адам одан қорғануға құқылы қол сұғушылық қасақана және абайсызда жасалуы мүмкін, онда қылмыс құрамы болуы немесе қылмыс болмауы мүмкін, алайда, бұл мән-жайлар қорғанушының қорғану құқығына әсер етпейді, өйткені қорғанушы қылмыстық жауаптылыққа тартылуға жататын адамнан, және есі дұрыс емес немесе қылмыстық жауаптылыққа тартылуға жасы жетпеген адамнан тікелей келген қасақана немесе абайсыз қол сұғушылықтан бірдей мөлшерде қорғануға құқылы.

Зиян қоғамға қауіпті қол сұғушылық жасаған адамның өзіне тікелей келтірілсе ғана ол қажетті қорғану жағдайында жасалған деп танылуы мүмкін (соның ішінде олар техника-ны, жануарларды, есі дұрыс емес адамдарды, жасоспірімдерді пайдаланған жағдайларда да). 5. Шабуыл жасаушының қасақана немесе абайсыз әрекеттерімен зиян келтіріліп болғанда ғана емес, зиян келтіру әлі басталмаған, бірақ нақтылы келтірілу қаупі төнген (мысалы, қол сұғушылықты іске асыруға дайындық әрекеттері жасалған және т.б.), не қол сұғушы құқыққа қарсы әрекеттерін әлі аяқталмаған (ұрып-соғуын жалғастырған, ұрланған заттарды пәтерден әкетіп үлгермеген) кезде, сондай-ақ негізінен аяқталған, бірақ істің мән-жайларына қарай қорғанушы үшін оның қай сәтте аяқталғаны айқын болмаған қол сұғушылықтан кейін іле-шала жалғасқан қорғану кезінде қажетті қорғануға жол беріледі». Қылмыстық кодекстің тиісті бабына сәйкес, қажетті қорғану құқығы азаматтардың өмірін, денсаулығын, арын, беделін, сондай-ақ мүлкін қоғамдық қауіптерден қорғаудағы конституциялық құқығын жүзеге асырудың ең бір кепілі екендігіне соттардың назарын аудару керек. Азаматтар заңға сәйкес шабуылдан қашып қорғанудан немесе басқа амалдар қолданудан тыс, заңға сәйкес қоғамға қауіпті шабуылға қарсы залал жасау жолымен белсенді шараларды қолдануға қақысы бар. Мұндай кезде олар қоғамға қауіпті шабуылдан қорғану жағдайында келтірілген залалы үшін жауап бермейді, деп атап көрсетілген. Қажетті қорғануды жүзеге асырудың заңға сыйымды негізгі шарттары бар.

12. Жазаның ұғымы мен мақсаттары. Жазаның түрлері мен жүйесі.

Жаза тағайындау.

Қазақстанда бұрын қолданыста болған қылмыстық заңнамаларды жаза ұғымының анықтамалары болмады. Сондықтан болар жаңа Қылмыстық кодекс қабылданғанға дейін құқықтық әдебиеттерде ол жөніндей әртүрлі анықтамаларды кездестіруге болатын еді. Олардың бәрі бір-бірінен қанша айырмашылықта болғанымен өзінің мазмұны жағынан бір арнаға құйғандай болып, жаза қылмыс жасаған кінәлі адамды қылмыстық заңнамалардың

негізінде соттардың мемлекеттік ерекше шаралармен мәжбүрлеу болып танылды.

Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексі 38-бабының 1-бөлігінде жаза ұғымы былайша анықталады: «Жаза дегеніміз соттың үкімі бойынша тағайындалатын мемлекеттік мәжбүрлеу шарасы. Жаза қылмыс жасауға кінәлі деп танылған адамға қолданылады және ол адамды құқықтары мен бостандықтарынан осы Кодекспен көзделген айыру немесе оларды шектеу болып табылады».

Қылмыстық жаза мемлекеттің адаммен жасалған қылмысқа қарсы әрекетін білдіреді. Қылмыскер үшін жаза – бұл оның жасаған қылмыстық әрекетінің қылмыстық-құқықтық зардабы.

Біріншіден, жаза – бұл адамның қылмыс болып табылмайтын құқық бұзушылықтар (әкімшілік құқық бұзушылық, тәртіп бұзушылық және т.б.) жасауына мемлекеттің қарсы әрекеті ретіндегі мемлекеттік өзге мәжбүрлеу шараларынан айырмашылықта болатын мемлекеттік мәжбүрлеудің ерекше шарасы. Бұл шараның ерекше сипаты – ол қылмыстық заңмен қылмыс ретінде қарастырылған іс-әрекет үшін ғана тағайындалуы тиіс (ҚР ҚК 9-бабы).

Адамға жаза қолданудің негізі тек қана оның қылмыс жасауы болуы керек. Егер адам қылмыс жасамаса, оған ешбір жағдайда жаза қолданылмауы тиіс. Рас, кеңестік қылмыстық құқығында бұл ережелерді сақтамаудың салдарынан қайғылы жағдай әкеп соқтырған мысалдар баршылық. Мәселен, 1924 жылғы КСРО және одақтас республикалардың Қылмыстық заңнамаларының Негізгі ережелерінде жаза «әлеуметтік қорғау шаралары» деген ұғыммен ауыстырылды. Жаза ұғымынан бас тартып және қылмыстық құқыққа «әлеуметтік қорғау шаралары» ұғымды енгізу іс жүзінде сот әділдігін жүргізуде заңдылықтардың өрескел бұзылуына әкеп соқтырды. Нақты қылмыстың жасалуында кінәсіз адамдарға әлеуметтік қорғау шараларын қолдану тәжірибесі Қылмыстық заңнамалардың Негізгі ережелерінде қарастылғаннан гөрі тым шектен шығы кетушілікті көрсетті.

Мәселен, КСРО Орталық атқару комитеті мен Халық комиссарлары кеңесінің 1934 жылғы «КСРО ішкі істері халық комиссары жанындағы ерекше кеңес туралы» қаулысында әлеуметтік қауіпті деп танылған адамдарға осындай шаралардың 5 жылға дейінгі мерзімге еңбекпен түзеу лагерьлеріне қамау ретіндегі мүмкіндіктер қарастырылды. Әлеуметтік қорғау шараларын, шын мәніндегі қылмыстық жазаны соттан тыс қолдану 1953 жылы тоқтатылып, ал қылмыстық жаза ұғымы (әлеуметтік қорғау шаралары орнына) 1958 жылы қылмыстық заңнамаларда – КСРО және одақтас республикалардың Қылмыстық заңнамаларының Негізгі ережелерінде қалпына келтірілді.

Екіншіден, жаза тек қана мемлекет атынан соттың үкімімен тағайындалады. Мәселен, Қазақстан Республикасы Конституциясының 77-бабы 3-бөлігінің 1-тармағына сәйкес, «адам заңды күшіне енген сот үкімімен кінәлілігі танылғанға дейін қылмыстың жасалуына кінәлі емес деп танылады. Қазақстан Республикасы Конституциясының 75-бабы 3-бөлігіне сәйкес, «Қазақстан Республикасында сот әділдігі тек қана сотпен жүзеге асырылады»

Мемлекет атынан шығарылған және қылмыс жасуды кінәлі деп танылған адамға жаза тағайындауды анықтаушы айыптау үкімі жасалан қылмыс пен қылмыскердің өзіне берілген мемлекеттің ресми бағасы болып табылады. Осыған байланысты жаза қылмыс жасаған адамды мемлекеттің айыптауы саналады.

Үшіншіден, мемлекеттік мәжбүрлеудің басқа шараларына қарағанда, жаза қылмыстық заңда көрсетілген белгілі бір жағдайда соттылықтың жойылуы немесе алынып тасталуы мүмкін құқықтық зардардарына әкеп соқтыады (ҚР ҚК 77-бабы).

Төртіншіден, жаза қатаң жеке сипатқа ие болады. Ол қылмыскердің өзіне ғана қатысты қолданылады және оны қандайда бір жағдайда болмасын басқа бір адамға аударуға болмайды (мысалы, кәмелетке толмағандардың ата-анасына)

Бесіншіден, жаза қашанда қылмыс жасаған адамның құқықтыры мен бостандықтарын шектеумен байланысты, оған белгілі бір моральдық жапа шегуге әкеп соғады және белгілі бір игіліктерінен (бостандығынан, мүліктік игілігінен және басқалардан) айырады. Олар моральдық, жанға бататын, материалдық және басқа түрлерде болуы мүмкін. Мысалы, бас бостандығынан айыруға сотталған адам бірқатар жеке құқықтарынан және ең алдымен бостандығынан айырылады. Мүлкін тәркілеуде мүлкіне, айыппұл салуда материалдық жағдайына нұқсан келтіріледі.

Белгілі бір лауызымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру сияқты жаза лауазымды, кәсіпті таңдау құқығынан айырады. Жазаның жазалау элементтері үрейлендіру, қорқыту қасиеттерімен көрінеді. Жазалау жазаның ауырлық дәрежесін көрсетеді, жазалау неғұрлым қаттырақ болса, жазаның ауырлығы да неғұрлым жоғары болады. Өз кезегінде тағайындалатын жазаның ауырлығы жасалған қылмыстың ауырлығына, қылмыскердің тұлғасына және іс бойынша басқа да мән-жайларға байланысты болады.

Жазаның міндетті түрдегі ішкі қасиеті ретіндегі жазалау жөнінде айтқанда, оның Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде жазалау жазаның мақсаты ретінде қарастырылмайтынын ескеруіміз керек.

Жазалау деп жазаның мәжбүрлеу, күштеу жағын ұғыну керек, яғни заңға сәйкес сотталған адамның құқықтары мен бостандықтарын шектеу немесе олардан айыру. Ол жанға бататын, моральдық, материалдық және өзге де сипаттарда болады. Егерде жаза бірдемеден айырмайтын болса, онда ол жаза болмаған болар еді. Жазамен келтірілетін айырудың дәрежесі жасалған қылмыстың ауырлығына байланысты болады, ол жоғары болған сайын қылмыскер де айыруға көбірек тап болады.

Бірқатар ғалымдар жазалауды жазаның мақсаты ретінде қарастырды. Соның ішінде әсіресе, Н. А. Беляев былай деп жазады: «Жазаның мақсаты ретіндегі жазалауды біз құқық бұзушыға жасаған қылмысы үшін жазаны тарттыратын азап шектіру мен бірдеңесінен айыру деп білеміз». Мұндай пікір И.И. Карпецтің де еңбектерінде бар. Мемлекеттік мәжбүрлеу түріндегі ерекше

шара – жазаға жағымсыз құқықтық және моральдық зардаптарға әкеп соқтыратын соттылық деп аталатын белгі тән.

Жазаны мемлекеттік мәжбүрлеу шараларының басқа түрлерінен ерекшелеп тұратын белгісі деп, соттың жазаға беретін жағымсыз түрдегі құқықтық бағасы емес, сонымен бірге қылмыскерге және оның жасаған қылмысына беретін моральдық бағасын санауға болады.

Өзінің объективтік мазмұнына қарай жаза – бұл қашанда жазалау. Кез келген жаза белгілі бір дәрежеде жазалаушы мазмұнға ие болады. Осыған байланысты Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі 1959 жылдан бері белгілі Қаз.КСР Қылмыстық кодексіндегі жазаның түрі қоғамдық айыптаудан әділетті түрде бас тартты. Ол соттың көпшілік жұрт алдында кінәліге айып тағумен, қажет болған жағдайда баспасөз немесе басқа да ақпарат құралдары арқылы қоғам алдында ақпарат таратумен көрінді (Қаз. КСР ҚК 29-бабы). Мұндай шара өзінің мазмұны жағынан қылмыстық жазаға емес, қылмыс жасап және қоғамдық айыптауға тап болған адамның құқығы мен бостандықтарын іс жүзінде шектемейтіндіктен қоғамдық ықпал ету шараларына сай келетін (мемлекет атынан қолданылуына қарамастан) сияқты.

Жазаның ауырлығы жасалған қылмыстың ауырлығына, осыған байланысты, тиісінше кінәлінің тұлғасына да сай келуі тиіс. Бұл жерде сотталушының бастан кешірген жазаның айыру қиыншылығы мен ауырлығы белгілі бір дәрежеде оның кінәсін ақтауы болып табылады. Жазалаусыз жаза өзінің кез келген ескертуші мәнін жоғалтқан болар еді.

Жаза мен қылмыстық жауаптылықтың ара қатынасы.

Қылмыстық жауаптылық заңдық жауаптылықтың бір түрі (әкімшілік, азаматтық-құқықтық, тәртіптік және басқаларымен бірге) болып табылады. Қылмыстық құқық теориясында қылмыстық жауаптылықтың басталуы даулы мәселе. Оның негізгі деген үш айқындама көзқарасын бөліп қарауға болады. Біріншіден, қылмыстық жауаптылық қылмыс жасаған адамның жасаған әрекетіне заңмен жүзінде жауап беру міндеті ретінде танылады.

Екіншіден, қылмыстық жауаптылық деп, осы көрсетілген міндетті іс жүзінде іске асыру, яғни ең соңында қылмыстық-құқықтық нормалардың санкцияларын іске асыру танылады. Үшіншіден, қылмыстық жауаптылық ақиқаттық тұрғыдан алғанда (ақиқатты қылмыстық жауаптылық деп аталатын) заңға лайықты мінез-құлық негізіне жататын және жеке адамның қылмыстық заңмен тыйым салынған іс-әрекетті жасамау жөніндегі өзінің міндеттерін түсіне білуімен көрінетін жауапкершілік ретінде қарастырылады.

Атап өту керек, қылмыстық жауаптылықтың күрделі құбылыстарының ерекшеліктері мен олардың мазмұнын көрсету қасиетіне қарай қылмыстық жауаптылық ұғымына анықтама беруге жоғарыда аталған көзқарастардың бәрінің де құқығы бар деп айтуға болады. Ең маңыздысы – солардың осы мәселенің мақсатты бағытын және іс-тәжірибедегі қолдану жолдарын дұрыс анықтай білу.

Заңдық жауаптылықтың, соның ішінде қылмыстық жауаптылықтың ерекшеліктері құқық бұзушыларға қолданылатын мемлекеттік мәжбүрлеу шараларымен байланысты. Бұл тұрғыдан алғанда, қылмыстық жауаптылық

қылмыс жасаған адамға қолданылатын қылмыстық-құқықтық мәжбүрлеу шараларымен көрінеді. Бұл жағдайда қылмыс жасағаны үшін қылмыстық-құқықтық сипаттағы мәжбүрлеу шараларына тап болатын адамның қылмыстық жауаптылықты ұғыну міндеті мен осы шаралардың іс жүзіндегі қолданылуы арасында айтарлықтай қайшылықтар жоқ.

Қылмыстық-құқықтық мәжбүрлеу шаралары арасынан басты орынды, әрине қылмыстық жауаптылықтың негізгі мазмұнын құрайтын жаза ұғымы алады. Дегенмен, қылмыстық жауаптылық пен жаза ұғымдары бірдей емес. Ең бірінші кезекте ол: «Бұл міндеттерді жүзеге асыру үшін осы Кодексте қылмыстық жауаптылық негіздері белгіленеді, жеке адам, қоғам немесе мемлекет үшін қауіпті қандай әрекеттер қылмыс болып табылатыны айқындалады, оларды жасағаны үшін жазалар мен өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шаралары белгіленеді» делінген, ҚР ҚК 2-бабының 2-бөлігінен және «Қылмыс жасау, яғни осы Кодексте көзделген қылмыс құрамының барлық белгілері бар әрекет қылмыстық жауаптылықтың бірден-бір негізі болып табылады. Бір қылмыс үшін ешкімді де қайталап қылмыстық жауапқа тартуға болмайды» делінген ҚР ҚК 3-бабынан туындайды. Осы заңнамалық ережелерден қылмыстық жауаптылық ұғымының мағынасы жазаға қарағанда әлдеқайда кең екенін білуге болады.

Осы екі ұғымдардың арасындағы айырмашылықтарды ҚР ҚК «Қылмыстық жауаптылықтан және жазадан босату» деп аталатын V-бөлімінен байқауға болады. Мұндағы 65-69-баптарда қарастырылған нормалар топтастырылып, қылмыстық жауаптылыққа жататын болса, ал 70-75-баптардағы нормалар жазадан босатуды қарастырады.

Осыған байланысты қылмыстық жауаптылықты қылмыс жасаған адамға қолданылатын қылмыстық-құқықтық ықпал етудің барлық шаралары деп тану керек. ҚР ҚК көрсетілген баптарының мағынасынан келіп, қылмыстық жауаптылық жазаға және жаза болып табылмайтын өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал шараларына (мысалы, медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шаралары) бөлінеді¹⁵.

Осыларға сәйкес және қылмыстық жауаптылықтың өзі мынадай екі түрге бөлінеді: жаза тағайындаусыз және жаза тағайындаумен. Бірінші жағдайдағы қылмыстық жауаптылық адамды соттаумен қамтылады (қылмыстық іс жүргізу заңнамасына сәйкес, сот мұндай жағдайда жаза тағайындаусыз үкім шығара алады). Екінші жағдайда қылмыстық жауаптылықтың мазмұны адамды тек қана соттау емес, сонымен бірге оған жазалауды қолдану болып табылады (соның ішінде кейбір жағдайларда бұдан белгілі бір жазаны өтеумен байланысқан қылмыстық-құқықтық зардап кіреді, мысалы, соттылық институты).

¹⁵ Қар. Уголовный закон. Опыт теоретического моделирования. – М., 1997. 13-бет.

13. Қылмыстық жауаптылықтан босату.

Көптеген жағдайда кінәлі адамды қылмыстық жауаптылыққа тартпай-ақ немесе кінәліні соттау кезінде жаза өтеуден толығымен немесе ішінара босату арқылы да жалпы және арнайы есерту мақсатына қол жеткізуге болады.

Қылмыстық құқық осының жолдарының бірі қылмыстық жауаптылық пен жазалаудан босату институты деп біледі.

Қылмыстық жауаптылық ұғымының ауқымы жазалау ұғымына қарағанда кең. Кейбір жағдайларда қылмыстық жауаптылықтың жаза қолданбай-ақ немесе оны атқармай-ақ немесе толығымен атқармай-ақ қолданылатын кездері де болады.¹⁶

Сонымен бірге қылмыстық жаза тағайындау мен оны атқару қылмыстық жазаны жүзеге асыру тәртібімен ғана жүргізіледі.

Қылмыстық жауаптылықтан босату қылмыстық іс қозғауден бас тарту немесе оны тоқтату жолымен де көрінуі мүмкін.

Қылмыстық жауаптылықтың мәнін түсіне білу қылмыстық жауаптылықтан кез келген босатудың өзі жазалаудан да босату деп қорытынды жасауға мүмкіндік береді, қылмыстық жауаптылықтан босату кезінде субъекті айыптау үкіміндегі қылығына берілген ресми бағалаудан да арылады. Басқаша айтқанда, қылмыстық жауаптылықтан босату жазалаудан да босату деп танылады, сол сияқты жазадан босату да қылмыстық жауаптылықтан ішінара ғана босату деп танылады, өйткені бұл жерде адам сотталған атанып, қылмыскер деп жарияланған болып шығады.

Демек, қылмыстық жауаптылықтан босатуды айыпталуы үкімі нысанында көрінген және соттылық сияқты құқықтық зардаптан құтыла алмайтындай қылмыс жасаған адамның қылығын заңмен қарастырылған жағдайда құзырлы орган адамдарының мемлекет атынан ресми түрде айыптаудан бас тартуы деп анықтауға болады. Қылмыстық жауаптылықтан босатуды бұлайша түсіну қылмыстық жауаптылықтың өзінің тиісті ұғымына сәйкес негізделуі керек, деп ұйғарады көптеген ғалымдар.¹⁷

Қолданыстағы қылмыстық заңнама қылмыстық жауаптылықтан босатудың мынадай түрлерін қарастырады:

а) шын өкінуіне байланысты қылмыстық жауаптылықтан босату (ҚР ҚК 65-бабы);

б) қажетті қорғану шегінен асқан кезде қылмыстық жауаптылықтан босату (ҚР ҚК 66-бабы);

в) жәбірленушімен татуласуына байланысты қылмыстық жауаптылықтан босату (ҚР ҚК 67-бабы);

г) жағдайдың өзгеруіне байланысты қылмыстық жауаптылықтан босату (ҚР ҚК 68-бабы);

¹⁶ Қар.: *Сабабнин С.Н., Тупица А.Я.* Понятие и виды освобождения от уголовной ответственности или наказания. – Свердловск, 1987. 4-5-беттер.

¹⁷ *Сабабнин С.Н., Тупица А.Я.* Көрсетілген еңбек. 7-бет; *Келина С.Г.* Теоретические вопросы освобождения от уголовной ответственности. – М., 1974. 28-бет; *Чугаев А.П.* Основы дифференциации ответственности и индивидуализации наказания. – Краснодар, 1985. 25-бет; *Қаиржанов Е.* Уголовное право РК (Общая часть). – Алматы, 1998. 177-бет; Уголовная право РК. Общая часть. – Алматы, 2003. 259-260-беттер.

д) ескіру мерзімінің өтуіне байланысты қылмыстық жауаптылықтан босату (ҚР ҚК 69-бабы);

е) рақымшылық немесе кешірім жасау актісі негізінде қылмыстық жауаптылық пен жазадан босату (ҚР ҚК 76-бабы);

Шын өкінуіне байланысты қылмыстық жауаптылықтан босату (ҚР ҚК 65-бабы);

1. Бірінші рет кішігірім немесе орташа ауырлықтағы қылмыс жасаған адам, егер ол қылмыс жасағаннан кейін айыбын мойындап өз еркімен келсе немесе қылмысты ашуға жәрдемдессе, немесе қылмыс келтірген зиянды өзгеше түрде қалпына келтірсе, қылмыстық жауаптылықтан босатылуы мүмкін.

2. Жеке адамға қарсы ауыр немесе аса ауыр қылмысты қоспағанда, қылмыс жасаған адам, егер ол ұйымдасқан топ немесе қылмысты сыбайластық (қылмысты ұйым) жасаған қылмыстарда болғызбауға, ашуға немесе тергеуге, ұйымдасқан топ немесе қылмысты сыбайластық (қылмысты ұйым) жасаған қылмысқа басқа да қатысушыларды анықтауға белсенді түрде жәрдемдессе, қылмыстық жауаптылықтан босатылуы мүмкін.

3. Осы баптың бірінші және екінші бөлігінде көзделген жағдайлар болған кезде басқа санаттағы қылмыс жасаған адам тек осы Кодекстің Ерекше бөлімінің тиісті баптарында арнайы көзделген реттерде ғана қылмыстық жауаптылықтан босатылуы мүмкін.

Шын өкінуіне байланысты қылмыстық жауаптылықтан босату (ҚР ҚК 65-бабы) қылмыс жасаған адамды қылмыстық жауаптылықтан босатудың жаңа түрі болып саналады. 1959 жылғы қылмыстық заңнамада шын өкініп келу жеңілдетушы мән-жай ғана саналып және ол жаза тағайындау кезінде ғана ескерілді.

ҚР ҚК 65-бабының 1-бөлігі бойынша қылмыстық жауаптылықтан босатуға мыналар негіз болып саналады:

а) кішігірім немесе орташа ауырлықтағы қылмыс жасау;

б) бірінші рет қылмыс жасау;

в) айыбын мойындап келу, қылмысты ашуға жәрдемдесу, қылмыс келтірген зиянды өзгеше түрде қалпына келтіру. Заң осындағы айыбын мойындап келуді маңызды шарт санайды. Айыбын мойындап келу айыптының құқық қорғау органына өзінің еркімен өтініш жазып келуімен айғақталады.

Қылмысты ашуға жәрдемдесу тергеу органдарына жасалған іс-әрекеттің барлық мән-жайларын анықтауға, қылмысқа қатысушыларды, қылмысты жасаған қарулар мен құралдарды, қылмыстық жолмен табылған заттарды тауып алуға белсене көмектесу арқылы көрінеді.

ҚР ҚК 65-бабы бойынша қылмыстық жауаптылықтан босату шарттарының бірі кінәлінің өз еркімен бүлінген мүліктерді қалпына келтіру, оларды жөндеу, ақшалай қайтарымын жасау түрімен көрінетін қылмыс келтірген зиянды өзгеше түрде қалпына келтіру болып табылады. Қалпына келтіруге мүліктік зиян ғана емес, моарльдық зиян да жатады. Мычалы, жала жабу немесе балағаттауға байланысты көпшілік алдында кешірім сұрау.

ҚР ҚК 65-бабының 2-бөлігі бойынша қылмыстық жауаптылықтан босатуға мыналар негіз болып саналады:

а) ауыр немесе аса ауыр қылмысты қоспағандағы қылмыс жасау;

б) жеке адамға қарсы қылмыс жасау;

в) ұйымдасқан топ немесе қылмысты сыбайластық (қылмысты ұйым) жасаған қылмыстарды болғызбауға, ашуға немесе тергеуге, ұйымдасқан топ немесе қылмысты сыбайластық (қылмысты ұйым) жасаған қылмысқа басқа да қатысушыларды анықтауға белсенді түрде жәрдемдесу.

ҚР ҚК 65-бабының 2-бөлігі адамның жасаған қылмысы жеке адамға қарсы ауыр немесе аса ауыр қылмысқа жатпаған жағдайда, сондай-ақ ұйымдасқан топ немесе қылмысты сыбайластық (қылмысты ұйым) жасаған қылмыстарды болғызбауға, ашуға немесе тергеуге, ұйымдасқан топ немесе қылмысты сыбайластық (қылмысты ұйым) жасаған қылмысқа басқа да қатысушыларды анықтауға белсенді түрде жәрдемдескен жағдайда ғана қылмыстық жауаптылықтан босатуды қарастырады.

Заң, шын мәнінде босату туралы мәселе қойылған іс-әрекеттің өзі мен оны жасаған адамға қатысты босатудың өлшемдік негізін айырым көрсетеді. Белсенділік деп өзінің ішкі сана-сезіміне қарай ұйымдасқан топпен немесе қылмыстық қауымдастықпен жасалған қылмысты ашуға өз бетімен ерік білдіруі мен құлшынуы танылады.

Сонымен бірге ҚР қылмыстық заңнамасының Ерекше бөлімі белгілі бір жағдайларда жекелеген қылмыс жасаған адамды қылмыстық жауаптылықтан босатудың жолдарын қарастырады (ҚР ҚК 65-б. 3-бөл.) Мәселен, ҚР ҚК 165-бабына ескертуіне сәйкес, мемлекеттік опасыздық, шпионаж немесе өкіметті күшпен басып алу немесе өкіметті күшпен ұстап тұру әрекетін жасаған адам, егер ол мемлекеттік органдарға ерікті және дер кезінде хабарлауымен немесе өзгеше жолмен Қазақстан Республикасының мүдделеріне залал келтіруді болдырмауға жәрдемдессе және оның іс-әрекеттерінде өзге қылмыс құрамы болмаса, қылмыстық жауаптылықтан босатылады. ҚР ҚК 312-бабына ескертуінің 2-бөлігінде лауазымды адам тарапынан оған қатысты қорқытып пара алу орын алған болса немесе ол адам пара бергені туралы қылмыстық іс қозғауға құқығы бар органға өз еркімен хабарласа, пара берген адам қылмыстық жауаптылықтан босатылатыны көрсетілген. ҚР ҚК бірқатар баптарында әскери қызметшілердің жіне әскери қызметшілердің қылмыстық жауартылытан босатылатына қарастырылған (мысалы, қараңыз: ҚР ҚК 326-бабы – әскери қызметтен жалтару; ҚР ҚК 372-бабы – бөлімді немесе қызмет орнын өз бетімен тастап кету; ҚР ҚК 373-бабы – қашқындық; ҚР ҚК 375-бабы – жауынгерлік кезекшілікті атқарудың ережелерін бұзу; ҚР ҚК 376-бабы – шекаралық қызмет атқарудың ережелерін бұзу; ҚР ҚК 377-бабы – қарауыл (вахта) қызметін атқарудың жарғылық ережелерін бұзу; ҚР ҚК 378-бабы – ішкі қызмет атқарудың және гарнизонда патруль болудың жарғылық ережелерін бұзу; ҚР ҚК 379-бабы – қоғамдық тәртіпті қорғау және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша қызмет атқарудың ережелерін бұзу; ҚР ҚК 381-бабы – қызметке селқос қарау).

Қажетті қорғану шегінен асқан кезде қылмыстық жауаптылықтан босату (ҚР ҚК 66-бабы);

Қоғамдық қауіпті қылмыстан болған үрейлену, қорқу немесе сасқалақтау салдарынан қажетті қорғану шегінен асқан адамды сот істің мән-жайын ескере отырып, қылмыстық жауаптылықтан босатуы мүмкін.

Қажетті қорғану жағдайында зиян келтіру іс-әрекеттегі қылмыстылық мән-жайларды болдырмайтын қоғамдық пайдалы ірекет ретінде қарастырылады. Сонымен бірге, қылмыстық заң қажетті қорғану шегінен асқан кездегі жазалауға жататндықты да жоққа шығармайды. ҚР ҚК 32-бабының 3-бөлігінде нәтижесінде қол сұғушыға анық шектен тыс, жағдай мәжбүр етпейтін зиян келтірілетін, қол сұғушылықтың сипаты мен қоғамдық қауіптілігі дәрежесіне қорғанудың көрінеу сай келмеуі қажетті қорғаныс шегінен шығу деп танылатындығы айтылған.

Кез келген қол сұғушылық, әсіресе ол кездейсоқ, кенеттен болса адамның психикасын қоздырып, тепе-теңдігінен айырып және сөз жоқ толқушылыққа әкеп тірейді, соның нәтижесінде қауіптілік жоғарылай түсуі мүмкін. Мұндай жағдайда қорғанушы оқиғаны жағдайдға сай бағалай алмай қалады да, қорғаныс әрекетін күшейте түседі.

Осыған орай ҚР ҚК 66-бабы, егер қоғамдық қауіпті қылмыстан болған үрейлену, қорқу немесе сасқалақтау кезіндегі жасаған әрекетіне байланысты қылмыстық жауаптылықтан босатуды қарастырады. Профессор И. Ш Борчашвили адам бойындағы үрейлену, қорқу немесе сасқалақтау қажетті қорғану шегінен асқан кезде ғана емес, қажетті қорғанудың кез келген жағдайында болады деп санайды. Сондықтан да ҚР ҚК 66-бабының құрылысы қажетті қорғанудың шегінен асудың құқықтық жай-күйін, оның қылмыстық-құқықтық мәнін көрсетпейді, деп ұйғарады автор.¹⁸

Заң шығарушы қажетті қорғанудың шегінен асқан кезде адамды қылмыстық жауаптылықтан босатуды мынадай белгілі бір шарттары болғанда ғана қарастырады:

1) қажетті қорғанудың шегінен асқан кезде адамның бойында үрейлену, қорқу немесе сасқалақтаудан басқа мысалы, кек алу, өкпелеу, жазықсыз тису сияқты себептер болмауы тиіс;

2) қажетті қорғанудың шегінен асқан кезде аталған себептер басқа әрекеттердің салдарынан емес, қоғамға қауіпті қол сұғушылық болғанда ғана орын алуы тиіс, мысалы, тәртіпсіз қылық, әкімшілік құқық бұзушылық азаматтық-құқықтық іс және т.б.;

3) қажетті қорғанудың шегінен асқан жағдайда қылмыстық жауаптылықтан босату кезінде қалған басқа жа мән-жайлар ескеріледі, мысалы, жасалған қол сұғушылықтың орны, уақыты, жағдайы. Қорғану сипаты мен дәрежесі, құл сұғушылар мен қорғанушылардың саны жән т.б.;

4) қажетті қорғанудың шегінен асқан кезде қылмыстық жауаптылықтан босатуды шешу құқығы сотқа ғана беріледі.

Мысалы, Қарғанды қаласындағы Октябрь аудандық сотымен ҚР ҚК 99-бабы бойынша кешкі мезгілде, жұмыстан қайтып келе жатқан кезінде, екі

¹⁸ **Борчашвили И.Ш.** Необходимая оборона: проблемы и перспектив. // Научные труды ҚарЗИ МВД РК им. Б.Бейсенова. – Қарағанды, 2001. 17-бет.

қылмыскердің шабуыл жасап және ақша талап еткен инкассатор **В.** сотталған. Шабуыл жасалған кезде **В.** қалтасынан тапаншасын суырып алып, екі рет оқ атады. Соның салдарынан бір қылмыскерге оқ жазым тиіп, ол сол жерде қаза табады. Қылмыстық іс материалдарын тексере келгенде **В.**-нің адам өлтіру үрейлену мен сасқалақтау салдарынан қажетті қорғануды шегінен асыру нәтижесінде болған анықталды. Бұл жерде шабуыл жасаған адамдардың екеу болғаны және шабуылдың кешкі қараңғылықта жасалғаны ескерілуі керек еді. Осыған орай, біздің ойымызша, ҚР ҚК 66-бабының негізінде қажетті қорғануды шегінен асыру кезінде кісі өлтірген **В.** қылмыстық жауаптылықтан босатылуы керек еді.¹⁹

Татуласуға байланысты қылмыстық жауаптылықтан босату (ҚР ҚК 67-бабы);

1. Ауыр емес қылмыс жасаған немесе адамның қайтыс болуымен немесе оның денсаулығына ауыр зиян келтірумен байланысты емес орташа ауыр қылмысты бірінші рет жасаған адам, егер ол жәбірленушімен татуласса және келтірілген зиянның есесін толтырса, қылмыстық жауаптылықтан босатуға жатады.

2. Орташа ауыр қылмыс жасаған адам, егер ол жәбірленушімен татуласса және жәбірленушіге келтірілген зиянның есесін толтырса, қылмыстық жауаптылықтан босатылуы мүмкін.

3. Адамның қайтыс болуымен немесе денсаулығына ауыр зиян келтірумен байланысты емес ауыр қылмысты бірінші рет жасаған кәмелетке толмаған баланы, егер ол жәбірленушімен татуласса және келтірілген зиянның есесін толтырса, сот қылмыстық жауаптылықтан босатуы мүмкін. Бұл ретте оған осы Кодікстің 82-бабында көзделген тәрбиелік ықпалы бар мәжбүрлеу шаралары қолданылады“.

4. Қылмыс қоғам мен мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделеріне зиян келтірген жағдайларда осы баптың бірінші немесе екінші бөлігінде көрсетілген адам шын ниетпен өкінсе және қоғам мен мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделеріне келтірген зиянның орнын толтырған болса, ол қылмыстық жауаптылықтан босатылуы мүмкін.

Осы баптың ережелері сыбайлас жемқорлық қылмыс жасаған адамдарға қолданылмайды.“

Қылмыстық жауаптылықтан босатудың бұл түрі қолданыстағы заңнамада бірінші рет қарастырылып отыр.

Осы бап бойынша қылмыстық жауаптылықтан босатуға мына жағдайлар негіз болады:

- а) орташа ауырлықтағы қылмыс жасау;
- б) адамның қайтыс болуымен немесе оның денсаулығына ауыр зиян келтірумен байланысты емес орташа ауыр қылмысты бірінші рет жасау;
- в) жәбірленушімен татуласу;
- г) келтірілген зиянның есесін толтыру.

¹⁹ Қарағанды облыстық сотының 2001 жылғы тәжірибесінен. №1-179 іс.

Осы жоғарыда аталған шарттардың барлық жиынтығы болғанда ғана ҚР ҚК 67-бабына сәйкес, қылмыс жасаған адамды қалмыстық жауаптылықтан босатуға негіз бар деп танылады. Қазақстан Республикасы Жоғарғы сотының 2001 жылғы 21-маусымдағы «Соттардың Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 67-бабын қолдану жөніндегі тәжірибесі туралы» нормативтік қаулысына сәйкес, заңның аталған талаптары жеке айыптау үшін таралмайды, кінәлінің жәбірленушімен татуласуының ерекше тәртібі ҚР ҚІЖК 33-бабының 2-бөлігімен және 33 пен 37-баптарымен қарастырылады (ҚР Жоғарғы сотының 2001 жылғы 21-маусымдағы «Соттардың ҚР ҚК 67-бабын қолдану жөніндегі тәжірибесі туралы» нормативтік қаулысының 3-тармағы). Осы сипаттағы мына бір мысалды қарастыра кетейік, **В.** деген азамат мені зорлап қойды деп тергеушіге арыз түсірген **С.** деген азаматша, сот талқылауы кезінде ресми түрде қылмысымен келтірген зиянның орынын қалпына келтірілгендігіне байланысты, кінәліні ҚР ҚК 120-бабының 1-бөлігі (зорлау) бойынша жауаптылықтан босатуға келіседі. Сот зорлау туралы іс жеке-жария арыз (ҚР ҚІЖК 34-б. 1-бөл.) санатына жататын болғандықтан **В.**-ны ҚР ҚК 67-бабының 1-бөлігіне сәйкес, татуласуына байланысты қылмыстық жауаптылықтан босатады.²⁰

Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 21-желтоқсандағы «Қазақстан Республикасының Қылмыстық, Қылмыстық іс жүргізу және Қылмыстық-атқару кодекстеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңындағы ҚР ҚК 67-бабының редакциясы осы айтылған мән-жайлар бойынша қылмыстық жауаптылықтан босатуды міндет ретінде де, мүмкіндік ретінде де қарастырады.

ҚР ҚК 67-бабының 1-бөлігіне сәйкес, қылмыстық жауаптылықтан міндетті түрде босатуға ауыр емес қылмыс жасаған немесе адамның қайтыс болуымен немесе оның денсаулығына ауыр зиян келтірумен байланысты емес орташа ауыр қылмысты бірінші рет жасаған адам жатады.

Бұл жерде «бірінші рет жасаған қылмыс деп адамның іс жүзінде бірінші рет жасаған іс-әрекетін не бұрын жасаған қылмысы үшін заңмен белгіленген тәртіп бойынша қылмыстық жауаптылықтан босатылған немесе жазалаудың толығымен босатылған не соттылығы жойылғын немесе алынып тасталғаннан (ҚР ҚК 77-бабы) кейін бірінші рет жасаған қылмысын тануға болады (ҚР Жоғарғы сотының 2001 жылғы 21-маусымдағы «Соттардың ҚР ҚК 67-бабын қолдану жөніндегі тәжірибесі туралы» нормативтік қаулысының 4-тармағы).

ҚР ҚК 67-бабының 2-бөлігінде орташа ауыр қылмыс жасаған адамның жәбірленушімен татуласуы мен келтірген зиянның есесін толтыруына байланысты осы санаттағы қылмыстардың саны мен түріне қарамастан қылмыстық жауаптылықтан босату мүмкіндігі қарастырылған.

ҚР ҚК 67-бабы бойынша қылмыстық жауаптылықтан босатудың міндетті шарты жәбірленушімен татуласуы мен келтірген зиянның есесін толтыру болып табылады. Татуласу жәбірленушінің тергеушіні, прокурорды, сотты кінәлінің одан арғы мінез-құлқымен қанағаттанғандығын білдіреді (ҚР Жоғарғы сотының 2001 жылғы 21-маусымдағы «Соттардың ҚР ҚК 67-бабын қолдану

²⁰ Қарағанды облыстық соттың 2002 жылғы тәжірибесінен.

жөніндегі тәжірибесі туралы» нормативтік қаулысының 4-тармағы). Келтірген зиянның есесін толтыру ерікті түрде бүлінген мүлікті қалпына келтіру, құнын өтеу, көпшілік алдында кешірім сұрау арқылы көрінуі мүмкін. Оның үстіне ҚР Жоғарғы сотының 2001 жылғы 21-маусымдағы «Соттардың ҚР ҚК 67-бабын қолдану жөніндегі тәжірибесі туралы» нормативтік қаулысының 4-тармағының 5-бөлігіне сәйкес, бұл бапты қолдану үшін келтірген зиянның есесін кімнің толтырғаны: кінәлінің өзі, оның туысқандары, басқа адамдармен немесе ұйымдармен толтырғынын білудің қажеті жоқ.

Жағдайдың өзгеруіне байланысты қылмыстық жауаптылықтан босату (ҚР ҚК 68-бабы);

1. Қылмыс белгілері бар әрекет жасаған адамды, егер істі сот қараған кезде жағдайдың өзгеруі салдарынан ол жасаған әрекет қоғамға қауіпті емес деп танылса, сот қылмыстық жауаптылықтан босатуы мүмкін.

2. Бірінші рет кішігірім немесе орташа ауырлықтағы қылмыс жасаған адамды, егер ол адамның содан кейінгі мүлтіксіз мінез-құлқына байланысты іс сотта қаралған уақытта ол қоғамға қауіпті деп есептеле алмайтындығы белгіленсе, сот қылмыстық жауаптылықтан босатуы мүмкін.

Бұл бапта заң шығарушы қылмыстық жауаптылықтан босатудың өз алдына дербес төмендегідей екі негізін қарастырады:

- істі сот қараған кезде жағдайдың өзгеруі салдарынан жасалған әрекеттің қоғамға қауіпті емес деп танылуы;

- сол кезге дейін қылмыс жасады деп танылған адамның өзінің қоғамға қауіпті емес деп танылуы.

ҚР ҚК 68-бабының 1-бөлігі бойынша қылмыстық жауаптылықтан босату жөніндегі мәселені шешер кезінде жағдайдың өзгеруіне нақты нелер себеп болғанын және ол неліктен жасалған істің қоғамға қауіптілігін жоғалтқанын анықтап алу керек.

Көптеген ғалымдардың пікірінше, жағдайдың өзгеруі деп объективті әлеуметтік нақты жағдайдағы ғана емес, басқа да осы сияқты әрекеттердің қоғамға қауіптілік күшін жоғалта отырып, өзгеріске ұшырауын тануға болады. Бұл мысалы, 30-40-жылдарғы – соғыс уақытының бейбіт уақытқа ауысып, тамақ өнімдеріне корточкалық жүйенің жойылуы, 80-90-жылдардағы – еліміздегі әлеуметтік-экономикалық өмірдің өте маңызды өзгерістері.²¹

Мұндай өзгерістерді жана жағдайдағы қоғамдық сана-сезім басқаша жағдайда жасалған және дәл жасалған кезінде қоғам үшін елелу қауіп тудыратын қоғамдық қауіпті іс-әрекет ретінде қабылдамайды. Жағдайдың өзгеруінде нақты бір іс-әрекет ғана емес, осы сияқты іс-әрекеттердің барлық түрі қоғамға соншалықты қауіп тудырмайтындай болуы тиіс. Жағдайдың өзгеруі оған қылмыстылық сипат беретіндей іс-әрекеттің жасалатын орны мен уақытындағы ерекше жағдайлардың болмауымен көрінуі мүмкін. Мысалы, егер тым көбейіп кеткендігіне қорек жетпей қырылуы қауіпі төнген жағдайда тыйым

²¹ *Поленов Г.Ф.* Уголовное право Республики Казахстан. – Алматы, 1997. 152-бет; Уголовное право Республики Казахстан. Жалпы бөлім. – Алматы, 2003, 264-бет.

салынған жерлерден бағалы тұқымды балық түрлерін аулау және бұл жерден балық аулауға ресми түрде рұқсат етілген болса, онды бұл әрекет қылмыс деп саналмайды.

ҚР ҚК 68-бабының 2-бөлігінде заң бірінші рет онша ауыр емес немесе орташа ауырлықтағы қылмыс жасаған адамның өзінің қоғамға қауіптілігі жоқ деп тапқанда қылмыстық жауаптылықтан босатуды қарастырады. Сөйтіп, жауаптылықтан босату мынадай жағдайларда ғана болуы мүмкін:

а) бірінші рет қылмыс жасағанда;

б) жасалаған қылмыс кішігірім немесе орташа ауырлықтағы қылмыс санатына жатақанда;

в) адамның мінез-құлқы іс сотта қаралған уақытта қоғамға қауіпті деп есептеле алмайтын болғанда.

Кінәлі тұлғасының қоғамдық қауіптіліктен арылуына байланысты қылмыстық жауаптылықтан босатқан жағдайда өзгеріс кінәлінің еркіне қарай болуына (мысалы, егер қылмыстық әрекеті көліктегі қауіпсіздік ережесін бұзу немесе бөтеннің мүлкін талан-таражға салумен байланысқан болса, қоғамға қауіпті емес немесе материалдық жауаптылығы жоқ жұмысқа ауысуы), сондай-ақ оның еркіне қарамай-ақ болуы мүмкін (жұмыстан шығарып жіберу, әсер қатарына шақыру және т.б.). Мысал келтіре кетейік, Р. құрылыс басқармаларының бірінде мастер болып жұмыс істеп жүріп, шофер С.-мен сөз байласып, жалпы құны 10126 теңге құрайтын 24 кірпіш салатын тақтайдан жасалған қойғыштарды машинаға тиеп алып кетіп, сатып жібереді де түскен ақшанаы өзара бөлісіп алады. Осы ұрлықтан кейін Р. үш жыл бойы адал еңбегімен көркініп, өндірістік жоғары көрсеткіштерге жетіп, құрылысы институтына сырттай оқуға түседі, қоғамдық өмірге де белсене араласады. Бірақ, өзінің жасаған қоғамға жат қылығы маза бермей, ар-ұяты оянып, полиция органына келіп осыдан үш жыл бұрыны сыбайласы С.-мен бірігіп жасаған ұрлығын мойындап келеді. Р. жағдайдың өзгеруіне байланысты ҚР ҚК 68-бабының 1-бөлігіне сәйкес қылмыстық жауаптылықтан босатылады.²²

Қолданыстағы Қылмыстық кодекс адамның жасаған әрекетінің қоғамға қауіптілік күшін қау уақытта жоғалтатынын көрсетпейді. Дегенмен, сірә ол тергеуге дейін немесе істі сотта қарағанға дейін анықталуы тиіс. ҚР ҚК 68-бабында көрсетілген негіздер бойынша қылмыстық жауаптылықтан босату анықтау органының немесе тергеушінің прокурормен келісімі бойынша, сондай-ақ прокурордың немесе соттың келісімімен жүзеге асуы тиіс.

14. Қылмыстық жазалаудан босату. Сотталғандықты жою мен алып тастау.

1. Егер сот түзеу жұмыстарын, әскери қызмет бойынша шектеу, бас бостандығын шектеу, тәртіптік әскери бөлімде ұстау немесе бас бостандығынан айыру жазасын өтеп жүрген адам өзінің түзелуі үшін сот тағайындаған жазаны

²² Қарағанды облыстық сотының 2001 жылғы тәжірибесінен. №1-185 іс.

толық өтеуді қажет етпейді деп танылса, ол мерзімінен бұрын-шартты түрде босатылуы мүмкін. Бұл орайда адам қосымша жаза түрін өтеуден толық немесе ішінара босатылуы мүмкін.²³

2. Сот мерзімінен бұрын-шартты түрде босатуды қолдана отырып, сотталған адамға осы Кодекстің 45-бабының бірінші бөлігінде көзделген міндеттерді жүктеуі мүмкін, ол бұларды жазаның өтелмей қалған бөлігі ішінде орындауға тиіс.

3. Жазадан шартты түрде-мерзімінен бұрын босату сотталған адам:

а) кішігірім және орташа ауырлықтағы қылмысы үшін тағайындалған жаза мерзімінің кемінде үштен бірін;

б) ауыр қылмысы үшін тағайындалған жаза мерзімінің кемінде жартысын;

в) аса ауыр қылмысы үшін тағайындалған жаза мерзімінің кемінде төрттен үшін, сондай-ақ бұрын жазадан мерзімінен бұрын-шартты түрде босатылған адамға, егер мерзімінен бұрын-шартты түрде босату осы баптың жетінші бөлігінде көзделген негіздер бойынша жойылған болса, тағайындалған жаза мерзімінің кемінде үштен екісін нақты өтегеннен кейін қолданылуы мүмкін.

4. Бас бостандығынан айыруға сотталушының нақты өтеу мерзімі алты айдан кем болмауы керек.

5. Сот тағайындаған өмір бойы бас бостандығынан айыру жазасын өтеп жүрген адам, егер сот ол бұл жазаны одан әрі өтеуді қажет етпейді деп таныса және кемінде жиырма бес жыл бас бостандығынан айыруды іс жүзінде өтесе, мерзімінен бұрын-шартты түрде босатылуы мүмкін.

6. Мерзімінен бұрын-шартты түрде босатылған адамның мінез-құлқына бақылау жасауды оған босатылған адамның тұрғылықты жері бойынша - мамандандырылған уәкілетті мемлекеттік орган, ал әскери қызметшілер жөнінде - әскери бөлімдер мен мекемелердің командованиясі жүзеге асырады.

7. Мерзімінен бұрын-шартты түрде босату қолданылған адам, егер жазаның қалған өтелмеген бөлігі ішінде:

а) өзіне әкімшілік жазасы салынған қоғамдық тәртіпті бұзса немесе оған мерзімінен бұрын-шартты түрде босатуды қолдану кезінде сот жүктеген міндеттерді орындаудан әдейі жалтарса, сот осы баптың алтыншы бөлігінде аталған органдардың ұсынуы бойынша мерзімінен бұрын-шартты түрде босатудың күшін жою және жазаның өтелмей қалған бөлігін орындау туралы қаулы ете алады;

б) қылмыс абайсызда жасалса, жаңа қылмысқа жаза тағайындау кезінде мерзімінен бұрын-шартты түрде босатудың күшін жою немесе оны сақтау туралы мәселені сот шешеді;

²³ Шартты түрде-мерзімінен бұрын босату сотталғандарға, қамауға алынғандарға, қоғамдық жұмысқа тартылғандарға, айыппұл салынғандарға, белгілі бір лауазымды атқарауға немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айрылғандарға қолданылмайды (ҚР Жоғарғы сотының 2001 жылғы 13-желтоқсандағы «Жазадан шартты түрде-мерзімінен бұрын босату және жазаның өтелмеген бөлігін неғұрлым жеңіл жаза түрімен ауыстыру туралы» нормативті қаулысы).

в) қылмыс қасақана жасалса, сот оған осы Кодекстің 60-бабында көзделген ережелер бойынша жаза тағайындайды. Егер сот мерзімінен бұрын-шартты түрде босатудың күшін жойса, абайсызда қылмыс жасаған жағдайда да жаза осы ережелер бойынша тағайындалады.

8. Өлім жазасы түріндегі жаза кешірім жасау тәртібі бойынша бас бостандығынан айырумен ауыстырылған адамға мерзімінен бұрын-шартты түрде босату қолданылмайды.

Жазасын одан әрі өтеуден мерзімінен бұрын-шартты түрде босатуға сотталған адамның қоғамға қауіптілігін жоғалтуы және тағайындалған жазасын толығымен өтемей-ақ мүлдем түзелу мүмкіндігі негіз болады.

Мұндай мүмкіндік сотталушының үлгілі тәртібі және үкім мен жазаны өтеу режимінен туындайтын міндеттерді орындауға адал ниетпен қарау сияқты өлшемдік негіздердің көмегімен анықталады.

Үлгілі тәртібі деп барлық нормаларды, жатақхана ережелерін, мораль нормаларын, жаза өтеу режимінің барлық талаптарын, тапсырылған жұмысты сапалы орындауын, қауіпсіздік техникасын сақтауын, жабдықтарға, материалдар мен аспаптарға ұқыпты қарауын түсінуге болады (ҚР Жоғарғы сотының 2001 жылғы 13-желтоқсандағы «Жазадан шартты түрде-мерзімінен бұрын босату және жазаның өтелмеген бөлігін неғұрлым жеңіл жаза түрімен ауыстыру туралы» нормативті қаулысының 9-тармағының 6-бөлігі).

ҚР ҚК 70-бабының 3-бөлігіне сәйкес, жазадан шартты түрде-мерзімінен бұрын босату сотталған адам:

а) кішігірім және орташа ауырлықтағы қылмысы үшін тағайындалған жаза мерзімінің кемінде үштен бірін;

б) ауыр қылмысы үшін тағайындалған жаза мерзімінің кемінде жартысын;

в) аса ауыр қылмысы үшін тағайындалған жаза мерзімінің кемінде төрттен үшін, сондай-ақ бұрын жазадан мерзімінен бұрын-шартты түрде босатылған адамға, егер мерзімінен бұрын-шартты түрде босату осы баптың жетінші бөлігінде көзделген негіздер бойынша (әкімішілік жаза қолданылған қоғамдық тәртіпті бұзу; абайсызды немесе қасақана қылмыс жасағаны үшін) жойылған болса, тағайындалған жаза мерзімінің кемінде үштен екісін нақты өтегеннен кейін қолданылуы мүмкін.

ҚР ҚК 70-бабының 3-бөлігіне сәйкес, бас бостандығынан айыруға сотталушының нақты өтеу мерзімі алты айдан кем болмауы керек

Тіпті, сот тағайындаған өмір бойы бас бостандығынан айыру жазасын өтеп жүрген адам, егер сот ол бұл жазаны одан әрі өтеуді қажет етпейді деп таныса және кемінде жиырма бес жыл бас бостандығынан айыруды іс жүзінде өтесе, мерзімінен бұрын-шартты түрде босатуға кедергі бола алмайды (ҚР ҚК 70-б. 5-бөл.).

Жазаны атқару жүктелген мамандандырылған мемлекеттік органдардың ұсынысы бойынша мерзімінен бұрын-шартты түрде босатуды сот сотталғанның тағайындалған жазаны өтеу орны бойынша қолданады.

Бұрын қолданыста болған заңнамаларға қарағанда қазіргі Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіндегі мерзімінен бұрын-шартты түрде

босату қолданылатын адамдар шеңбері айтарлықтай тарыла түскен. ҚР ҚК 70-бабының 8-бөлігіне сәйкес, өлім жазасы түріндегі жаза кешірім жасау тәртібі бойынша бас бостандығынан айырумен ауыстырылған адамға мерзімінен бұрын-шартты түрде босату қолданылмайды. Мәселен, сотталған Г. ҚР ҚК 175-бабы 2-бөлігінің «в» тармағы бойынша төрт жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға сотталған, мекеме әкімшілігі оны мерзімінен бұрын-шартты түрде босатуға ұсыныс жасаған. Г. тағайындалған жазазсының екі жыл жеті айын өтеген, өндірістік тапсырмаларын орындап және асыра орындап отырған, сотталғандар ұжымының қоғамдық өміріне белсене араласқан. Сот, алайда оны мерзімінен бұрын-шартты түрде босатудан бас тартты.²⁴ Соттың мұндай шешімі, біздің ойымызшы, негізді емес, мерзімінен бұрын-шартты түрде босату жоғарыда айтылған құқықтық негізіне қайшы келеді.

ҚР ҚК 70-бабының 7-бөлігі мерзімінен бұрын-шартты түрде босатуды болдырмаудың негіздерін қарастырады. Мұндай болдырмаушылық мерзімінен бұрын-шартты түрде босатылған соталушының жазасының өтелмеген бөлігін қалпына қайтаруды білдіреді. Мерзімінен бұрын-шартты түрде босату қолданылған адам, егер жазаның қалған өтелмеген бөлігі ішінде объективті жағдайларға байланысты (мысалы ауырып қалуына байланысты) өзіне әкімшілік жазасы салынған қоғамдық тәртіпті бұзса немесе оған мерзімінен бұрын-шартты түрде босатуды қолдану кезінде сот жүктеген міндеттерді орындаудан жалтарса мұндай жағдайлар мерзімінен бұрын-шартты түрде босатуды болдырмай тастайды.²⁵

Жазаның қалған өтелмеген бөлігі ішінде жаңадан қылмыс жасалған болса, бұл жерде осы қылмыстың қасақана әлде абайсызда жасалғаны маңызды орын алады, өйткені мұндай жағдайдағы құқықтың зардаптың да маңызы де ерекшеленеді.

Егер қылмыс абайсызда жасалса, жаңа қылмысқа жаза тағайындау кезінде мерзімінен бұрын-шартты түрде босатудың күшін жою немесе оны сақтау туралы мәселені сот шешеді. Бұл жерде істің барлық объективті және субъективті мән-жайлары ескерілуі тиіс.

Қылмыс қасақана жасалса, мерзімінен бұрын-шартты түрде босату қайтып алынады.

Қылмыс қасақана жасалса, сот оған осы Кодекстің 60-бабында көзделген ережелер бойынша (үкімдердің жиынтығы бойынша) жаза тағайындайды. Егер сот мерзімінен бұрын-шартты түрде босатудың күшін жойса, абайсызда қылмыс жасаған жағдайда да жаза осы ережелер бойынша тағайындалады.

Жазаның өтелмеген бөлігін неғұрлым жеңіл жаза түрімен ауыстыру (ҚР ҚК 71-бабы).

²⁴ Қарағанды облыстық сотының 2001 жылғы тәжірибесінен.

²⁵ Қар.: ҚР Жоғарғы сотының 2001 жылғы 13-желтоқсандағы «Жазадан шартты түрде-мерзімінен бұрын босату және жазаның өтелмеген бөлігін неғұрлым жеңіл жаза түрімен ауыстыру туралы» нормативті қаулысының 25-тармағы.

1. Кішігірім, орташа ауыр және ауыр қылмыс үшін бас бостандығынан айыру жазасын өтеп жүрген адамға сот оның жазасын өтеу кезіндегі мінез-құлқын ескере отырып, жазаның өтелмей қалған бөлігін оның жеңіл түрімен ауыстыра алады. Бұл орайда адам жазаның қосымша түрін өтеуден толық немесе ішінара босатылуы мүмкін.

2. Жазаның өтелмеген бөлігі, сотталған адам ауыр емес және орташа ауыр қылмыс жасағаны үшін жаза мерзімінің кем дегенде үштен бір бөлігін, ауыр қылмысы үшін немесе бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны өтеуден шартты түрде мерзімінен ерте босатылған және жазаның өтелмей қалған бөлігі кезеңінде жаңа қылмыс жасаған адам жаза мерзімінің жартысын нақты өтегеннен кейін жазаның неғұрлым жеңіл түрімен ауыстырылуы мүмкін.

3. Жазаның өтелмеген бөлігін ауыстыру кезінде сот осы Кодекстің 39-бабында аталған жаза түрлеріне сәйкес, осы Кодексте әрбір жаза түрі үшін көзделген шекте жазаның кез келген неғұрлым жеңіл түрін таңдап алуы мүмкін.

ҚР ҚК 71-бабына сәйкес, жазаның өтелмеген бөлігін неғұрлым жеңіл жаза түріне ауыстыру тек қана бас бостандығынан айыруға сотталғандар үшін қолданылады.

Заңмен жазаның өтелмеген бөлігін неғұрлым жеңіл жаза түріне ауыстыру екі түрлі шарты белгіленген.

Бірінші шарты сотталушы сол үшін жаза өтеп жатқан қылмыстың ауырлығына қатысты.

Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 21-желтоқсандағы «Қазақстан Республикасының Қылмыстық, Қылмыстық іс жүргізу және Қылмыстық-атқару кодекстеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңындағы енгізілген өзгертулерге сәйкес, жазадан босатудың осы түрі қолданылатын қылмыстардың шеңбері кеңейтілді.

ҚР ҚК 71-бабының 1-бөлігіне сәйкес, жазаның өтелмеген бөлігін неғұрлым жеңіл жаза түріне ауыстыру тек қана кішігірім және орташа ауырлықтағы ғана емес, ауыр қылмыстарға да қолданылатын болды.

Жазаның өтелмеген бөлігін неғұрлым жеңіл жаза түріне ауыстыру туралы шешім қабылдар кезінде сотталушының жазасын өтеу кезіндегі мінез-құлқын, оның еңбекке деген көзқарасын айғақтайтын деректер, жазалау мен мақтау шараларының бар-жоқты ескеріледі.

Негізгі жазаның өтелмеген бөлігімен қатарласа сотталған адама қосымша жазадан де толығымен немесе ішінара босатылуы мүмкін.

Екінші бір жағдай іс жүзінде өтелген бөлігін жазаның неғұрлым жеңіл түрімен ауыстырылатын тағайындалған бас бостандығынан айыру жазасының мөлшері жайында. Мұндай ауыстыру жазаның өтелмеген бөлігі, сотталған адам ауыр емес және орташа ауыр қылмыс жасағаны үшін жаза мерзімінің кем дегенде үштен бір бөлігін, ауыр қылмысы үшін немесе бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны өтеуден шартты түрде мерзімінен ерте босатылған және жазаның өтелмей қалған бөлігі кезеңінде жаңа қылмыс жасаған адам жаза мерзімінің жартысын нақты өтегеннен кейін жазаның неғұрлым жеңіл түрімен ауыстырылуы мүмкін (ҚР ҚК 71-б. 2-бөл.).

Жазаның өтелмеген бөлігін ауыстыру кезінде сот осы ҚР ҚК 39-бабында аталған жаза түрлеріне сәйкес, Қылмыстық кодексте әрбір жаза түрі үшін көзделген шекте жазаның кез келген неғұрлым жеңіл түрін таңдап алуы мүмкін.

Жазаның өтелмеген бөлігін неғұрлым жеңіл түрімен ауыстыру сөзсіз босатудың бір түрі болып табылады.

Егер сотталған адам жазаның неғұрлым жеңіл түрін өтеп жүрген кезінде жаңадан басқа қылмыс жасайтын болса, онда оған екінші үкім бойынша тағайындалған жазаға ауыстырылған жазаның емес, неғұрлым жеңіл жазаның өтелмеген бөлігі толығымен немесе ішінара қосылады.

Мысалы, 2000 жылы Б. деген азамат ҚР ҚК 257-бабының 3-бөлігі бойынша төрт жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға соталады. 2002 жылы ҚР ҚК 71-бабына сәйкес бас бостандығынан айыру жазасының өтелмеген бөлігі бір жыл сегіз айға дейін тапқан табысының 10 пайызын ұстап қалу арқылы түзеу жұмыстары жазасына ауыстырылады. Сол 2002 жылы Б. осы бөлікті өтеп жүрген кезінде бұзақылық жасап, тағыда Қарағанды қаласындағы Октябрь аудандық сотымен ҚР ҚК 257-бабының 2-бөлігі бойынша үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға тағы да соталады.

Сот бірінші үкім бойынша өтелмеген жазаны (бір жыл және алты ай) ескере отырып, осы мерзімді жаңадан тағайындалған жазаға қосып, ҚР ҚК 60-бабының ережелерін басшылыққа ала отырып (кімдердің жиынтығы бойынша жаза тағайындау), үш жыл алты айға дейінгі бас бостандығынан айыру жазасын тағайындауды дұрыс анықтаған²⁶.

Жүкті әйелдердің және жас балалары бар әйелдердің жазаны өтеуін кейінге қалдыру (ҚР ҚК 72-бабы).

1. Жеке адамға қарсы ауыр және аса ауыр қылмысы үшін бес жылдан астам мерзімге бас бостандығынан айыруға сотталған әйелдерді қоспағанда, сотталған жүкті әйелдерді және он төрт жасқа толмаған баласы бар әйелдерді сот тиісінше бір жылға дейінгі немесе бала сегіз жасқа толғанға дейінгі мерзімге жазасын өтеуден босатуы мүмкін.

2. Егер осы баптың бірінші бөлігінде аталған сотталған әйел баладан бас тартса немесе баланы тәрбиелеуден жалтаруды жалғастырса, немесе сотталып, жазасын өтеу кейінге қалдырылған әйелді бақылауды жүзеге асыратын орган екі рет жазбаша түрде ескерту жасағаннан кейін қоғамдық тәртіпті бұзса, сот сол органның ұсынысы бойынша жазаны өтеу мерзімін кейінге қалдыруды тоқтатып, сотталушы әйелді сот үкіміне сәйкес тағайындалған жерге жазасын өтеуге жібере алады.

3. Бала сегіз жасқа толғаннан кейін немесе ол шетінеген жағдайда не жүктілігі үзілген жағдайда сот сотталған әйелдің мінез-құлқына қарай оны жазаны өтеуден босатуы немесе оны неғұрлым жеңіл жазамен ауыстыруы, немесе сотталған әйелді жазаны өтеу үшін тиісті мекемеге жіберу туралы шешім қабылдауы мүмкін.

²⁶ Қарағанды қаласындағы Октябрь аудандық сотының 2002 жылғы тәжірибесінен.

4. Егер сотталған әйел жазаны өтеуден босату кезеңінде жаңа қылмыс жасаса, сот оған осы Кодекстің 60-бабында көзделген ережелер бойынша жаза тағайындайды.

Жазадан босатудың осы түрін қолданудың негізі әйелдердің жүкті болуы мен жас балаларының болуы жазаны өтеуді және осы жолдағы мақсатқа жетуді қиындататын болғандықтан олардың жазасыны жазаны өтеуінің орынсыз деп саналауы болып табылады.

Осыған байланысты заңмен жазаны кейінгі қалдыруға қажетті екі түрлі шарт қарастырылған.

Біріншіден, әйелдің жүктілігі немесе он төрт жасқа толмаған балаларының бар екендігі анықталуы керек.

Екінші жағдай, әйел адамға қарсы ауыр және аса ауыр қылмысы үшін бес жылдан артық мерзімге сотталмаған болуы керек.

Заң мағынасы бойынша жазаны өтеуді кейінге қалдыру үкім шығару кезінде де, жазасын өтеу кезінде де қолданылуы мүмкін.

Мысалы; Қарағанды қаласындағы Октябрь аудандық сотымен ҚР ҚК 176-бабы 2-бөлігінің «б» тармақшасы бойынша азаматша Ш. қойма меңгерушісі болып қызмет атқарып жүрген кезінде бірнеше рет «Айнұр» фирмасына қарасты тауарларды иемденіп кеткені үшін екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға соттаған. Соттың үкіміне прокурордың қарсы наразылығы көрсетіліп, онда Ш.-ның асырауында 4 және 6 жасара балалары болғандықтан оның жазасын өтеуін кейінге қалдыру мәселелсі қойылған. Оның үстіне Ш.-ның өзі де шын өкінетіндігін білдірген. Прокурордың наразылығы қанағаттандырылып, Ш.-ның жазасын өтеуі ҚР ҚК 72-бабының 1-бөлігіне сәйкес бір жылға дейін кейінге қалдырылады.²⁷

Егер сотталған әйел баладан бас тартса немесе баланы тәрбиелеуден жалтарса, не оны жалғастырса, немесе сотталып, жазасын өтеу кейінге қалдырылған әйелді бақылауды жүзеге асыратын орган екі рет жазбаша түрде ескерту жасағаннан кейін қоғамдық тәртіпті бұзса, сот сол органның ұсынысы бойынша жазаны өтеу мерзімін кейінге қалдыруды тоқтатып, сотталушы әйелді сот үкіміне сәйкес тағайындалған жерге жазасын өтеуге жібере алады (ҚР ҚК 72-б. 2-бөл).

Жазаны өтеуді кейінге қалдыру соттың үкімі бойынша тағайындалған жасададан біржолата босату болып табылмайды. ҚР ҚК 72-бабының 2-бөлігіне сәйкес, бала он төрт жасқа толғаннан кейін немесе ол шетінеген жағдайда не жүктілігі үзілген жағдайда сот сотталған әйелдің мінез-құлқына қарай оны жазаны өтеуден босатуы немесе оны неғұрлым жеңіл жазамен ауыстыруы, немесе сотталған әйелді жазаны өтеу үшін тиісті мекемеге жіберу туралы шешім қабылдауы мүмкін.

Заңда соттың әйелдерді жазадан қашан босататындығы, олардың жазасының неғұрлым жеңіл түрімен ауыстарылатындығы жөнінде сөз қозғамаған.

²⁷ Қарағанды қаласындағы Октябрь аудандық сотының 2003 жылғы тәжірибесінен. №1-137 іс.

Егер сотталған әйел жазаны өтеуден босату кезеңінде жаңа қылмыс жасаса, сот оған үкімдердің жиынтығы бойынша жаза тағайындайды (ҚР ҚК 72-б. 2-бөл.).

Ауруға шалдығуына байланысты жазадан босату (ҚР ҚК 73-бабы).

1. Қылмыс жасағаннан кейін оның өз іс-әрекетінің (әрекетсіздігінің) іс жүзіндегі сипаты мен қоғамдық қауіптілігін ұғыну не оған ие болу мүмкіндігінен айыратын психикасы бұзылу пайда болған адамды сот жазадан босатады, ал жазасын өтеп жүрген адамды сот оны одан әрі өтеуден босатады. Мұндай адамдарға сот осы Кодексте көзделген медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын тағайындауы мүмкін.

2. Жазаны өтеуге кедергі жасайтын өзге де ауыр науқастан зардап шегуші адамды сот жазаны өтеуден босатуы мүмкін немесе бұл жаза неғұрлым жеңіл жаза түрімен ауыстырылуы мүмкін. Бұл орайда жасалған қылмыстың ауырлығы, сотталған адамның жеке басы, науқасының сипаты және басқа мән-жайлар ескеріледі.

3. Осы баптың бірінші және екінші бөліктерінде аталған адамдар, егер осы Кодекстің 69 және 75-баптарында көзделген ескіру мерзімі өтпеген болса, олар сауыққан жағдайда қылмыстық жауапқа тартылып жазалануы мүмкін.

4. Қамауға не тәртіптік әскери бөлімде ұстауға сотталған әскери қызметшілер өздерін әскери қызметке жарамсыз ететін науқастануы жағдайында жазадан немесе жазасын одан әрі өтеуден босатылады. Оларға жазаның өтелмеген бөлігі де неғұрлым жеңіл жаза түрімен ауыстырылуы мүмкін.

ҚР ҚК 73-бабындағы тәртіп бойынша жазадан босату екі түрлі негіздеме бойынша жүзеге асырылуы мүмкін:

1) қылмыс жасағаннан кейін оның өз іс-әрекетінің (әрекетсіздігінің) сипаты мен қоғамдық қауіптілігін ұғыну не оған ие болу мүмкіндігінен айыратын психикасы бұзылу пайда болғанда (ҚР ҚК 73-б. 1-бөл.).²⁸

2) адам жазаны өтеуге кедергі жасайтын өзге де ауыр науқастан зардап шеккенде (ҚР ҚК 73-б. 1-бөл.).

Психикасының бұзылуы қылмыс жасағаннан кейін не жазасын өтеп жүрген кезде пайда болуы мүмкін. Бірінші жағдайда сотталатын адам жазадан босатылады, ал екінші жағдайда жазасын одан әрі өтеуден босатылады. Мысалы, екінші топтағы мүгедек **Я.** 2001-2002 жылдар ішінде бірнеше рет бөтеннің мүлкін ұрлаған. Соттық қарау кезінде оған соттық-психиатриялық сараптама тағайындалып, оның қорытындысы бойынша **Я.**-ның жасаған қоғамға қауіпті әректің іс жүзіндегі сипаты мен қауіптілігіне баға бере алмайтындай психикалық ауруы бар екендігі анықталады. Осыған байланысты **Я.** Қарағанды облыстық сотының анықтауымен арнаулы психиатриялық аруханаға жіберіледі.²⁹

²⁸ Толығырақ қараңыз: ҚР Жоғарғы сотының 2002 жылғы 11-сәуірдегі «Ауруына байланысты жазаны одан әрі өтеуден босату туралы» нормативті қаулысы.

²⁹ Қарағанды облыстық сотының 2003 жылғы тәжірибесінен.

ҚР Жоғарғы сотының 2002 жылғы 11-сәуірдегі «Ауруына байланысты жазаны одан әрі өтеуден босату туралы» нормативті қаулысы 2-тармағына сәйкес, «сотталған адам психикасының бұзылуына байланысты жасалған қылмыстың ауырлығына, тағайындалған жазаның мерзіміне, жазаның өтелмеген бөлігіне, түзелу дәрежесі мен басқа да жағдайларына қарамастан жазасын өтеуден босатылады. Мұндай адам жазадан міндетті түрде босатылуы тиіс. ҚР ҚК 88-бабына сәйкес, мұндай адамдарға сот медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдануы мүмкін».

Өз іс-әрекетінің (әрекетсіздігінің) іс жүзіндегі сипаты мен қоғамдық қауіптілігін ұғыну не оған ие болу мүмкіндігінен айыратын уақытша психикасының бұзылуы (қояншық, жүйке тарылуы) ҚР ҚК 73-бабы бойынша босатуға негіз бола алмайды.

ҚР ҚК 73-бабының 2-бөлігіне сәйкес, ауыр науқастан зардап шегуші адамды сот жазаны өтеуден босатудың өзіндік ерекшеліктері болады. ҚР ҚК осы жоғарыда аталған бабының мағынасының мазмұнынан көрініп тұрғанындай, осы негіз бойынша соттың жазатан босатуы міндеті емес, құқығы ғана. Сонымен бірге ауру жазаны өтеуге кедергі келтіретіндей соншалықты әсерлі болатын болса, онда адам жазаны өтеуден босатылады немесе бұл жаза неғұрлым жеңіл жаза түрімен ауыстырылуы мүмкін.³⁰

Ауруына байланысты жазадан босату жазаны атқару органының немесе мекемесінің ұсынысы бойынша немесе сотталғана адамның өзінің сұрауы мен дәрігерлік комиссия қорытындысының негізінде қолға алынады.

ҚР ҚК 73-бабының 1 және 2-баптарында көрсетілген адамдар ауруларынан жазылған жағдайда, егер қылмыстық жауаптылыққа тарту мерзімі (ҚР ҚК 69-бабы) немесе айыптау үкімінің мерзімі (ҚР ҚК 75-бабы) ескіріп кетпесе, оларға қатысты жазаны атқару жаңадан көтерілуі мүмкін.

Психикасы қылмыс жасағаннан кейін бұзылған адам емделген жағдайда жаза тағайындау немесе оны жаңарту кезінде адамға психиатриялық стационарда мәжбүрлеп емдеу қолданылған уақыт психиатриялық стационарда болған бір күні бас бостандығынан айырудың бір күні есебімен жазалау мерзіміне есептеледі (ҚР ҚК 94-б. 2-бөл).

Қамауға не тәртіптік әскери бөлімде ұстауға сотталған әскери қызметшілер өздерін әскери қызметке жарамсыз ететін науқастануы жағдайында жазадан немесе жазасын одан әрі өтеуден босатылады. Оларға жазаның өтелмеген бөлігі де неғұрлым жеңіл жаза түрімен ауыстырылуы мүмкін (ҚР ҚК 73-б. 4-бөл).

Төтенше мән-жайлардың салдарынан жазадан босату мен жазаны өтеуді кейінге қалдыру (ҚР ҚК 74-бабы).

1. Кішігірім және орташа ауырлықтағы қылмысы үшін сотталған адамды, егер жазаны өтеу өрт немесе кездейсоқ апат, отбасының еңбекке жарамды жалғыз мүшесінің ауыр науқастануы немесе қайтыс болуы немесе басқа да

³⁰ Жазадан босатылатын аурулардың тізімі Қазақстан Республикасының Әділет және Денсаулық сақтау министрлігімен 2001 жылдың 11-желтоқсанында бекітілген.

төтенше мән-жайлардың салдарынан сотталған адам немесе оның отбасы үшін жазасын өтеуі аса ауыр зардапқа әкеліп соқтыруы мүмкін болса, сот жазадан босатуы мүмкін.

2. Ауыр немесе аса ауыр қылмысы үшін бас бостандығынан айыруға сотталған адамның жазасын өтеуін сот осы баптың бірінші бөлігінде аталған негіздер болған жағдайда үш айға дейін мерзімге кейінге қалдыра алады.

Қылмыстық кодекс төтенше мән-жайлардың болуын адамды жазадан босатудың немесе жазасын өтеуді кейінге қалдыру туралы мәселелерді шешетін негіз ретінде қарастырады.

Төтенше мән-жай – көптеген адамдың өміріне, денсаулығына немесе мүлкіне қауіп төндіретін қоғамдық өмір немесе табиғат құбылысы.

Қылмыстық кодексте мұндай мән-жайлардың тізімінде өрт немесе кездейсоқ апат (жер сілкінісі, су тасқыны, дауыл және т.б.) беріледі. Сонымен бірге, отбасының еңбекке жарамды жалғыз мүшесінің ауыр науқастануы немесе қайтыс болуы немесе басқа да төтенше мән-жайлар айтылады. Осы аталған мән-жайлар сотталған адам немесе оның отбасы үшін жазасын өтеуі аса ауыр зардапқа әкеліп соқтыруы мүмкін болса, сот жазадан босатуы мүмкін.

Жазадан босатудың осы тұрының қажетті шарттары мыналар болып табылады:

- төтенше мән-жайлардың болуы;
- босатудың кішігірім және орташа ауырлықтағы қылмысы үшін сотталған адамдарға тарауы;
- отбасының еңбекке жарамды жалғыз мүшесінің ауыр науқастануы немесе қайтыс болуы немесе басқа да төтенше мән-жайлардың салдарынан сотталған адам немесе оның отбасы үшін жазасын өтеуі аса ауыр зардапқа әкеліп соқтыру мүмкіндігі.

Төтенше мән-жайлардың салдарының жазаны өтеуді кейінге қалдыруға ауыр және аса ауыр қылмысы үшін бас бостандығынан айыруға сотталған адамдардың жазасын өтеуді кейінге қалдырудан басқа барлық жағдай негіз бола алады. Кейінге қалдыру мерзімі үш айға дейінгі мерзімге қарастырылған.

Төтенше мән-жайлардың салдарынан жазадан босату мен жазаны кейінге қалдыру сөзсіз болып табылады.

Қылмыстық жауаптылық пен жазадан босатудың әрқилы түрі шартты және сөзсіз сипатқа ие болады.

ҚР ҚК бойынша қылмыстық жауаптылықтан босату сөзсіз сипатқа ие болады, яғни ол адамның мінез-құлқына қатысты бұрын қолданылған талаптармен жанаспайды.

Шартты түрде босату жазадан босату институты қатарына жатады, яғни адамға сынақ мерзімі ішінде орындауғы тиісті заңмен қарастырылған белгілі бір ұсыныстар қояды. Мұндай талаптарды бұзу шартты түрде қолданылатын жазадан босатуды қайтып алуға әкеп соқтырады.

Адамға қойылатын талаптармен бірге жүретін жазадан босатудың түрлері мыналарда қолданылады: шартты түрде соттау (ҚР ҚК 63-бабы), (ҚР ҚК 70-бабы), жазаны өтеуді мерзімінен бұрын-шартты түрде босату.

Қылмыстық жауаптылық пен жазадан босату негізінде бір –бірінен мынадай қасиеттерімен ерекшеленеді:

- оларды қолданудың негіздемелерімен. Қылмыстық жауаптылықтан босату көптеген жағдайда, егер жасалған қылмыс кішігірім немесе орташа ауырлықта деп сипатталғанда жүзеге асырылады. Бұл жерде оны жасаған адам жасағаны үшін мемлекет атынан сот соттамай-ақ түзелуі мүмкін. Ал жазаны өтеуден немесе оны одан әрі өтеуден босатуға келетін болсақ, ол ендігі сотталған адамдарға қолданылады; оның үстіне бұл босату сотталған адамның түзелуіне (мысалы, мерзімінен бұрын-шартты түрде соттау), немесе іс жүзіндегі жазаны атқарусыз-ақ жазаның мақсатына жету мүмкіндігінің болуына (мысалы, шартты түрде соттау), немесе ескіру мерзімінің өтуі салдарынан кінәлі қоғамға қауіпті саналмай және үкімді атқару орынсыз болып қалуы негізделеді;

- оларды қолданудың іс жүргізулік тәртібімен. Жазаны өтеуден босату заңда көрсетілген тәртіп мен жағдайда, тек қана сотпен жүзеге асырылады;

Қылмыстық жауаптылықтан босату сотпен, прокурормен, сондай-ақ прокурормен келісе отырып тергеуші немесе анықтару органымен қолданылуы мүмкін (ҚР ҚІЖК 38-б. 1-бөл.).

Қылмыстық жауаптылықтан босатқан кезде адам сотталмаған деп саналмайды, жазадан босату соттылықты алып тастай алмайды (айыптау үкімінің ескіру мерзімі өтуіне байланысты жазаны өтеуден басқа жағдай – ҚР ҚК 75-бабы).

Қылмыстық жауаптылық пен жазадан босатудың жоғарыда аталған түрлерінің арасынан әдістемелік түрде орынды деп ескіру мерзімінің өтуіне байланысты қылмыстық жауаптылықтан босату (ҚР ҚК 69-бабы) мен айыптау үкімінің ескіру мерзімінің өтуіне байланысты жазадан босатуды (ҚР ҚК 75-бабы) қарастыру орынды болып көрінеді.

Қылмыстық жауаптылыққа тарту мен айыптау үкімін атқару мерзімінің ескіруі.

Қылмыстық жауаптылыққа тарту мерзімінің ескіруі деп қылмыс жасаған күннен бастап белгілі бір уақыттың өтуіне қарай заңмен анықталған шарттар бойынша адамды қылмыстық жауаптылықтан босату танылады.

Қылмыс пен жазаның арасында неғұрлым уақыт аз өткен сайын оған ықпал ету әсерлілігі соғұрлым жоғары болады. Сол сияқты керісінше, қылмыс жасалғаннан кейін уақыт өткізіп барып, жазалауды қолға алу жалпы тәртіп бойынша жазаның мақсатын жүзеге асыру тұрғысынан алғанда тым орынсыз болып табылады (ҚР ҚК 38-бабы).

Расында да уақыт өткен сайын қылмысты тергеу қиындай түсетіні анық, көптеген жағдайларда дәлелдемелер күшін жойып немесе жоғалтып алады, куәлерге белгілі болған деректердің көбісі ұмытылып қалады немесе бұрмаланады, сондықтан көп ретте осындай істерді соттың дұрыс қарау қиынға түседі немесе мүлдем мүмкін емес болып шығады.

ҚР ҚК 69-бабында қылмыстық жауаптылыққа тарту мерзімінің ескіру мерзімі өзінің ауырлығын заңмен қарастырылған сол қылмыс үшін жазада

көрсететін жасалған қылмыстар қоғамдық қауіптілігінің сипаты мен дәрежесіне қатысты теңестіріліп бірдейлестіріледі.

ҚР ҚК 69-бабына сәйкес, егер қылмыс жасалған күннен бастап мынадай мерзімдер өтсе, адам қылмыстық жауаптылықтан босатылады:

- 1) кішігірім қылмыс жасағаннан кейін екі жыл;
- 2) орташа ауырлықтағы қылмыс жасағаннан кейін бес жыл;
- 3) ауыр қылмыс жасағаннан кейін он жыл;
- 4) аса ауыр қылмыс жасағаннан кейін он бес жыл.

Мәселен, ұрыс-керіс кезінде жалпы еңбек қабілетін айтарлықтай емес тұрақты жоғалтуға әкеп соққан денсаулыққа жеңіл зиян келтірген Ш.-ны қылмыстық жауапқа тарту жөнінде 2,5 жыл өткеннен кейін прокурорға арызбен келген В.-ның шағымы бойынша қылмыстық іс қозғаудан бас тарту толығымен негізді деп саналады. ҚР ҚК 69-бабының 1-бөлігінің «а» тармағына сәйкес, кішігірім қылмыс жасағаннан кейін қылмыстық жауаптылыққа тарту мерзімінің ескіру мерзімі екі жыл, сондықтан В.-ның шағымы қанғаттандырылуы мүмкін емес.³¹

Қолданыстығы ҚР Қылмыстық кодексі қылмыстық жауаптылыққа тарту мерзімінің ескіру мерзімін санау кезін ескіру мерзімінің басталу сәті қылмыстың жасалған күні, ал соңғы мерзімі үкімнің заңды күшіне енген сәті деп белгілейді.

Ұзаққа созылған қылмыс жасау кезіндегі ескіру мерзімінің басталуы қылмыстың тоқтатылу сәті – кінәсін мойындап келу, қылмыскерді ұстау кезі және басқа да жағдайлар. Жалғаспалы қылмыс жасау кезіндегі ескіру мерзімінің басталуын жалғаспалы қылмыстың бір буыны болып табылатын соңғы көріністің жасалуы деп санауға болады.

Ескіру мерзімінің өтуі бұзылмаған жағдайда ғана ескіру мерзімінің өтуіне байланысты қылмыстық жауаптылық қарастырылмайды. Қылмыс жасаған адам тергеуден немесе соттан жалтарса, ескіру мерзімінің өтуі тоқтатылады. Бұл ретте ескіру мерзімінің өтуі адамның ұсталған немесе оның айыбын мойындап келген кезінен бастап жаңартылады. Бұл орайда, егер қылмыс жасаған уақыттан бері жиырма бес жыл өтсе және ескіру тоқтатылмаса, адам қылмыстық жауапқа тартылмауы керек.

ҚР ҚК 69-бабының новелласы ескіру мерзімін тоқтата тұру шарттары болып табылады. Мәселен, ҚР ҚК 69-бабының 4-бөлігінде ауыр немесе аса ауыр қылмыс жасаған адам осы баптың бірінші бөлігінде аталған мерзім өткенге дейін жаңадан қасақана қылмыс жасаса, ескіру мерзімі тоқтатылатыны айтылады. Мұндай реттерде ескіру мерзімі жаңа қылмыс жасаған күннен қайта басталады. Ескіру мерзімі өткенге дейін адам тағы да қылмыс жасаған өзге реттерде әрбір қылмыс бойынша ескіру мерзімі дербес өтеді.

Егер бұрыны кішігірім немесе орташа ауырлықтағы қылмыс жасаған адам жаңадан қылмыс жасаған болса, онда әрбір қылмыс бойынша ескіру мерзімі соларға сәйкес, үзіліссіз бөлек-бөлек өтеді.

³¹ Қарағанды облыстық сотының 2001 жылғы тәжірибесінен. №1-287 іс.

Ескіру мерзімінің өтуіне байланысты қылмыстық жауаптылыққа тарту туралы мәселені шешу міндетті түрдегі негіздеме болып табылады және ол алдын ала тергеу органдарына қатысты емес. Дегенмен заңның мұндай ережесі өлім жазасына кесілетін қылмыс жасаған адамдарға қатысы жоқ. Мұндай адамды қылмыстық жауаптылықтан босату сотпен шешіледі. Егер ескіру мерзімінің бітуіне байланысты сот адамды қылмыстық жауаптылықтан босату мүмкін деп таппаса, өлім жазасын тағайындауға болмайды. Бұл ретте сот жиырма бес жылға дейін мерзімге бас бостандығынан айыруды немесе өмір бойы бас бостандығынан айыруды тағайындайды.

Халықаралық құқықтық заң нормаларына сәйкес, ҚР ҚК 69-бабының 6-бөлігінде бейбітшілік пен адамзаттың қауіпсіздігіне қарсы күрес қылмыс жасаған адамдарға ескіру мерзімі қолданылмайтыны қарастырылады (ҚР ҚК 156-164-баптары). Осы ережеден мыныны түсінуге болады, осы аталған қылмыстады жасаған адамдар міндетті түрде қылмыстық жауаптылыққа тартылады және олар қандайда бір негіздер бойынша босатылуға жатпайды.

Айыптау үкімі ұзақ мерзімнен артық не кем жағдайда орындалмайтын болса, онда жалпы тәртіп бойынша арнайы, сол сияқты жалпы ескерту тұрғысынан алғанда оны енді орындау орынсыз. Сондықтан, ҚР ҚК 75-бабында белгіленген бұрын тағайындалған жазаны белгілі бір жағдайда орындау артық деп саналады.

Айыптау үкімін орындамаудың себептері санқилы болуы мүмкін: сот кеңсесінің немесе тиісті жаза бойынша өтеу шараларын жүргізуші органдар не қылмыстық-атқару мекемелері қызметкерлерінің салдыр-салақ жұмысы. Дегенмен, көбінесе айыптау үкімі сотталған адамның жазадан жалтару кезінде орындалмай қалады.

Айыптау үкімінің ескіру мерзімі өтуі соттың айыптау үкімі шығарылғаннан кейінгі заңмен белгіленген мерзімі орындалмай қалып, осыған байланысты сотталған адамның жазаны өтеуден босатылуымен көрінеді.

Мұндай босатудың негізіне мерзім ғана емес, жасалған қылмыстың қоғамдық қауіптілік сипаты, ауырлығы алынады. Сондықтан, айыптау үкімінің ескіру мерзімінің ұзақтығы жасалған қылмыстың санатына байланысты болады.

ҚР ҚК 75-бабының 1-бөлігіне сәйкес, айыптау үкімі кішігірім ауырлықтағы қылмысы үшін сотталғанда үш жыл бойы; орташа ауырлықтағы қылмысы үшін сотталғанда - алты жыл; ауыр қылмысы үшін сотталғанда - он жыл; аса ауыр қылмысы үшін сотталғанда он бес жыл бойы заңды күшінде орындалмаған болса, сол бойында орындалмай қалады.

Жазаны атқарудан босату заңмен белгіленген ескіру мерзімі бұзылмаған, ал сотталған адам бостандықта жүріп жазаны өтеуден жалтармаған жағдайда басталуы мүмкін.

ҚР ҚК 75-бабының 2-бөлігіне сәйкес, егер сотталған адам жазаны өтеуден жалтарса, ескіру мерзімінің өтуі тоқтатыла тұрады.

Ескіру мерзімі адам ұсталған немесе айыбын мойындап келген кезде жаңыртылады. Мәселен, егер сотталған адамның жаза өтеудің түзеу жұмыстары түрінен жалтарып, тұрғын жайын өзгертіп, қылмыстық-атқару инспекциясына есепке тұрмайтын болса, ескіру мерзімі бас тартқана күнінен

баспап тоқтатылады, ал үкімнің заңды күшіне енген күннен бастап жалтарғанға дейінгі уақыт ескіру мерзімінің есебіне кірмейді.

Сотталған адамның жазаны өтеуден жалтаруына байланысты тоқтатылған айыптау үкімін атқару сол сотталушы адам ұсталғаннан кейін немесе кінәсін өзі мойындап келгеннен кейін өткен уақыттарға қарамастан басталады.

Айыптау үкімінің ескіру мерзімі өтуі бойынша жазаны өтеуден босату соттың қаруы бойынша емес міндетті түрде жүзеге асырылады, яғни бұл соттың құқықы емес, міндеті.

ҚР ҚК 75-бабының 3-бөлігінде мерзім өткенге дейін жаңадан қасақана қылмыс жасағанда ескіру мерзімінің үзілуі қарастырылған. Мұндай жағдайда ескіру мерзімінің өтуі жаңадан қылмыс жасаған күннен бастап қайта есептеледі. Бұрынғы іс бойынша үкімнің заңды күшіне енген сәттен бастап жаңа қылмыс жасғанға дейінгі аралықтағы уақыт ескіру мерзіміне қосылып есептелмейді.

Айыптау үкімінің ескіру мерзімі өтуі негізінде жазадан босату соттың қарауы бойынша тек қана ҚР ҚК 75-бабының 2-бөлігіне сәйкес, өлім жазасына немесе өмір бойы бас бостандығынан айыруға сотталған адамға қатысты қолданылады. Сот мұндай жазадан босату не босатпау мәселесін шешу кезінде қылмыстың сипатын, зардаптың ауырпалығын, сотталған адамның тұлғасын, жазадан жалтаруының ұзақтығын және оның себептерін ескереді.

Егер сот ескіру мерзімін қолдану мүмкін деп таппаса, өлім жазасы өмір бойы бас бостандығынан айыруға ауыстырылады, ал өмір бойы бас бостандығынан айыру жиырма бес жыл мерзімге бас бостандығынан айыруға ауыстырылады.

Қылмыстық кодексте ҚР ҚК 156-164-баптарында көзделген бейбітшілік пен адамзаттың қауіпсіздігіне қарсы қылмыс жасағаны үшін сотталған адамдарға ескіру мерзімі қолданылмайтын жағдайы да қарастырылған. Бұл дегеніміз осы аталған қылмыстық әректтер бойынша айыптау үкімі жазаны өтеуден жалтарған адамның ұсталған уақыты мен кінәсін мойындап келіуіне қарамастан атқаруға жатады.

Мысалы, Марфин деген біреу 2000 жылдың 10-қаңтарында ҚР ҚК 257-бабының 1-бөлігінде қарастырылған бұзақылық жасап, сол үшін бір жыл алты айға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға сотталады. Сот хашысының салақтығына байланысты үкім уақында орындалмаған, тек 2004 жылдың 20-қаңтарында ғана үкімді орындау жөнінде мәселе қойылады.

15.Кәмелетке толмағандардың қылмыстық жауаптылығы.

Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шаралары.

Бұл мемлекеттің әділеттік және ізгілік принциптерін басшылыққа ала отырып, кәмелетке толмағандардың жас жағынан және ақыл-ойы жөнінен толық жетілмеген- дігін ескере отырып, оларды арнаулы қамқорлыққа алуының көрінісі болып табыла- ды. Осыған орай қылмыстық заң кәмелетке толмағандарға ересектермен бірдей талап қоймайды. Кәмелетке

толмағандардың психологиясын ескере отырып, оған қылмыстық жауаптылықтың ерекше жағдайларын белгілеу қылмыстық жазаның максаттарына жетудің бірден-бір оңтайлы жолы болып табылады. Сондықтан да кәмелетке толмағандарға қылмыстық заң жаза болып табылмайтын тәрбиелік сипаттағы мәжбүрлеу шараларын кеңінен қолдануды белгілеген. Қылмыстық кодекстің 80-бабының I-бөлігіне сәйкес, «Кәмелетке толмағандар деп қылмыстық құқық бұзушылық жасаған кезге қарай жасы он төртке толған, бірақ он сегізге толмаған адамдар танылады». Яғни, қылмыстық жауаптылыққа тартылатын ең төменгі жас - 14-ке толу. Ресейдің, Австрияның, Германияның, Жапонияның қылмыстық заңдарында да осы-лай көрсетілген.

Кәмелетке толмағандардың қылмыстық жауаптылығы Францияның Қылмыстық кодексінде - 13, Нидерландтарда, Португалияда - 12, Жаңа Зеландияда Ю, Ирландия құқығында - 7 жас деп көрсетілген. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексі бойынша 14-ке толмаған адамдар қылмыстық жауаптылыққа тартылмайды. 14-ке толмаған жасөспірімдер өзінің істеген іс-әрекетінің қоғамға қауіптілігін, мәнін жете түсінбейді және өзінің іс-әрекетін басқара алмайды.

Егер кәмелетке толмаған адам Қылмыстық кодексте көзделген жасқа толса, бірақ психикасының бұзылуына байланысты емес психикалық дамуы жағынан артта қалуы салдарынан онша ауыр емес немесе ауырлығы орташа қылмыстық құқық бұзушылықты жасау кезіндегі өзінің іс-әрекетінің (әрекетсіздігінің) іс жүзіндегі сипаты мен қоғамдық қауіптілігін толық көлемінде түсіне алмаса не оған ие бола алмаса, қылмыстық жауапқа тартылуға тиісті емес (15-бап, 3-бөлігі). Кәмелетке толмаған адамның (14, 16 жас) есінің дұрыстығын жоққа шығармайтын психикасының бұзылуы оларды қылмыстық жауаптылықтан босатпайды, бірақ бұл мән-жайды сот жаза тағайындау кезінде жеңілдететін мән-жай ретінде ескереді және ол Қылмыстық заңда көзделген медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын тағайындау үшін негіз болады (ҚК-нің 16-бабы, 1,2- бөліктері).

Қылмыс жасаған кезде 18-ге толған адам кәмелетке толмаған деген атаққа ие бола алмайды. Бірақ та Қылмыстық кодекстің 90-бабының талабына сәйкес, он сегіз бен жиырма бір жас аралығындағы қылмыс жасаған адамдарға жасаған әрекетінің сипатын және жеке басын ескере отырып, сот ерекше жағдайларда оларға кәмелетке толмағандарға арналған арнаулы тәрбие немесе емдеу, тәрбиелеу мекемесіне орналастыруды қоспағанда, осы бөлімнің ережелерін қолдана алады. Мұндай ретте қоғамға қауіпті істелген іс-әрекеттің мәні 18 бен 21 жас аралығындағы адамның жас мөлшеріне байланысты және психикалық жете дамымауынан болуы қажет.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының «Қылмыстық жаза тағайындаған кезде соттардың заңдылықты сақтауы туралы» 1999 жылғы 30 сәуірдегі қаулысының 8-тармағында: Кәмелетке толмағандарға жаза тағайындау мәселесін қараған кезде соттар қылмыстық жазаның тек ҚК-нің 81-бабында көрсетілген түрлері ғана қолданылатындығына және олардың мерзімдері мен мөлшері сол бапта белгіленген шеңберден аспайтындығына назар аударуы керек. Сондай-ақ ҚК-нің 82 және 83-баптарында көрсетілген

жағдайларды да косымша ескере отырып және әрі нақты жағдайда істің және кәмелетке толмаған сотталушының жеке басының жағдайларын талқылап, оларға ҚК-нің 85-бабында көрсетілген тәрбиелік әсері бар мәжбүрлеу шараларын қолдану мүмкіншілігін қарастыру қажет», - деп ескертілген. Кәмелетке толмағандардың психикалық жағдайы мен жас ерекшеліктеріне байланысты оларға тағайындалған жаза түрлері де ересектерге қарағанда жеңіл болып белгіленген. Кәмелетке толмағандарға қатаң қылмыстық шаралар (өлім жазасы, өмір бойы бас бостандығынан айыру жазалары) тағайындалмайды. Кәмелетке жасы толмағандар статусының ерекшеліктеріне байланысты оларға белгілі бір лауазым атқару құқығынан айыру; мүлікті тәркілеу; бас бостандығынан немесе әскери қызметінен шектеу сияқты жазалар тағайындалмайды. Төменде Қылмыстық кодекстің 81- бабын келтіріп отырмыз.

81-бап. Кәмелетке толмағандарға тағайындалатын жаза түрлері 1. Кәмелетке толмағандарға тағайындалатын жаза түрлері: 1) белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру; 2) айыппұл; 3) түзеу жұмыстары; 4) қоғамдық жұмыстарға тарту; 5) бас бостандығын шектеу; 6) бас бостандығынан айыру болып табылады. 2. Кәмелетке толмағандарға белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру бір жылдан екі жылға дейінгі мерзімге тағайындалады. 3. Айыппұл кәмелетке толмаған сотталған адамның дербес табысы немесе өндіріп алуға жарайтын мүлкі болған жағдайда ғана тағайындалады. Айыппұл айлық есептік көрсеткіштің оннан екі жүз елуге дейінгі мөлшерінде тағайындалады. 4. Түзеу жұмыстары дербес табысы немесе өзге тұрақты кірісі бар кәмелетке толмағандарға айлық есептік көрсеткіштің оннан екі жүз елуге дейінгі мөлшерінде тағайындалады. 5. Қоғамдық жұмыстарға тарту қырық сағаттан бір жүз елу сағатқа дейінгі мерзімге тағайындалады, ол кәмелетке толмаған адамның қолынан келетін жұмыстарды орындауы болып табылады және ол оны оқудан немесе негізгі жұмысынан бос уақытында орындайды. Он алты жасқа дейінгі адамдардың бұл жаза түрін орындау ұзақтығы - күніне екі сағаттан, ал он алтыдан он сегіз жасқа дейінгі адамдар үшін күніне үш сағаттан аспауы керек. 6. Кәмелетке толмағандарға бас бостандығын шектеу - екі жылға дейінгі мерзімге, ал бас бостандығынан айыру түріндегі жазаның өтелмеген бөлігін бас бостандығын шектеуге ауыстыру жағдайында жазаның қалған өтелмеген бөлігінің бүкіл мерзіміне тағайындалады. 7. Кәмелетке толмағандарға бас бостандығынан айыру - он жылдан аспайтын, ал ауырлататын мән-жайлар кезінде адам өлтіргені немесе терроризм актісі үшін не қылмыстық күқық бұзушылықтардың біреуі ауырлататын мән-жайлар кезінде адам өлтіру немесе терроризм болып табылатын олардың жиынтығы бойынша он екі жылдан аспайтын мерзімге тағайындалуы мүмкін. Онша ауыр емес қылмыс немесе қазаға ұшыратумен байланысты емес ауырлығы орташа қылмыс жасаған кәмелетке толмағандарға бас бостандығынан айыру тағайындалмайды. 8. Кәмелетке толмаған сотталған адамдар бас бостандығынан айыруды: 1) бас бостандығынан айыруға алғаш рет сотталған еркек жынысты кәмелетке толмағандар, сондай-ақ әйел жынысты кәмелетке толмағандар - жалпы режимдегі тәрбиелеу колонияларында; 2) бұрын бас бостандығынан айыруды өтеген еркек жынысты кәмелетке толмаған-

дар - күшейтілген режимдегі тәрбиелеу колонияларында өтейді. 238 9. Іс-әрекеттің сипатына және қоғамға қауіптілік дәрежесіне, кінәлі адамның жеке басына және істің өзге де мән-жайларына қарай сот қабылданған шешімнің уәждерін көрсете отырып, еркек жынысты кәмелетке толмаған сотталған адамның бас бостандығынан айыруды жалпы режимдегі тәрбиелеу колониясында өтеуін тағайындауы мүмкін. 10. Сот жазаны орындаушы органға кәмелетке толмаған сотталған адаммен қарым- қатынас кезінде оның жеке басының белгілі бір ерекшеліктерін ескеру туралы нұсқау беруі мүмкін (ҚК-тің 81-бабы).

Мұндай ерекшеліктерге жасы кәмелетке толмағанның психикалық өзгешелігі: денсаулығының нашарлығы, белгілі бір іс-әрекетке қабілеттілігі, белгілі бір мамандыққа баулу қажеттіліктері жатады. Қылмыстық кодекстің 81-бабы жазаны өтеуден қасақана жалтарған ретте жазаның бұл түрін екіншісімен ауыстыру туралы арнайы көрсетпеген. Кәмелетке жасы толмағандарға мұндай ретте жазаны ауыстыру жалпы негізде Қылмыстық кодекстің 41,42, 43-баптарына сәйкес жүзеге асырылады.

82-бап. Кәмелетке толмаған адамға жаза тағайындау Кәмелетке толмаған адамдарға жаза тағайындаудың ерекшеліктері Қылмыстық кодекстің 82-бабында арнайы көрсетілген. Мұнда кәмелетке толмаған адамға жаза тағайындау кезінде, осы Кодекстің 52-бабында көзделген мән-жайлардан басқа, оның өмірі мен тәрбиесінің жағдайлары, психикалық даму деңгейі, жеке басының өзге де ерекшеліктері, сондай-ақ оған жасы жағынан үлкен адамдардың ықпалы ескеріледі. Кәмелетке толмаған жас жеңілдететін мән-жай ретінде басқа да жеңілдететін және ауырлататын мән-жайлармен жиынтықта ескеріледі. Кәмелетке толмаған адамға жаза тағайындау кезінде осы Кодекстің 52-бабында көзделген мән-жайлардан басқа, оның өмірі мен тәрбиесінің жағдайлары, психикалық даму деңгейі, жеке басының өзге де ерекшеліктері, сондай-ақ оған жасы үлкен адамдардың ықпалы ескеріледі. Кәмелетке толмаған жас жеңілдететін мән-жай ретінде басқа да жеңілдететін және ауырлататын мән-жайлармен жиынтықта ескеріледі. Кәмелетке толмаған адамға тағайындалған жаза әділ болуы керек. Әділ жаза деп кәмелетке толмағандардың түзелуіне тікелей әсер ететін жазаны айтамыз.

83-бап. Кәмелетке толмағандарды қылмыстық жауаптылықтан және жазадан босату 1. Қылмыстық теріс қылық немесе онша ауыр емес қылмыс жасаған не ауырлығы орташа қылмысты алғаш рет жасаған кәмелетке толмаған адамды, егер оны қылмыстық жауаптылыққа тартпай-ақ түзеуге болады деп белгіленсе, сот қылмыстық жауаптылықтан босатуы мүмкін. Бұл ретте оған тәрбиелік әсері бар мәжбүрлеу шаралары қолданылуы мүмкін. 2. Қылмыстық теріс қылық немесе онша ауыр емес немесе ауырлығы орташа қылмыс жасағаны үшін бірінші рет сотталған кәмелетке толмаған адамды, егер оны түзеуге тәрбиелік әсері бар мәжбүрлеу шараларын қолдану арқылы қол жеткізуге болады деп танылса, сот жазадан босатуы мүмкін. 3. Қазаға ұшыратумен байланысты емес ауыр қылмысты алғаш рет жасаған кәмелетке толмаған адамды сот, осы Кодекстің 68-бабының екінші бөлігінде көзделген жағдайларда, қылмыстық жауаптылықтан босатуы мүмкін. Кәмелетке

толмағандарды қылмыстық жауаптылықтан және жазадан босату жалпы және арнаулы қылмыстық-құқылық нормалар арқылы жүзеге асырылады. Қылмыстық құқықтың жалпы нормасы бойынша кәмелетке толмағандар шынайы өкінуіне байланысты (65-бап); қажетті қорғану шегінен асқан кезде (66-бап), жәбірленушімен татуласуына байланысты (68-бап), жағдайдың өзгеруіне байланысты (70-бап), ескіру мерзімінің өтуіне байланысты (71-бап) қылмыстық жауаптылықтан босатылады. Қылмыстық кодекстің 88-бабына сәйкес, Қылмыстық кодекстің 65 және 78-баптарында көзделген ескіру мерзімі кәмелетке толмағандар қылмыстық жауаптылықтан немесе оның жазасын өтеуден босату кезінде тең жартысына қысқартылады. Қылмыстық кодекстің 71-бабының 5-бөлігіне сәйкес, жасаған қылмысы үшін осы Кодекс 239 бойынша өлім жазасының тағайындалуы мүмкін адамға ескіру мерзімі туралы мәселені сот шешеді. Бұл норма жасы кәмелетке толмағандарға қолданылмайды, өйткені заң бойынша мұндай адамдарға өлім жазасы немесе өмір бойына бас бостандығынан айыру жазасы қолданылмайды. Қылмыстық кодекстің 71-бабының 5-бөлігі жасы кәмелетке толмағандарға қолданылмайды, өйткені бейбітшілік пен адамзаттың қауіпсіздігіне қарсы қылмыстар үшін жасы кәмелетке толмағандар жауапқа тартылмайды. Жасы кәмелетке толмағандар жөніндегі Қылмыстық кодекстің 88-бабында көрсетілген қысқартылған ескіру мерзімдері Қылмыстық кодекстің 90-бабында көрсетілген негіздер бойынша 18 бен 21 жас аралығындағы адамдарға да қолданылады.

Он сегіз бен жиырма бір жас аралығындағы қылмыс жасаған адамдарға жасаған әрекетінің сипатын және жеке басын ескере отырып, сот ерекше жағдайларда оларға кәмелетке толмағандарға арналған арнаулы тәрбие немесе емдеу-тәрбиелеу мекемесіне орналастыруды қоспағанда, осы бөлімнің ережелерін қолдана алады (ҚК-нің 90-бабы). Жасы кәмелетке толмағандар қылмыстық жазадан жалпы қылмыстық құқылық норманың негізінде шартты түрде соттау (65-бап); жазаны өтеуден мерзімінен бұрын шартты түрде босату (72-бап), жазаның өтелмеген бөлігін неғұрлым жеңіл жаза түрімен ауыстыру (73-бап) ауруға шалдығуына байланысты жазадан босату (75-бап), жүкті әйелдердің және жас балалары бар әйелдердің жаза өтеуін кейінге қалдыру (74-бап) айыптау үкімінің ескіру мерзімі өтуіне байланысты жазаны өтеуден (77-бап) босатылады. 84-бап. Тәрбиелік ықпалы бар мәжбүрлеу шаралары 1. Сот кәмелетке толмаған адамға тәрбиелік ықпалы бар мынадай мәжбүрлеу шараларын тағайындауы мүмкін: 1) ескерту; 2) ата-аналарының немесе оларды алмастыратын адамдардың не мамандандырылған мемлекеттік органның қадағалауына беру; 3) келтірілген зиянды қалпына келтіру міндетін жүктеу, 4) бос уақытын шектеу және кәмелетке толмаған адамның мінез-құлқына ерекше талаптар белгілеу; 5) ерекше режимде ұстайтын білім беру ұйымына орналастыру; 6) жәбірленушіден кешірім сұрау міндеттемесін жүктеу; 7) пробациялық бақылау белгілеу. 2. Кәмелетке толмаған адамға тәрбиелік ықпалы бар бірнеше мәжбүрлеу шарасы бір мезгілде тағайындалуы мүмкін. 3. Кәмелетке толмаған адамға бір мезгілде тәрбиелік әсері бар бірнеше тәрбиелеу шаралары тағайындалуы мүмкін.

85- 6 а п. Тәрбиелік ықпалы бар мәжбүрлеу шараларының мазмұны және оларды қолдану мерзімдері

Қылмыстық кодекстің 85-бабына сәйкес, тәрбиелік ықпалы бар мәжбүрлеу шара- ларының және оларды қолдану мерзімдерінің мазмұны төмендегідей: 1. Ескерту кәмелетке толмаған адамға оның іс-әрекетімен келтірілген зиянды және осы Кодексте көзделген құқық бұзушылықтарды қайталап жасаудың зардаптарын түсіндіруден тұрады. 2. Қадағалауға беру ата-аналарына немесе оларды алмастыратын адамдарға не мамандандырылған мемлекеттік органға кәмелетке толмаған адамға тәрбиелік ықпал ету және оның мінез-кұлқына бақылау жөнінде міндеттер жүктеуден тұрады. 3. Келтірілген зиянды қалпына келтіру міндеті кәмелетке толмаған адамның мүлдік жағдайы және оның тиісті еңбек дағдыларының болуы ескеріле отырып жүктеледі.

4. Кәмелетке толмаған адамның бос уақытын шектеу және оның мінез-кұлқына ерек- ше талаптар белгілеу белгілі бір орындарға баруға, бос уақыттың белгілі бір нысанын, оның ішінде механикалық көлік құралын басқаруға байланысты нысанын пайдалануға тыйым салуды, тәуліктің белгілі бір уақытынан кейін үйден тыс жерде болуын, мамандандырылған мемлекеттік органның рұқсатынсыз басқа жерлерге баруын шектеу- ді көздеуі мүмкін. Кәмелетке толмаған адамға білім беру мекемесіне қайта оралу, оқуын жалғастыру немесе аяқтау не мамандандырылған мемлекеттік органның көмегімен жұмысқа орналасу талабы да қойылуы мүмкін. Осы тізбе толық болып табылмайды. 5. Алты айдан екі жылға дейінгі мерзімге ерекше режимде ұстайтын білім беру ұйымдарына орналастыруды сот қасақана ауырлығы орташа қылмыс немесе ауыр қылмыс жасаған кәмелетке толмаған адамға тағайындауы мүмкін.

Аталған ұйымдарда болу адамның кәмелетке толуына байланысты, сондай-ак егер түзетуді қамтамасыз ететін мамандандырылған мемлекеттік органның қорытындысы негізінде сот кәмелетке толмаған адам өзінің түзелуі үшін бұдан әрі бұл шараны қолдануды қажет етпейді деген түйінге келсе, мерзімінен бұрын тоқтатылуы мүмкін. 6. Ерекше режимде ұстайтын білім беру ұйымдарында болуды осы баптың бесінші бөлігінде көзделген мерзім өткеннен кейін ұзартуға тек кәмелетке толмаған адамның жалпы білім беретін немесе кәсіптік даярлығын аяқтауы қажет болған жағдайда ғана жол беріледі, бірақ ол кәмелетке толғаннан аспауы керек. 7. Кәмелетке толмағандардың ерекше режимде ұстайтын білім беру ұйымдарында болуының тәртібі мен шарттары Қазақстан Республикасының заңдарында айқындалады. 8. Кәмелетке толмаған адам келтірген зияны үшін жәбірленушіден өзі кешірім сұрайды. 9. Пробациялық бақылау осы Кодекстің 44-бабы екінші бөлігінің қағидалары бойын- ша бір жылға дейінгі мерзімге белгіленеді. 10. Осы Кодекстің 84-бабы бірінші бөлігінің 2) және 4) тармақтарында көзделген тәрбиелік ықпалы бар мәжбүрлеу шараларын қолдану мерзімі қылмыстық теріс қылық жасаған кезде - ұзақтығы алты айға дейін, онша ауыр емес қылмыс жасаған кезде - алты айдан бір жылға дейін, ауырлығы орташа қылмыс жасаған кезде - бір жылдан екі жылға дейін және ауыр қылмыс жасаған кезде екі жылдан үш жылға дейін белгіленеді. 11. Кәмелетке толмаған адам тәрбиелік ықпалы бар мәжбүрлеу

шарасын бір жыл ішінде екі және одан да көп рет қасақана орындамаған жағдайда, егер қылмыстық жауаптылыққа тартудың ескіру мерзімі өтіп кетпесе, мамандандырылған мемлекеттік органның ұсынуы бойынша сот бұл шараның күшін жояды және материалдар кәмелетке толмаған адамды қылмыстық жауаптылыққа тарту үшін жіберіледі.

Қорытынды

Қылмыстың субъективтік жағы – бұл адамның жасалған қылмыстық құқық бұзушылықпен оның зардаптарына психикалық қатысы [12, 70 б.].

Қылмыстың субъективтік жағын сипаттайтын белгілерге кінә, қылмыстың ниеті мен мақсаты жатады. Бұл белгілердің барлығы қылмыстық құқық бұзушылық жасайтын адамның психикасындағы ішкі процестер туралы түсінік береді және адамның санасы мен еркінің жасалған қоғамға қауіпті іс-әрекетімен байланысын көрсетеді. Дегенмен, бұл белгілердің қылмыстық-құқықтық мән-мағынасы бірдей бола бермейді.

Қасақаналық пен абайсыздық ниеттер нысанындағы кінә кез келген қылмыстың субъективтік жақтарының ең қажетті белгілері болып табылады. Кінәсіз қылмыстық құқық бұзушылыққұрамы болуы, қоғамға қауіпті іс-әрекет үшін қылмыстық жауаптылық қарастырылуы мүмкін емес. Қылмыстың жасалу себебі мен мақсаты сияқты субъективтік жақтарының белгілері басқаша мәнге ие болады. Олар факультативтік белгілер болып табылады және заң шығарушымен кейбір қылмыстық құқық бұзушылыққұрамдарын құру кезінде ғана қылмыстың субъективтік жақтарының қажетті белгілері ретінде қарастырылады.

Қылмыстың субъективтік жақтарын дұрыс анықтап белгілеуде кінәнің нысаны, қылмыстың жасалу себептері мен мақсаттары ерекше құқықтық келесідей мәнге ие болады: қылмысты қылмыстық құқық бұзушылық емес әрекеттен айыра білуге, қылмысты дәлме-дәл саралауға, объективтік жағынан ұқсас құрамдарды бір-бірінен айыруға, қылмыстық әрекет жасаған адамның қоғамға қауіптілік дәрежесін анықтауға және жазаны жеке саралауға мүмкіндік туғызады. Бұлардың бәрі де, өз кезегінде қылмыстың заңға тікелей бекітілген заңдылық, әділеттілік, адамгершілік қағидаларын жүзеге асыруға жағдай жасайды.

Кінә – бұл адамның өзінің жасаған қоғамға қауіпті әрекетіне және қоғамға қауіпті зардабына қасақаналықпен немесе абайсыздықтағы нысанмен көрінентін психикалық қатынасы [13, 71 б.]. Кінә субъективтік жақтың негізін құрайды.

Жауаптылықты кінә болғанда ғана белгілеу қылмыстық құқықтың аса маңызды қағидасы болып табылады. Бұл қағида ҚР ҚК 19-бабында анық айқындалған. ҚР ҚК 19-бабының 1-бөлігіне сәйкес, адам соларға қатысты өз кінәсі анықталған қоғамдық қауіпті әрекеті (іс-әрекет немесе әрекетсіздігі) және пайда болған қоғамдық қауіпті зардаптар үшін ғана қылмыстық жауапқа тартылуға тиіс. Субъективтік жағын анықтап алмайынша адамның әрекетінде қылмыстың құрамының бар екендігі жөніндегі мәселені дұрыс шешу мүмкін емес, демек, қылмыстық жауаптылық негізінің бар екендігі жөнінде қылмысты дұрыс саралау мүмкін емес, ең соңында мұнсыз қылмыстық жазаны жеке даралауға, әділетті және орынды жаза тағайындау да мүмкін емес.

ҚР ҚК 19-бабының 2-бөлігінде объективтік айыптауға, яғни кінәсіз зиян келтіргені үшін қылмыстық жауаптылыққа жол берілмейтіні айталған.

Кінә – бұл психикалық қатынас. Психикалық қатынас ұғымы құқықтық емес, адам психологиясы ғылымның пәні болып табылады. Сондықтан

қылмыстық-құқық ғылымында психологиялық қатынас ұғымы психологиялық ғылыммен жетілдірілген ережелермен, саранттармен анықталады.

Қолданыстағы қылмыстық заңнамалар кінәнің қасақаналық және абайсыздық деген екі нысанын қарастырады (ҚР ҚК 20-және 21-баптары). Өз кезегінде қасақаналықтың өзі тікелей және жанама деп, ал абайсыздық менмендік және немқұрайдылық деп бөлінеді. Заң сонымен бірге кінәнің екі нысанымен қарастырады (ҚР ҚК 22-бабы).

Қасақаналық ұғымының мазмұны ҚР ҚК 20-бабында анық көрсетілген. Соған сәйкес, егер адам өз іс-әрекетінің (әрекетсіздігінің) қоғамға қауіпті екенін ұғынып, оның қоғамдық қауіпті зардаптары болуының мүмкін екенін немесе болмай қоймайтынын алдын ала білсе және осы зардаптардың болуын тілесе, осы зардаптардың болуына саналы түрде жол берсе не бұған немқұрайды қараса, қылмыстық құқық бұзушылыққа қасақаналықпен жасалған деп танылады. Сөйтіп, ҚР Қылмыстық құқығында қасақаналықтың екі элементін көрсету қарастырылған:

1) іс-әрекетінің (әрекетсіздігінің) қоғамға қауіпті екенін ұғынып, оның қоғамдық қауіпті зардаптары болуының мүмкін екенін немесе болмай қоймайтынын алдын ала білсе; 2) қоғамға қауіпті зардаптардың болуын тілесе, осы зардаптардың болуына саналы түрде жол берсе не бұған немқұрайды қараса.

ҚР ҚК 20-бабы ниеттің жалпы ұғымына түсінік беріп қана қоймай, ниеттің екі түрі: тікелей және жанама ниеттерге анықтама береді. Тікелей ниет, адамның өз іс-әрекетінің (әрекетсіздігінің) қоғамға қауіпті екенін ұғынып, оның қоғамға қауіпті зардаптарының мүмкін екенін немесе болмай қоймайтынын алдын ала болуын тілеуімен сипатталады. Ниеттің өзіне тән элементерін түсіндіріп көрсетуде, заң шығарушы ең алдымен өзінің іс-әрекетінің қоғамдық қауіпті сипатын ұғынуды көрсетеді. Ұғыну – бұл жасалған қылмыстың нақты мән-жайларын ғана біліп қоймай, оларды қабылдай білуі. Егер білу көбінесе есте сақтауға бағынатын болса, ал ұғыну мәселені түйсіну, ой елегінен өткізу барысын сипаттайды. Нақ осы ретте заң шығарушы «ұғыну» сөзін ниеттің өзіне тән сәттерін сипаттау үшін қолданған деуге болады. Адамның өзінің іс-әрекетінің (әрекетсіздігінің) қоғамдық қауіптілік сипатын тани білді деп санау үшін оның келтірген зардаптарын ұғыну фактілерін бүге-шігесіне дейін емес, жалпы түрде анықтаса жеткілікті.

Заң шығарушы ниет мазмұнына адамның жасаған әрекетінің заңға қайшылығын қарастыра қоймаған. Егер адам өзінің іс-әрекеті (әрекетсіздігі) қылмыстық заңмен қорғалатын қоғамдық қатынастарға зиян келтіретін түсінсе, онда ҚР Қылмыстық кодексімен тыйым салынған әрекетті ұғынбауы мүмкін емес. Қоғамға қауіпті зардаптарды алдын алау болжай білу өзінің әрекетінің (әрекетсіздігінің) нәтижесі туралы білетінін көрсетеді. Адамның қоғамға қауіпті зардаптарды алдын ала болжай білуі іс жүзінде келтірілген зардаптардың белгісін болжауын ғана білдірмейді, сонымен бірге оның әлеуметтік мән-маңызын, яғни адам, қоғам және мемлекет үшін зиян келетінін ұғына білуін көрсетеді.

Тікелей ниет үшін, соедай-ақ кінәлінің өзінің алдын ала болжаған зардаптарының болуын қалауы, тілеуі қажет. Психология ғылымындағы қалау немесе тілеу мақсатты ұмтылыс ретінде анықталады. Бұл жерде қол жеткен қылмыстық құқық бұзушылық нәтижесі кінәлінің көздеген жалғыз ғана мақсаты (мысалы, кек алу үшін өлтіру) немесе басқа бір мақсатқа жетудің қажетті жолы болып табылады (мысалы, басқа қылмысының ізін жасыру мақсатында, осы жөнінде білетін адамды өлтіру).

Жанама ниет адамның өз іс-әрекетінің (әрекетсіздігінің) қоғамға қауіпті екенін ұғынуымен, оның қоғамдық қауіпті зардаптары болуы мүмкін екенін алдын ала білуімен, осы зардаптардың болуын тілемесе де, бұған саналы түрде жол берсе не бұған немқұрайды қарауымен сипатталады.

Жанама ниетте адам қоғамдық қауіпті зардаптардың болуы мүмкін екендігін ғана алдын ала болжайды. Алдын ала болжанған зардаптардың болу мүмкіндігінің дәрежесі жанама ниеттегіге қарағанда тікелей ниетте әлдеқайда жоғары. Тікелей ниеттегі адамға қарағанда жанама ниетпен әрекет етуші адамның айырмашылығы, ол қоғамдық қауіпті зардаптардың болуын тілемейді, ол соңғы немесе аралық мақсат болып табылмайды.

Адамның өз әрекетінің алдын ала болжаған зардаптарының болуын тілемей оған немқұрайды қарауына немесе оның қайтседе болуын тілемейуіне байланысты көрінуі мүмкін. Қылмыстық зардаптардың болуы мүмкіндігіне саналы түрде жол беру субъектінің ойынша өзінің алдын ала болжаған іс-әрекетінің қылмыстық зардаптарының болдырудан (мейлі өзінің, мейлі басқа біреудің әрекетін немесе табиғаттың алапат күшін) ауытқу мүмкін емес болғанға дейін жалғасады. Қылмыстық зардапқа саналы түрде жол беру адам тілеместен, «болса болар» деген нартәукекелге бел буып, алдына ала болжаған зардаптарының болмауы мүмкін деген қандайда бір кездейсоқтыққа бой ұрған жағдайда болады. «Болса болар, болмаса қойсын» дегенге сүйену – ештеңеге сенім артпау керек дегенмен бірдей. Сондықтан мұндай жағдайда адам қылмыстың нәтижесінің туындауына саналы түрде жол береді деп білу керек.

Тікелей және жанама ниеттердің араларын дәл айыра білу қылмыстырды дұрыс саралау үшін маңызы бар. Қасақаналық қылмыстық құқық бұзушылықтардың кәбісі тікелей ниетпен жасалу мүмкін, атап айтқанда, ұрлық (ҚР ҚК 188-б.), тонау (ҚР ҚК 191-б.), қарақшылық (ҚР ҚК 192-б.) және басқалары. Сондай-ақ жанама ниетті дұрыс анықтау оны қылмыстық менмендік нысандағы абайсыздықтан айыра білу үшін маңызды.

Заңда қарастырылған тікелей және жанама ниеттерден басқа қылмыстық құқық теориясы мен сот тәжірибесі ниеттің өзге де түрлерін бөліп қарайды. Мәселен, қалыптасу уақытына қарай күні бұрын ойластырылған және кенеттен туындаған ниет болып бөлінеді.

Қылмыстық заңнамаларда абайсыздықтағы кінә нәтижесінде немесе абайсызда келтірілген зиянның қасақаналықпен және абайсыздықта жасалатын қылмыстық құқық бұзушылықтарды саралаушы белгілері болып саналғанда қоғамға қауіпті зиян келтіргені үшін жауаптылықты қарастыратын айтарлықтай санға ие болатын әртүрлі қылмыстық құқық бұзушылыққұрамдары бар.

Кінәнің абайсыздық нысаны кінәнің қасақаналық нысанына қарағанда қауіптілігі аздау деп саналады. Дейтұрғанмен, абайсыздықта жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтардың келтіретін қоғамға қауіпті зияндары да жеткілікті, тіпті жекелеген қылмыстық құқық бұзушылықсанаттары бойынша оның зияндары қасақаналықпен жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтардың зияндарынан асып түспесе кем емес.

ҚР ҚК 21-бабына сәйкес, егер адам өз іс-әрекетінің (әрекетсіздігінің) қоғамға қауіп туғызуы мүмкін екенін алдын ала білсе, бірақ бұл зардаптарды жеткілікті негіздерсіз жеңілтектікпен болғызбау мүмкіндігіне сенсе, не қажетті ұқыптылық пен сақтық болғанда ол зардаптарды болжап білуге тиіс және болжап біле алатын бола тұра өз іс-әрекетінің (әрекетсіздігінің) қоғамдық қауіпті зардаптарының болуы мүмкін екенін болжап білмесе жасалған әрекет абайсызда жасалған қылмыстық құқық бұзушылық деп танылады.

ҚР ҚК 21-бабының 2-бөлігіне сәйкес, менмендік адамның өз іс-әрекетінің (әрекетсіздігінің) қоғамға қауіп туғызуы мүмкін екенін алдын ала білумен, бірақ бұл зардаптарды жеткілікті негіздерсіз жеңілтектікпен болғызбау мүмкіндігіне сенуімен сипатталады.

Заң жүзіндегі анықтамадан адам өзінің қылмыстың менмендігінде әрекетінің нақты мән-жайларын, себепті байланыстардың ұлғаятынын, әрекеті немесе әрекетсіздігінің әлеуметтік зиянды зардаптар туғызуға бағытталғанын ұғынатыны, алайда өзінің субъективті бағалауы бойынша күтілген қоғамға нақты факторлар мен жағдайға сүйенетіні көрініп тұр. Алайда, бұлай есептеу жеткілікті ойластырылмаған, жеңіл ойлы, жеткіліксіз негіз екені айқындалып тұр. Мысалы, мотоциклші, кез келген жағдайда жүрісті тежеп, бақытсыз оқиғадан құтылуға болады деген оймен, саналы түрде жүріс жылдамдығын үдете түседі. Алайда, дәл керек кезінде тежегіш тетік істен шығып, мотоциклші жолдан өтіп бара жатқан адамды қағып кетіп, оның денсаулығына зиян келтіреді. Бұл жерде мотоциклші аталған зардаптың болып қалуы мүмкіндігін алдын ала болжады, бірақ жеткіліксіз негіздермен оның дер кезінде жолын кесемін деп жеңілтектік білдірді. Ол менмендік көрсетті.

Сөйтіп, менмендік былайша сипатталады:

а) өзінің әрекетіндегі қоғамға қауіпті зардаптарын алдын ала болжап білуімен; б) зардаптарды жеткілікті негіздерсіз жеңілтектікпен болғызбау мүмкіндігіне сенумен.

Қылмыстық менмендіктің ойлау сәті тікелей, әсіресе жанама ниеттердегі ойлау сәтіне ұқсас, екеуінде де кінәлі өзінің әрекеті (әрекетсіздігі) салдарынан қоғамға қауіпті зардаптардың болатындығын алдын ала болжап біледі. Дегенмен, кінәнің осы нысандарындағы алдын ала болжау елеулі түрде айырмашылықта болады.

Қасақаналықпен қылмыстық құқық бұзушылық жасау да қылмыскер өз әрекетінің нақты зардаптарын алдын ала айқын болжап біледі. Менмендік кезіндегі қылмыстық зардаптар жалпы, абстрактілі түрде болжанады. Кінәлі өз әрекетінің (әрекетсіздігінің) шын мәнінде қоғамға қауіпті зардаптарға әкеп тірейтінін алдын ала болжағынымен нақ осы жағдайда сол зардаптар бола қалады деп ойламайды.

Менмендіктегі ойлау сәті адамның өз іс-әрекетінің (әрекетсіздігінің) қоғамға қауіп туғызуы мүмкін екенін алдын ала білуімен, бірақ бұл зардаптарды жеткілікті негіздерсіз жеңілтектікпен болғызбау мүмкіндігіне сенуімен сипатталады.

ҚР ҚК 21-бабының 3-бөлігіне сәйкес, немқұрайдылықпен жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтарда адамның қажетті ұқыптылық пен сақтық болғанда ол зардаптарды болжап білуге тиіс екендігімен және болжап біле алатын бола тұра өз іс-әрекетінің (әрекетсіздігінің) қоғамдық қауіпті зардаптарының болуы мүмкін екенін болжап білмеуімен анықталады.

Қылмыстық тың заң жүзіндегі анықтамасы келесідей негізгі белгілерді қарастырады:

а) адамның өз іс-әрекетінің (әрекетсіздігінің) қоғамдық қауіпті зардаптарының болуы мүмкін екенін болжап білмеуі; б) адамның осы зардапты болжап білу міндеті мен мүмкіндігі.

Бірінші сәттегі (адамның өз іс-әрекетінің немесе әрекетсіздігінің қоғамдық қауіпті зардаптарының болуы мүмкін екенін болжап білмеуі) немқұрайдылық қасақаналық ниет (тікелей және жанама) пен менмендіктен айырмашылықта көрінеді, Екінші сәттегі (адамның осы зардапты болжап білу міндеті мен мүмкіндігі) немқұрайдылық ол үшін адамды қылмыстық жауаптылыққа тартуға болмайтын кез келген кінәсіздікпен зиянды зардап келтіруден өзгешелікте болады.

Қылмыстық құқық теориясы мен сот тәжірибесі осы мәселені шешуде екі өлшемдік негізді: объективті және субъективті өлшемді пайдаланады. Қылмыстық немқұрайдылықтың объективті өлшемі қоғамға қауіпті зардаптың болуын болжау мүмкіндігі дәл осындай жағдайда болған басқа адамның осындай зардапты болжай білумен көрінеді.

Объективті өлшемдік негіз адамның ойлау ерекшелігін есепке алмайды және осы адамның өз әрекетінің зиянды зардаптарының болу мүмкіндігін шын мәнінде болжай алуы жөніндегі сұраққа жауап бере алмайды. Сондықтан объективті өлшемдік негізді субъективті өлшемдік негізбен тығыз байланыстыра отырып қарастыру қажет.

Қылмыстық немқұрайдылықтың субъективті өлшемдік негізі қоғамға қауіпті зардаптың болуын болжау мүмкіндігі дәл осындай жағдайда болған осы адамның өзінің ойлау қабылеті, дамуы және біліктілігі арқылы осындай зардапты болжай білетіндігімен көрінеді.

Субъективтік өлшемдік негіз объективті міндет артуды болдырмайды. Сондықтан қылмыстық құқық немқұрайдылықтың субъективті өлшемдік негізіне шешуші маңыз береді.

Жасалған қылмыстық құқық бұзушылық құрамының субъективті жақтарының белгілерін анықтау сот-тергеу қызметінде іс жүзінде белгілі бір қиындықтар туғызады. Осыған байланысты, заң шығарушы ҚР ҚК 19-бабының 4-бөлігінде мынадай негізді ережені қарастырады: «Абайсызда жасалған әрекет ол Кодекстің Ерекше бөлімінің тиісті бабында арнайы көзделген жағдайда ғана қылмыстық құқық бұзушылық деп танылады». Мәселен, абайсыздықта денсаулыққа жеңіл зиян келтірілсе, онда адам қылмыстық жауаптылыққа

тартылмайды, өйткені қолданыстағы заңнаманың Ерекше бөлімінің баптарында мұндай әрекет үшін жауаптылық қарастырылған қылмыстың құрамы жоқ.

Қылмыстың субъективтік жағына кінәнің міндетті түрдегі белгілерімен бірге қылмыстың себебі мен мақсаты кіреді. Себептің ҚР ҚК Ерекше бөліміндегі нақты қылмыстық құқық бұзушылық құрамадарын бәрінде бола бермейтіндіктеріне байланысты бұл белгілер факультативті болып табылады.

Қылмыстың себебі – субъектінің қылмыстық құқық бұзушылық жасау кезінде басшылыққа алатын ішкі ниеті. Себебі әртүрлі болады: пайда, кек, көре алмаушылық, қызғаныш, шенқұмарлық, бұзақылық пиғыл және тағы басқалар.

Себептің қылмыстық-құқықтық маңызы әр алуан болуы мүмкін. Қылмыстың жекелеген кейбір құрамы олардың субъективтік жақтары кінәнің қасақаналық нысанында ғана емес, сонымен бірге қылмыстың жасаудың арнайы мақсаты ретінде құрылады деген ой туғызады.

Қылмыстың мақсаты – адам арқылы қоғамға қауіпті іс-әрекетпен белгілі бір нәтижеге қол жеткізу. Себеп пен мақсат – қылмыстың субъективтік жағының өзара байланысқан және өзара шарттасқан белгілері. Себеп әрекеттің мақсатын тудырады, ал мақсат іс-әрекеттің себебін нығайта түседі. Мысалы, жалған ақша жасаудың себебі пайда табу да, жалған ақша жасаудың мақсаты оларды сату, сол сияқты жала жабудың себебі – көре алмаушылық, кек алушылық, жала жабудың мақсаты жала жабылған адамды қалайда соттату болып табылады. ҚР Қылмыстың кодексіне осы норманы енгізу бір қылмыстық қол сұғушылықтың субъективтік белгілері бір мезгілде кінәнің екі нысанымен сипатталған жағдайда (мысалы, жәбірленушіні абайсызда өлімге әкелетін жыныстық зорлау; жәбірленушіні абайсызда өлтіріп алған жасанды түсік жасау) қасақаналықпен және абайсыздықпен жасалған қылмыстық әрекеттердің арасын ажыратып алу қажеттігінен туындады.

Кінәнің екі нысаны бар қылмыстық құқық бұзушылықтар болып, мысалы абайсызда жәбірленушінің өліміне әкеп соқтырған денсаулыққа қасақаналықпен ауыр зиян келтіру (ҚР ҚК 106-б. 3-бөл.); абайсызда донорлардың қайтыс болуына немесе өзге ауыр зардаптарға әкеп соққан, ауыстырып салу не өзгедей пайдалану үшін адамның органдарын немес тінін алуға мәжбүр ету (ҚР ҚК 116-б. 3-бөл.); абайсызда жәбірленушінің өлуіне әкеп соқтырған золау (ҚР ҚК 120-б. 3-бөл.); абайсызда жәбірленушінің өлуіне немесе өзге ауыр зардапқа әкеп соқтырған адам ұрлау (ҚР ҚК 125-б. 3-бөл.) және басқалар танылады.

Осы сияқты барлық жағдайларда адамның қасақана әрекеті адамның ойлағанынан басқа ауырырақ зардаптарға әкеп соқтыратын жәйттер жиі болып тұрады. Демек, кінәнің «екі» (күрделі) нысаны заң шығарушымен адамның әрекетке ғана емес оның зардаптарына соның ішінде егер ондайлар болатын болса, жақын, тікелей, сондай-ақ болар-болмас зардаптарына психикалық қатынасын қатынасын толығырақ анықтау үшін қылмыстың жекелеген құрамдарын құруды қарастырған кезде пайдаланылады.

Кінәнің қосарланған түрімен жасалған қылмыстың мысалына мына бір қылмыстық іс материалдарын алып көрейік. Мәселен, А. бірге арақ ішіп отырып, жанжалдың салдарынан бөтелкелесі Н.-ның денсаулығын ауыр зиян

келтіру мақсатында оның қарнына асхана пышағын сұғып алады, нәтижесінде ол пышақ жарақатымен облыстық клиникалық ауруханаға түседі. Сот-дәрігерлік сараптама актісі бойынша Н.-ның өлімі кеуде тұсы мен қарнындағы сұғылған-кесілген жарақат салдарынан ішек диафрагмасына зақым келуі нәтижесінде болған. Бұл жарақат ауруханаға түскенге дейін болған және өмірге қауіптілік белгісі бойынша денсаулыққа ауыр зиян келтіруге жатады. Кінәлінің әрекеті ҚР ҚК 106-бабының 3-бөлігі бойынша сараланды. [14]

Бұл жағдайда іс-әрекеттің қоғамға қауіптілігін елеулі түрде көтеретін саралаушы белгі ретіндегі болар-болмас зардаптарға қатысты ниет жоқ деп айтуға болады. Жалпы мұндай қылмыстық құқық бұзушылықтар қасақаналық санатқа жатады.

Кінәнің екі нысаны институтынын қолдану жасалған әрекетте қылмыстық құқық бұзушылық құрамының бар немесе жоқ екенін анықтау мен қылмыстық құқық бұзушылықтарды жіктеу, сондай-ақ қылмыстық құқық бұзушылықтарды бір-бірінен ажырата білу үшін аса маңызы бар.

Дайындалу мен оқталу, жалпы ереже бойынша, аяқталған қылмысқа қарағанда қоғамға қауіптілігі онша емес. Бұл мән-жай 2014 ж. ҚР ҚК-де заңды түрде бекітілді: қылмыстық жауаптылық ауыр немесе аса ауыр қылмысқа дайындалғаны үшін басталады (ҚК 24-б. 2-бөл.), ал оқталғандық үшін тек ауырлығы орташа, ауыр немесе аса ауыр қылмыстарға ғана қатысты басталады (ҚК 24-б. 4-бөл.).

Қасақана қылмыс жасау сатыларын дұрыс анықтау құқық қорғау органдарының қызметінде аяқталған қылмысты аяқталмағаннан ажырату үшін демек, кінәлінің іс-әрекетін дұрыс саралау үшін, сондай-ақ жасалған әрекеттердің және кінәлінің жеке басының қоғамға қауіптілігінің дәрежесін анықтау үшін маңызы зор, әйтпесе аяқталған қылмыс әдетте оқталуға қарағанда қауіптілеу, ал оқталу дайындалудан қауіпті. Мұнымен қатар, нақты сатысын анықтау сотқа кінәліге заңға сәйкес жазасын жеке-даралауға мүмкіндік береді.

Қылмысқа дайындалу және оқталу сатыларын анықтаудың ең басты маңызы заңмен қорғалатын қоғамдық қатынастарға нақты, кейде ауыр зардаптар келуінің алдын алуда болады. Дайындық әрекеттері кезінде немесе қылмыс жасалып, бірақ әлі аяқталмаған, сәтте қылмысты болдыртпау шынайы нақты зиянның тууына жол бермейді.

Объективтік жағы барлық белгілермен қамтылған аяқталған қылмыстан айырмашылығы, оқталуда қылмыстық нәтиже болмайды, не іс-әрекет толығымен орындалмайды.

Материалдық құрамды қылмыстарға оқталу кезінде зардап тумайды деп айтқан кезде, бұл ешқандай зардап болмайды деген сөз емес. Зардап болуы мүмкін, бірақ өзге, қылмыскер тілеген емес. Мысалы, кінәлі адамның өмірін қию үшін оқ атты, бірақ денсаулыққа зиян келтірді. Бұл жағдайда кісі өлтіруге оқталу орын алып тұр, яғни адам жасағысы келген қылмысқа оқталу.

Формальдық қылмыс құрамдарында оқталу заңда көрсетілген әрекеттер толығымен орындалмаған жағдайда да болуы мүмкін. Айталық, егер ұсынылған пара қабылданбаса, пара берушінің әрекеттері пара беруге оқталу болып саралануы қажет, ал делдалдың әрекеттері — делдал болуға оқталу (ҚК 367, 368-б. б.). Егер келісілген пара алушының еркінен тыс мән-жайларға

байланысты алынбаса, кінәлінің іс-әрекетін пара алуға оқталу ретінде саралануы тиіс (ҚК 366-б.).

Белгілі бір қылмысқа оқталу кезінде жасалған әрекеттер дәл кінәлінің қасақаналық ойын іске асыруға бағытталғанын анықтау қажет. Егер адамның әрекеттері басқа бағытта болса, онда оларды жасау қылмысқа оқталу болып саналмайды. Мәселен, «Зорлау және өзге де нәпсіқұмарлық сипаттағы күш қолдану әрекеттерімен байланысты қылмыстарды саралаудың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2007 жылғы 11 мамырдағы N 4 Нормативтік қаулысының 6-тармағында былай тусіндірген: "Зорлауға немесе өзге нәпсіқұмарлық сипаттағы күш қолдануға оқталу - бұл қасақана тікелей ниетпен жасалған, жәбірленушімен зорлық жыныстық қатынасына түсуге, өзге нәпсіқұмарлық сипаттағы күш қолдануға бағытталған, бірақ кінәлінің еркінен тыс себептермен көздеген нәтиже іске аспай қалған әрекеттер.

Қылмыстың бірнеше мәрте жасалуын саралау мәселелеріне қатысты заң әдебиеттерінде ғалымдардың екі негізгі бағыт айтылған: 1) сотталғанға дейін екі немесе оданда көп қылмыс жасауды таныған; 2) қылмыс көпшілігінің бір нысанынан бас тарту сияқты қылмыстың бірнеше рет жасалуынан толық бас тарту.

Осы бірінші пікір бойынша Н. Н. Коротких, қылмыстың бірнеше мәрте жасалуы мен қайталануы арасындағы қарама-қайшылықты жоюды, егер қылмысты бірнеше мәрте жасау қатарына, өзара ұқсас қылмыстарды жасаған жағдайда және олардың еш қайсысы үшін сотталмаған болса жатқызуға мүмкін деп көрсеткен.

Аталған ұсыныс тәжірибелік маңызын жоғалтпайды, себебі қылмыстың бірнеше мәрте жасалуы мен қылмыстың қайталануының арасындағы қарама-қайшылықты жояды, дегенмен қылмысты бірнеше мәрте жасауды саралаудың басқа да мәселелері шешілмей қалауда.

Екінші көз қарас бойынша мысалы, Б. Н. Волженкин әділдік қағидасының кезекті жүргізілуі саралаушы белгі ретінде қылмыстың бірнеше мәрте жасалуын саралау ретінде пайдаланудан толығымен бастартуды талап етеді. Оның пікірінше бірнеше мәрте жасау тек жаза тағайындау барысында ғана ескерілуі керек³².

Одан әрі И.Ш. Борчашвили, ҚР ҚК Жалпы бөлімінен 12-бапты «Қылмыстың бірнеше мәрте жасалуы» алып тастап және бір мезгілде Ерекше бөлімінің «екі немесе одан да көп сотталған адаммен» деген белгілерді алып тастау, қылмыстық құқық қағидаларын сақтауға жағдай жасайды, деп санайды³³.

³² Волженкин Б. Принцип справедливости и проблемы множественности преступлений по УК РФ // Законность. – 1998. - № 12. с. 5.

³³ Қар.: Борчашвили И. Ш. Резерв для совершенствования Уголовного кодекса Республики Казахстан есть. // Актуальные проблемы уголовного права, криминологии и уголовно-исполнительного права в свете Концепции правовой политики Республики Казахстан: Материалы международной практической конференции. – Қарағанды, 2005. 3-бет.

Сенімді әрі әділ болуы үшін Ресей Федерациясының 2003 жылғы 8-желтоқсандағы заңымен РФ ҚК 16-бабынан «Қылмыстың бірнеше мәрте жасалуы» және Ерекше бөлімнен «бірнеше рет» және «екі немесе одан да көп сотталған адаммен» деген белгілердің алынып тасталғанын айта кеткен жөн.

Қылмыстың бірнеше рет жасалуын тек ұқсас қылмыстар құрайды. Сондықтан бірнеше біртектес қылмыстарды жасау қылмыстарды бірнеше рет жасау ретінде танылмайды және қылмыстардың жиынтығы ретінде саралануға жатады. Мысалы, адамның ұрлық жасауы мен тонауы оның әрекеттері «қылмысты бірнеше рет жасау» деген белгісіз, ҚК-нің 188-бабы мен 191-бабының жиынтығы бойынша саралануға тиіс».

ҚР ҚК 12-бабының 4-бөлігінде жалғасатын қылмыс, яғни бір ниетпен және бір мақсатпен қамтылып, тұтас алғанда бір қылмысты құрайтын бірқатар бірдей қылмыстық әрекеттерден тұратын қылмыс бірнеше мәрте жасалған қылмыс деп танылмайды. Бұл жерде заң шығарушы бірнеше рет жасалатын әрекеттен шеттетілуі керек жалғасатын қылмыстың жекелеген белгілерін анықтаған.

Жоғарыда қарастырылып кеткендей объективті түрде жалғасатын қылмыс бірдей немесе бір тектес қылмыстық әрекеттерден (әрекетсіздіктерден) құрылады, субъективті жағынан ол бір мақсатты және ойымен сипатталады. Бірнеше рет жасалған қылмыстар мен жалғасатын қылмыстардың ұқсастығы, ҚК белгілі бабына жататын бір емес бірнеше бірдей әрекеттер жасағанын алдын ала білетіндерінен байқалады.

Алайда бірнеше рет жасалуға қарағанда, жалғаспалы қылмыстар терең ішкі байланыстарымен кінәлінің қылмыстық ойларына байланысты эпизодтарының арасында үзілістің болмауымен сипатталады (кінәнің бірдей түрлерінің болуы, бірдей себептер мен бір мақсаты болуы).

ТАҚЫРЫП БОЙЫНША ТЕСТ ТАПСЫРМАЛАРЫ:

1. Қандай қылмыс объектісі ҚК Ерекше бөлімін құрастыру негізіне қойылған:

- А) жалпы объект;
- В) топтық объект;
- С) түрлік объект;
- Д) негізгі тікелей объект;
- Е) қосымша тікелей объект.

2. Формальді қылмыс құрамдарында объективті жақтың қай белгісі міндетті болып танылады:

- А) қоғамға қауіпті әрекет;
- В) қоғамға қауіпті зардап;
- С) әрекет пен зардап арасындағы себептік байланыс;
- Д) қоғамға қауіпті әрекетті жасау уақыты;
- Е) қылмыс жасау орны.

3. Материалды қылмыс құрамдарында объективті жақтың қай белгісі міндетті болып танылмайды:

- А) қоғамға қауіпті әрекет;
- В) қоғамға қауіпті зардап;
- С) әрекет пен зардап арасындағы себептік байланыс;
- Д) қоғамға қауіпті әрекетті жасау уақыты;
- Е) барлық көрсетілген белгілер.

4. Қылмыс субъектісінің көрсетілген белгілерінің қайсысы субъектінің арнаулы белгілеріне жатады:

- А) қылмыстық заңмен белгіленген жасқа жету;
- В) есі дұрыстық;
- С) жеке тұлға;
- Д) лауазымды тұлға;
- Е) есі дұрыс еместік.

5. Адамның есі дұрыс еместігі екі белгімен (критерийлерімен) сипатталады. Көрсетілген белгілердің қайсы есі дұрыс еместіктің критеріі болып танылмайды:

- А) заңдық;
- В) медициналық;
- С) физиологиялық;
- Д) психологиялық;
- Е) қылмыстық құқықтық.

6. Қылмыстың субъективті жағының міндетті белгісі болып танылады:

- А) кінә;
- В) себеп (ниет);
- С) мақсат;
- Д) эмоционалдық күйі;
- Е) пиғыл.

7. Кінәнің нысанын көрсетіңіз:

- A) тікелей қасақаналық;
- B) абайсыздық;
- C) жанама қасақаналық;
- D) балама қасақаналық;
- E) аффектелген қасақаналық.

8. Адам өз іс әрекетінің қоғамға қауіпті екендігін ұғынып, оның қоғамдық қауіпті зардаптарының болуы нақты мүмкін екендігін алдын ала білсе осы зардаптың болуын тілемесе де бірақ олардың келуіне саналы түрде жол береді:

- A) тікелей қасақаналық;
- B) жанама қасақаналық;
- C) немқұрайдылық;
- D) менмендік;
- E) анықталмаған қасақаналық.

9. Адам қажетті ұқыптылық пен сақтық болғанда ол зардаптарды болжап білуге тиіс және болжап біле алатын бола тұра өз әрекетін қоғамдық қауіпті зардаптарының болуы мүмкін екенін болжап білмесе:

- A) тікелей қасақаналық;
- B) жанама қасақаналық;
- C) менмендік;
- D) немқұрайдылық;
- E) аффектіленген қасақаналық.

10. Кінәлінің заңға қайшы (заңға сыйымды емес) іс-әрекеттерімен туындаған қатты жан күйзелісінде пайда болады:

- A) алдын ала ойластырылған қасақаналық;
- B) табан астында пайда болған қасақаналық;
- C) аффектіленген қасақаналық;
- D) балама қасақаналық;
- E) нақтыланған қасақаналық.

11. Адамның, жасалған әрекеті одан туындайтын зардаптарының қылмыстық-құқықтық салдары туралы қате болжауы:

- A) заңдық қате;
- B) шын мәніндегі (іс жүзіндегі) қате;
- C) жарамсыз қылмыс;
- D) объектідегі қате;
- E) салдарындағы қате.

12. Адамның жасалған әрекеттің шын мәніндегі мән-жайына қатысты қате болжауы:

- A) заңдық қате;
- B) шын мәніндегі қате;
- C) құқыққа қарсылығындағы қате,
- D) жалған қылмыс;
- E) жазаланушылығындағы қате.

13. Қылмыскердің, онымен жасалған қылмысына психикалық қатынасын сипаттайтын белгілер:

- А) субъектінің жасы, есі дұрыстығы;
- В) кінә, себеп, мақсат;
- С) қылмыс заты;
- Д) қылмыс объектісі;
- Е) қоғамға қауіпті әрекет, қоғамға қауіпті зардаптар, себепті байланыс.

14. Тікелей қасақаналықтың еріктілік кезеңі немен сипатталады:

- А) қоғамдық қауіпті зардаптардың келуін тілеумен;
- В) қоғамдық қауіпті зардаптарға немқұрайдылықпен қарауынан;
- С) қоғамдық қауіпті зардаптардың келуіне саналы түрде жол берумен;
- Д) қоғамға қауіпті зардаптарды жеңілтектікпен болғызбаймын деп есептеумен;
- Е) қоғамдық қауіпті зардаптардың келуін алдын ала болжауға міндет пен мүмкіндіктің бар болуымен.

15. Менмендіктің еріктілік кезеңі немен сипатталады:

- А) қоғамдық қауіпті зардаптардың келуін тілеумен;
- В) қоғамдық қауіпті зардаптарға немқұрайдылықпен қарауынан;
- С) қоғамдық қауіпті зардаптардың келуіне саналы түрде жол берумен;
- Д) қоғамға қауіпті зардаптарды жеңілтектікпен болғызбаймын деп сенуі;
- Е) қоғамдық қауіпті зардаптардың келуін алдын ала болжауға міндет пен мүмкіндіктің бар болуымен.

16. Немқұрайдылықтың еріктілік кезеңі немен сипатталады:

- А) қоғамдық қауіпті зардаптардың келуін тілеумен;
- В) қоғамдық қауіпті зардаптарға немқұрайдылықпен қарауынан;
- С) қоғамдық қауіпті зардаптардың келуіне саналы түрде жол берумен;
- Д) қоғамға қауіпті зардаптарды жеңілтектікпен болғызбаймын деп сенуі;
- Е) қоғамдық қауіпті зардаптардың келуін алдын ала болжауға міндетті болып мүмкіндіктің бар болуымен.

17. Қандай қылмыс күрделі біртектес қылмыстарға жатпайды:

- А) балама;
- В) бірнеше ретті;
- С) жалғаспалы;
- Д) созылмалы;
- Е) күрделі.

18. Ортақ мақсатқа бағытталған және өз жиынтығында бір қылмысты құрайтын бірқатар реттермен жасалынатын ұқсас қылмыстық іс-әрекеттерден қалыптасатын қылмыс:

- А) құрамдас қылмыс;
- В) жалғаспалы қылмыс;
- С) созылмалы қылмыс;
- Д) балама іс-әрекетті қылмыс;
- Е) күрделі қылмыс.

19. Заңда белгіленген жазамен қорқыту арқылы кінәліге жүктелген міндеттерді әрі қарай ұзақ орындамаумен ұштасқан іс-әрекет немесе әрекетсіздік:

- А) құрамдас қылмыс;
- В) жалғаспалы қылмыс;
- С) созылмалы қылмыс;
- Д) балама іс-әрекетті қылмыс;
- Е) күрделі қылмыс.

20. Қылмыс құрамының элементтерінің қатарына жатпайды:

- қылмыс құрамының объективтік жағы
- қылмыс құрамының субъективтік жағы
- қылмыс субъектісі
- қылмыс заты
- қылмыс объектісі

21. Құрылымдық (конструкциялық) ерекшеліктеріне қарай қылмыс құрамының қандай түрлерін бөліп көрсетуге болады?

- негізгі, жеңілдетілген және ауырлатылған қылмыс құрамы
- қарапайым, күрделі және балама қылмыс құрамдары
- материалдық, формальдық және келте қылмыс құрамдары
- қасақана және абайсыз қылмыс құрамдары
- онша ауыр емес, ауырлығы орташа, ауыр, аса ауыр қылмыс құрамдары

22. Қылмыстық заңда көзделген қауіпті зардаптар, аяқталған қылмыстың қажетті белгісі болып табылатын қылмыс құрамдары қалай аталады?

- күрделі қылмыс құрамы
- формальдық қылмыс құрамы
- материалдық қылмыс құрамы
- жеңілдетілген қылмыс құрамы
- балама қылмыс құрамы

23. Аяқталу сәті қылмыстық әрекеттің алғашқы сатыларына көшірілген қылмыс құрамдары қалай аталады?

- формальдық қылмыс құрамы
- қарапайым қылмыс құрамы
- келте қылмыс құрамы
- материалдық қылмыс құрамы
- жеңілдетілген қылмыс құрамы

24. Қазақстан Республикасы ҚК-нің Ерекше бөлімін құрастыру негізі болып қылмыс объектісінің қай түрі алынған?

- жалпы объект

- топтық объект
- түрлік объект
- негізгі тікелей объект
- қосымша тікелей объект

25. Қылмыс жасау барысында кінәлі тарапынан белгілі бір ықпалға ұшырайтын материалдық дүниенің заттандырылған элементі дегеніміз:

- қылмыс заты
- қылмыс объектісі
- қылмыс субъектісі
- қылмыс қаруы
- қылмыс жасау тәсілі

26.Қылмыскер өз пиғылын жүзеге асыру барысында қолданатын әдіс, тәсіл, қимылдардың жиынтығы қалай аталады?

- қылмыс жасау құралы
- қылмыс жасау жағдайы
- қылмыс жасау шарттары
- қылмыс жасау тәсілі
- қылмыс жасау уақыты

27.Қылмыстық заңда бекітілген қылмыстық қол сұғушылықтың сыртқы көрінісін сипаттайтын белгілердің жиынтығы дегеніміз -

- қоғамдық қауіпті іс-әрекет
- қоғамдық қауіпті әрекетсіздік
- қоғамдық қауіпті әрекет
- қылмыс құрамының объективтік жағы
- қылмыс объектісі

28.Қару қолдану арқылы жасалған қылмыс құрамындағы атыс қаруы не боп табылады?

- қылмыс жасау құралы
- қылмыстың заты
- қылмыс жасау тәсілі
- қылмыс жасау қаруы
- қылмыс объектісі

29.Қылмыс құрамының субъективтік жағының міндетті белгісі:

- кінә
- ниет
- мақсат
- эмоционалдық жағдай
- аффектілі жағдай

30.Қолданыстағы қылмыстық заңнамадағы кінәнің қандай нысандары келтірілген?

- қасақаналық, абайсыздық, қос кінә
- қасақаналық, абайсыздық
- тура қасақаналық, жанама қасақаналық, қылмысты менмендік, қылмысты немқұрайдылық
- тура қасақаналық, эвентуалдық қасақаналық, қылмысты менмендік, қылмысты немқұрайдылық
- тура қасақаналық, жанама қасақаналық, алдын ала ойланған қасақаналық, аяқ астынан пайда болған қасақаналық, нақтыланған қасақаналық, нақтыланбаған қасақаналық

31.Кінәнің қай нысанының еріктілік жағының мазмұнын қоғамдық қауіпті зардаптардың пайда болуын тілеу құрайды?

- тікелей қасақаналық
- жанама қасақаналық
- эвентуалдық қасақаналық
- қылмыстық менмендік
- қылмыстық немқұрайдылық

32.Адам өз іс-әрекетінің (әрекетсіздігінің) қоғамға қауіпті екенін ұғынып, оның қоғамдық қауіпті зардаптары болуы мүмкін екенін біледі, осы зардаптардың болуын тілемесе де оған саналы түрде жол береді:

- тікелей қасақаналық
- жанама қасақаналық
- қылмысты немқұрайдылық
- қылмысты менмендік
- эвентуалдық қасақаналық

33.Адам қажетті ұқыптылық пен сақтық болғанда зардаптарды болжап білуге тиіс және болжап біле алатын бола тұра өз іс-әрекетінің (әрекетсіздігінің) қоғамды қауіпті зардаптарының болуы мүмкін екенін болжап білмесе:

- тікелей қасақаналық
- жанама қасақаналық
- қылмыстық менмендік
- қылмыстық немқұрайдылық
- аффектілі қасақаналық

34.Кінәнің қай нысанының еріктілік жағының мазмұнын қоғамдық қауіпті зардаптарды болғызбаймын деген негізсіз жеңілтектік құрайды?

- тікелей қасақаналық
- жанама қасақаналық

- қылмыстық менмендік
- қылмыстық немқұрайдылық
- алдын ала пайда болған қасақаналық

35. Фактіден қателесу қандай жағдайларда қылмыстық жауаптылыққа әсер етеді?

- қылмыстық жауаптылыққа мүлде әсер етпейді
- заңда жаңылысумен салыстырғанда, фактіде жаңылысу қылмыстық жауаптылыққа
- әрқашан әсер етеді
- қылмыс құрамының белгісі болып табылатын фактіге қатысты қателесу ғана қылмыстық жауаптылыққа әсер етеді
- жазаның түрі мен мөлшеріне ғана әсер етеді

36. Қылмыстық менмендіктің еріктілік жағы қалай сипатталады?

- қоғамдық қауіпті зардаптардың болуын тілеу
- қоғамдық қауіпті зардаптарға немқұрайдылықпен қарау
- қоғамдық қауіпті зардаптарға саналы түрде жол беру
- қоғамдық қауіпті зардаптарды болғызбау мүмкіндігіне жеңілтектікпен сену
- қоғамдық қауіпті зардаптарды болжап білу міндеті мен мүмкіндігінің болуы

37. Кінәнің екі нысанымен жасалған қылмыс тұтастай қандай қылмыс деп танылады?

- қасақана
- абайсыз
- қасақана-абайсыз
- істің нақты мән-жайларына қарай не қасақана, не абайсыз қылмыс деп танылады
- кінәнің екі нысанымен жасалған қылмыстарда кінәнің әр нысанын жеке-жеке анықтаудың қажеті жоқ

38. Қылмыс жасаған уақытта қанша жасқа толған адам қылмыстық жауаптылыққа тартылады?

- 18 жасқа
- 15 жасқа
- 16 жасқа
- 13 жасқа,
- 21 жасқа

39. Психикасы бұзылудың қай түрі есі дұрыс еместіктің медициналық жігінің (критерийінің) сипаттамасына жатпайды?

- физиологиялық аффект жағдайы
- созылмалы психикалық ауру

- психиканың уақытша бұзылуы
- кемақылдық
- психиканың өзге дертке ұшырауы

40.Қылмысты мас күйінде жасаудың құқықтық салдары:

- қылмыстық жауаптылықтан босатылмайды
- жазаны жеңілдетіледі
- қылмыстық жауаптылықтан босатылады
- медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдануға негіз болады
- саралаушы белгі болып табылады

41.Төмендегі шарттардың қайсысы шектеулі есі дұрыстық үшін міндетті емес?

- психикалық дамуының артта қалуы
- мас күйі
- онша ауыр емес қылмыс жасау
- ауырлығы орташа қылмыс жасау
- кәмелетке жасы толмауы

42.Есі дұрыс еместіктің интеллектуалдық жағын не құрайды?

- өз әрекетінің іс жүзіндегі сипатын ұғына алмау
- өз әрекетіне ие бола алмау
- өз әрекетінің іс жүзіндегі сипаты мен қоғамдық қауіптілігін ұғына алмау
- өз әрекетінің іс жүзіндегі сипаты мен қоғамдық қауіптілігін толық көлемде ұғына алмау
- өз әрекетінің қоғамдық қауіптілігін ұғына алмау

43.Қасақана қылмыс кезеңінің келтірілген түрлерінің қайсысы қылмысты жасау сатысына жатпайды

- қылмыстық пиғылдың белгілі болуы
- қылмысқа дайындалу
- аяқталған оқталу
- аяқталмаған оқталу
- аяқталған қылмыс

44.Қылмыс құралдарын немесе қаруларын іздестіру, әзірлеу немесе бейімдеп жасау қасақана қылмыс жасаудың қай сатысын құрайды?

- қылмыстық пиғылдың белгілі болуы
- қылмысқа дайындалу
- аяқталмаған оқталу
- аяқталған оқталу
- аяқталған қылмыс

45.Қылмыс жасау үшін қажетті жағдайларды жасау қасақана қылмыс жасаудың қай сатысын құрайды?

- қылмыстық пиғылдың белгілі болуы
- қылмысқа дайындалу
- аяқталмаған оқталу
- аяқталған оқталу
- аяқталған қылмыс

46.Қасақана қылмыс жасауға тікелей бағытталған іс-әрекет (әрекетсіздік) жасауда, егер қылмыс адамға байланысты емес мән-жайлар бойынша ақырына дейін жеткізілмесе, қасақана қылмыс жасаудың қай сатысын құрайды?

- қылмыстық пиғылдың белгілі болуы
- қылмысты пиғылды біліп қою
- қылмысқа дайындалу
- қылмысқа оқталу
- аяқталған қылмыс

47.Адам жасаған әрекетте нақты қылмыс құрамының барлық белгілерінің бар болуы, қасақана қылмыс жасаудың қай сатысын құрайды?

- қылмысты пиғылдың қалыптасуы
- қылмысты пиғылды біліп қою
- қылмысқа дайындалу
- қылмысқа оқталу
- аяқталған қылмыс

48.Қасақана қылмыс жасауға тікелей бағытталған іс-әрекет (әрекетсіздік) жасауда, егер қылмыс адамға байланысты емес мән-жайлар бойынша ақырына дейін жеткізілмесе, қасақана қылмыс жасаудың қай сатысын құрайды?

- қылмыстық пиғылдың белгілі болуы
- қылмысты пиғылды біліп қою
- қылмысқа дайындалу
- қылмысқа оқталу
- аяқталған қылмыс

49.Адам жасаған әрекетте нақты қылмыс құрамының барлық белгілерінің бар болуы, қасақана қылмыс жасаудың қай сатысын құрайды?

- қылмысты пиғылдың қалыптасуы
- қылмысты пиғылды біліп қою
- қылмысқа дайындалу
- қылмысқа оқталу
- аяқталған қылмыс

50.Қандай қылмысқа дайындалғаны үшін қылмыстық жауаптылық көзделген?

- онша ауыр емес және ауырлығы орташа қылмыстар
- ауырлығы орташа және ауыр қылмыстар
- ауыр және аса ауыр қылмыстар
- онша ауыр емес, ауырлығы орташа және ауыр қылмыстар
- ауырлығы орташа, ауыр және аса ауыр қылмыстар

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі.

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы 1995 жылғы 30 тамыз. Алматы, «ЮРИСТ» баспасы (кейінгі өзгерулерімен).
2. Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексі 2014 жылғы 3 шілде. Алматы, «Норма» баспасы.
3. Қазақстан Республикасы халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы кодексі 18.09.2009 ж. // Егемен Қазақстан, 2012. 29 қыркүйек.
4. Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына Жолдауы. 2018 жылғы 10 қаңтар
5. Мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстандықтардың әлауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» Қазақстан халқына Жолдауы. 2018 жылғы 5 қазандағы
6. Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 24 тамыздағы «Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасы туралы» Жарлығы. Егемен Қазақстан, 2009, 28 тамыз. № 281-283.
7. 2014 жылғы 17 қаңтардағы Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың «Қазақстан жолы - 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» Жолдауы.
8. Мемлекет басшысы Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы. 2017 жылғы 31 қаңтар «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік». Егемен Қазақстан. 2017 жылғы 1 ақпан.
9. Қазақстан Республикасы ЖС «Қылмыстық құқық бұзушылықтардың бірнеше рет және жиынтығын саралау туралы» нормативтік қаулысы, 25.12.2006 ж. ҚР ЖС Бюллетені, 2007 ж. № 5.
10. Қазақстан Республикасы ЖС «Соттардың қылмыстық құқық бұзушылықтардың қайталануын саралау туралы» нормативтік қаулысы, 25.12.2007. ҚР ЖС Бюллетені, 2007 ж. № 12.
11. Қазақстан Республикасы ЖС «Адам өмірі мен денсаулығына қарсы кейбір қылмыстық құқық бұзушылықтарды саралау туралы» нормативтік қаулысы, 11.05.2007. ҚР ЖС Бюллетені, 2007 ж. № 6.
12. ҚР Жоғары Сотының «Зорлау және өзгеде нәсіпқұмарлық сипаттағы күш қолдану әрекеттермен байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтарды саралаудың кейбір мәселелері туралы» нормативтік қаулысы, 11 мамыр 2007. (кейінгі өзг. мен толықтыр.). ҚР ЖС Бюллетені, 2007 ж. № 5.
13. ҚР ЖС «Бөтеннің мүлкін заңсыз иемдену жөніндегі істер бойынша сот тәжірибесі туралы» нормативтік қаулысы, 11 шілде 2003 (19.12.2003. және 11.05.2007, 21.04.2011 ж. өзгертулермен толықт.) ҚР ЖС Бюллетені, 2003 ж. № 7.
14. ҚР ЖС «Қорқытып алушылық туралы істер бойынша сот практикасы туралы» нормативтік қаулысы, 23 маусым 2006. (21.04.2011 ж. өзгертулермен толықт.) ҚР ЖС Бюллетені, 2006 ж. № 6.
15. ҚР ЖС «Есірткі заттарды немесе жүйкеге әсер ететін заттарды заңсыз дайындау қылмыстық құқық бұзушылықтары бойынша заңдылықты қолдану

туралы» Нормативтік қаулысы, 14.05.1998ж. (30.04.99ж., 22.12.2000ж., 11.07.2003ж. өзг.) ҚР ЖС Бюллетені, 2007 ж. № 5.

16. ҚР Жоғарғы сотының нормативтік қаулылары Жинағы. (1992 - 2014). - Алматы, 2014.

17. Сот-медициналық сараптаманы ұйымдастыру және жүргізу тәртібі туралы нұсқаулық. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2010 жылғы 20 мамырдағы N 368 Бұйрығы. ҚР ӘМ «РҚАО» РМК «Заң» МБ.

Негізгі әдебиеттер.

1. Абдиров Н.М. Концептуальные проблемы борьбы с наркотизмом в РК. (криминологическое и уголовно-правовое исследование). Алматы. 1999.

2. Абдиров Н.М., Мами Н.А., Сарсеков Б.С. Уголовно-правовые меры борьбы с преступлениями, связанными с наркотиками. Алматы. 1998.

3. Абдиров Н.М. О наркоситуации в стране и государственной политике и стратегии преодоления наркотизма в РК. // Сб.науч.трудов. Караганда. 1997.

4. Ағыбаев А.Н. Қылмыстық құқық. Жалпы бөлім. Оқулық - Өнд. Толық., 4 бас. – Алматы: Жеті Жарғы. 2007 ж.

5. Ағыбаев А.Н. Қылмыстық құқық. Жалпы бөлімі. Оқулық. – Алматы: Жеті жарғы. 1998.

6. Ағыбаев А.Н. Қылмыстық құқық. Ерекше бөлім. Оқулық. Өңделген, толықтырылған 3 басылым, Алматы, Жеті жарғы, 2007.

7. Ағыбаев А.Н. Қылмыстық құқық. Ерекше бөлім. Оқулық. Өңделген, толықтырылған 3 басылым, Алматы, Жеті жарғы, 2007.

8. Ағыбаев А.Н. Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексіне түсіндірме. Жалпы және Ерекше бөліктері. Алматы: Жеті Жарғы, 2015. – 768 бет.

9. Қазақстан Республикасының қылмыстық құқығы. Ерекше бөлім. Дәрістер баяны. Профессорлар И.Ш.Борчашвили және Р.Б.Құлжақиевалардың жалпы редакциялауымен. Алматы, «Норма», 2007.

10. Апенев С.М. Қылмысты квалификациялаудың ғылыми негіздері. – Алматы. 2006.

11. Қазақстан Республикасының қылмыстық құқығы. Жалпы бөлім: Дәрістер баяны /И.Ш. Борчашвилидің жалпы редакциясымен. – Алматы: ЖШС «Издательство «Норма-К», 2006 г.

12. Қазақстан Республикасының қылмыстық құқығы. Ерекше бөлім: Оқулық құрал. / И.Ш. Борчашвили және М.М. Оразалиев редакциясы бойынша. – Қарағанды: ҚР ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды заң институты. 2003.

13. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне түсінік. (Жауапты редактор С.М. Рахметов, Т.Ә. Бапанов. – Алматы: Норма-К., 2004.

14. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне түсінік. Алматы, Норма-К, 2000.

15. Қазақстан Республикасының қылмыстық құқығы. Ерекше бөлім: Дәрістер баяны / И.Ш. Борчашвилидің және Р.Б. Құлжақиеваның жалпы редакциялауымен. Алматы: ЖШС «Издательство «Норма-К», 2007.

16. Борчашвили И.Ш., Рахимжанова Г.К., Курманбаев Б.М. Альбом схем по Общей части уголовного права (учебно-методическое пособие). – Караганда, 2000.

17. Борчашвили И.Ш. Коментарий к уголовному кодексу Республики Казахстан Общая часть (том 1) / Под общ. ред. Генерального Прокурора Республики Казахстан, Государственный советника юстиции 1 класса Даулбаева А.К. – Алматы: Жеті Жарғы, 2015.

18. Борчашвили И.Ш. Коментарий к уголовному кодексу Республики Казахстан Особенная часть (том 1) / Под общ. ред. Генерального Прокурора Республики Казахстан, Государственный советника юстиции 1 класса Даулбаева А.К. – Алматы: Жеті Жарғы, 2015.

19. Джекебаев У.С. Основные принципы уголовного права РК. – Алматы. «Жеті жарғы», 2001.

20. Каиржанов Е.И. Уголовное право Республики Казахстан (Общая часть). Изд. 2-е. доп. - Алматы, 1998.

21. Құлжақева Р.Б., Құрманбаев Б.М. Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексінің Жалпы бөлімі бойынша оқулық құрал. - Қарағанды, 2004.

22. Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 20 жыл: жетістіктері мен даму келешегі: Халықырылық ғылыми-тәжіриб. конф. // 20 лет Независимости Республики Казахстан: достижения и перспективы развития: Материалы международной науч.-практич. конф. / Отв. Ред.: канд. юрид. наук., Д.Т. Кенжетаев, Заслуженный деятель Казахстана, д-р юрид. Наук., проф. И.Ш. Борчашвили: в 2-х т. – Караганды: Карагандинская академия МВД РК им. Баримбека Бейсенова, 2011. Т. 1. – 554 б., Т. 2. – б. 387.

23. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан хыلقىна Жолдауының негізгі ережелерінің аясында заң ғылымының даму келешегі: Жоғарғы оқу орындары арасындағы ғылыми-тәжірб. конф. мат-ры //Перспективы развития юридической науки в свете основных положений Послания Президента РК Назарбаева Н.А. народу Казахстана: Мат-лы межвузовской науч.-практ. конф. / отв. ред. канд. юрид. наук Кенжетаев Д.Т., д-р юрид. наук, доцент Токубаев З.С. – Караганды: Карагандинская академия МВД РК имени Баримбека Бейсенова, 2012 ж. – 174 б.

24. Комментарий к Уголовному кодексу РК //Отв. ред.: д.ю.н., профессор Борчашвили И.Ш. - Алматы, "Жеті жарғы", 2015.

Қосымша әдебиеттер:

1. Наумов А.В. Қылмыстық куқығы. Жалпы бөлімі: Лекциялар курсы. – Астана: Фолиант. 2001.

2. Наумов А.В. Российское уголовное право. Общая часть. Курс лекций. – М.: Изд-во БЕК, 1996.

3. Куринов Б.А. Научные основы квалификации преступлений.-М.,1984г.

4. Наумов А.В., Новиченко А.С. Законы логики при квалификации преступлений. - М., 1978 г.

5. Наумов А.В. Реализация уголовного права в деятельности следователя. - Волгоград, 1983 г.
6. Поленов Г.Ф. Уголовное право Республики Казахстан. Общая часть. Уч. пос. - Алматы: «Әділет Пресс», 1997.
7. Поленов Г.Ф. Общая часть уголовного права. (Альбом схем. Учебное пособие). - Алматы, 1998.
8. Рагов А.И. Настольная книга судьи по квалификации преступлений. Практ. пос. - М. 2006г.
9. Савельева В.С. Основы квалификации преступлений. Уч. пос. - М. 2007г.

**Тақырып: Қазақстан Республикасының қылмыстық құқығы
(Жалпы бөлім)**

ЖОСПАР

1. Кіріспе.....	3
2. Қылмыстық құқық ұғымы, міндеті және жүйесі. Қылмыстық құқық ғылымы. Қылмыстық заң.....	5
3. Қылмыстық құқық бұзушылық ұғымы.....	18
4. Қылмыстық құқық бұзушылық құрамы. Қылмыстық жауаптылық және оның негіздері.....	22
5. Қылмыстық құқық бұзушылық объектісі.....	33
6. Қылмыстық құқық бұзушылықтың объективтік жағы.....	39
7. Қылмыстық құқық бұзушылық субъектісі.....	44
8. Қылмыстық құқық бұзушылықтың субъективтік жағы.....	51
9. Қасақана қылмыс жасау сатылары.....	68
10. Қылмыстық құқық бұзушылыққа қатысу.....	74
11. Қылмыстық құқық бұзушылықтың көптілігі.....	89
12. Іс-әрекеттің қылмыстылығын жоятын мән-жайлар.....	101
13. Жазаның ұғымы мен мақсаттары. Жазаның түрлері мен жүйесі. Жаза тағайындау.....	103
14. Қылмыстық жауаптылықтан босату.....	108
15. Қылмыстық жазалаудан босату. Сотталғандықты жою мен алып тастау....	115
16. Кәмелетке толмағандардың қылмыстық жауаптылығы. Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шаралары.....	128
17. Қорытынды.....	135
18. Тақырып бойынша емтихан тапсыруға арналған тест тапсырмалары.....	144
19. Тақырып бойынша пайдаланылған (ұсынылатын) әдебиеттер тізбегі.....	154

Тұрғанов Өмірзақ Асылтайұлы

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҒЫ
(ЖАЛПЫ БӨЛІМ):**

Оқу құралы

Редатор: *Б.А.Қалиев*
Техникалық редактор: *Р.М.Стафеев*
Корректор: *Ж.Ш.Жалмаханова*

Қазақстан Республикасының ІІМ Бәрімбек Бейсенов атындағы Қарағанды академиясының
ғылыми-зерттеу және редакциялық-баспа жұмысын ұйымдастыру бөлімі

Қазақстан Республикасының ІІМ Бәрімбек Бейсенов атындағы Қарағанды академиясының
2019 жылға арналған әдебиеттер шығару жоспарының №25.

Қазақстан Республикасының ІІМ Бәрімбек Бейсенов атындағы Қарағанды академиясының
баспаханасында басылды.

-
- ¹ Курс Советского уголовного права. Т.1-Л: Изд Ленинградского ун-та, 1968.
Курс Советского уголовного права Т.2-М: Изд-во “Наука”. 1970, С.89.
- ² Е.О.Алауханов, С.С.Үмбеталиев, С.М.Рахметов аталған еңбекте 15-16 беттер
- ³ Уголовное право РК. Общая часть. 2-е изд. Испр. и доп. – Алматы: Жеті жарғы, 2003. 65-бет.
- ⁴ Уголовное право РК. Общая часть. Курс лекций. / Под ред. И. Ш. Борчасвили. – Караганда, КарЮИ МВД РК им. Б. Бейсенова, 2002. 86-бет.
- ⁵ Гаухман Л.Д. Аталған еңбекте, 85 бет.
- ⁶ Қар.: Борчасвили И.Ш.; Пенчуков В.А. Научные основы квалификации преступлений. Лекция. – Қарағанды, 1995. 18-19-беттер.
- ⁷ Советское уголовное право. Общая часть. – М., 1988, 87-бет.
- ⁸ Орлов В.С. Субъект преступления. М., 1956. С.138.
- ⁹ Орымбаев Р. Специальный субъект преступления. Алма-Ата, 1977. С.46.
- ¹⁰ Лейкина Н.С., Грабовская Н.П. Курс Советского уголовного права. Ч. Общая, Т-1. Л., 1968. С.389.
- ¹¹ Каиржанов Е.И. Уголовное право Республики Казахстан. (Общая часть). 2-ое изд. Дополненное. – Алматы, 1998. 84-бет.
- ¹² Қар. Уголовное право Казахстана. Общая часть. Учебник / под ред И. И. Рогова, С.М. Рахметова. – Алматы, 1998. 70-бет.
- ¹³ Қар.: Уголовная право Казахстана. Общая часть. – Алматы, 1998. 71-бет.
- ¹⁴ Архив Казыбекбийского районного суда г. Караганды за 2004 г.